7. Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 1. Известия географические. СПб, 1832
8. Покровский С.Н. Победа Советской власти в Семиречье [Текст] / Акад. наук КазССР. Ин-т истории, археологии и этнографии. - Алма-Ата : Изд-во Акад. наук КазССР, 1961. - 368 с
9. Ленин В.И. Полное собрание сочинений / Ин-т марксизма- ленинизма при ЦК КПСС. - 5-е изд. - Москва: Госполитиздат, 1958-1965
10. Муқанов М.С. Этническая территория казахов в XVIII начале XX веков.
11. Алма-Ата: Казахстан 1991 - 64с.

12. Жданко Т.А. Номадизм в Средней Азии и Казахстане. Исто рия, археология и этнография. М.: Наука, 1968. с 274-281
13. Лухтанов А. Очерки по истории Семиречья <https://proza.ru/2013/09/02/450>

ӘОЖ: 30. 316.7

Мирзабекова А.Ш., Исмагамбетова З.Н., Смагулова Г.Ж.

философ. ғ.д., профессор, Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан
философ. ғ.д., профессор, әл Фараби атындағы ҚазақҰУ, Алматы, Қазақстан
аға оқытушы, PhD докторант,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОДЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ

Түйін: Мақалада авторлар қазіргі мәдениеттанулық білім саласында мәдени кеңістіктің үш өлшемді моделінің әдіснамалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, егеменді Қазақстанның технологиялық, әлеуметтік және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттайды. Сонымен бірге жаһандану жағдайында қазақ ұлттық мәдени кодын сақтау мәселесі қарастырылады. Ұлттың мәдени кодының жеті бөлігі - бұл мәдени мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер. Авторлар ұлттың мәдени кодының басты бөлігі – тіл екенін дәлелдейді.

Кілт сөздер: парадигма, технологиялық мәдениет, әлеуметтік мәдениет, рухани мәдениет, мәдени жаһандану, ұлттық мәдени код, мәдени мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер

Қазақстан егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшумен қатар посткеңестік либералдық-демократиялық парадигманы жетекшілікке алды. Бұл қоғамдық санадағы түбегейлі өзгерістерге әсер еткен факторлар.

Қазіргі мәдениеттанулық білім саласында мәдени кеңістіктің үш өлшемді моделіндегі құндылықтық, реттеушілік, когнитивтік парадигмалар тіркесімдерінің әдіснамалық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, Қазақстанның технологиялық, әлеуметтік және рухани мәдениетінің ерекшеліктерін танып білуге болады.

Егеменді Қазақстанның технологиялық мәдениетінің көкжиегін когнитивтік және реттеушілік парадигмалардың тіркесімі анықтайды. Оның параметрлері :

- өндіріс пен ауыл шаруашылығында батыс технологияларды қолдану;
- батыс және Оңтүстік Кореяда, Қытайда, Японияда өндірілген көліктерді, тұрмыстық техниканы, аудиовидеотехниканы, ұялы телефондарды кеңінен пайдалану;
- қоғамды цифрландыру: білім беру мен ғылым саласын, өндірісті, тұрмыс саласын компьютерлендіру, ақпараттық технологияларды қолдану;
- сервис (қызмет көрсету) саласының (демалыс, көңілдену, туризм, косметология) басымдылығы;
- нанотехнологияларды қолдану.

XXI ғ. әлемдік өндірістің постиндустриалдық технологиялық тәсілінің қалыптасуы Қазақстанның қазіргі технологиялық мәдениетіне шешуші ықпал етті. Қазақстанның мақсаты - экономиканың диверсификациясына және шикізатты өндіру бағытынан бас тартуға негізделген елдің тұрақты даму жолына өту. Қазіргі Қазақстанның технологиялық мәдениетінің басты векторы - бәсекеге қабілетті және экспортқа арналған тауарларды өндіру, қызмет көрсету, яғни сервис саласын дамыту.

Қазақ халқының әлеуметтік мәдениетінің көкжиегін құндылықтық және реттеушілік парадигмалардың тіркесімі анықтайды. Осы екі парадигма әлеуметтік қатынастарды реттеудің жолы ретінде қазақ халқының қоғамдық санасында бекітіліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріледі. Қазақ халқының күнделікті тіршілігінде құндылықтық парадигма «Жеті қазына» мен «Жеті ырыс» атты маңызды ұғымдар жүйесінде көрініс тапқан. Реттеушілік парадигма - қазақ әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде жүзеге асырылған өнегелілік ұстанымдарды, сонымен бірге қонақжайлылық, «өлімнен ұят күшті» деген қағиданы, қазақ әдеттік құқығын және соған ықпал еткен шарифаттың қағидаларында бекітілген құқықтық нормалар мен ережелерді қамтиды.

Егеменді Қазақстанның әлеуметтік мәдениетінің параметрлері:

- қоғамның демократиялануы, азаматтық саяси мәдениеттің қалыптасуы мен дамуы;
- «Мемлекеттік қызметкердің ар-намыс кодексі» (Мемлекеттік қызметшілер қызмет этикасының қағидалары), корпоративтік этика кодексі бұрынғы кеңестік дәуірдегі «Коммунизм құрылысшы кодексін» ауыстыруы;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы-Қазақстандағы әрбір этностың мәдениеті, салты мен дәстүрін дамытуға серпін беретін құрылым ретінде қызмет атқаруы;

- полиэтникалық және поликонфессионалдық қазақстандық қоғамда этносаралық және конфессиялараралық келісім моделінің қалыптасуы;

- қазақтардың рулық санасының жаңғыруы: шежірені, «жеті атаны» білуге ұмтылыс;

- қазақ ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыптардың жандануы;

- жаңа мерекелер: 1 желтоқсан - ҚР тұңғыш Президент күні, 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні, 1 мамыр - Қазақстан халық бірлігі мейрамы, 7 мамыр - Отан қорғаушы күні бұрынғы кеңестік дәуірдегі мейрамдардың (7 қараша күні Ұлы қазан революция мейрамының, 23 ақпан күні ҚСРО Қарулы күштер мейрамының) орнын басуы;

- Наурыз мейрамының жандануы

Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан 130 этностардың әрқайсының өзіндік мәдениетінің бай мұрасы бар. «Рухани жаңғыру» стратегиясы қазақ мәдениетін полиэтникалық қазақстандық мәдениетінің орталығы ретінде танылуына негізделеді, өйткені қазақтар мемлекетімізді қалыптастырушы ұлт. Бұл қазақ ұлттық мәдениетінің өркендеуіне жол ашатын алғышарты.

Рухани мәдениетке әрқашанда келесі ерекшеліктер тән:

- утилитарлық емес, яғни пайдалы мақсатқа жетудің құралы ретінде емес, өзінен-өзі керектігі;

- шығармашылықтың неғұрлым көп еркіндігі;

- санада қалыптасқан ерекше рухани әлем;

- әлеуметтік ортадағы өзгерістерге орасан зор сезгіштікті білдіруі.

Осы ерекшеліктер қазіргі қазақстандық рухани мәдениетінің көкжиегін анықтайтын құндылықтық және когнитивтік парадигмалардың тіркесіміне қосылып, оның келесі параметрлерінің қалыптасуына әсерін тигізді:

- қазақ тарихына күшейген ықпал;

- ұмытылған тұлғалардың тыйым салынған есімдерін қазақ халқының жадысына қайтаруы;

- мифологияда – жаңа мифтердің қалыптасуы

- дін саласында- исламның жандануы, қазақтың ислам дінімен идентификациясының (бірегейленуінің) өркендеуі

- философияда- марксизм-ленинизм идеологиясынан бас тарту, идеялардың плюрализмі

- өнер саласында – постмодернизм, коммерциялануы, шоу-бизнес, бұқаралық мәдениеттің қажеттіліктеріне қызмет етуі

- бұқаралық тұтынушылық сананың қалыптасуы.

Егеменді Қазақстан мәдениетіне жаһанданудың мәдени динамикасы ықпал етуде. Питер Бергер мәдени жаһанданудың негізгі қозғаушы күштерін атап көрсетті: давос мәдениеті немесе әлемдегі жетекші бизнес элитаның мәдениеті; мак-әлем немесе

жаһандық бұқаралық мәдениет, халықаралық клубтық мәдениет немесе батыс интеллигенцияның жаһандануын білдіретін әлемдік интеллектуалдық мәдениет; жаңа бұқаралық діни қозғалыстар [1]. Бұларды таратудың құралы - ағылшын тілі.

Мәдени жаһанданудың ықпалынан туындайтын салдардың келесі нұсқалары болуы мүмкін: ұлттық мәдениеттің жаңандық мәдениетпен ауыстырылуы; жаһандық және ұлттық мәдениеттердің қатар өмір сүруі; жаһандық әмбебап және жеке ұлттық мәдениеттердің синтезі; мықты ұлттық серпілістің нәтижесінде жаһандық мәдениетті жоққа шығару.

Жаһандану жағдайында қазақ ұлттық мәдени кодын сақтау мәселесі елеулі маңызға ие. Мәдени код - бұл таңбалар мен мағыналардың жиынтығы, олар адамның материалдық және рухани мәдениетінің кезкелген затында бар. Өмір сүру жағдайдың, өзін-өзі сақтау мен әрекет ету қажеттіліктердің контекстінде мәдени кодтың мән-мағынасы – оның адам үшін құндылығы және пайдасы. Клотер Рапай: Мәдени код — «бұл қайсыбір заттың немесе құбылыстың бейсаналық мән-мағынасы (машина, тамақ, қатынастар, тіпті біз тәрбиеленген ұлттық мәдениеттің контекстіндегі еліміз болсын, ол адамның балалық шағындағы ең ерте кезінде алған әсерді еске түсіреді және бас мидың ең терең бөлігінде (адамның аман-есен жүруін қамтамасыз ететін) сақталып қалады»[2]. Олай болса, мәдени код адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Адамның бейсаналығында мәдени кодтың қалыптасуын импринтинг теориясы (лат.: импринтинг – әсерлену, ізін қалдыру, есте сақталып қалу) түсіндіріп береді. Мәдени кодтың мән-мағынасы сананың стереотиптерінде бекітіледі, олар адамның қылықтарында, жүріс-тұрысында көрініс береді.

Ұлттың мәдени кодының жеті бөлігі - бұл мәдени мұра, дәстүр, салт, тіл, отбасы, шаруашылық жүйелер, мерекелер. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңында Қазақстан халқының мәдени мұрасын сақтау және дамыту; тарихи және мәдени мұраны қорғау және олардың дамуында сабақтастықты қамтамасыз ету принципі ретінде бекітілді [3].

«Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес 2004-2011 жылдары ұлттық мәдениет үшін ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерді қайта жаңғырту басталды, қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы археологиялық зерттеулер және ғылыми жұмыстар жүргізілді, ұлттық әдебиет пен жазудың көпғасырлық тәжірибесі қорытылды. 2004 -2006 жж бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде 78 тарих және мәдениет ескерткіштерінде қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, оның 28 – і (35%) 2008-2011 жылдар кезеңінде қалпына келтірілді. 26 ғылыми-қолданбалы, 40 археологиялық зерттеулер жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысындағы Шілікті және Берел қорғандарының қазбалары және «скиф-сібір аң стиліне» немесе сақ өнеріне (б.з. д. V-III ғғ.) жататын алтын бұйымдар табылды.

Мәдени мұраны сақтауға байланысты отандық мұражайлар мен қорық-мұражайлардың функциялары айтарлықтай кеңейтілді. Қазақстан мұражайлары зерттеу қызметі, ғылым, мәдени ақпарат пен шығармашылық инновацияның тірек орталықтарына айналуда.

Ұлттық санасезімі ғасырлар тоғысында ұрпақтан ұрпаққа келе-келе қалыптасады. Дәстүр ұлттың өзіндік санасезімін қалыптастырудың негізгі механизмдерінің бірі. Дәстүр өзгермелі дүниедегі тұрақтылықты, мәдени мұрамен сабақтастықты, қайталануды білдіреді. Ғасырлар тоғысында қазақтардың өзіндік бірегей әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері қалыптасқан. Қазақтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері үй ішіндегі отбасылық және адамдардың өзге де топтары арасындағы өзара қарым-қатынастарды қалыптастыруда үлкен рөл атқарады.

Қазақ халқының әдет-ғұрыптар жіктелімі:

1) әдептілік пен сыпайылық әдет-ғұрпы: үлкендерге құрмет көрсету, сәлемдесу этикеті, мереке-тойлардан үйдегі балаларға сарқыт әкелу, алыстағы жақын-туыстарына сәлемдеме беріп жіберу; қуанышты хабар жеткізгенде сүйінші сұрау

2) қонақжайлылық әдет-ғұрпы: қонақасы, ерулік беру, дәм ауыз тию, қалау, қымызмұрындық;

3) ауылдас отырған рулас адамдардың өзара көмек көрсету: жылу жинау, жұртшылық, асар;

4) қазақтың өмірлік цикліне байланысты (туылу, жетілу, қайтыс болу) салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптар

- туылу: «жарыс қазан» асу, «бел тарту»; сүйінші сұрау; шілдехана немесе «шілде күзет»; қалжа; жаңа туған баланы қалжаға асылған еттің көбігіне жуындыру; «бесікке салу»; «қырқынан шығару»; «тұсауын кесу»;

- жетілу: құда түсу («сырға салу»), «бауыздау құда» «бата тостаған» салт-дәстүрі, қалыңдықтық үйіндегі «жастар ойындары»: «перделерді ашу», «қолды алу», «шашты үтіктеу» және басқа да іс-әрекеттерге ақы төлеу, қалыңдықпен түні бойы әңгімелесу; үйлену тойы, «беташар», «отқа май құю»

- қайтыс болу: «көңіл сұрау» немесе «қоштасу»; «қонақасы», «жаназасын шығару» және жерлеу, «жеті күн», «қырық күн», «жыл» (ас беру).

Ритуал, яғни салт, рәсім, әдет-ғұрпының құрамына кіретін нақты іс-әрекет, адамдардың санасында сақталып, санасезім мен мінез-құлықты реттеуші және бағыттаушы қызметті атқарады, ұлттық менталитеті туралы шифрланған ақпарат ретінде қабылданады. Ал, отбасының мүшелері: ер-жігіт, оның ақ жаулықты жары, бала «Жеті қазынаның» «Жеті ырыстың» тізіміне кіретін экзистенциалдық құндылықтар. Шаруашылық жүйесі қазақ ұлттық жадындағы мәдени кодтың іргетасын құрайды. Мерекелер - халық жадысында сақталған тарихи оқиғалар мен жетістіктер туралы шифрланған ақпараттың көрінісі.

Ұлттың мәдени кодының басты тасымалдаушы, таратушы, оны жазбаша және дыбысты таңбалар арқылы сақтап жеткізетін бөлігі – тіл. Ғ. Мүсірепов айтқандай, «ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады»[4].

М. Хайдегер 1950 ж. тіл туралы оқыған дәрісінде тілді болмыстың үйі, тіл баспанасында адам мекендейді деген ойды жеткізеді. О. А. Сегізбаев: «Қазақ халқы мәдениетінің вербалдық формалары – мифтер, айтыс, эпос, ертегілері, мақал-мәтелдері, фразеологизмдері – ерекше тарихи құбылыс, және риза болған халықтың есінде акындар, жыраулар, риториканың өнерпаздары - шешендер маңызды орын алады. Олар ұрпақтан ұрпаққа дүниені сезудің тәсілін және құндылықтық бағдарды, жиналған тарихи тәжірибені жеткізіп берген»[5].

Тілді талдау арқылы халықтың мәдениетінде қандай объектілер мен заттар маңызды екенін анықтауға болады, олай болса, сол тілді қолдаушының біртұтас бейнесін көз алдымызға елестете аламыз. Гегельдің, Шеллингтің, Гумбольдтің тұжырымдамаларында тілде объективті және субъективті дүние бірігеді, халықтың рухы, мінезі, дүниетанымы көрініс береді деген ойлары орын алды.

Мәдени кодтың ортақтығы - халық бірігуінің негізі. «Ұлттық бірлік ортақ тілді игеру арқылы және осы тілде көрініс берген рәміздік конфигурацияларға баршаның қатыстылығы арқылы қалыптасады», - дейді Э. Шилз [6]. Қазақ тіліндегі көптеген фразеологизмдерді рәміздік конфигурацияларға жатқызуға болады (мысалы, «ат салыстыру» – қазақтар үшін түсінікті рәміздік конфигурация, «үлес қосу», «көмек көрсету» мағынада қолданылады).

Қазіргі таңда егеменді Қазақстан Республикасының тілдік саясатының жетекші беталысы - қазақ тілін дамыту және жетілдіру болып тұр. Мемлекеттік тіл мәртебесіне жетуімен байланысты қазақ тілі кең ауқымды қоғамдық-саяси және мәдени қызметтерді атқаруда

Әдебиеттер тізімі:

1. Бергер П.Л. Культурная динамика глобализации // Многоликая глобализация. Культурное разнообразие в современном мире / Под ред. П.Л. Бергера и С.П. Хантингтона; пер. с англ. В.В. Сапова. М.: Аспект Пресс, 2004. С. 59.
2. Рапай К. Культурный код: Как мы живем, что покупаем и почему / перевод с английского У. Саламатова. М. : Альпина Паблишер, 2015. 168 с.
3. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» заңы
4. Ана тілі туралы даналардан жеткен сөз//<https://www.soyle.kz/article>
5. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV – начала XX века. Алматы: Казахстан, 1996. С. 64.
6. Шилз Э. Shils Edvard. Nation, nationality, nationalism and civil society. Cambridge Cambridge Univ. Press., 1997. P. 103.

ӘӨЖ: 821. 512. 122. «18»

Өмірзақов С., Арысбаев Ә.

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ,
«Абайтану» ғылыми орталығының басшысы, Шымкент, Қазақстан
М.Әуезов атындағы ОҚУ, доценті, ф.ғ.к., Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы 5

ҚОҚАН БАСҚЫНШЫЛЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ

Түйін: Мақалада қазақ әдебиеті тарихында енді ғана зерттеуге іліне бастаған Қазығұрт-Қаратау аймақтық әдебиет мектебінің негізі ашылып, өкілдері анықталып отыр. Соның бірі – Жамбыл Жабайұлы. Жамбыл ақын Оңтүстік Қазақстанға көп келген. Бір сапарында Құлыншақ, Майлықожа, Майкөт, Шәді, Мұсабек т.б. ақындардың ортасында отырып, түрлі дастандарын, терме-толғауларын тыңдайды. Майлықожа мен Майкөтті ұстаз тұтады. Сонымен қатар Жамбыл ақынның кеңес дәуіріне дейінгі әдеби мұралары Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиетіне тиісті екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: Қазығұр-Қаратаут, Оңғарбай, Майкөт, Мұсабек, арнаулар, Сүйінбай, Сарыбай, Төле би, Қожаберген жырау.

Ақын Жамбылды, оның ұстазы Сүйінбайды көпшілік оқырман кеңінен танып түсінгенімен, ақынның рухани қамқоршысы атанып, ұстазына айналған Сарыбай Айдосұлының тағдыр-талайын кейінгі ұрпақ біле бермейді. Мұның себебі: қазақтың Оңтүстік аймағы (Ташкенттен Ұзынағашқа дейінгі аралық) мен теріскей батысы (Сыр бойы мен Арал аймағы) әлі күнге дейін Қоқан хандығы жүргізген жабайы отарлауының ғылыми тұрғыдан ашылмауы, Сарыбай секілді билердің қоғамдық қызметінің жұртшылыққа танылмауы. Бұл тұрғыдан алғанда Сарыбайдың да, Сүйінбайдың да, Жамбылдың да ес жиып, етек жапқан тағдырының алғашқы кезеңі, дәлірек айтсақ, Кеңестік дәуірге дейінгі өмір жолы «қар қауып, мұзға түскен», Қоқандық отарлаудың ойранынан пайда болған аса ауыр жағдайда өткендігін, бұл тарихи кезеңнің ұзақ уақыт бойына зерттелмеуінен деп білеміз. Мұның түбірлі себебі де тікелей сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайларға тікелей байланысты болатын.

Жамбыл дүние есігін ашқанда қазақтың күңгейі Қоқан хандығының қоластында болатын. Қоқандықтар қырғыз даласын түгелдей, Қашқарға дейінгі аймаққа да әмірін жүргізді. Мәселен, бар саналы ғұмыры XIX ғасырда жарқырай көрінген Сүйінбай мен Жамбылдың шығармашылық мұрасын танытуда да, Сарыбай секілді билердің, ел ағасы

болған қаншама азаматтарымыздың өмір жолы мен артында қалған мұраларын таныстыруда да алдыңғы патшалы Ресейдің, кешегі кеңестік жүйенің таңбалап кеткен «таптық» әдіснама тұрғысынан аса алмай, тар методология шеңберін шиырлап жүргеніміз де шындық. Ал әзір сол жүйені бұзуға бағыт алған кейінгі зерттеулер легі қуантады. Ол үшін алдымен XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қолжазба деректер мен тарихи құжаттарды ыждаһатпен түгелдеп алғанымыз жөн.

Алдымен, атақты Төле би тұсында қарым-қатынасы түзулеу болған қоқандықтар неге Абылай ханның өлімінен кейін қазақтарға көзаларта бастады? Шамасы келсе тек қоқандықтар ғана емес, басқа жұрттың бәрі де қазақтың жерін басып алуға әрекет жасап отырғандығы тарихтан мәлім.

Осы кездегі тарихи шындықты жампоз жырау Жамбыл:

Жыландай улы зәрін шашқан заман,
Даланы сасық тұман басқан заман,
Игілік, үлгілі істің жөні болмай,
Қанқұмар қанасынан асқан заман.
Бірінің-бірі иығынан басқан заман,
Шаянын ұсақ-түйек жұтып қойып,
Аранын айдаһардай ашқан заман.
Даланың бір жағы от, бір жағы мұз,
Қарыған алдын жалын, арқасын сыз,
Бауырдай бөліп-бөліп отқа салған...– деп, кезең шындығының бар болмысын ашып берсе [1.391], Қожаберген жырау атақты «Елім-ай» дастанында:

Жауболдыағайын ел Естекбізге,
Жасадыол да жорықелімізге.
Қоқан да күңгей беттен қоқаңдайды,
Соқтықпақ ойғыр, қырғыз тағы бізге.

Мұсылман көмектеспей мұсылманға,
Бермеді қару жәрдем қысылғанда.
Түрікпен, Қоқан, Хиуа, Бұқар жау боп,
Жат болды өзбек, тәжік, дін исламға – деп, қазақ даласының күңгей аймағына ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда төне бастаған жаппай қасыретті тарихи жағдайдан хабар беріп, атап-анықтап көрсетеді [2.189]. Шәдінің «Тарихнама» шығармасынан алынған «Абылайдың тарихы» дастанындағы мына бір тіркестен ХІХ ғасырдағы геосаяси жағдайдың анық қалпын көреміз.

Төңіректе қатар жатқан дұшпандар көп,
Әр уақта ел шабады қалмақ та кеп.
Ойда орыс, қырда қоқан, қырғыз, ноғай,
Қазақты ешбірі айтпас алмаймыз деп.

Олардабізденартықбірәдет бар,
Үкімінебірадамныңқараптұрар.
Оладамқайсытүрлібұйрықетсе,
Қайтармайайтқанәмірінқабылқылар.
...Ойда орыс, қырда қоқан, қырғыз, ноғай,

Қазақты ешбірі айтпас алмаймыз деп... – деген тармақтық ой-желісінен ХІХ ғасырдағы геосаяси жағдай қазақтар үшін аса қатерлі, саяси тұрақсыз болғандығын көреміз [3.176]. Себебі, тағы сол дастандағы дерекке сүйенсек:

Ұлы жүз Алатаудан алыс жері,
Адамын қиын болар келтірмегі.
Қасында өзінің де дұшпаны бар,
Қоқанның қолтығында жатыр елі, – деп, Қоқандық отарлаудың шекаралық жүйесін түсіндіргендей де болады [3.181].

XIX ғасырдағы қазақтың күнгей өлкесінде орын алған дәуір шындығын анықтар бұл салалы ойдың XIX-XX ғасырлардағы Кенесары қоштасуында /...*Ойда Қоқан, қырда орыс. Кімге жеміс болғандай, біздің қазақ баласы...* [4.169], (Қазағым менің ...) /Ойда – Қоқан, қырда-орыс, Әкім болды қаласы/ (Кенесарының Балғожа биге хатынан), Нысанбай жырындағы /*Ойда Қоқан, қырда орыс, /* [5.184], (Тарихи жырлардан) Сүйіндік толғауындағы /*Ойда Қоқан, қырда орыс. ...* [5.26], (Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры) Шәді Жәңгірұлының /«...*Ойда орыс, қырда қоқан, қырғыз, ноғай...* [3.176], Нұралы термесіндегі /*Аңқау қазақ дәштегі, Қоқанға берген салықты. Сұрамаған ұлық жоқ, Біздің қазақ гәріпті, Қара шапан сартпенен, Қырғыз, Қыпшақ бірігіп, Басқарып жүрді халықты. Рауажы жүріліп, Кейде Қырғыз, кейде сарт, Әкіметке кезек тұрылып. Арасында бейкүнә, Көп адам кетті қырылып* [6.12], (Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры) тіпті әлі тарихта белгісіздеу Шоқан батырдың /*Ойда Қоқан, қырда орыс* [4.33] бірауыз өлеңінде де, «Былай барсаң, Қоқан бар, Қоқандаған әкең бар...» деп Кенесарыға Балқожа бидің жазған хатындағы [4.38] «*Ойда Қоқан, қырда орыс*» тіркесінің өзгеріссіз қайталануы – тармақтық ой-желілеріндегі шаң беріп жатқан қоқандық «тағылық-басқыншылық» жүйесінен ғана емес, XIX ғасырдағы оңтүстік өлкесін отарлауда жасалған сыртқы протекторлық жүйеден де анық хабар берер дерек. Бұл салалы ойдың XIX-XX ғасырлардағы Кенесары қоштасуы мен Нысанбай өлеңдерінде өзгеріссіз қайталануы – тармақтық ой-желілеріндегі шаң беріп жатқан геосаяси ойдың салмағы анық байқалады.

Қоқан хандығының Оңтүстік Қазақстанды отарлауы халық ішінде «залым хан» аталған Әлімнен басталған. Ішкі тақ таласына, сыртқы отарлауға тіректі Әлім тәжіктерден іздеген. Олардан жақсы қаруланған әскер құрады. Гундукуштық тәжіктердің Қоқан армиясының жалдамалы һәм баскесер қанышерлігімен атының шығуына Әлім ханның тікелей ықпалы болған. Оның құрамында қаратегіндіктер, шұғнандықтар, бадахшандықтар, ирандықтар, шытыралдар тіпті Гунтаның сарбаздары да енеді. Жалдамалы сипаттағы бұл әскерлердің дені сағиралардан (тас жетімдер) құралғанды. Бұлар Әлім үкіметінің негізгі тірегіне айналады. Әлімнің келесі міндеті – мемлекеттің ішкі өміріне әсері күшті жоғары санатты дін иелеріне қарсы жойқын күрес ашады. Жеңілгендері Әлімнің саясатына бас иеді де, көнбегендері Бұхар әмірлігіне қашады. Дара билікке қолы жеткен Әлімнің ендігі басты мақсаты жаңа жерлерді жаулап алу еді. Шарифаттың белінен басып өткен Әлімханның қатыгездігінде шек болмаған. Қанқұмарлыққа, сатқындыққа негізделген Әлім ханның саясатының алғашқы жылдары «табысты» болуы – бұл кездегі Абылай ханның өлімінен кейін қазақ билер институтының әлсіреген, алауыздық-бытыраңқылыққа бой берген, әдебиеттегі «зар заман» күйінің белең алып тұрған кезі болатын. «Бұл кезде қазақ елі бірнеше ұсақ хандыққа бөлініп, Кіші жүз бен Орта жүз Ресей бодандығына мойын ұсынса, Ұлы жүз оқшау қалды. Осыны пайдаланған Әлім хан Ташкентті, Шымкентті, Сайрамды, олардың төңірегіндегі жерлерді басып алып, халықты аяусыз қырғынға ұшыратты» [4.41].

Міне Сарыбай секілді атақты билердің өмірі мен шығармашылық қызметін зерттеуде де қоқандықтарды «өзіміздің мұсылман ғой» деген сенімге алданған Оңтүстік халқының ішкі дүниетанымы мен сыртқы геосаяси жағдайларға байланыстырып, келешек зерттеулерде үнемі көңіл аударып отырғанымыз жөн.

Жамбыл «Көңілі кейбіреулердің бұлтта жүр, ұстауға күн мен айды жуықтап жүр. Біреулер қара сөзді қамшы қылып, қуды мініп, құланды құрықтап жүр. Қайсысын маған

соның еп көресіз, әкетсем өзім таңдап өкпелерсіз...Сүйкемнің сүйгенін ойласаңыз, өлең болсын серігің деп берерсіз» – деп, «Сарыбайға» атты өлеңінде:

Қас жүйрікті айтамын,
Шапқан сайын өрлеген:
Қас сұңқарды айтамын

Алыстан тоят тілеген... – деп, Сарыбайдың асында жоқтап жыр айтады [1]. Өлген кісінің адамгершілік, кісілік қасиетін, оның ерлігін айтып жырлау үстінде Жамбыл өзінің ақындық қабілетімен шәкірт қана емес, өзіндік үні, батыл ойы, семсер тілі бар, әлеумет жүгін арқалай алар үлкен ақын екенін де танытады.

Жамбалды Жамбыл еткен оның айтыстары. Шенеу өлеңдеріндегі сияқты айтыста да Жамбыл кейіпкерлерінің образын дәл тауып, оны заманашындығы мен байланыстыра мінездейді. Жамбыл айтыстарының ерекшелігі де, халықтығы да осында. Сонымен қатар, ол айтыста қарсылас ақынына қара дүрсін сөзбен жауап қайтарыпқана қоймай, қарсыласына берген әрбір жауабы ұзақ сюжетті өлең болып келетіндігі. Өзінің Құлмамбетпен немесе Сарыбаспен, Досмағамбетпен айтыстарында да Жамбыл өзі ұстанған бағыттантаймаған. Ол қандай ақындар мен айтыспасын, өз руының байлығын, оның атақты байларын, биі мен молдасын, сатымсақ датқаларды, болысы мен шонжарларын мақтағана қындарға әлеуметтік ортасын қарама-қарсы қойып, өз көзқарасын ашық білдіре жырлайды. Айтысының бері қарқауы етіп халықты қойды, халықтың батырларын, ел қорғаған ерлерді, олардың жорықтарын, есте қалар ерлік істерін ұзақ етіп, келешек ұрпақ санасына сіңісті болсын дегендей, әрқайсысын кіші-гірім дастан ғалайық сюжетпен, елдік идеяны көтере жырлайды. Жамбыл айтысының құдіретті күші де, айтыстағы басты ерекшелігі де осы қасиетінде. Жамбылдың әрбір жаңа айтысында оның тақырыбы да, мазмұны да жан-жақты кеңейіп, өріс ала түседі.

Сондықтан да ақынның әрбір айтысы соңынан эпикалық дастанға айналғандығын көреміз. Ақын айтыстан көлемді эпосқа өтіп кеткен дей әсер берсе, онысы негіссіз де емес. Айтыста бастаған шағын оқиғаны, қысқа, тезис түрінде жырлаған сюжетінкеңейтекеле, дамыта, үдететүсіп, оны үлкен, дайын эпикалық шығармаға айналдырады. Айтысқа эпостық түрбереді. Жамбыл айтыстарында байқалатын үлкен ерекшелік те, жаңалық та осында.

Алғашқыда Жамбылдың айтыстары салт жырларына еліктеу ретінде жарыққа шыққан болса, XIX ғасырдың 80-90 жылдары бүкіл қазақ айтыстарына жаналық түрінде, сүре айтыс болып, эпикалы жыр дәрежесіне көтеріледі. Сұраншы, Саурық батырларды, Ұлы жүз тарихының аңыз-әңгімелерін дастандық көлемде түйін деп жырлайды.

Құлмамбетпен айтысқанда оның:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт, – деп, Құлмамбеттен қадала талап етуінің Жамбыл айтыстарында, оның басқа да жырларындағы сияқты, халықтық көзқарасты білдіретін, ұлттық рух, халықтық мүдде айқындығының белгісі. Бұл – Құлмамбетпен айтысында жарқырай көрінеді. Жамбылдың шығармашылығын тұтастай қарастырып, зерделей түскен сайын ақын шығармашылығының тақырыптық-идеялық жүйесі – ұстазы Сүйінбай жырлаған жүйеден ауытқымайтыны, сол ізді дамытқандығы аңғарылады. Бұл – ақынның тарихи тақырып пен айтыстағы тақырыптық желісінен анық байқалады. Сүйінбай да кейінгі кезде зерделене бастаған Кенесарының Жетісуға келуін құптаған. Сүйінбайдың Қатағанмен айтысында:

Кенесары-Наурызбай,

Қаһары қара дауылдай...

Наурызбай тірі жүргенде,

Дұшпанның кеткен мазасы... – деген толғанысы Сүйінбайдың Кенесары-Наурызбай бастаған ұлт-азаттық күресін түсінгені, дін тарихы мен елдік шежірені терең білетіндігін

аңғартады. Жамбылдың тағы бір қасиеті – айтыста жеңген ақындарымен соңыра үнемі сыйласып, достасып кеткен. Олардың өткір де қымбатты, асыл сөздерін, желілі жырларын бойына жинай, үйрене жүрген. Толып жатқан ертегі, шежіре, «Қобыланды», «Қамбар», «Ер Тарғын», «Қозы Көрпеш» сияқты ондаған дастандарды сол айтысқан замандастарынан алып қалады. Қырғыз ақындарымен айтысып жүріп, олардан «Манас» жырын айтуды үйренеді. Оңтүстікке келген сапарында Майлықожа, Құлыншақ, Майкөт, Шәді, Мұсабек ақындарды тындап, олардан «Мың бір түн», «Тоты нама», «Көрұғлы», «Ер Шора» хикаяларын үйренген. Жамбыл Бақтыбай ақынмен кездесіп, айтқан бір өлеңінде:

Қаздай қалқып ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет,
Орын берді қасынан.
Майлықожа, Құлыншақ,

Пірім еді бас ұрған, – дейді. Жамбылдың қанша ізденіп, қанша үйреніп, қандай жүйріктерден үлгі алғанын, оларды сүйе де, сыйлай да білгеніне осы сөздерінің өзі дәлел. Жамбыл өзінен бұрын өткен сындарлы ақындардың сыншылдық үлгілерін дамытып, Абаймен үндесе, өзіне ғана тән ұлы, өткір сатира да тудыра білгені байқалады. Жамбыл айтыс ақыны болып жүріп те мысқылшыл, уытты өлеңдерді табанда жарқ еткізіп айтып тастауға жастай бейімделген ақын. Онсыз айтыс ақыны болу да қиын. Әйтсе де қысқа-қысқа атылған оқтай дәл айтылған оның сатиралық өлеңдері мен бірқакпайларынан ақынның келешекте әділет семсерін сілтей алатындығын көреміз әрі бұл суырыпсалмалық өнерінің айрықша бір шоқтығы екені де даусыз.

1891 жылы атақты Сарыбайдың асына Сайрамнан шыққан 40 жігіттің Майкөт ақын бастап келгендігі туралы қолжазба деректерде бірнеше нұсқа бар. Салыстыра келгенде анықталғаны «Екей Сарыбайдың асына Шымкенттің Сайрамынан Бүркітбай датқа қырық кісіні жолдас қылып, ертіп шығады. Жігіттердің мінгені кілең алқымы іспес арғымақ. Олар сән-салтанат асырмақ болып он боз жорға, он қара жорға, он күрең жорға, он шұбар жорға іріктейді. Сол аттардың түр-түсіне қарай киінгендер жол үстінде келе жатып Қарабалта, Соғылық деген жерге жеткенде Бүркітбай датқа ауырады. Сонда ол ақынға (Майкөтке) Үшқоңырдағы асқа сен бар дейді, серіктерімен өзі жүре алмай кері қайтады. Жетісудағы үлкен-кішіге дұғай сәлем айтуды тапсырады. Майкөт ақын жиналып тұрған Жетісудың игі жақсыларымен жыр төгіп жүздеседі» [4.2 бума, 12]. Кейінгі іздестіру нәтижесінде сол қырықтың бірі – Оңғарбай шешен болғандығы анықталып отыр. Алдымен оқырманға бейтаныстау, шығармашылығы мен өмірбаяны енді ғана ғылыми зерттеулерге ене бастаған «Оңғарбай шешен кім?» деген мәселеге тоқтала кетейік.

Оңғарбай шешен (1834-1917 жж.) туралы «Қазығұрт» ғылыми-зерттеу орталығының қолжазбалар қорында бірқанша деректер бар. Әсіресе, үшінші әйелі болған қырғыз қызы Нақбибінің халық мұрасын жинаушы Шаян медресесінің мүдәрісі (профессор) болған Әбді Амантайұлына (Әбді жинаған бар мұраларын інісінің баласы, халық мұрасын жинаушы Қысыраубек Амантаевқа тапсырып кеткен. Ол деректер қазір біздің қолымызда) берген деректері құлаққа қонымды деп санаймыз. Қолжазбаның тағы бір жерінде: «Оңғарбай қырғыз әйелі екеуі өмірі там үйге кірмепті. Қысы-жазы киіз үйде отырады екен. Оңғарбай 1917 жылы 83 жасында Арыс өзені бойындағы Көмешбұлақта айтысып отырған жерінде қайтыс болған» деген бұлтартпас дерек бұл мәселеге нүкте қойғызады [4.3 бума, 4].

Бірде Еркін ауылындағы Есім датқаның баласы Жаманқұл болыс Шу өзені бойында шешенге кездеседі. Сонда Жаманқұл: – Сізді білгіш, шежіре дейді. Дулат бабамыздан шыққан атақты адамдарды айтып көріңізші, – депті. Сонда Оңғарбай:

– Асқарбек мына отырған Дулаттағы,

Сиқымнан шыққан озып бұл заттары,
Батырбек, Қасымбек пен Ыса болыс,
Құдыретпен бақ қонып, ырғақтады.

Нарқозы, Белқожа мен Мақұлбек ер,
Уақытында білімді боп бұлғақтады.
Сұлтанбек, Сейітжаппар, Жандарбекпен,
Бағасы қырмызыдай қымбаттады.

Есім мен Қарақойлы, сен Жаманқұл,
Дулатқа дуан болдың Шу жақтағы.
Жаныстан Жанту менен Жарылқамыс,
Төле би төңірекке болды дабыс.

Көмек пен Құдайберген, Дербісәлі,
Арасы айшылық жол жатыр алыс.
Ботпайдан Сыпатай мен өткен Андас,
Тойшыбек, Байсейіт пен Ораз, Қаржас.

Уәделі Оразалы, Тәйтелі, Қазбек,
Құдайым қабат берген мал мен бас.
Шымырдан шынжыр балақ шықты Мәмбет,
Бәйтерек, Байзақпенен озған әулет.
Не адам нәубет жетіп, өтіп кетті,
Керімбай, ақын болған мықты Нәрет, – депті. Сонда ырза болған Жаманқұл:
– Бәрекелді!, Оңқа, тағы бір-екі ауыз айтып жіберіңізші, – деп өтінген екен. Оңғарбай: –
Мен ат мініп, шапан киетін ақын емеспін. Өзің сұраған соң айттым. Шырағым, Жаманқұл
мұның дұрыс емес, – деген шешенге риза болған Жаманқұл қасқар ішігін Оңғарбайға
жапқан екен. Оңғарбай ішікті алмай, өзіне қайтарыпты.

Шешеннің атақты Сарыбайдың асында айтқан жоқтауы толық емес.

– Итке құйсаң ішпейді,
Төрдегілер кетпейді.
Есіктегілерге жетпейді.

Қилы-қилы заман болады,
Қарағай басын шортан шалады.
Ақ үйің, аппақ үйің орда болады,
Балаңның баласы сонда болады, – деп Асан қайғының сөзін мысал етіп

отырып:

– Бір заман болады,
Ол кезде ел үшке бөлінеді.
Батыстан тұқым тең келер,
Шығыстан үштен бірі келер.
Көмейлән деген заман болады,
Бір есек бітсе, нар түйе болады,
Жалғыз ешкі сауылып, сиыр болады.

Елдің мінгені есек болар,
Айтқаны өсек болар.
Үйі төсек болар.
Тегіс жерде диірмен тұрар,

Тексіз жерден би шығар.

Ендігінің кигені кебіс болады,

Кедейшілік тегіс болады [5.1 бума, 2 б.].

Осы кезеңде туған, тарихи шындықпен суарылған әдеби мұраларды анықтау, бір ізге түсіру қажеттілігі де талас тудырмайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жамбыл Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Алматы: «Жазушы», 1982, 391бет;
2. Қожаберген жырау. «Елім-ай» дастаны, Алматы: «Зерде» баспасы, 2015, 99 б;
3. Тарихи жырлар. I том. Абылай хан. Алматы: Білім, 1995, 176, 181 бб;
4. Ф.Омарұлы. Қазағым менің... Тараз: «Рысбаев және К», 2000 жыл, 169 б;
5. Қазығұрт ҒЗО қолжазбалар қоры, 3 бума, 4 дәптер, 184, 26, 12 бб;
6. Нұралы Нысанбайұлы. Шығармалары. «Қазыналы Оңтүстік» көптомдығы, Алматы: «Нұрлы әлем», 2012 ж. 98 том, (томды баспаға дайындаған С.Өмірзақов) 112 б;

УДК: 001.2[32+141.82] (560)

Султанов С.А.

д.полит.н., профессор, ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан

СТАНОВЛЕНИЕ ИДЕЙ ПАНТЮРКИЗМА В ТУРЦИИ НА РУБЕЖЕ XIX – XX ВЕКОВ

Аннотация: Данная статья посвящена изучению процесса возникновения и распространения идеологии пантюркизма на территории Турецкого государства. В статье раскрываются предпосылки формирования пантюркизма, сущность идейных течений, связанных с туранизмом, основные положения концепций известных тюркологов: Юсуфа Акчуры и Зии Гёкалпа. Также в данной статье рассматриваются вопросы политики «османизма», экономические и культурные предпосылки, источники распространения панисламских идей.

Ключевые слова: пантюркизм, панисламизм, османизм, Османская империя, идеология, политика, Турция.

Идеология пантюркизма, возникшая на рубеже XIX – XX веков, была закономерным явлением в мировой истории, поскольку аналогичные идеологические течения – объединение территориально разрозненных народов, имеющих общие корни, в единое государство - возникали и в других частях света: в Европе, Ближнем и Среднем Востоке, России (например, пангерманизм, панисламизм, панславизм и др.).

Пантюркизм – идеология, в основе которой лежит идея объединения всех тюркоязычных народов, вне зависимости от государственной принадлежности. Ключевая цель этого объединения – создание могущественного Тюркского государства, так называемого, Турана, который претендовал в то время на мировое господство.

Актуальность данной работы обусловлена тем, что и в настоящее время сохраняется тенденция к объединению тюркоязычных государств. Тем более, как известно 12 ноября 2021 года президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принял участие в VIII саммите Совета сотрудничества тюркоязычных государств, где в одном из своих выступлений он сказал: «...Все тюркские народы связаны историческими истоками и совместными интересами. Между нами всегда сохранялись согласие и взаимная поддержка. Сегодняшняя встреча служит еще одним ярким подтверждением этого. Авторитет и влияние Тюркского совета с каждым годом растут. Международное сообщество проявляет

большой интерес к нашей Организации. Для всех нас важно эффективно использовать геополитический потенциал тюркского мира..» [1].

Изучению, как становления и эволюции тюркизма, так и деятельности и творчества основоположников и видных теоретиков этой идеологии, посвящено немало работ турецких, отечественных и даже западных исследователей.

Предпосылки возникновения пантюркизма. На рубеже XIX – XX веков Османская империя представляла собой развивающееся государство, требующее экономических, политических и культурных изменений. Необходимость реформирования общественной жизни вызвало потребность формирования сильной идеологии, способной объединить под своим лозунгом весь комплекс преобразований в стране. Таким образом, в основе возникновения тюркизма в Османской империи лежала идея укрепления турецкого государства. К экономическим предпосылкам возникновения пантюркизма относится переход феодального уклада экономики на капиталистические рельсы. Кроме того проникновение иностранного капитала, негативно влиявшее на становление самодостаточной экономической системы Турции, обуславливал распространение идеологии тюркизма.

Политические предпосылки выражены, с одной стороны, кризисом власти, следствием которого стали революции 1908 г. и 1918-1923 гг., с другой стороны, провалом идеологий османизма и панисламизма. В этом отношении, перед пантюркизмом ставились следующие задачи: укрепление государства национальной идеей и повышение национального самосознания турок, что в дальнейшем могло привести к созданию национального турецкого государства. Культурными предпосылками идеологии тюркизма было знакомство турок с европейской культурой, в частности, с идеями европейского национализма (пангерманизма и панславизма), а также связанные с этим сдвиги в системе образования и культуры [2,27]. Кроме того, в конце XIX века в Европе были распространены такие культурные явления, как туркофилия – увлечение светского общества произведениями искусства Османской империи и тюркология – наука, изучающая тюркские народы и их культуру. Стоит также отметить, что пантюркизм Османской империи был сформирован под влиянием российского тюркизма, ярким представителем которого был Исмаил Гаспринский.

В целом, на рубеже веков во всех сферах жизнедеятельности османов наблюдались потребность в консолидации турецкого общества, которая могла быть удовлетворена возникновением сильной идеологии. Таким идейным течением и стал пантюркизм. В начале XX века на формирование политики пантюркизма оказывают влияние такие идеологические течения, как османизм и панисламизм.

Политика «османизма» подразумевала отречение всех подданных Османской империи от своей национальной принадлежности, создание единого османского народа, провозглашала равенство всех граждан вне зависимости от их расы и религии. В начале XX века сторонниками этой идеи были, так называемые, младотурки. Однако, фактически, эта идеология шла в разрез с национальным самосознанием покоренных османами народов, и на фоне их борьбы за независимость (балканские войны 1912-1913 гг.) перестала быть актуальной. Полный отказ от политики османизма связан с «Кемалистской» революцией 1918-1923 гг., в результате которой Османская империя как государственное образование перестает существовать (на смену ей приходит Турецкая республика) [3, С.66].

После отсоединения славянских народностей от Османской империи политический курс младотурок сменяется идеологией *панисламизма*, которая отражала стремление народов Ближнего и Среднего Востока к объединению в борьбе против империализма. Подобная тактика была более приемлемой, поскольку помимо основного тюркского населения на территории Османской империи проживали также арабы, курды и другие этносы, исповедующие Ислам. Основным источником распространения панисламских

идей младотурок был журнал «Истинный путь» («Сират-и мустахим») и сменивший его журнал «Путь истинного направления» («Себильур-решад»). МехмедАкифа, редактор этого издания, посвятил не одну статью формированию «единой общины мусульман», вне зависимости от национальности. Взаимосвязь идей османизма и панисламизма находит отражения в статьях турецкого историка Мустафы Асыма. В своих работах он подчеркивал, что усиление мусульманского государства напрямую связано с сохранением османства [3, С.66-67].

Следствием развития панисламизма стало формирование турецкого пантюркизма. Становление идеологии, в основе которой лежит идея объединения всех тюркоязычных народов под эгидой Турции, неразрывно связано с именами Юсуфа Акчуры и Зии Гёкалпа. Теоретики пантюркизма выделили две стадии становления мирового тюркского господства - сформулировали два проекта осуществления указанной идеологии. Программой-минимум являлось создание «Малого Турана» (территория от Байкала до Стамбула), программа-максимум предполагала основание, с помощью «огня и меча», «Великого Турана», от Японии до Скандинавских гор, и от Ледовитого океана до Тибетского плато. В частности, такой взгляд на развитие пантюркизма нашел отражение в книге Альпа Текина «Туран».

Трактат Джеляля Нури «Единение ислама» был посвящен идеи объединения идей пантюркизма и панисламизма, под предлогом схожих целей и задач обоих направлений общественной мысли. Субъективная точка зрения автора заключалась в его тезисе о перерастании империалистической политики в мусульманский вопрос, который занял чуть ли не центральное место в мировой политике. По мнению Джеляля Нури, создание единого исламского государства должно происходить под руководством именно османских тюрок.

Необходимо подчеркнуть, что в начале XX века идеология пантюркизма распространялась и за пределами Турции. Ярким примером пантюркистской пропаганды в Каире была газета «Тюрк», издаваемая при посредничестве Али Кемаль бея с 1904 года.

Активная деятельность по распространению идеологии пантюркизма проходила также на территории России (связана, в том числе, с именем Юсуфа Акчуры), а также на территории Японии. Так, накануне Первой мировой войны российские тюркисты подняли вопрос о национальной независимости тюркских народов. Одной из мощнейших тюркистских организаций была Тюркская Федералистская партия Мусават, созданная в 1917 году путем объединения партии Мусават (основана в 1911 году Мухаммад Амином Расулзаде) и Тюркской партии федералистов. Распространение ислама в Японии связано с именем Аббдурашида Ибрагимова, который создает там «Азиатское общество». Этот факт позволял идеологам пантюркизма рассматривать Японию как плацдарм для расширения сферы своего политического влияния далее на Восток [3, С.71].

Таким образом, политика пантюркизма в 1900-1910-е годы переживала момент наибольшей популярности. Именно в это время в свет выходят труды таких известных теоретиков тюркизма, как Юсуф Акчура и Зия Гёкалп.

Юсуф Акчура был одним из крупнейших теоретиков пантюркизма, а в последствие турецкого национализма, как на территории Турции, так и за ее пределами, в том числе в СССР (до провозглашения Турецкой республики). Становление Ю. Акчуры как идеолога пантюркизма прошло несколько стадий. После знакомства Ю. Акчуры с различными тюркскими народами в путешествиях, а также его приобщения к произведениям тюркистов, живших до него, в 1903 году мыслитель пишет свою первую серьезную работу - «Исследование по истории государственных институтов Османской империи», где он поднимает проблему улучшения структуры государства [2, С.157].

Никто ранее, до этой работы, не рассматривал этот вопрос так многосторонне. Ю. Акчура выражает несогласие с мыслью младотурок о том, что можно создать единую османскую нацию, объясняя это тем, что после распространения среди различных

этнических групп Османской Империи национальной идеи и возникновения вражды между христианскими и мусульманскими народами, в частности, невозможно объединить их в единую нацию. Автор также считает, что если не предоставлять автономии отдельным народам, то они будут добиваться полной независимости с помощью оружия, и как следствие отделятся от метрополии. В итоге, Ю. Акчура приходит к выводу, что для сохранения Османской империи в существующих границах, оно должно стать государством федерального типа.

К заслугам Ю. Акчуры можно отнести установление связи с лидерами движения младотурок - Ахмедом Ризой, Абдуллахом Джемалом и Сабахаттином, которые жили в эмиграции в Париже. Доминирующей идеей среди младотурок того времени была идея восстановления в Турции Конституции 1876 г., которая была отменена султаном Абдулхамидом II. Она должна была предусматривать свободу и равенство граждан империи независимо от нации и религии. Все младотурки сходились во мнении, что это позволит сохранить единство народов Османской империи и приведет к созданию единой османской нации.

В 1904 году Ю. Акчура пишет свою знаменитую работу «Три вида политики», которая в том же году выходит на страницах каирской газеты «Тюрюк». Эта работа носила теоретический и программный характер, она создала большой резонанс в тюркском мире [4]. После возвращения в Стамбул в 1911 году Ю. Акчура создает пантюркистское общество «Тюркский очаг» («Тюрк оджагы»). Журнал, издаваемый на базе этого объединения, «Тюркская родина» («Тюрк юрду») пропагандировал принадлежность всех тюркоязычных народов к единой нации и, как следствие, формирование «Великого тюркского государства».

В 1911 в свет выходит брошюра Ю. Акчуры, Али Кемала и Фериды Ахмеда «Три политические системы», в которой авторы доказывали приоритетность пантюркистской идеологии над панисламизмом и османизмом [5]. Ю. Акчура выделял тюркизм как наиболее перспективный и реальный путь единения тюрков. Он ратовал за создание политического Союза всех тюркских народов с центром в Турции. После провозглашения Турции республикой Ю. Акчура избирается депутатом Национального Собрания Турции, затем работает в качестве профессора Стамбульского университета и советника президента Турции Кемала Ататюрка по вопросам культуры и политики. Стоит сказать, что деятельность Ю. Акчуры ознаменовала переход пантюркизма в новую фазу: от культурно-просветительского к политическому движению.

Еще одним знаменитым тюркистом считается Зия Гёкалп. В 1896 году Зия вступает в тайную организацию «Единение и прогресс» в Стамбуле. Во время своего пребывания в столице Зия решает создать некую научную основу, как для турецкого национального движения, так и для того, что он в будущем назовет тюркизмом. В опубликованной в 1913 году в журнале «Тюрк юрду» статье «Три течения мысли» Зия Гёкалп поднимает проблему исламизации и тюркизма, утверждает, что между турецким национализмом и исламом не существует несовместимости, поскольку первое течение общественной мысли создает национальную общность, второе - интернациональную. Признавая существующую отсталость Востока (преимущественно научно-технического характера), Зия высказывался против уподобления Турции Европе. В заключении, автор говорит о необходимости распространения идей турецкого национализма для противостояния Западнему миру [6].

К 1912—1919 гг. относится сотрудничество Зия Гёкалпа с упомянутым ранее журналом «Тюркская родина», где впервые публикуется его работа «Тюркизироваться, исламизироваться, модернизироваться», которая в 1918 году выходит и отдельной книгой.

В начале XX века, особенно с 1908 года, в Османской империи начинается полемика между исламистами и тюркистами о путях спасения османского государства. В результате первой мировой войны громадные территории, заселенные арабами-мусульманами,

отошли от Империи, таким образом, рухнула возможность сохранения государства на принципе единства мусульман. Что же касается идеи создания государства, которое бы объединяло большинство тюркских народов и о котором в теоретическом плане писали в своих ранних работах Юсуф Акчура и Зия Гёкалп, то она стала практически неосуществимой. Теме не менее в книге «Основы тюркизма», изданной в 1923 году, Зия Гёкалп продолжает отстаивать идеологию пантюранизма – идею создания Турана, «понятие которого объединяет по языку, литературе, культуре огузов, татар, киргизов, узбеков, якутов».

Таким образом, работы Зии Гекалпа обобщили принципы идеалов пантюркизма, с упором на фактор исторического развития народа, его языка, культуры и религии. В целом, 1900-1910-е годы стали периодом расцвета политики пантюркизма: тезисы объединения всех тюркских народов единое могущественное государство активно пропагандировались как на территории Турции, так и за ее пределами: в Египте, России и даже Японии и др.

Пережив момент наивысшей популярности, пантюранизм идет на спад. Ситуация кардинально изменяется с приходом к власти *Мустафы Кемалья Ататюрка*, с падением монархии и провозглашением республики. Безусловно, первый турецкий президент был заинтересован в признании сложившегося государственного образования на международной арене, потому в его интересах было отказаться от идеи создания, так называемого Турана, претендовавшего на мировое господство. Однако в этническом плане из многонациональной империи Турция превратилась в национальное турецкое государство, что предопределило складывание идеологии, основанной на принципе национализма.

В определение понятия национализма Мустафа Кемаль Ататюрк вкладывал идею единства народа в области языка, культуры и общей судьбе. Он ограничивал национализм территорией республиканской Турции, отказываясь от стремления к политике завоеваний. Другие нации по отношению к турецкому народу мыслились как равные, независимые и свободные. Отношения, возникающие между различными национальностями, должны были строиться на принципе взаимоуважения [7]. В период правления М. К. Ататюрка происходит изменение политического курса: идея объединения всех тюркских народов начинает уступать идее создания единой турецкой нации. Хотя первый президент Турецкой Республики негативно относился к пантюранизму, тюркизм и тюркисты оказали большое влияние на формирование политических взглядов и программ К. Ататюрка. В итоге, можно сказать, пантюркизм трансформируется в турецкий национализм.

Список литературы:

1. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-kasym-zhomart-tokaev-prinyal-uchastie-v-viii-sammite-soveta-sotrudnichestva-tyurkoyazychnyh-gosudarstv-1210554> (Дата обращения 13.11.2021).
2. Мухамметдинов Р. Ф. Зарождение и эволюция тюркизма: (из истории
3. политической мысли и идеологии тюркских народов; Османской и Российской империи, Турция, СССР, СНГ 70-е гг. 19 в. – 90-е гг.20 в.). Казань: Заман, 2016. 270 с. URL [Электронный ресурс]: <http://www.tataroved.ru/publicat/turkizm.pdf> (Дата обращения 10.11.2021).
4. Тверитинова А. С. «Младотурки и пантюркизм»// Краткие сообщения института
5. Востоковедения Академии Наук СССР. 1956. №22. С 65-74.
4. Гилязов И. А. Тюркизм: Становление и развитие: Характеристика основных
6. этапов: Учеб.пособие для студентов-тюркологов.— Казань, 2002. 51с. URL [Электронный ресурс]: http://old.kpfu.ru/f11/bin_files/gilazov_tyurkizm!8.pdf (Дата обращения 10.11.2021).
5. Луговой Г. А. Пантюркизм в Турции URL [Электронный ресурс]:

7. <http://www.turkishnews.ru/politika-i-obschestvo-turcii/article/pantyurkizm-v-turcii> (Дата обращения 10.11.2021).

6. Гекалп Зия. Три течения мысли. 1913. Gokalp Z. Turkish Nationalism and Western Civilization. Selected Essays of Ziya Gokalp. Translated ed. by N. Berkes. N.Y., 1959. S.71-74 (перевод Мейера) URL [Электронный ресурс]: http://nisaa1.narod.ru/History/Lectures/revoljucija_1908-1909_gg-v_turcii_politika_mladotu.pdf (Дата обращения 12.11.2021).

8. 7. Атаатюрк М. К. Речь (Nutuk) / Мустафа Кемаль Атаатюрк. URL [Электронный

ресурс]: <http://www.turkishfirst.ru/list/turkish-cat1-listpage.html> (Дата обращения 13.11.2021)

УДК: 911 (574)

Юсупов А.Н., Юсупова А.А.

к.арх., доцент ЮКУ им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

доктор PhD, ст.преподаватель ЮКУ им.М.Ауезова Шымкент, Казахстан

АРХИТЕКТУРНЫЙ ПРОЕКТ ЭТНОДЕРЕВНИ В ПРИГОРОДЕ ШЫМКЕНТА

органикалық үйлесті. Зороастризмнің орталық идеясы- әлемді екі шығармашылық бастау: Жамандық және Жақсылықтың үздіксіз және аяқталмас күресі ретінде түсінік беру. Осылайша зороастризмге дуалды дүниені қабылдау тән. Ш.Уалиханов тұтас алғанда, қазақ халқының дүниетанымын және шамандықты зороастризмге келтіреді.

Және, қызықтысы, қазақ мәдениетінде өлім, жерлеу сарындары орын алмайды. Өлім сарындары тек жерлеу рәсімдерін орындауда және жақын адам, туыстың қаза болуына жауап қату ретінде орын алды.

Көшпенділердің санасының негізгі құрылымдық көрсеткіштері болып кеңістік және уақыт ұғымдары табылады. М.Орынбеков бойынша да, санада осы түсініктердің нақтылығы оның деңгейі туралы дәлел етеді, мұнда сезімдік нақтылық синтезі және тіршілікті ұғымдық ойластыру секілді жүйелер жүзеге асады. Кеңістік және уақыт ұғымдары қоршаған әлемді факторлар арқылы қабылдаудың ұйымдастырушылары болып табылады. Көшпенділердің әлемнің тұрақтылығы, уақыт ағымы, кеңістік бағыттары туралы түсініктері бүгінгі таңда бабалардың құнсыз уникалды мұрасы ретінде сезінеді.

Көшпенділер санасында уақыт санаты бірмезгілдік уақытты білдірмеді. Номадтарда уақыт адамзат ұрпақтарының циклдық, шеңберді, қайталанбас сабақтастығы, жыл мезгілдерінің бірізділігі, тәуліктің ауысымы ретінде қабылданады.

Көшпенділердің табиғатта орын алатын құбылыс және өзгерістерге бейімделуі, бірізділікпен мәдениеттің негізгі түрлері мен тілдерінде бекітілген күнделікті өмірдің қисынында табиғат заңдылықтарын білдіру, номадтарда адам және табиғаттың үйлесімі, қосылуы туралы ереженің фундаменталдығын дәлелдейді. Номадтар әлемнің тұрақтылығын, өзгерместігін адамның әлемдік жүйеге, табиғатпен бекітілгенге белсенді кірісудің жоқтығы деп түсінді.

Шоғырланған принципі қазақ ауылындағы киіз үйлердің орналасуында да көрінеді, бұл аталған ру мүшелерінің қатаң ұйымдастырылған тұрмыстық-шаруашылық кешені ретінде ұсынылатын. Және атап өту қажет, көшпенділер кеңістігі белгілі тәсілмен құрылмай ғана, осы күрделі құрылымның әр элементі өзі бір мағынаға ие болатын. Кеңістік көптүрлілігі «жоғары», «орта», «төмен» семантикасында, және он, сол, әйелдер, ерлер деп бөлінуде қолданды.

Азиат даласының көшпенділер мәдениеті табиғатпен үздіксіз қосылып өмір суретін адамның ерекше дүниетанымымен қалыптасқан және ғасырлар бойы сақталған халық өнерінің дәстүрлік бейнеленуін сақтау және көрсетуге таңғаларлық қасиет айқындайды.

«Философия көшпенділерге зерттеудің және арнайы зерттеудің ерекше пәні болып табылмады, ол сана, өмір тіршілігі болып табылды. Өзекті мәселе- адамның өзінің тіршілік және әрекет ету маңызы...».

Оқшауланған уақыттық негіздерге ыдырауға мүмкіндік бермейтін дала мәдениетінің тұтастығы туралы айтсақ, бірінші кезекте келесі көзделеді: тамырларымен көнелікке кететін дүниетанымының негіз қалайтын принциптерінің бірлігі, және мәдени дәстүрлерді тапсырудың өңделген механизмі.

Бұл ұстанымнан Қазақстанның көне сәндік-қолданбалы өнері- синкретикалық шығармашылықтың нақты үлгісі, себебі мыңжылдықтар ағымында дала көшпенділерінің рухани өмірінің маңызды жақтары терең өзгеріске ұшырамаған болатын. Табиғатқа деген шексіз жақындылық халық өнерінде бүгінгі таңға дейін сақталып қолданатын архаикалық түсініктерді сақтау үшін идеалды алғышарттар құрастырды.

Осылайша, қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің тереңдетілген өзіндік болмысын көрсету негізі болып халықтың этномәдени дәстүрлерінің кешенінде қамтылған қазақтардың дәстүрлік дүниетанымы болып табылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч.Ч. Следы шаманства у киргизов// Собр.соч.: В 5 т. Алма-Ата:Казахская советская энциклопедия, 1985. Т. 47. 461 с.
2. Муратаев К.О народном искусстве Казахстана и некоторых вопросах развития его

художественных традиций. М.: 1985. С. 128 - 158.

3. Рыбаков Б.А. Макрокосмос в микрокосмосе народного искусства // Декоративное искусство СССР.-1975.№ 1. С. 30.

4. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. М.: Новости, 1999. 176 с.

5. Ибрайшина Г.К. Ценностные ориентиры прикладного искусства // Мысль. 2004. № 3. С. 80-84.

ӘОЖ: 1(091)

Есіркепова Г.К.

филос.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

АРАБ-МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ІЛІМДЕРІ

Түйін: Мақалада 9-10 ғасырларда мұсылман мәдениетінің «алтын дәуірінде» дамыған философиялық ілімдерге сипаттама жасалынады. Философия тарихында араб-мұсылман философиясы аса маңызды орынға ие. Олар Платонның, Аристотельдің, неоплатонизмнің ілімдерін түсіндіріп, талдау жасады. Араб-мұсылман ойшылдары жасаған комментарийлер арқылы Еуропа Аристотельді қайта таныды. Әл-Кинди философиядағы субстанция мәселесін, әлемнің құрылымы мәселесін, алғашқы себеп, жалғыз құдай ақиқатын мойындау қоғамдық ойдың негіздерін зерттеген. Ол моральдық-этикалық философияға қатысты еңбектер жазды. Автор Әл-Киндидің мәңгілік өмір мен біртұтас ақиқат туралы ілімін зерделеген.

Кілт сөздер: фальсафа, бүтін, себеп, түпнегіз, біртұтастық, байланыс, жүйелеу, бақытқа жету, зерделік.

Араб-мұсылман философиялық мектептері шығыс перипатетизмі деген атпен танымал болды. Олардың көбісі Аристотельдің ізбасарлары болған. Бұл бағыттың басында **Әл-Кинди** (800-860ж.ж.) тұрды. Әл-Кинди бастапқы түпнегіз, 5 прасубстанция концепцияларын жасады. Әл-Киндидің «Алғашқы философия туралы», «Пайда болу мен жойылудың ішкі әрекеттік себептерін түсіндіру» атты кітаптары болды.

Философия мен теологияның бірігуі ортағасырлық дәуірдегі мұсылмандық ойдың барлық бағыттарына тән. Жалғыз құдай ақиқатын мойындау қоғамдық ойдың барлық мектептерінің өкілдеріне ортақ.

Мұсылмандық шығыс философиясында моральдық-этикалық мәселелер адам тіршілігінің мақсаты неде деген сұрақ төңірегінде өрбіді. Оның жауабы да былай: адам тіршілігінің басты мақсаты ең жоғары ізгілікке қол жеткізуге тырысу, өз кемелдігін қамтамасыз ету және осы жолмен бақытқа жету. Ортағасырлық мұсылман философтарының алғашқы өкілі ретінде әл-Киндидің моральдық-этикалық философияға қатысты басты еңбегі «Рисала фи-л-Хила ли-дафи-л-ахзанда» моральдің алға қойған басты құндылығы адамды бақытты ету деп есептеді [Kindi. Üzûntûden Kurtulma yolları. çev. Çağrıci M – Istanbul: Marmara üniversitesi İlahiyat Fakültesi Vakfı yayınları, 1998. – 9 б]. Сондықтан, адам бақытсыздыққа жол бастайтын әрекеттерден сақтануға міндетті.

Ортағасырлық философияға тән кейіпте мұсылман философтары бақытты құдаймен байланыстырды. Олар ең жоғарғы ізгілікті де күдіретті құдаймен сабақтастыра отырып, бақыт туралы Аристотельдің метафизикалық көзқарастарына діни сипат берген. Адам бақытқа саяси-әлеуметтік ортада ғана қол жеткізе алады деп білді олар. Бірақ оған лайықта басқарма жүйесі болуы тиіс. Қоғамның бақыты жеке адамның бақытына қарағанда анағұрлым маңызды, сондықтан ең маңыздысы қоғамды бақытқа жеткізуге тырысу. Ал жеке адамның бақыты қоғамдық бақытқа тәуелді. Мұсылман

философтарының пікірінше бақыт ең жоғарғы ізгілікке ие пайғамбар билеген қоғамда жүзеге асады.

Әл-Киндидің «Алғашқы философия туралы» деген шығармасында алғашқы ақиқат туралы ғылым – бұл әрі ізгілікті, әрі асқақ философия деп сипатталады. Әл-Киндидің бұл еңбегі барлық заттардың Алғашқы себебін қарастырудан басталады.

Араб философиясының қалыптасуы процесінде Жалғыз мәселесімен тығыз байланыста Бүтін мен Көптік мәселесі маңызды мәнге ие болады. Құдай табиғаты туралы мәселе Құран мәтініне негізделген жүйеге қаланады. Аллаға ғаламды жаратушы ретінде Күн, ай және жұлдыздар тәуелді. Ол мәңгілік өмір мен біртұтас ақиқатты білдіреді. Алла Тағала мәні түсінікке берілмейді. Ол, сондай-ақ, алғашқы, соңғы, көрінетін және жасырын деп те сипатталған.

Бүтін мәселесіне Әл-Кинди сәл басқа қырынан келеді. Өзінің «Пайда болу мен жойылудың ішкі әрекеттік себептерін түсіндіру» атты шығармасында Әл-Кинди былай деп тұжырымдайды: «Сезіммен қабылданатын нәрсе (Алла саған құпия сырды айқын етсін!) белгісіз бір алғашқы реттеушінің, яғни реттеушінің реттеушісі, барлық әрекет етушінің әрекет етушісі, барлық жаратушының жаратушысы, барлық бастаудың бастауы, барлық себептің себебі болып табылатын жанның реттеу қызметінің анық дәлелін құрайды...». [Аль-Кинди «Объяснение ближней действующей причины возникновения и уничтожения» //В кн. Избр. произ. мыслителей стран Ближн. и Сред. Востока. М., 1966, с.115].

«Алланың хақиқи өмірі ешқашан жаратылған емес және жоқ та болмайды», - деп көрсетеді әрі қарай философ. Алла мәңгілік, ол өтпелі емес. Ол – себебі жоқ алғашқы себепті білдіретін жалғыз жанды дүние.

Дүниенің кемел құрылымы мен тәртібінен Әл-Кинди бір реттеуші бастау мен ең кемел даналықты көреді.

Қозғалыстың түрлі формаларын санамалай келіп, Әл-Кинди пайда болу мен жойылудың себебі не ішкі, не алыстатылған болатындығын атап көрсетеді. Пайда болу мен жойылу себептерін тудыратын қарама-қарсы құбылыстар, философтың есептеуінше, жылу, суық, ылғал мен құрғақшылық процестері төрт элементтерді (су, ауа, топырақ, от), олардан түзілген нәрселердің бәрін қамтитын ай асты әлемінде жүреді. Төрт элементтің өзіне, Әл-Кинди атап көрсеткендей, олардың тіркесіміне тән пайда болу мен жойылу қауіпі төнбейді. Бұл тіркесімдер: миниралдар, өсімдіктер және жануарлар. Дегенімен, олардың «формалары» да өз құрамындағы элементтер тәрізді тұрақты болады. Бұл пікір материалистердің «материя жойылмайды» деген тұжырымдарымен жақын келіп тұр.

Ай асты әлеміндегі пайда болу мен жойылудың жақын себебі бір немесе одан да көп элементтерде емес, сыртқы қызметте, - деген қорытындыға келеді Әл-Кинди. Ол өз қозғалысымен жерге қатысты жылу мен суыққа бастау беретін аспан денесі болуы мүмкін: «Сондықтан, аспан денелері жерден алыстаған кезде суық басым болады, ал жерге жақындаса, жер қызады да, жылу мен суыққа ілесе жүретін ылғал мен құрғақшылық пайда болады. Осы төрт құбылыстардан басқа құбылыстар туындайды. Осы құбылыстардың әрбір екеуінің жетіспеушілігі немесе молшылығы нақты бір заттың пайда болуына алып келеді». [Аль-Кинди «Объяснение ближней действующей причины возникновения и уничтожения» //В кн. Избр. произ. мыслителей стран Ближн. и Сред. Востока. М., 1966, с.122-123].

Философтың ойынша, өз кезегінде аспан денелері, олардың орны, қозғалысы, уақыты және олардағы мөлшерлік ерекшеліктермен түсіндірілетін, денелер қосындыларына тәуелді жан-дүние әрекеті де осы үлгіде өрбиді. Күннің әсері, Әл-Киндидің ойынша, қай халықтың болсын ішкі де, сыртқы да қасиеттерін айқындайды. Әл-Кинди Күнге қатысты қай мекеннің болсын орналасу реті климатқа және жылдың әр мезгіліндегі күннің ұзақтығына, жыл мезгілдерінің ауысуына, т.б. ықпал ететіндігіне назар аударады. Ауыспалы заттардың пайда болуы мен жойылуы өзге аспан денелерінің ықпал

етуі нәтижесінде болады. Әл-Кинди атап көрсеткендей, аспан денелерінің өзіндік тәртібі күллі әлемді асқан реттілікпен орналастырған, аса кемелгер, аса құдіретті, аса білгір жетекші болып табылатын және жасампаздығы аса кемел Жаратқан Алла тағаладан бастау алады.

Өзінің өзге еңбектерінде Әл-Кинди «Түп негізді» түсіндіре отырып, оны өмір сүрмейтін немесе өз болмысына өзінен басқа себепті қажет ететін нәрсе деп пайымдау мүмкін емес екендігін көрсетеді. «Түп негіз» аса қажет және тәуелсіз тіршілікке ие. Алғашқы болмыс барлық көптіліктен, күрделіліктен немесе бір нәрсеге қатыстылықтан азат; ол мүлдем күрделі емес, ешқандай материяға да, формаға да ие емес, және аристотельдік төрт қозғалыс себебінің ешбіріне тәуелді емес. Әл-Киндидің есептеуінше, бастапқы мәндегі әрекет құдайдың әрекеті болып табылады, ал екінші мәндегісі ықпалды білдіреді. Осылай әрекет етушілер ауыспалы мағынада, тек құдай ықпалын алушылар ғана болып табылады.

Аристотельдің категориялар туралы ілімінің ізін қуа отырып, Әл-Кинди 5 прасубстанция концепциясын ұсынды: материя, форма, қозғалыс, кеңістік және уақыт. Сондай-ақ Әл-Кинди Аристотельдің үрдісінде парасаттың төрт түрі жайында ілім түзді: актуальды ақыл, потенциалды ақыл, әрекетшіл ақыл, жүре келе дарыған ақыл.

«Жалғыз», «Біртұтас» ұғымдарының түрлі белгілерін қарастыра отырып, Әл-Кинди Бүтінсіз көптіктің болуы мүмкін емес деген қорытынды жасайды. Философ қарастырған көптік пен бүтіннің арақатынастарының барлығы мынаны дәлелдейді: бір де бүтін көптіксіз болуы мүмкін еместігі тәрізді, бүтінсіз көптіктің де болуы мүмкін емес. Сондықтан, заттардың табиғаты әрі жалғыз, әрі көп, яғни бүтін көптіктен әрі ерекшеленуі тиіс. Бүтін мен көптіктің арасындағы тұтастықтың себебін Әл-Кинди олардан бөтен, оларға қарағанда асқақ және биік, олардың алдында жүретін себеп ретінде сипаттайды. Көптік өз мәніне Бүтіннің арқасында ие болады. «Егер бүтін болмаса, көптіктің тіптен ешқандай жеке мәні болмаған болар еді, сондықтан жекелік мәнге ие болудың кез келгені – бұрын болмаған нәрсенің пайда болуы. Демек Бүтіннің алғашқыдан шығуы («истечение») – ақиқат, әрбір сезіммен қабылданатын заттың жеке мәнге ие болуы – осы ақиқаттың қасиеті, атрибуты. Сондықтан, бұл заттардың әрбірі Алғашқы Ақиқат – Бүтіннің арқасында өзінің жеке мәніне ие болады». [Аль-Кинди «Объяснение ближней действующей причины возникновения и уничтожения» //В кн. Избр. произ. мыслителей стран Ближн. и Сред. Востока. М., 1966, с.105]. Алғашқы Ақиқат (первое сущее), яғни Бүтін бірегей мәнің пайда болуының себебі және ол танымның да себебі, әрі қозғалыстың бастауы болып табылады. Бүтін әлемдегі тіршіліктің негізін білдіреді, олай болмаған жағдайда барлық заттар жоғалып, құрып кетер еді. Жоғарыда келтірілген цитатада Әл-Киндидің «истечение», яғни «өту» деген ұғымы бар. Әл-Фараби өзінің еңбектерінде осы ұғымды пайдаланады.

Әл-кинди философиясының маңызды бөлігі – оның өмір құбылыстарына деген философиялық көзқарасы, «философиялық өмір позициясы» теориясы: ...Жағымды және жағымсыз заттар табиғатынан солай емес, әрекеттер мен күйлерді жиі қайталап әдеттенгендіктен солай. Қайғы бір нәрсенің, не өзіміздің, не бөтеннің іс-әрекетінің салдары. Ол бізге байланысты болса, онда өзімізге қайғы әкелетін нәрсені жасамауға тырысуымыз керек. Әл-Кинди адам өмірінің мақсаты – бақытқа жету және оны ақыл-ой дүниесінен, интеллигибелді дүниеден іздеу керек деп түсіндірді.

Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар өзіне ұнайтын, керекті нәрселер. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл парасат күші арқылы ғана пайымдайды. Бақытты дұрыс түсінетін адамдар – данышпан адамдар. Бақыт, Әл-Фарабидің пікірінше, - адам кемелденуінің шегі. Ең кемел, идеал қоғамның ізгілікті азаматтардан құралатын саяси биліктің мақсаты – азаматтардың бақытын қамтамасыз ету. Мұсылман ойшылдарының ұсынған саясат философиясы

этикалық мазмұнды иеленеді. Олардың пікірінше, этика және саясат тығыз байланысты.

Физикалық және метафизикалық екі әлемнің ортасында дәнекер қызметін атқаратын адамның негізгі мақсаты – «ұлы бақытпен» қауышу. Ұлы бақытпен қауышу – адамның «фаал ақыл» яғни, белсенді сана мәртебесіне жетуі арқылы жүзеге асады. Адамның рухы Тәңірге ұмтылғанда ғана игілікке беттейді. «Игілікке ұмтылу – тек игілік үшін болғанда ең ұлы бақыт болып саналады», - дейді Әл-Фараби. Бұл мәртебеге жетудің жолы – дүниелік, материалдық тәуелділіктен арылу. Өйткені, «...ағаштың кемелділігі оның жемісі болса, бақыттың кемелділігі де моральдық құндылықтармен өлшенеді».

Бұл жерде Әл-Фарабидің ойлау жүйесінің толық және кемел тұтастықта екендігін көруге болады. Яғни, физикалық және метафизикалық әлем адам арқылы тұтастықта, үйлесімділікте болады. Француз философы Де Ласи Оларери: «Әл-Фараби ілімі бақытқа жету жолында рухтың тәннен, материядан ажырауын басты мақсат етіп қояды. Оның осы жол арқылы Тәңірге қауышуға болатындығын көрсетуі Әл-Фараби ілімінің неоплатонизм мен сопылық дүниетанымының қосындысы екендігін көрсетеді», - дейді. «Бақытқа жету» туралы трактатында философия мен дін ілімі арасындағы айырмашылық туралы өз түсінігін береді. Бұл екеуі де заттардың соңғы принциптері мен олардың тіршілігінің бастауы туралы түсінік береді, адам тіршілігінің соңғы мақсаты жоғарғы бақытқа қол жеткізу екенін түсіндіреді. Бірақ философия анық дәлелдемелер береді, ал дін сенім береді.

ӘОЖ 908 (574):37.01:78

Мусаева С.Т. Байзақова Ж.К.

педагогика ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

МӘДЕНИ МҰРА - ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ БАЙЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Түйін: Мақалада Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетінің тарихы, мұрасы және даму перспективалары қарастырылды. Сондай - ақ XX-XXI ғасырлар тоғысындағы қазақ халқының ұлттық дәстүрлі мәдениетінің тарихын зерделеудің қазіргі жағдайына талдау жасалды, қазіргі уақытта Қазақстан мәдениетінің дәстүрлі негіздерін жаңғырту, халық өнерін жаңғырту және халық шеберлерінің шығармашылығын жандандыру мүмкіндіктері ашылды

Кілт сөздер: дәстүрлі өнер, ұлттық мәдениет, мәдени мұра, рухани мұра, өзін-өзі тану, жаңғыру, рухани құндылықтар

Қазіргі Қазақстан ұлттық жаңғыру кезеңін бастан кешуде. Ұлттық-мәдени жаңғыру процесі мәдени парадигманың ауысуын білдіреді. Бұрынғы тұжырымдамаларды қайта қарау, ұмытылған немесе тыйым салынған есімдерді қайтару - қазіргі Қазақстанның мәдени өміріне тән белгілер.

Біздің ата-бабаларымыз қазіргі Қазақстанның үлкен аумағын, өзіндік мәдениетті және өмірді қабылдау мен танудың ерекше рухын мұра етті. Еркіндік сүйгіштік және дала ержүректігінің бұл рухы тарихтың тік сынықтарына ысырылып қалған жоқ, оны алдыңғы ұрпақтар сақтап қалды, олардың үлесіне бұрын-соңды болмаған сынақтар түсті. Міне, біздің ұлы ата-бабаларымыздың көпғасырлық үміттері мен армандары іске асты.

Осыдан тура 30 жыл бұрын Қазақстан тиісті декларацияны қабылдап, өзінің тәуелсіздігін жариялады. Жаһандық ауқымда отыз жыл - бұл, әрине, үлкен уақыт кезеңі емес, бірақ қазақ халқы үшін Тәуелсіздіктің әр жылы ерекше мәнге, ерекше мәнге ие.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында, Одақ ыдырағаннан кейінгі барлық қиындықтарға қарамастан, біз Қазақстанның барлық халықтарының дәстүрлері мен

мәдениетін сақтап, даму үшін жаңа мүмкіндіктер бере алдық.

Ұлттық жаңғыру үдерісі тек қазақ тарихына деген қызығушылықтың артуымен ғана емес, сондай-ақ өзіндік салт-дәстүрлердің жандануымен қатар жүреді. Қазақ дәстүрлерінің жандануы бүгінде Қазақстанда тарихи сабақтастықты қалпына келтіру ретінде қабылданады. Қазақ халқы үшін бұл өте күрделі және көп жағдайда ауыр мәселе, өйткені әңгіме жоғалған дәстүрді қалпына келтіру туралы болып отыр. Қазіргі қазақтар-көшпелі малшылар емес. Ру, рулық бөліну-қазақ халқының идеологиясы. Бұл ерекше құбылыс ежелгі уақытта пайда болған және көбінесе қарапайымдылықпен анықталған, алайда рулық бөліну этнографиялық қазіргі уақытта бар.

Мәдени мұраның сан алуандығы мен байлығы-өркениетті қоғамның негізгі белгісі, ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық компоненті болып табылады. Халықтың, ойдың, әдебиеттің және өнердің ұлттық сипаты-күрделі және қиын категориялар. Тарих көрсеткендей, қиын жағдайға тап болған кезде адамзат өзінің шығу тегі - ғасырлар бойы жинақталған халық даналығынан көмек сұрайды. Әр халықтың әлемнің үйлесімділігі, жоғары адамгершілік мұраттары, халықтық даналыққа негізделген рухани құндылықтар туралы өзіндік идеясы бар. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар рухани алғышарттар, тиісті мәдениет, білім, зияткерлік әлеует және оларды байытуға, солар арқылы ұлттың өркениетті кеңістікте өзін - өзі орнықтыруына деген қызығушылық бар жерлерде көрініс табатыны баршаға мәлім. Осыған байланысты, дәстүрлі қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының негізгі сәттерін түбегейлі жаңа ұстанымнан қарастыру қажет.

Ұлттық мәдениеттің қайнар көзіне үндеу-бұл уақыт талабы. Қазақстан халқы өзінің ұлттық бастауының маңыздылығын бұрын-соңды болмағандай сезінеді және өзінің мәдени Тәуелсіздігінің маңыздылығын қоғамның егеменді және көпжақты дамуының қажетті алғышарты ретінде түсінетіні сөзсіз. Адамзат тарихи құндылықтарды ұмытып кету қаупі туралы көбірек біледі.

Мәдениеттің дәстүрлі негіздерін жандандыру әрқашан жағымды процесс болып табылады, адам одан сабақ алуға және дамудың перспективалық жолдарын таңдауға тырысып, өткенге жүгінеді. Біздің қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақта өз елінің тарихына қатыстылық сезімі, ұлттық қазынаны сақтауға деген ұмтылыс әлі де оянады деп үміттенеміз, бұл біздің әрқайсымыздың табиғи қажеттілігімізді біртіндеп тоқтатады.

Қазақстанның сан алуан мәдени мұрасының сақталуы, адамзаттың рухани болашағы Шығыстың ұлттық музыкалық классикасы - қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне қаншалықты байыппен қарайтынымызға байланысты.

Мәдени мұра тарихи дамудың қазіргі және көрініс тапқан фактісі ретінде объективті түрде субъективті іске асыру арқылы сыналады. Тиісінше, "ұрпақ" ұғымы мәдени мұраны сақтауда маңызды рөл атқарады және бұл ойлау мәдениетінің деңгейіне, дәстүрлі сана өзінің космозмі мен ойлауы мен философиялық алыпсатарлығымен ұрпақта қаншалықты терең сақталғанына байланысты.

Ұзақ тарих бойы Орталық Азия-Қазақстанды мекендеген халықтар бір, екі және одан да көп тілді меңгерген. Қалыптасқан географиялық ерекшеліктерге байланысты әр түрлі мәдениеттердің тоғысында бола отырып, олар әрқашан бір-бірімен, жақын және алыс көршілермен өзара әрекеттесетін. Сондықтан да Орталық Азия халықтары, соның ішінде Қазақстан да философияның мұрагерлері болып табылады - дәстүрлі ойлау, оның мәні-әлемге деген тұтас көзқарас. Бұл ғаламға сәйкес, адам-үлкен әлемнің кішкене бөлігі.

Мәдениеттердің ұлттық айырмашылықтарының көздері олардың қалыптасуының тарихи жағдайларына негізделген. Бұл айырмашылықтар адамдардың белгілі бір әлеуметтік-тарихи немесе этникалық қауымдастығының әлеуметтік өмірінің ерекшеліктерін, оның табиғатпен өзара тәуелділігін көрсететін терең тамырларға ие. Мәдени айырмашылықтар-бұл түрлі-түсті және көп өлшемді беретін тарихи процестің қайнар көздерінің бірі. Әрбір ұлттық мәдениет бірегей, бірегей. Алайда, өркениеттің

алғашқы қадамдарынан бастап елдер мен халықтардың дамуы оқшауланған, жабық сипатын жоғалтады. Ежелгі өркениетте мәдениеттердің өзара әрекеттесу процесі басталады. Тіпті тривиалды емес талдауға алғашқы қадамдар кез-келген халық мәдениетінің ежелгі қабаттарында әртүрлі ұлттық қауымдастықтардың рухани өмірін біріктіретін ұқсас белгілер табылғанын көрсетеді. Сондықтан, Еуропалық және шығыс мәдениетінде халықтық мәдениеттің құндылықтары көбінесе синтетикалық параллелизм арқылы көбейтілетіні кездейсоқ емес.

Ұлттық мәдениеттердің өзара ассимиляциясы, әртүрлі байланыстар кезінде қарыз алу, Римді азиялық культтер жаулап алғанға дейін және одан кейін, «Римнің мәдени эллинизациясы», содан кейін мәдени синкретизмнің басталуы және бүгінгі күнге дейін көптеген мысалдар келтіруге болады. Егер біз бұл мәселені тұтастай қарастыратын болсақ, онда әлем халықтарының мәдениеттеріне пайдалы әсер еткен грек-рим, парсы және араб мәдениеттері классикалық үлгілер болып табылады [1, 157-б.].

Бүгінгі таңда жекелеген көпұлтты мемлекеттер аясында да, бүкіл адамзат ауқымында да барлық елдер мен халықтардың ең жақсы жетістіктерін жинақтайтын мәдениеттердің өзара қарым-қатынасы нәтижесінде пайда болған әлемдік мәдениет шындыққа айналуға болады. Бұл жағдайда әр елдің, әсіресе Қазақстан Республикасының мәдениетін дамыту үшін басқа елдермен және халықтармен мәдени байланыстар мен рухани байланыстар, атап айтқанда, халықтардың бейбіт қатар өмір сүруінің негізі болып табылатын мәдениеттер диалогы маңызды бола түсуде.

Қазақстан халықтарының рухани жаңғыру бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі-бұл сыртқы әлемнен бұрынғы иеліктен, мәдени, білім беру, ғылыми әлемдік қауымдастыққа интеграциялануды жеңу, бұл бір жағынан әлемдік мәдениетті ежелден бері нәрлендіре отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар қазынасына лайықты үлес қосқан және бүгінде мәдени жаһандық процестерде белсенді рөл атқаратын Қазақстан халықтарының өткені мен бүгінгі туралы әлемдік қоғамдастықтың түсініктерін байытуға ықпал етеді. екінші жағынан, бұл басқа халықтардың рухани мұрасын тереңірек білуге, қоғамның демократиялық ұйымының тәжірибесін игеруге ықпал етеді.

Тарих әлеуметтік прогресс процесінде мәдениеттің, моральдың, дәстүрлердің рөлі артып, уақыт өте келе олар адамдар өмірінің негізгі реттегіштеріне айналатынын көрсетеді [2, 45-б.]. Мәдени жетістіктермен өзара алмасу рухани өмір саласына, ұлттық дәстүрлерді білуге әкеледі.

Қазақстанда халық шығармашылығы мен сәндік-қолданбалы өнер проблемасын шешу біздің Республикамыздың өнер мәдениетін дамыту, халқымыздың эстетикалық көркемдік талғамын жаңа демократиялық сапамен байытылған осы тамаша өнердің үздік үлгілеріне тәрбиелеу үшін бұрыннан пісіп-жетілді.

Қазақ халқының қолданбалы өнерде, өз халқында және шетелдерде кеңінен танымал шығармашылықта бай ұлттық көркемдік дәстүрі бар. Бейнелеу қолданбалы өнері халықтың рухани мәдениеті белгілерінің көріністерінің бірі ретінде Қазынада, өз халқының мәдени құрылысының арсеналында болуы керек.

Қазақтарда жаңа кәсіби өнер түрлері дамыды: әдебиет, опера және балет, театр және кино, кескіндеме. Бірақ, егер біз олардың өмірлік көзі болмасақ, олардың одан әрі дамуы толыққанды болмайды. Қолөнерші - суретшінің қолымен жасалған кішкентай нәрсе немесе өрнек - бұл бұқараны насихаттайтын және қолөнер мен бейнелеу ойлауына деген сүйіспеншілікті және жаңа, жас ұрпақты өзінің әдемі болашағы үшін керемет, керемет сезімге тәрбиелейтін өнер.

Қазақстан суретшілері үшін ұлттық дәстүрдің сабақтастығы заңды. Онда біз жаңа мазмұн бере отырып, өзіміздің ерекше формамызды табуымыз керек. Картиналарымыздың колористикалық шешімінде біз қолданбалы өнердің түстік гаммасын, ою-өрнекті-бейнелік мәдениетін зерделеп, оған сүйенуге тиіспіз [3, 48-49 б.].

Барлық халықтар тарихында кәсіби өнердің пайда болуы мен ілгерілеуі әрқашан

және әрдайым халықтық дәстүрлерге негізделген. Бұл батыста және Ресейде қайта өрлеу дәуірінде болды. Шығыс елдерінде, Қытай мен Үндістанда, олардың өнеріндегі ең ежелгі мәдениеті жоғары дамыған қолданбалы қолөнермен халық шебері мен суретшінің арасындағы айырмашылық сезілмеді. Тек қазір, демократиялық жүйенің қалыптасуымен кәсіби өнер-кескіндеме пайда бола бастайды [4, 53-б.]. Сондықтан біз үшін батыс пен шығыс өнерін дамыту жолындағы процестерді зерделеу қазақстандық шығармашылық даму жолы үшін ерекше қызығушылық тудырады және дәл қазір, біз өткен мәдениет сабақтастығының заңдылықтары тұрғысынан классикалық халық мұраларын қайта ойластыруы қажет деп есептейміз [5].

Соңғы кезеңде Қазақстан халықаралық беделге ие болды. Шетелдік қонақтардың, делегациялар мен қайраткерлердің сапарлары жиі бола бастады және олардың әрқайсысы достық, байлық символы ретінде және сөзсіз біздің ұлттық өнеріміздің құндылығы ретінде кәдесый сыйлықтарын өзіне алып кетеді. Халықаралық көрмелер мен кездесулерде біз қолданбалы өнердің жақсы көрмесімен өнер көрсетуге, халық өнерін жандандырудың пәрменді шараларын байытуға, кәсіпшілікті ұлғайтуға және суретшілерді жұмылдыруға, ең бастысы, халық шеберлерінің шығармашылығын жандандыруға барлық мүмкіндіктеріміз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. *Гумилев Л.Н.* Этногенез и биосфера Земли / Под ред. В.С. Жекулина; Вступ. ст. Р.Ф. Итса]. 3-е изд. стер. Л.: Гидрометеоиздат, 1990. 526 с.
2. *Культура Казахстана: традиции, реальность, поиски.* Алма-Ата, 1996. 135 с.
3. *Шалабаева Г.К.* Казахстан: эволюция культурной политики. Алматы: АГУ им. Абая, 2002. 227 с.
4. *Умарова Г.* Дәстүрлі қазақ мәдениеті //Ақиқат.- 2004.- №1.-52-54 б.
5. *Кайырханова Ф.К.* Историко-культурное наследие Казахстана: взаимодействие традиций и инноваций // Наука, образование и культура. Искусствоведение. 2017.С.84-88.

ӘОЖ: 379.85

Аяпбекова А.Е.

география ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ТУРИЗМ САЛАСЫНДА КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйін: Археологиялық ескерткіштер кез келген аймақтың жалпы мәдени кеңістігінің маңызды бөлігі болып табылады. Олардың көне жәдігерлерді көрсетудегі рөлі көбінесе туристік инфрақұрылымның даму дәрежесіне, экскурсияларды ұйымдастыру. Мақалада тарихи құнды ескерткіштер ретінде Қазақстанның солтүстік өңірлерінің, қала берді әлем мақтанышына айналып үлгерген Ботай мәдениетіне, ортағасырлық Бұзоқ қалашығына тоқталады.

Кілт сөздер:

«Мәңгілік ел» идеясы Қазақстанды өркендетіп, өркениетті әлемнің қатарына қосылу мен бүгінгі және болашақ өсетін ұрпаққа арналған. Еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып аса көрнекті мемлекет және Қазақстан Республикасының ел басшысы Н.Ә.Назарбаев өз елінің біртуар төл азаматы ретінде, туған халқының тарихы құнды ескерткіш деп ұсынады. Ұлы даланың ұзақ ұлт тарихы күрделі де қасиетті. Тарих толғауы қыры мен сыры көп тарихи-деректілік пен нақтылықты, адалдық пен әділдікті талап етеді. «Мәңгілік ел» идеясы дара тұлғалардың өмірі мен қызметіне маңызды игілікті, ізгілікті игі әсерін тигізеді [1]. Идея, ұлттық дамудың этномәдени тәжірибелері мен оларды жүзеге асыратын әлеуметтік қозғалыстың бағдары және тұрақты жүйелі түрде ықпал етеді. Ұлттық болмыс ұлттық идея мен мұраттың, ұлттық тәжірибе мен дәстүрдің бірлестігінен құралады.

«Мәңгілік ел» идеясы халықтың өзін тануға, өзіндік ұқсастықты табуға және таныстыруға бастама, қауымдастықты топтастыратын шығармашылыққа ұйытқы.

«Мәңгілік ел» идеясы этникалық сана-сезімді қалыптастыру, ұрпақ мінез-құлқы мен дәстүрінің жігін жалғастыру-басалқы мәселе. Ұлттық тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа күнделікті берілетін тәртіп жобасы, бағдары бірлерді серіктестіретін әлеуметтік әдіс, халықтық мұра мен дәстүрді жалғастыратын жол. Өркениеттер тоғысына ден қою, өркениет жолында бір-бірімізді қолдау-ұлттық мүдде. Бірін-бірі мойындайтын ұлттық тәжірибені ел мұратына, адам игілігіне пайдалану-мемлекетке де, азаматқа да қисыны қиғаш жай мәселе емес. Бүгінде ұрпақ сабақтастығын-мәдениет тірегіне айналдыруға, қоғамдық тұрақтылық арқылы мемлекет беделін, ұлттық дәстүр мен саяси тәжірибенің үйлестігін жетілдіру.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және жаңа технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыстардан білім мен тәрбие беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отырғаны мәлім. Осыған орай жас ұрпақтың рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыру көзделіп отыр.

Халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрып, аңыз-ертегілері, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең-жырлары, ұлттық ойындары ерекше тәрбиелік мәні бар баға жетпес асыл қазына. XXI ғасырда «Мәңгілік ел» идеясының басты міндеті осы бай халықтық тәрбиені - өскелең ұлттық бойына дарыту, сол арқылы қазақ елінің ұлтжанды азаматын тәрбиелеу.

Тарихи құнды ескерткіштер ретінде Қазақстанның солтүстік өңірлерінің, қала берді әлем мақтанышына айналып үлгерген Ботай мәдениеті. Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Б.з.д. III-IV мың жылдыққа тән ежелгі адамдардың құтты мекені болған Ботай қонысы 1980 жылы В.Ф.

Зайберттің басшылығымен ұйымдастырылған археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ашылып, ғалымдар назарына іліккен.

Біздің елдегі халықтардың этнографиялық мәдениеті көптеген адамдарда қызығушылық тудырады және адамдарда мәдени-тарихи орталықтарға бару арқылы өзінің тарихымен танысуға итермелейді. Туризм – мәдениет және тарихпен танысудың ең қызық тәсілі болып табылады[2].

Тарихи орындарға туристік сапар жасаған кезде адам тек қана демалып қайтпайды, сонымен қатар әр түрлі халықтың тарихы және мәдениетімен танысады.

Елімізде ежелден аты аңызға айналған және бүгінгі күнге дейін болып келген қаншама тарихи-мәдени орындар мен киелі жерлер бар, сондай өлкелердің бірі – Солтүстік Қазақстан. Өңірімізде 200-ден астам тарихи-мәдени ескеркіштер бар [3, б.9].

Мұнда анағұрлым туристік қызығушылықты қалыптастыратын тізім құралған. Мысалы, Ботай мәдениеті ежелгі адамның алғаш рет жылқыны қолға үйреткендігімен әлемге әйгілі. Бұл мәдениеттің өмір сүру уақытты б.ғ.д. V-IV ғасырларда өтті және жылқыны алғаш қолға үйретудің жер жүзінде ең басты орталығы Қазақстан болып саналуында. Ботай әлемдегі – ертедегі Еуразия жылқы өсірушілерінің ғажайып қонысы. Мұнда 60 000 сүйек пен тастан жасалған бұйымдар, тастан жасалған балталар мен пышақтар, жебе және найза ұштары, сүйектен жасалған инелер, қыштан жасалған ыдыстар және т.б. табылды. Тастан, ағаштан және балшықтан жасалған ботайлықтардың қонысы дөңгелек пішінге ие болған. Жоғары жақтан түтін шығатын, қазақтардың киіз үйлеріне ұқсас. Ботай қонысын тамашалаған кезде, ежелгі адамдардың қоныстанған орнынан археологиялық қазбаларды кездестіреміз. Археологиялық Ботай ескерткіші ЮНЕСКО қорғауына алынды [4, б.20]. Еуразияның дала және орманды дала ендігінің тұрақты мәселесін өңдеуде Ботай ескерткіші әлемдік маңызға ие екені мәлім.

Ботай мәдениеті тұсында әлемде тұңғыш рет жабайы жылқыларды қолға үйреткен ботайлықтардың «ерлігі» өздері мекен еткен аймақтағы жан- жануарлардың азық қорегі тұрғысынан күрт азайып кетуі немесе табиғат құбылыстары мен катаклизмдері әсерінен басқа территорияға жер ауып (миграциялануы) кетуі салдарынан болуы мүмкін. Уақыт өте келе жабайы жануарларды қолға үйрету тенденциясының тым қарқынды көрініс табуы – азық-түлік қорегінің жетіспеушілігінен екені дау тудырмайды. Малдың қолға үйретілуі оның өсуі мен күрт төмендеу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік берді. Ал, мал өсімі мен өнімінің тұрмыс-тіршілікте маңызды орын алғаны өз алдына жеке мәселе.

Ендігі кезекте жұрторда өзінің жұртошақтық дәрежесінен заманның ағымына қарай едәуір өзгеріске ұшырап, далалық номадтардың сән-салтанаты мен салт-дәстүрлеріне қарай икемделіп, барынша күрделене түсті. Оның сайран құрған салтанатты кезеңін сақтар мен ғұндардың көнетүркі тайпаларының «Алтын дәуірі» деп бағаласақ жаңылмаймыз.

Қазақ халқының ою-өрнегі тек ішкі жандүние иірімдерінен ғана бастау алмай, қоршаған орта мен аспан денелері арасындағы байланыс пен табиғат факторларымен тығыз байланыста ұзақ ғасырлар дамып келеді. Ою - өрнектің геоморфты, фитоморфты, орнитоморфты, зооморфты, ихтиоморфты, петроморфты т.б тылсым табиғат құбылыстары мен геологиялық-петроглифтік ескерткіштер әлемімен тоғысуы ғажайып дүние. Атап айтқанда, халықтың қолөнер және зергерлік бұйымдар туындыларында «архар-мүйіз», «аққу қанаты», «өсімдік әлемі» және «төрт құбыла» жанрларының көптен кездесуі кездейсоқ дүние деп айта алмайсың.

Қазақстанның таулы аймақтарында, мәселен күні бүгінге дейін Ұлттық Археологиялық картаға ілікпеген «Таскескен петроглифтері» таңбаларында таутеке, архар, түйеғ салтатты тас суреттердің 3 мың жыл бұрын қашалып, бейнеленген себептерінің бірі «аштықта қорек болған», «суықта пана болған», «кисе киім, жесе тамақ болған» жан-жануар әлеміне деген алғашқы адамдардың ерекше сезімдерінен туындаған мифологиялық-философиялық ой-танымдары десек қателеспейтін шығармыз.

Қоршаған ортадағы жердің географиялық орны мен рельефі көшпенділер өмірі тұрмысына айтарлықтай ықпал етеді. Одан киіз үйге ұқсайтын ұсақ шоқылар мен аласа төбелер тек тұрмыс-тіршілік қамы ғана емес, тұрақорда жұртын салу мен құрастырудың негізгі элементі болуы мүмкін деген жорамал жасауға болады.

Қалай дегенмен, киіз үй конструкциясын жасамастан бұрын, ата-бабаларымыз ата жұрт тұрақордасының киелі жер топырағы мен тау-тасы өзен-көлі мен ит-құсы ерекшеліктеріне назар аударып отырып игіліктенуді мақсұт еткені анық байқалады [5].

Ата жұрт тұрақордасының киіз үй формасында көрініс табуы табиғи ортадағы рельеф, ландшафт және климаттық ықпалдарға ұшырауы, өз кезегінде ата-баба философиясында ұлттық құндылық ретінде бағалануы арқылы саналы тұрғыда қоғам мен халық игілігіне айналуы ғажап құбылыс. Міне, осы әр адам терең бойлай бермейтін аталмыш танымдық тағылымдық үйлесімділік киіз үйдің тарихын білуге құштар қонақтар мен ғалымдардың назарын өзіне аударғаны абзал. Мәселе, табиғаттың сұрапыл құбылыстары немесе жал-жанды сақтауға арналған күйбің тіршілік пен қызығынан қиыны көп тұрмыс-салттың жетегіне бой ұсынған Ұлы дала перзентінің бір ғана бағытта ғұмыр кешті деп қалай айтуға болады? Жоғарыда профессор Виктор Зайберт реконструкциясы бойынша жасалған Ботай қонысындағы алғашқы адамдардың «жұрт панасы» мына суретте бейнеленгендей ғажап бір ұқсастық пен тылсым үйлесімділікті паш етіп тұр.

Ботайлықтар дүние жүзінде жылқыны қолға үйретіп, қымызды ашыту технологиясын жасай отыра, ендігі жерде олар әлемде тұңғыш рет Ұлы Дала кеңістігіне сай келетін көшпенділер тұрақордасының тұңғыш архитектуралық моделін жасады деуге негіз бар. Мұны ғылыми жаңалық деп бағалауға болады.

Киіз үй Ассоциациясының жарқын үлгісінің бірі түйе өркешінің ата- бабалар тұрақордаларына ұқсастығы. Мұндай ғажап құбылыстар мен теңеулер қонақтар мен туристердің аса қызыға назар аударатын маршрут нұсқаулары мен ақпарат құралына айнауды керек. Бұл жөнінде біз жоғарыда киіз үйді тамашалауға келген қонақтарды түйенің үстіне отырғызып алып келу дәстүрінде толық сипаттама бердік. Осы бағытта туристерге ұлттық тағам түрлері, зергерлік бұйымдар, кілем мен текемет тарихы, жауынгерлік дәстүр, қыран бүркітті баулу, дастархан мәзірі ұлттық киім үлгілері, аңшылық саятшылық дәстүрлері қоса насихаттаған жөн.

Еуразия құрлығының апайтөс даласын сан ғасырлар бойы атамекені санаған көшпенді-номадтардың соңғы ұрпағы, бүгінде әлемдегі өркениетті мемлекеттермен терезесі тең тәуелсіз мемлекетті құраушы қазақ жерінде 2017 жылы Бүкіләлемдік «EXPO 2017 Astana» бүкіләлемдік көрмесінің өтуі ХХІ ғасырдың басындағы адамзат жамиятындағы аса ерекше оқиға болды. Өткен ғасырлар қойнауында (1465-1821) Қазақ Хандығы (Kazakh Khatate, Kazakhya) деген атаумен әлемге мәшһүр болған еліміз 1991 жылы қайтадан тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқанына 26 жылдан асты. Бүгінгі Қазақстан Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басқаруымен заман талаптарына сай, ұтымды да қарқынды мақсатты да парасатты жаңаша даму жолын ұстануда. Оған еліміздегі болып жатқан ауқымды реформалар мен серпінді бетбұрыстар, инновациялық серпілістер мен ғылыми-техникалық модернизацияландыру жетістіктерін атап өтуге болады.

Жалпы Ұлттық туризм жүйесінің қалануына 168 тарихи маңызын тигізген айтулы оқиға Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Испанияға сапары барысында UNWTO-ның штаб-квартирасына бет бұруы (2000) болды. Аталмыш ірі өзгерістер мен динамикалық қарқынды дамуымыздың бір келбеті туризм индустриясы болып табылады. Астананың бельгиялық Льеж шаһарынан (Халықаралық Көрме бюросының 152-Ассамблеясы) басым түсуі бекер емес. Атап айтқанда, соңғы 5-10 жыл ішіндегі Қазақ Елінің әлемдік деңгейдегі позитивті көрсеткіштері мен айтулы жетістіктері (Олимпиада ойындарындағы ірі жетістіктер, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (OSSE), Ислам конференциясы ұйымы (OIC), Бүкіләлемдік туристік ұйымға мүшелікке қабылдану UNWTO, 45 Еуропалық Кеңес отырысының Алматыда өтуі, заман талабына сай бәсекеге

қабілетті жаңа кәсіпорындардың ашылуы, Қазақстан-2050 Стратегиялық бағдарламасының қабылдануы, Қазақстан аймағында халықаралық стандарт негізінде 5 туристік кластер орталығын салу Жүйелілік жоспарының игіліктенуі т.б) ел болашағының заңғар биіктерге самғауына ұйытқы болуда. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы (2014) «Қазақстан 2050» Стратегиясы мен «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясы іргетасының қалануы – Қазақ Елінің планетарлық масштабта қарыштап дамуына жол сілтейтін даңғыл арна болары анық.[1; 2].

Туризмдегі тарихи-мәдени ресурстар тобы танымдық мақсатта еліміздің көне, жаңа тарихымен таныстыру, ұлттық патриотизмді дамыту, халықтың дамуын, өзіндік ерекшелігін көрсетуде тарихи мәдени мұра, ескерткіштер, нысандар ерекше орында. Әлемдік кеңістікте Қазақстан туралы дұрыс пікір қалыптастыратын да осылар. Ұлы Жібек жолының Қазақстандық бөлігінің халықаралық аренадағы орны, қазақ елінің, қазіргі мәдениеті мен оның егемендік жылдарындағы қол жеткен табыстарын дәріптеу мен жариялауда өзіндік орыны бар ресурс көздері болып саналады. Ұлттық этнография, қолөнер туындылары Қазақстандықтардың өмір салты туралы мәліметтерге толы. Соңғы жылдары халықаралық туристік сұраныс қазақтардың салт-дәстүр, өнер туындыларына назар тігуде [5]. Сондықтанда тарихи мәдени ресурстар тобы туризмді алға жылжытушы күш деп санаймыз.

Қазақстанда туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық алғышарттарындағы тарихи мәдени туристік кешендердің маңызы қарастырылуда. Тарихи-мәдени объектілер мен кешендер алғашында туристік қызметті ұйымдастыруға қажетті жағдайларының бірі болып есептеледі. Туристік рекреациялық ресурстар тарихи категория болып саналады, оның дамуы туристік қызметке жаңа тарихи мәдени сипаттағы объектілерді тарту қажеттілігінен туындайтын рекреациялық тұтыну мен рекреациялық сұранымның көлемі мен құрылымының өзгеруіне байланысты болады.

Еліміздің аумағында бүгіндері мекендейтін түркі тілдес халықтардың тарихи шоғырлану жүйесінің археологиялық және архитектуралық ескерткіштері, халықаралық және ұлттық маңызға ие қайталанбас кешеннің мемлекеттік бағдарламасының көлемінде, сол мұралардың кейбір бөліктерін туристік рекреациялық ресурс ретінде пайдалану, біздің елімізде әлемде теңдесі жоқ туризм жүйесін құруға мүмкіндік берер еді [6].

Қазақ халқы өзінің бүгінгі күнін бағалай отырып, өткен өміріне көз салуды, тарихи тәжірибеден сабақ алуды, мәдени дәстүрлерін, озық әдет- ғұрпын, өмір салтын зерттеуді, оларды ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп жеткізуді әрқашан мақсат етіп қойғаны белгілі [7, б.83]. Халықтың ғасырлар бойы жинаған осынау бай тәжірибесін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде аса тиімді, шығармашылықпен қолдана білу - әрбір азаматтың міндеті. Қоғамымыздың жаңа қарқынмен алға өркендеуі, егеменді еліміздің болашақтағы дамуы өзімізге байланысты. Тарихи ескерткіштер және көз тартарлық жерлер Қазақстан аудандарында өте көп. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Талхиз қалашығы. Археологиялық – тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандардың маңызы зор [8, б.43].

Мемлекетіміз Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының мәліметтер базасын құру және геоақпараттық картографиялау ісін «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты, «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы», География институтының Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы жүргізуде [9, б.116].

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының мәліметтер базасын құру және геоақпараттық картографиялау ісінің мақсаты тарихи-мәдени мұра нысандарының геоақпараттық базасы негізінде ескерткіштерді қорғау, ғылыми зерттеу мақсатындағы туризм түрлерінің картографиялық карталарын жасау. Туристік картографиялық карталар бойынша туристер жергілікті жердің тарихи-мәдени мұра нысандары туралы танысып мәлімет алады. Бүгінгі таңдағы туристердің қажеттілігін өтеуді қамтамасыз етуге

мүмкіндік беретін, қабылдайтын өңірдің мүдделерін ескере отырып, оның болашақтағы мүмкіндіктерін сақтауға бағытталған туризмнің «Туризмнің тұрақты даму» бағыты.

Онда биологиялық алуан түрлілік пен өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйеге нұқсан келтірмей мәдени және экологиялық тұтастықты қолдау негізінде экономикалық, әлеуметтік және эстетикалық сұраныстарды қанағаттандыруды ескере отырып, барлық ресурстарды басқаруы мен қарастырылуы негізделеді. Қазақстандағы тарихи-мәдени мұрасының әлеуетін бағалау мен тартымдылық дәрежесіне қарай базасын құрып бірқатар қорытындылар шығаруға мүмкіндік береді [10, б.51]. Себебі тартымдылығымен ерекшеленетін тарихи-археологиялық және бірегей табиғат ескерткіштері шоғырланған аудандарда инфрақұрылымдарды қалыптастырған жағдайда болашақта халықаралық дәрежедегі аумақтық туристік рекреациялық жүйе қалыптастыруға болатындығын негіздейміз.

Туризм саласы бойынша архелогиялық және этнографиялық тарихи ескерткіштерді туристік нысан ретінде сақтау, қорғау, ғылыми насихаттау жолдарын жасау. Туристердің ең қызығатын объектілерінің бірі мәдени көрнекі жерлер. Өзіндік ерекшелігі бар қазақтардың өмір салты, ол-көшпенділік өмірімен байланыстылығы. Өз халқының мәдени мол мұрасын, ұлттық ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Бүгінгі таңда ұрпақ тәрбиесінің ерекше мәнге ие мемлекеттік бағдарламалар «Рухани жаңғыру», «Туған жер» халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеуге, құрметтеуге қайтадан саралап, шынайы мазмұнын анықтауды талап етеді. Танымдық ұлағаты мол мәдениет болып табылатын тарихи-мәдени мұра нысандары жаңа заманның халқына құнды мәліметтер [3].

«Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел - бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл - кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы...». Мәңгілік Ел - қанатын кеңге жайып, көсіліп жатқан ұлы дала Қазақстанның тарихының тарихи негіздері мен мәдениетін арттыра түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 12 сәуір 2017 жыл, №70 (29051).
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақпараттық-түсіндіру жұмысы бойынша әдістемелік құрал. – Астана, 2017. – 106 б.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». 17 қаңтар 2014 жыл. [Электрон. ресурс]. 2018. – URL: [genkonsul.de/kz/welcomekz/president states 2050](http://genkonsul.de/kz/welcomekz/president%20states%202050) (дата обращения: 12.03.2018).
4. Зайберт В.Ф. Ботай дала өркениетінің бастауы. Алматы: «Балауса», 2011. 480 б.
5. Kursabaev M, Auapbekova A, Mazbaev O. The ancient history of KazakhNomads yurt. <http://www.slideshare.net/muhamedrahimkursabae/the-ancient-history-ofkazakh-nomads-yurt>
6. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы - Алматы, 2009 ж. Том: 1-10
7. Бейсенова Ә.С. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы: - Алматы: «Рауан», 1990г. 247 бет.
8. Зарин В.М., Зарина Е.А. «Путешествия А.В. Потаниной», М: 1950
9. Әбілхан Әбіласан «Қазақстанның тарихи-танымдық географиясы» Алматы: 2007-184 б.
10. Алимбетов У.С., Койшинова Г.К., Калиева А.Е. Халықаралық туризмнің тарихы: Оқу құралы, Өскемен. 2010. 71 бет.

ӘОЖ: 37.035.6

Алибеков О.Б., Молдағалиев А.Б., Аринова Д.Б.
техн.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
техн.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
Ph.D., аға оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БІР ФОРМАСЫ ЖАЙЛЫ**

Түйін: Ұлы Отан соғысының тақырыбы қазіргі қоғамда өте өзекті, және ол жастарға әскери-патриоттық тәрбиеде ерекше рөл атқарады. Мақала моральдық тәрбиенің өзекті мәселелеріне, рухани құндылықтарды қайта жандандыру, патриоттық сана, туған жерідегі қарыздық сезімі, оның еліндегі адалдық пен мақтаныш сезімі. Ұлы Отан соғысы кезінде Оңтүстік Отан соғысы жылдарында қайтыс болған және жетпейтін ата-бабаларымызды іздеу және іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Қажетті Отанымызды қорғаудағы соғыс қатысушыларының маңыздылығының рөлі туралы сұрақтар көтеріледі, бұл батылдық пен батылдықтың лайықты мысалдарын көрсетті.

Авторлар жастардың едәуір бөлігін қоғамның дәстүрлі көзқарастарына, қоғамның дәстүрлі рухани құндылықтарына, біздің тарихымыздың көптеген керемет батырлық және қайғылы беттеріне, беймәлім немесе танымал емес парақтарға аударады. Бұл зерттеулер және сонымен бірге әскери-патриоттық тәрбие нысаны, әрине, Отанға деген сүйіспеншілік пен жас ұрпақтардағы мақтаныш сезімін қалыптастыруға, Отанның керемет тарихи мұрасын құрметтеуіне ықпал етеді.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, жауынгер құжат, әскери тұтқын, орден, сайт, дерек, интернет, патриотизм, жастар,

Кіріспе

Қазіргі уақытта бұқаралық ақпарат құралдарында – газеттерде, интернет, сайттарда алысты-жақынды елдерден Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдан шебінде, фашистік концентрациялық лагерьлерде, госпитальдерде, қаза тапқан, қайтыс болған, жоғалып кеткен солдаттар, тұтқындар жайлы деректер шығып жатады. Олардың аты-жөндері анықталып, жақын туған-туысқандары іздестіріліп, құзырлы органдар, іздестіруші отрядтар қажетті мекен-жайларға олар жайлы мағлұматтар таратады.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің «Механика және машина жасау» кафедрасының оқытушыларымен студенттері Ұлы Отан соғысы кезінде хабар-ошарсыз болып кеткен жерлестерімізді анықтап, олардың жерленген орындарын табуға жәрдем берсек оймен бастама көтердік. Біздер де осындай хабарламаларды оқып, 75 жылдан астам уақыт бойы хабарсыз кеткен аға, әке, аталарымыздың жақындары тезірек табылса екен ниетпен арнайы сайттарды, деректер көздерін пайдаланып іздестіреміз, анықтаймыз.

Тәжірибелік ізденістер

Бірде Ресейдің Ивановск облысының Шуя қаласындағы соғыс жылдары жараланып, ем қабылдаған, сондағы госпиталь маңына жерленген 37 солдаттар – жерлестер жайлы интернет желісіне ақпарат шықты. Арнайы сайттардан қосымша іздестірулерді жүргізу арқылы анықтағанымыздың қорытындысында олардың арасында Оңтүстік Қазақстандық 6 жауынгер бар болып шықты (кесте 1) (деректер түсінікті болу үшін орыс тілінде алынған)

Енді осы Ұлы Отан соғысына қатысқан 4 қазақстандық жауынгер жайлы Ресей Федерациясының Қорғаныс Министрлігі, «Мемориал», «Память народа» және тағы басқа электронды сайттардан толықтау мәліметтер жинадық, енді соларға тоқталайық.

1. Қатардағы жауынгер Абдухапаров Адлязим (Әбдіғаппаров Әблязім болуы мүмкін). Ол кісі Сарыағаш ауданы 1- Май колхозынан, ал әйелінің аты-жөні - Абдукапарова Кулзия. Біздегі деректер бойынша Шымкент қаласындағы Ұлы Отан соғысы қатысушыларына арналған Даңқ Аллеясында Сарыағаш ауданы бойынша тізімде **Абдигаппаров А., Абдугапаров А. және Абдугаппаров А** (үш ұқсас аты-жөндер) жазылған.

Кесте 1

Фамилия, имя, отчество	Год рожд.	Каким РВК призван	Наименование части	Дата смерти	Наименование госпиталя	Причина смерти
Рядовой Абдухапаров Адлязим	1907	Чимкентская обл.	552 сп	16.03.1944	Вознесенское ЭГ3830	Туберкулез
Рядовой Адинкулов Останкул	1920	Казахская ССР	19 гв СП	30.06.1943	Троицкое ЭГ3830	Туберкулез
Рядовой Ельчибаев Жаку/ Елчбаев Ноку	1899	Казахская ССР	443 сп	11.06.1943	Троицкое ЭГ3830	Туберкулез
Сержант Когозуб Тоунас	1924	Казахская ССР	599 сп	08.01.1944	Вознесенское ЭГ1895	Пул.ран.лев.в.плеч
Рядовой Мамиров Сарсен	1916	Казахская ССР	114 сп	01.10.1942	Троицкое ЭГ1768	Оск.ран.пр.бедр
Рядовой Туйгабаев Маде	1899	Южный Казахстан	161 отд. Стр.бат	28.06.1943	Троицкое ЭГ3830	Туберкулез
Мл. сержант Пошенов Торен	1920	Казахская ССР	438 сп	06.12.1943	Вознесенское ЭГ3830	Туберкулез

2. Қатардағы жауынгер Адинкулов Останкул (Әденқұлов Оспанқұл болуы мүмкін). Сайрам ауданы военкоматынан шақырылған. Туылған жері Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы. Табылған деректе жақыны туысы жоқ деп көрсетілген. Шымкент қалалық Даңқ Аллеясында Сайрам аудандық тізімде Адинкулов О. атты жазу-дерек бар.


3.Сержант Когозуб Тоунас. (аты-жөні дұрыс жазылмаған, Қағазов болуы мүмкін). Арнайы әскери архивтің сайтында шешесі – Когозуб Наркул деп көрсетілген. Туылған жері Қаратас ауданы, с/совет Уя, Кара Кинир (Қара кемер) колхозы. Ұя ауылсоветі бойынша мұндай аты-жөні бар адам табылмады. Шымкенттегі Даңқ Аллеясындағы

тізімнен да аты шықпады.

4. **Туйгабаев (Тунгабаев) Маде.** Әйелі – Туйгабаева. Туылған жері: Сарыағаш ауданы, Курчанский с/совет деп жазылған. Осы азғана анықталған ақпарат бойынша, мүмкін, жақын туыстары оқып, осы және солдаттардың кім екені белгілі болып қалар деген үміттеміз.

Тағы бірде интернетте шет елдік материалдарды қарай отырып, Словения мемлекетінің Нижняя Истрия елді мекенінде (Любляна облысы) 1944 жылы қаза тапқан совет партизандарының бауырластар зиратында I партизан бригадасының қызыл армияшы жауынгері, Сайрам ауданының тумасы МАЙДЖАХАЛОВ САЙЛАУБЕКтің мазары табылды. Ол Түркістан облысы Сайрам ауданы Қарабұлақ ауылсоветі, Хайрат колхозынан екен. Жауынгер Бірінші Орыс партизан отрядының құрамында Югославияда фашистерге қарсы соғысқан. Табылған құжатта оның 2.04.1944 жылы қайтыс болғаны көрсетілген.

Сонымен қатар, БАҚ беттерінде Чехияның **Йесенице округінде** Ұлы Отан соғысы кезінде неміс басқыншыларына тұтқынға түскен 16 қазақстандықтардың мүрдeleri табылғаны жайлы айтылды. Осы округте II Дүние жүзілік соғысы кезінде Кеңес Одағы, Ұлыбритания, Франция, Польша және т.б. елдерден 6 мыңнан аса соғыс тұтқындары еңбек лагерьлерінде жұмыс істеп, көбісі сонда қаза тапқан. Іздеуші волонтерлердің еңбектері арқасында тұтқын жерлестеріміздің жерленген зираттары анықталып, олардың туған-туытары іздестіріледі. Бастапқы деректер тым аз болғаннан кейін, кафедраның оқытушылары мен студенттері арнайы сайттарды ақтара отырып, ол адамдар жайлы ақпараттарды толықтырып, жақындарының тез анықталуына жағдай жасайды.




Сурет 1. Әскери тұтқын Амалбеков Калмырза (тұтқындық карточка)

Айтылған 16 тұтқынның бірі біздің жерлесіміз – Оңтүстік Қазақстан облысы, Киров ауданы, Интернациональ селосының тұрғыны, 1906 жылы туылған **Калмырза Амалбеков** болып шықты. Осы кісі жайлы басқа деректерді жинастыра отырып, анықталғандары былай болып шықты: 64 атқыштар полкінде қызыл армияшы атқыш болып қызмет еткен, Сталинград маңында жылы тұтқынға түсіп, 1944 жылы 10 май күні Шталаг VIII F (318) лагерінде (сурет 1) қайтыс болған. Жерленген жері Германияның Ламсдорф қаласы. Тұтқындық карточкасында әйелінің аты Амалбекова Уримбан (Үрімжан, Үрімбақ болуы мүмкін), бес балалы деп жазылған. Басқа тағы бір құжатта 1946 жылы оның Амалбекова атты әйелінің Киров ауданы «Жамбыл» ауылсоветінен ССРО әскери архивіне сұраныс жазып, жолдасы К. Амалбековтің соғыста жоғалып, оны іздестіретіні жайлы дерегі анықталды. Шымкент қаласындағы «Даңқ» Аллеясында Мақтарал ауданы бойынша тізімнің ішінде Амалбеков Қ. Аты-жөні тіркелген.

Шет елдік «Центр документации Дрезден» сайтында **Естимезов Шалджик Шалджик** деп жазылған аты-жөнді кездестірдік. Табылған деректе мынадай жазбалар

болды: **Естимезов Шалдожик Шалдожик**. Он родился **02.03.1911г.** Место рождения: **Аул 22. Чимкентская область.** Дата смерти **13.04.1944.** Кладбище **HeмерIIAmDuloh** (кладбище Хемер II на Дуло). Место захоронения: **Flur 34, Parzelle 76/4, Reihe 5, Grab 114/1236** (Зона 34, участок 76/4, ряд 5, могила 114/1236).

РФ ҚМ электронды сайттарынан ол кісі жайлы басқа деректерді іздестіре отырып, келесі жайттарды анықтадық. Жауынгер соғыс жылының бастапқы кезінде неміс армиясына тұтқынға түскен, табылған лагерлік карточкасында суретінен басқа да мынадай деректер жазылған екен: «**Естимезов Шалдосбик**. Отец: Естемес. Казах. Рядовой, 109 стр.полк. Крестьянин. Попал в плен 23.10.1942 года в районе Воронежа. Рост 165 см, брюнет. Место проживания родственников: Чемкентская область, район Кировский, с/совет «Киров», колхоз «Сталинабад». Родственник – Жолдасбеков Утепбай. Дата смерти 13.04.1944».



Сурет 2. Естимезов Шалдосбиктің лагерлік тіркеу карточкасы

ОБД Мемориал сайтында осы кісі туралы мынадай да мағлұматтар шықты: **Естемесов Джалдоспек**, Дата рождения: -1911. Место рождения- Южно-Казахстанская обл., Кировский р-н, Кировский с/с, к/з Сталинабад. Дата и место призыва: Кировский РВК, Казахская ССР, Южно-Казахстанская обл. Последнее место службы 100 СД. Воинское звание: красноармеец. Причина выбытия: пропал без вести. Дата выбытия: 27.10.1942. Место выбытия: Воронежская обл.

Осындағы тағы бір құжатта (28.02.1947ж. соғыстан кейінгі кездегі хабарлама) былай делінген: **Естемесов Джолдасбек**, 1914 г.р., призван 24.08.1942г. Пахта-Аральским РВК Южно-Казахстанской обл., пропал без вести. Ищет Естемесова Б. из Кировского с/совета колхоза Сталинабад.

Демек, **Естимезов Шалдожик Естемесов Джалдоспек, және Естемесов Джолдасбек – бәрі бір адам!**



Сурет 3. Дуло (Германия Федеративті Республикасы) әскери тұтқындар зираты, мұнда Естемесов Джолдасбек жерленген

Шталаг VI A Хемер концентрациялық лагері Екінші дүниежүзілік соғысы кезінде Герман Рейхі жеріндегі ең үлкен әскери тұтқындар лагері болып саналған. Мұнда 23 мыңнан аса тұтқындар ұсталынып, 6000-нан астамы аштықтан, эпидемиялық аурулардан, шахталардағы өте ауыр жұмыстардан қаза тапты. Олардың сүйектері осында Дуло елді мекеніндегі әскери тұтқындар екі зираттарында жерленген.

Ұлы Отан соғысы кезінде көптеген жауынгер аға-аталарымыз жасаған ерліктері үшін көптеген орден-медальдармен наградталды, ал біраз батырларымыз түрлі себептермен өздеріне қатысты марапаттарын ала алмай қалды. Осы берілмеген наградалар бойынша Ресейлік «Звезды Победы» атты арнайы сайты жұмыс істейді, награда иелері іздестіріліп, олар не туыстары табылған жағдайда, өзіне не туған-туысқанына орден не медальді табыстау қызметтерін жүргізеді. Осы сайтта Қаратас аудандық әскери комиссариатынан майданға шақырылған Абдиев Баймурза атты жауынгердің 1944 жылы 6 август айында «За отвагу» медалімен наградталғаны анықталды, бірақ ол осы награданы алып үлгермеген. Ал батыр жауынгер 1942 жылы июль айында майданға аттанып, 97-ші атқыштар дивизиясында соғысып, 1945 жылы 28 январь айында қаза болған екен. Туып өскен жері Қаратас ауданының «Ұя» ауыл советінің «Красный партизан» колхозы. Ал жерленген жері әскери құжатта – Шығыс Пруссия, деревня Каршау, оңтүстік жағы деп көрсетілген. Екінші бір құжатта әйелі – Абдиева Қайыркүл екені жазылған. Сонымен қатар, Абдиев Баймырза 1944 жылы 27 августа 3-ші дәрежелі Даңқ орденімен де марапатталған екен.

Батыр ағамыз «2-ші дәрежелі Отан соғысы» орденімен 1945 жылы 13 - 16 қаңтар аралығындағы ерлігі үшін қаза болғаннан кейін наградталған. Ол туралы ерлігі парағында былай деп жазылған: «В наступательных боях с 13.01.45 года, АБДИЕВ БАМУРЗА находясь в наблюдательном пункте командира дивизиона, продолжал вести наблюдение за полем боя и мешающим огневым точкам противника, в результате чего им было выявлено 8 пулеметных точек, 4 блиндажа, данные цели огнем дивизиона были разбиты. 16.01.45 года действуя в составе группы разведчиков по отражению контратаки живой силы противника в районе высоты 85,5 из личного оружия убил 4 солдат противника. Достоин посмертно награждения орденом «Отечественной войны 2 степени». Командир 41 АП майор Синельников. Командующий артиллерией 97 СВКД полковник Кириченко». Осындай ерліктер жасап, Отан үшін жанын қиған қазақ батыры туралы оның туған-туысқанадары, жерлестері біледі ме екен?! Батырдың жақын-туыстары табылып, осы деректерді оқып, біліп жатса жақсы болар еді. Аталарының рухына тағзым етіп, құран бағыштап, жатқан жеріне, жағдайларына қарай барып, басына топырақ салып жатса – ол ата-бабаларымыздың ерліктерін қастерлегеніміз болар еді.

Қорытындылар

Міне, аталған университеттің «Механика және машинажасау» кафедрасындағы оқытушылар, магистранттар және студенттер тобы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаза тапқан, жоғалып, хабар-ошарсыз кеткен Қазақстандық солдаттарды іздестіру және оларды мәңгілікке атын есте қалдыру жұмыстарымен, тұтқынға түскен жерлестерімізді іздестіріп анықтау, майданда қандай ерліктер жасап наградталған және наградасы әр түрлі себептермен берілмей қалған батыр-солдаттар жайлы және осы орден-медальдардың иелерін не олардың туыстарын іздеп, анықтау сияқты жұмыстармен айналысатын болады.

Қазіргі уақытта еліміздің әрбір жас азаматы Отанымыздың өткен тарихындағы кешегі жанын қиған батырларын мақтанышпен, олардың ерлігін етпағзыметіп, бұқара арасында патриоттық Отан сүйгіштігін паш ету болып табылады. Республикамыздың бұқаралық ақпарат құралдарында олардың есімдері ұлықталып, аттары елді мекендерге, көшелерге, мектептерге берілуде.

Бірақ кейде жастардың өткен сұрапыл соғыстардағы тарихына қызығушылығы аз болуы, батыс еуропалық және америкалық арзан пайдасыз жат мәдениетке құмартуы көбейіп барады. Еліміздің болашақтағы әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуының анықтау шықушіретінде студент жастарға кәсіби білім беруден басқа патриоттық, отансүйгіштік сезімдерді қалыптастыруымыз керек. Осы мақсатында шынайы іс жүзінде еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен, ұлтын сүйген, Отанын, жерін, ұлтын жаудан қорғаған, қажырлығын, жанын аямаған әке-аталарымыздың ерліктерін дәріптейтін зерттеу жұмыстары жастарға беретін тәрбиенің бір формасы болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы 12 сәуір 2017ж.
2. О Программе военно-патриотического воспитания молодежи Республики Казахстан до 2025 года (проект)
3. Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасы /Альянс, № 3-4, 2005. – 5 б.
4. Иманбаева С.Т., Майғаранова Ш.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі /Алматы 2017. 213б.
5. <https://obd-memorial.ru/html/>
6. <https://pamyat-naroda.ru>
7. https://rg.ru/zvezdy_pobedy/

ӘОЖ: 541.18

Қоштаева Г.Т., Сейтханова А.Б.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ

Түйін: Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы 2021 жылды – Тәуелсіздіктің 30 жылдығы ретінде жариялады. 2021 жылы Тәуелсіздігімізді алып, Егемен ел атанғанымызға 30 жыл толады. Тарихи тұрғыдан бағамдасақ, отыз жыл – аса көп уақыт емес. Десе де, Қазақстан аз уақыт ішінде әлемдік алпауыттармен терезесін теңестіріп, жаһан жұртына қарышты қадамдарымен танылып үлгерді. **Тәуелсіздіктің 30 жылы – бұл бейбітшіліктің, жасампаздықтың және заманауи мемлекеттілік пен азаматтық қоғам институттарын құрудың 30 жылы. Отыз жыл бұрын Кеңес Одағының ыдырауы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуына әкелді. Осы жылдар ішінде бауырлас республикаларда өмір әр түрлі жолмен дамыды. Қысқа тарихи кезеңде Қазақстан шынайы тәуелсіздікке, мемлекеттік егемендікке ие болудың, толыққанды заманауи экономика мен серпінді дамып келе жатқан әлеуметтік саланы құрудың әсерлі жолынан өте алды. Бұл оңай емес жол болды. Біздің еліміз барлық қиындықтар мен мәселелерді түсінумен бірге жүріп келеді.**

Кілт сөздер: Тәуелсіздік күні, Президент жарлығы, егемен ел, отыз жыл, 16 желтоқсан, бейбіт өмір, заманауи мемлекет, ұлт болашағы, мерей той.

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Осы 30 жылдыққа алғашқы нық қадам 1991 жылдың 16-желтоқсанында жүзеге асырылды. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Отыз жыл ішінде еліміз өз шекарасын бекітіп, рәміздерін асқақтатып, алпауыт елдермен қарым-қатынасын нақтылап, терезесі тең, керегесі кең ел болды. Осы жолдарды жүріп өту барысында еліміз қаншама қиындықтар мен қатар, қуаныштарды бастан өткерді. Мәдениет пен экономика, сауда-саттық дамыды. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарын ортаға салған болатын. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен кезде Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы екенін атап өтті.

Халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген дана сөз бар. Ұйымшылдықты ту етіп, еліміздің 30 жылдық аясында бірігіп, идеологиялық тұрғыда қолға алып, жұмыс жасасақ елдің бірлігі одан әрі нығая түсері анық.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін арқалап тұр.

Азаттықтың алғашқы онжылдығын жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Отанға деген махаббат адам талғамайды. Пайғамбар да, патша да, қарапайым адам да Отанын құрметтеп, сүйе білу керек. Елбасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Отанды қастерлеу – елдігіміздің тірегі. Біз отаншыл болуға, жас ұрпақтың санасына отаншылдық ұғымын берік орнықтыруға тиіспіз. Біле білсек, Отанды сүю – біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз!» деді өз сөзінде. Елбасымыз өзінің еліне, Отанына, отандастарына 30 жылдай адал қызмет ете отырып, Отанына деген махаббатын дәлелдеді.

«Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданды. Шығыстағы көршімізбен шекараны бекітті. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазартты. Елордамызды Арқа төсіне көшірді. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырды. Отандық бизнестің негізін қалады. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол ашты. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекітті. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендеді. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтарды. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болды. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тартты. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналды. Шекара мәселесін біржола шешті. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледі.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән берді.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруы қажет.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға

қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі.

Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жау жүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Бүгінде әлемдік киноиндустрияда тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алпауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртуар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр.

Қазақ поэзиясының классигі Мұқағали Мақатаев ел шекарасында тұрып:

Мен, міне, Отанымның шегіндемін.
Маған жер жоқ, Отан жоқ әрі қарай,
Әрі қарай мекен жоқ жаныма жай.
Осы жерден шығады күнім менің,
Осы жерден атады таңым арай.
Осы жерден Отаным басталады,

Бақытымның осында тас қамалы, – деп Отанына деген махаббатын өлеңмен жеткізіпті. Осылайша Отанының шекарасынан асқандарға бақыт жоқ екенін баяндайды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығының арасында қаншама спорттық іс-шаралар, өнер байқаулары өткізілді. Соның ішінде, 2011 жылы Қазақстанда алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медальді иеленді.

2017 жылы асқан өнерлі өнер саңлағы Димаш Құдайбергенов алдымен Қытай Халық Республикасындағы Singer 2017 байқауында топ жарды, онымен тоқтап қана қоймай Қазақстанымызды, еліміздің мәдениеті мен сан жылдар бойғы дәстүрін әлемге таныстырып, паш етті. Бұл оқиға еліміз үшін айтулы оқиғалардың біріне айналды.

2019 жылы 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

2020 жыл Қазақстан Республикасы үшін ғана емес, бүкіл әлемді алаңдатқан жыл болды. Коронавирус індеті еліміздің бірлігін одан сайын арттырып, бірлікте болуға үйретті. Қазақстан Республикасы осы 30 жыл ішінде көптеген жетістіктерге жетіп, өзінің мәңгі ел екенін әлемге паш етті.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жоққа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Қорыта келгенде, 30 жыл деген тарих үшін аса көп уақыт емес. Осы жылдар ішінде еліміз басынан үш дағдарысты өткерген екен. Аталған қиын-қыстау кезеңдер еліміздің шыдамдылығы мен төзімділігін қайрап, бүгіндері біздің Еуразиялық экономикалық кеңістікті құру секілді бірқатар басым батыл қадамдармен алға жетелеуде. Тәуелсіз Қазақстан өзінің 30 жылдық мерейтойын экономикалық өсудің жоғары қарқынын және кемел әлеуметтік саясатты көрсете отырып, елеулі жетістіктермен қарсы алуда. Бұл бүкіл көп ұлтты Қазақстан халқының еңбегі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ф., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Алматы: Раритет, 2010. 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. Астана: Елорда, 2005. 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. Алматы: Атамұра, 2006. 392 б.

Қоштаева Г.Т., Тастанбекова Б.Ө.

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

ТӘУЕЛДСІЗДІК БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛГЕЛІ 30 ЖЫЛ

Түйін: Тәуелдсіздік бесігінде тербелгелі 30 жыл болды. Осы 30 жыл ішінде еліміз түрлі жетістіктерге жетіп, өз шекарасын бекітіп, дербес-зайырлы мемлекет боды. Бұл ұлы жеңістің жемісі деп білемін. «Тәуелдсіздік бесігінде тербелгелі 30 жыл» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Кілт сөздер: Сананы жаңғырту, ұлт болашағы, рухани жаңғыру, саяси реформа, сананың ашықтығы, экономикалық жаңғыру, нақты қадам, прагматизм, ұлттық бірегейлік, білімнің салтанат құруы.

Тәуелдсіздік бесігінде тербелгелі 30 жыл: рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып, жаңарып отырады. Ал рухани жаңғыру мен жаңаруда білім берудің рөлі зор. Біз өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдай білуіміз керек. Бірнеше тілді білген адам ештеңеден ұтылмайды. Ел болам десең, бесігінді түзе дейді ұлы Мұхтар Әуезов. Әрбір білімгер өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің жолдарын білуге тиіс. Егер қоғамның даму кілті білімді адамдардың жаңаша қызмет атқаруын керек ететін болса, сол жаңашыл адамдарды, болашақ қоғам мүшелеріне білім мен тәрбие беруді жүзеге асыратын мамандар дайындайтын біздің білім беру ұйымдары Елбасы көздеген бағыттарға лайықты болуы тиіс. Ең бастысы, білім беруге қойылып отырған жаңа талаптарды орындауда көптеген жұмыстар жүргізіліп, жастардың үш тілде білім алуына, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізуде өңірімізде келелі жұмыстар атқарылуда. Ұлт жоспарын орындауда әр саланың өзіндік үлесі болса, ұзтаздар қауымы қосатын үлес – жас ұрпақты жаңа қоғам мүшесі етіп білім мен тәрбие беруді жаңаша құру, оны осы Елбасымыз көрсетіп отырған талаптарға сай орындау деп білемін.

Қазір білектінің емес, білімдінің салтанат құрған уақыты. Табысты болудың кілті – білімде. Саналы ұрпақ тәрбиелеп, білім беру - Елбасы саясатының басты және негізгі бағыттарының бірі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап, мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беретін Болашақ бағдарламасы жүзеге асырылуы, елімізде жоғары деңгейде бірқатар университеттердің

ашылуы, зияткерлік мектептер жүйесінің қалыптасуы білім беру саласындағы жетістіктің нақты көрсеткіші бола алады.

Елдің жарқын болашағы білімді жастардың қолында. Осы тұрғыда ұстаздарға қойылатын талап та жоғарылады. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, алған білімін шынайы өмірмен ұштастырып, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек.

Қазақстанның бірінші жаңғыруы 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, өз жолымызды дербес мемлекет ретінде бастағанымыздан басталған болатын. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда - Астананың салынуымен басталды. Үшінші жаңғыру Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласымен жалғасын табуда. Ұлт санасының жаңғыруын мақсат еткен бұл еңбек- бағдарламалық құжат. Үлкен екі бөлімнен тұратын мақаланың екінші жартысында Елбасы кез келген жаңғырудың ең алдымен Ұлттық болмысқа, дәстүрдің замана сынынан сүрінбей өткен озығына негізделуін қадап айтып отыр.

Н.Ә.Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

1. Бәсекелік қабілет. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, Цифрлы Қазақстан, Үш тілде білім беру, Мәдени және конфессияаралық келісім сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы.

2. Прагматизм. Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек. Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау. Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Ұлттық салт - дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

4. Білімнің салтанат құруы. Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы. Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзіміз жетеді.

6. Сананың ашықтығы. Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің от басы, ошақ қасы аясында қалуынан туындайды. Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады... Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Латын әліпбиіне көшу – Мәңгілік Елдің рухани жаңғыруының басы болса, «Туған жер» бағдарламасы жаңа ғасырдағы әлемдік, өңірлік, ішкі-сыртқы тәуекелдерге қарсы тұра алатын отаншылдық тәрбиенің, ұлтжандылықтың кепілі болмақ.

Сондай-ақ, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы жалпыұлттық қасиетті орындарды және аса қастерлі жерлерді сақтауға, әрі елдегі туристік инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік береді. «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру Қазақстанды өз шығармашылығы арқылы дүние жүзіне танытатын көптеген таланттарға жол ашады.

«Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бүгінгі замандастарымыздың түрлі салалардағы жетістіктерін дәріптеуді қамтамасыз етеді және жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің жарқын үлгісі болады. Бұл тапсырмалар мемлекеттің және азаматтық қоғамның барлық идеологиялық жұмысының орта мерзімді перспективадағы негізі болады. Назарбаев айтқандай: «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады». «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын жүзеге асырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдарды оқытудың жаңа деңгейіне шығу мына мақсаттарға қол жеткізуді көздейді: – еліміздің барлық жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық ғылым кафедраларын қайта құру; – гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең үздік 100 кітапты қазақ тіліне аудару; – мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру. Оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасының жиынтық әсері 2018-2019 жылдардан бастап еліміздегі жоғары оқу орындарының студенттері қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде үздік оқу үлгілері болып табылатын кітаптармен оқуды бастайды

Сондай-ақ, Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап қалу, өркениеттің жақсысын алып, жаманынан жирену жөнінде өте құнды пікірлер айтты. Ендігі міндет – осы айтылғандарды іске асыру жолында аянбай еңбек ету.

Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауындағы 5 басымдылық:

- 1–Басымдылық. Экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғырту;
- 2–Басымдылық. Бизнес–ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту;
- 3–Басымдылық. Макроэкономикалық тұрақтылық;
- 4–Басымдылық. Адам капиталының сапасын жақсарту;
- 5–Басымдылық. Инститионалды түрлендіру, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықпен күресу.

Нақты бәсекелікке бастайтын үш бағдарламасын қолдау және игеру арқылы, біз жетістіктерге жете аламыз. Цифрлы Қазақстан. Үш тілде білім беру. Мәдени және конфессияаралық келісім сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы. Аталған үш бағдарламаның ішінде Үш тілде білім беру жүйесі іске асу үстінде. Мектеп, жоғары оқу орындарында үш тілде білім беру, көп тілді меңгеру жан-жақты талқылануда. Қанша тіл білсең, сонша адамсың деп айтқандай, тілмен қатар сандық қазақстанды қалыптастыру, дамыға технологияны меңгеру, мәдени қарым-қатынас орнату еліміздің қазір және болашақта тұғырлы болуының кепілі.

Таяу жылдардағы міндеттер

– Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру. 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрінде латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз.

– Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық жобасы.

– Туған жер бағдарламасы білім беру саласында өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді жерілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді.

– Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы жобасы Мәдени–географиялық белдеудің рөлі мен оған енетін орындар туралы әрбір қазақстандық білуі үшін оқу–ағарту дайындығын жүргізу қажет.

– Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениеті жобасы

– Қазақстандағы 100 жаңа есім жобасы. Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы сан алуан этнос өілдерінің тарихы.

Қорытындылай келе алда әлі ұзақ жол, үлкен асулар бар. Сол асулар мен қиындықты жеңу үшін білектің күші мен найзаның ұшы керек емес. Оған тек жүрек пен білім, талант пен талап керек. Қазақ елінің абыройын асырып, мерейін үстем етер, әлем таңғалар, талай - талай жаңалық ашар білімділер керек. Осы Тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін бүгінгі ұрпақ екенімізді сезінейік. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді. Ең бастысы бағыт-бағдарымыздың анық, жолымыздың жарқын болуы.

“Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан!”- деп Ұлы ақын Абай атамыздың сөзімен сөзімізді аяқтаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық

мақаласы 12 сәуір 2017. <http://online.zakon.kz/>

2. Л.С. Нұрбаева Экологиялық білім беруде өлкетанудың алатын орны. <http://engime.org/>

3. Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. Алма-Ата: Казахстан, 157с.

4. Бекмағамбетов А.Ж. Оқушыларға патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру. Қарағанды: ҚарМУ баспасы. 2009.

ӘОЖ: 008323.17(574+5)

Асылбеков Е.С.

тарих магистрі, тарих пәні мұғалімі, А.П.Чехов атындағы №21 ЖОББМ.

Шымкент, Қазақстан

ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (1985-1991 ж.ж)

Түйін. Бұл мақалада Қазақстанның халықаралық ғылыми байланыстары тарихына көңіл аудару өте өзекті, өйткені Қазақстанның ғылыми әлеуеті шын мәнінде көптеген тамаша табыстармен әлемге танылған интеллектуалды сала болып табылады. Қазіргі әлемде тек ғылым ғана технологиялық қуаттың, рухани дамудың және азаматтардың материалдық әл-ауқатының негізі болып табылады.

Кілт сөздер: халықаралық, ғылым, инновация, технология, патент, лицензия.

Бүгінгі нарықтық экономикаға өту және тәуелсіз мемлекетімізді гүлдендіру саясаты білім мен ғылыми қызметті ұйымдастыру және ғылыми техникалық прогресс нәтижелерін пайдалануда мүлдем жаңа шараларды жүзеге асыруды талап етеді. Нарық ғалымдардың біліктілік дәрежесі мен жан-жақтылығына, олардың идеялары мен зерттеулерінің бәсекеге қабілетті болуына, олардың әлемдік ғылым мен техника жетістіктерін игеру қабілеттілігіне қатаң талап қояды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында ғылым дамуы басты басымдықтардың бірі болып айқындалған. Тек ғылым сапасын көтеріп, оны жаһандандыру және ізгілендіру арқылы Қазақстанның толыққанды өмір сүруін, ұлттық қауіпсіздігін сақтап, көркеюін қамтамасыз етуге болады. Қазақстанда ғылымды дамыту стратегиясы тұрақты даму, үздіксіз білім алу, ғылымның жаһандануы, реформалардың үздіксіздігі, әлеуметтік даму барысын болжау мүмкіндіктері, мәдениетті, өзіндік ерекшеліктер мен құндылықтарды сақтау, бейбітшілік, азаттық, адам құқықтары, әлеуметтік және этникалық ынтымақтастық ісіне үлес қосу тұжырымдамаларын ескеруге негізделген.

Кез-келген елдің дамуы оның адами әлеуетімен және бәрінен бұрын оның білімділік деңгейімен айқындалады. ХХ ғасыр әлемдік шаруашылық және геосаяси байланыстар мен тәуелділіктің біртұтас жүйесінің құрылуына әкелген жан-жақты терең ғаламдық өзгерістер ғасыры болды. Осы негізде даму деңгейлеріне байланысты әлеуметтік, экономикалық және функционалдық-аймақтық айырмашылықтардың белгілі бір жүйесі қалыптасты. Бүгінгі таңда әлемнің барлық елдері мен аймақтарын төрт топқа бөлуге болады:

- 1) негізінен өндіріс пен шикізат сату есебінен өмір сүрушілер (шикізат донорлары);
- 2) табиғи ресурстар сырттан әкелінетін технологиялардың көмегімен өндірілетін өнеркәсіп бұйымдары мен қызметтер есебінен өмір сүретіндер;
- 3) тауар, қызмет көрсету және қазіргі жоғары өнімді технологияларды өндіру есебінен өмір сүретіндер;
- 4) ғылыми білімдер, ғылыми сыйымды, инновациялық және жоғары технологиялар, сондай-ақ тауарлар мен жоғары сапалы қызмет есебінен өмір сүретіндер-әлемдік ғылыми-технологиялық көшбасшылар; [1]

Төртінші топқа жататын елдер көп емес. Әскери, саяси және қаржылық қуаттылығы

анағұрлым жоғары олар өз азаматтарының әл-ауқатының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз етуде. Тек солар ғана тиімді экологиялық саясат жүргізуге және біршама тұрақты ғаламдық тәртіпті сақтап тұруға қабілетті. [2]

Бұл елдердің қоғамын әдетте өндірісі өркендеген, ақпаратты немесе білімге негізделген қоғам деп атайды. Олардың қуаты мен қаржылық, әскери ықпалының іргетасын әлеуметтік қызметтің барлық салаларында, әсіресе жаратылыстану, математика және технология салаларында жинақталып құрылған орасан мол білімдер көлемі құрайды. Демек, қазіргі әлемде тек ғылым ғана технологиялық қуаттың, рухани дамудың және азаматтардың материалдық әл-ауқатының негізі болып табылады. Бұл жерде ғылымның барлық жақтары жайында-әлеуметтік, қоғамдық, математикалық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар туралы сөз болып отыр. Өйткені берік ғылыми іргетасы өндірістік технологияларды, өндіріс пен ақпараттар таратуды жүзеге асыру үшін де, сондай-ақ адамдардың жана ұрпағын тәрбиелеу мен оқыту, әлеуметтік міндеттерді шешу үшін де қажет.

Ғылымға негізделген тұрақты даму сондай-ақ экологиялық қауіп-қатерлерді аластатудың бірден-бір сенімді құралы болып саналады. Сонымен, белгілі бір елдің әлеуметтік ұйымы мен өміршеңдігіндегі ғылымның рөлі туралы мәселе сайып келгенде, оның қоғамдағы әлеуметтік тәртіп жүйесінде алатын орны туралы мәселе, өйткені қоғамның алдында тұрған өзекті мәселелердің көбі тек қазіргі ғылым негізінде ғана ұтымды шешімін таба алады. Өнеркәсіптік төңкеріс басталғаннан бері адамзаттың игілігіне арналған технологиялардың даму үрдістері дәл қазіргідей аса қолайлы болған емес. Алдыңғы қатарлы елдердің халқы түгел дерлік адам жасаған әлемде өмір сүреді. Барлық құрылымдар, материалдар, қоғамдық құрылымдар-осының бәрі адам қолынан шыққан. Тіпті ең шалғайдағы аймақтар да бақылау мен құтқарудың жаңа технологиялық құралдарымен қаруланған үкіметтің қырағы назарында. Қалған әлем де осы бағытта кідіріссіз қадам басып келеді. Табиғаттың дүлей күштері-ауа райы, су тасқыны, зілзалалар мен жанартау жарылыстары-мәлімет жинау, талдау, интерпретация мен болжаудың күрделі инженерлік жүйелері арқасында барған сайын түсінікті бола түсуде. Біз адамдарға пайдалы ықпал ету немесе тіпті бақылау орнату мақсатымен осы апатты күштердің әрекетіне араласу жиегінде тұрмыз. [3]

Осы орайда, Қазақстанның халықаралық ғылыми байланыстары тарихына көңіл аудару өте өзекті тақырыптардың бірі болмақ. Өйткені, Қазақстанның ғылыми әлеуеті шын мәнінде көптеген тамаша табыстармен әлемге танылған интеллектуалды сала болып табылады.

1985 жылдан басталған қоғамдық өмірдің өтпелі кезеңінде Қазақстан Ғылым академиясы өзінің тарихында тұңғыш рет шетелдік әріптестерімен тікелей байланысқа шықты. Бұл КСРО-дағы халықаралық ахуалды түбегейлі сауықтыруға негізделген, жаңаша саяси ойлаудың жемістерінің бірі еді. Себебі, 70-ші жылдары бәсеңдеп, 80-ші жылдары межесінде күрт шиеленіскен күрделі халықаралық жағдайлар ғылым мен мәдени ынтымақтастық сияқты салалардағы қарым-қатынастарға да әсерін тигізбей қоймады, өкінішке қарай нақ осы бағытта жасанды тосқауылдар бәрінен гөрі көбірек қойылды. Осы жерде халықаралық қатынастарды қалыпты арнаға салып, түптеп келгенде достық қатынастарға жету үшін жақындасу реттерін тауып, кеңейту жолдарын іздеу ниеті елдегі 1985 жылдың сәуірінен басталған қайта құру процесінде қалыптасып, дамыды. Халықаралық майдандағы осындай оңды өзгерістер мен Қазақстанның ұмтылысы нәтижесінде 1989 жылы қарашада Қазақстан Ғылым академиясы мен Қытай Халық Республикасы Ғылым академиясының Синьцзян филиалы арасында тікелей ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл біз үшін шетелдік ғылыми мекемелермен өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа перспективасын ашқан алғашқы тікелей ғылыми байланыс еді.

Республика Ғылым академиясының Қытайдан кейін тікелей ғылыми қатынас жасаған

екінші елі Америка Құрама Штаттары болды. Пенсильвания штатындағы Орта Азия қорымен 1990 жылы жасалған ғылыми-техникалық ынтымақтастық және мамандар алмастыру туралы келісім, қолданбалы ғалымдар Қазақ-Американ ортақ кәсіпорнын құруды, Алматыда экологиялық болжам жасау орталығын және республиканың көптеген қалаларында оның филиалдарын ұйымдастыруды қарастырады.[4]

Ғалымдардың шет елдік ғылыми орталықтарға баруы әртүрлі білім салалары өкілдерінің халықаралық ынтымақтастық өрісіне тартылу дәрежесін көрсетті. Көп жылдар бойы шетел мамандармен пікір алысу, шетелдік ғылыми орталықтардың озат тәжірибесін игеру ісіндегі мүмкіндіктері қатты шектеліп келген қоғамтанушылардың халықаралық ғылыми байланыстарында оңды өзгерістер байқала бастады. Бұған ұзақ уақыт қоғамдық ғылымдардың партия идеологиясына барынша икемделіп бағуы кері әсерін тигізіп келген еді.

Қазақстан Ғылым академиясының тіл білімі институты мен Монғол академиясының Тіл және әдебиет институты Баян-Өлке аймағы халықтарының қазақ тілі материалдарын жинап, «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігін» дайындау жөнінде келісім жасаса, Ш. Уалиханов атындағы тарих, археология және этнография институты Венгрия Ғылым академиясы Алтайистика жөніндегі ғылыми-зерттеу тобымен «VII-XVI ғасырлардағы қыпшақтар жазба деректемелері бойынша» тақырыбымен, археология және этнография салаларында Францияның ғылыми орталығымен, АҚШ-тың Беркли, Калифорния университеттерімен бірлескен зерттеулер жүргізе бастады және т.б. Егер 1971-1985 жылдары академияның 700-дей қызметкерлері шет елдерде болса, ал 1986-1990 жылдары 724 ғылыми қызметкерлер осындай жол сапарларына жіберіліп, бірлескен зерттеулер жүргізді.

Осылайша, Қазақстан ғалымдарының зерттеу жұмыстарына деген үлкен қызығушылықтың нәтижесінде 1970-1977 жылдары еліміздегі жоғары оқу орындарына шетелдік 116 адам келсе, Ғылым академиясында 1972-1990 жылдары 3734 адам болып, өзара тәжірибе алмасты.

Халықаралық ғылыми байланыстағы келесі негізгі бағыттардың бірі ғылыми өнімді айырбастау болып табылады. Бұл жердегі «ғылыми өнім» дегеніміз патент формасындағы ғылыми зерттеулердің қорытындысы. Шет елден патент алу ашылған жаңалықтың дүниежүзілік мән-маңызы бар екендігін аңғартады. Қазақстан Ғылым академиясындағы жаратылыстану-техника салаларындағы 24 институттың алтауы патенттік лицензиялық жұмыстармен айналысты. Нәтижесінде, Ғылым академиясы 1971-1990 жылдары өз зерттеулеріне 230 патент алды.[5] Республика жоғары оқу орындарындағы ғылыми жұмыстар қорытындысына, тек жоғары білім беру жүйесінде ғана 1971-1990 жылдары барлығы 116 патент алынды.[6]

Осындай көптеген патенттер алу шетелдік фирмалармен тікелей лицензиялық келісімдер жасауға алып келді. Тек 1989 жылдың өзінде осындай 3 келісім шартқа қол жеткізді. Сөйтіп, патенттік-лицензиялық қызметтердің Қазақстан ғылымының абыройы мен беделін көтерудегі орны ерекше болды.

Міне, осы жоғарыда көрсетілген жайлардың барлығы қоғамдық өмірдің өтпелі кезеңіндегі Қазақстандық ғалымдардың зерттеу проблемаларының аясы кеңейіп, зор табыстармен халықаралық беделге ие болғандығын көрсетеді.

Халықаралық ғылыми байланыстардағы қол жеткізген үлкен табыстар көлеңкесінде қалып қойған, басқа да келеңсіз көріністерді атап көрсетуге болады. Талантты жастар дамыған елдерге тәжірибе алуға, оқуға аз жіберілді. Халықаралық ғылыми байланыстарды ұйымдастыру істеріндегі кемшіліктерінен келіп, бірлескен зерттеулер тақырыптары ғылым мен техниканың ірі проблемаларын, азық-түлік және энергетика бағдарламаларын шешумен, жаңа технологиялар, материалдар, машина мен ғылыми прибор құрылысын жасаумен, отын, шикізат және еңбек ресурстарын үнемдеумен жеткілікті түрде байланыспады.

Сөйтіп, шетелдік ғылыми мекемелермен арадағы байланыс Қазақстан ғылымының кейбір өзекті мәселелер бойынша зерттеулердің шапшаң дамып, дүниежүзілік үлгіде жауап бере алатын бағыттарда жұмыс жүргізуіне және осы елдер халықтары арасындағы ынтымақ пен сенімнің нығаюына жағдай жасады. Ал, бүгінгі тәуелсіздік жағдайында ғылыми құрылысты қайта құрып жатқан жағдайымызда, әсіресе осы соңғы тәжірибелерді пайдаланып, әлемдік дәрежеде жауап бере алатын зерттеулер жүйесін кеңейте түсуге толық мүмкіндіктер бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Никофоров К.А. Наука. Технология; проблемы современного общества. - Улан-Удэ, 1995г.
2. Гончорова А.Л. Экологическая деятельность как предпосылка устойчивого развития общества. М., 1995г.
3. Қазақ ССР ҒА хабаршысы. Биология сериясы. 1990 жыл.
4. ҚР ОМА. 1982. Қазақ ССР, Қысқаша энциклопедия. Алматы, 1988 жыл.
5. Қазақ ССР ҒА хабаршысы. 1990 жыл №8.
6. Қазақ ССР хабаршысы. 1987 жыл. №2.

ӘОЖ: 15,14

Молдатаева Р., Рүстем С.Р.

тарих пәнінің оқытушысы, ардагер ұстаз.

Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы

3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы

ҰЛЫ НӘУБЕТ: ҚАСЫРЕТІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Түйін: Самалдың ғылыми жобасында ұлы нәубет қолдан жасалған қасіреттен халықтың жартысынан астамының қынадай қырылуы бұрын сонды тарихта болмаған бір ұлтты, бір халықты жер бетінен жою үшін қасақана қолдан жасалған «Геноцид» деймізба, әлде біреулердің жіберілген қателіктері ма, нәубеттің себептері мен зардаптарын дерек көздер арқылы зерделеп анықтау. Келешек ұрпаққа ұлтымыздың қасіретті жылдарын жеткізе білу.

Кілт сөздер: ашаршылық, ұрпақ, ұлт, ұжымдастыру, қазақ халқы

Кіріспе

Кеңес дәуірінде орын алған қазақ халқының тарихында қара әріптермен жазылып қалған осы нәубеттің себебі неде, ол қаншалықты зардабын тигізді және мұндай сұмдықты болдырмау үшін не істеу қажет еді. 30-жылдардағы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннен қазақ халқы үштен бірінен айырылды деген дерек бар. Мұның себебі неде, саяси қателік пе, әлде қасақана қазақ халқына қарсы жасалған коммунистік партия көсемдерінің зұлымдығы ма?

Мақсаты

- 1929-1933 жылдары Қазақстанда ауыл шаруашылығын ұжымдастыруда кеткен кемшіліктердің зарлаптарын дәлелдеу.
- Кеңес дәуірінде орын алған қазақ халқының тарихында қара әріппен жазылып қалған қолдан жасалған нәубеттің деректер көздері арқылы анықтау.
- 1931-1933 жыл жаппай ашаршылық Ұлы жұт атанған ұлтымыздың трагедиясын жас ұрпаққа жеткізе білу.

Негізгі бөлім

1932—1933 жылдардағы ашаршылық ӨңдеуШабындық және егістік жерді қайта бөлу, тәркілеу, азық-түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру

барысындағы зорлық-зомбылықтардан көп азап шеккен ең алдымен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлкінен, құрал-саймандарынан, тіпті жертөлесінен де айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті. Ауыл шаруашылығында егіншілік көлемі күрт азайып кетті. Мал шаруашылығы терең күйзеліске ұшырады. Ұжымдастыру қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн бас мал болды, ал 1933 жылдың 1 қаңтарында олардан қалғаны бар болғаны 4,5 млн бас еді. 1931—1933 жылдары бүкіл Қазақстанды құшағына алған аштықтан 6,2 млн республика халқының 2,1 млн-ы қырылды.

Өлкелік партия комитетінің Торғай ауданындағы уәкілі 1932 жылдың қыркүйегінде мұнда әр адам басына орта есеппен 56 килограмм ғана астық және бір ғана мал қалғанын, ал бұлар алты айдан кейін мүлде таусылып, қаңтардың соңына қарай, қыстың қақаған, сары аязында нағыз қиямет-қайым орнайтынын алдын ала ескертіп, дабыл қақты. Ол сонымен бірге кейбір толық емес мәліметтер бойынша ауданда ең кемі 2042 адам аштық құрбаны болғанын, ал 8500 адам аштан өлейін деп жатқанын Құрамысов пен Кахианидің, Исаев пен Құлымбетовтың аттарына жолдаған ресми мәлідемесінде ашық айтты. Анадан туғандай тыржалаңаш, аш адамдардың дала төсінде босып сандалып жүргендерін, басқасын былай қойғанда, олардың даладағы атқұлақ пен сарышұнақты түгін қалдырмай жеп қойғанын жазды. Осындай қайғылы жағдайдың көрші Батпаққара ауданында да кеңінен орын алып отырғаны да айтылды. Голощекин қазақ даласындағы жағдайды өзі жіберген уәкілдері арқылы жақсы біліп, толық хабар алып отырды. Арнайы тапсырмамен Сарысу ауданында болған О.Жандосов мынадай мәлімет берді: «Ауылдарды аралаған кезімде мен ондаған күндер бойы жерленбеген мәйіттерді кездестірдім... Әйелдер жоқшылық пен аштыққа төзімділеу. Еркектердің бірден ұнжырғасы түсіп кетеді. Күйзелгендер қолдарына не түссе де түк қалдырмай жеп қояды. Сүйек-саяқты жинайды, оларды жүрек жалғау үшін ондаған мәрте қайнатады.

Тамақ орнына жартылай өңделген терілер де кете береді. Мен иттің етін жеген және онысын жасырмайтын бірнеше адамдарды кездестірдім. Оныншы ауылдан келе жатқан жолымда елсіз жапаннан екі жасөспірімді көрдім.

Олар қайдағы бір ескі жұрттағы, атылған иттердің терісін алу үшін қалған өлімтіктеріне бара жатыр екен. 5-ауылда аштықтан жартылай ісінген, аяғы ауыр әйел маған жақын келіп, оған ит атып беруімді өтінді». Голощекиндік геноцид қазақстандықтарды, ең алдымен, қазақ халқы аштыққа және босқындыққа ұшыратты. Зарлаған ана, шырылдаған бала, түнеріп, өлексе сасыған қазақ даласы — большевиктік эксперименттің нәтижесі осы еді.

ҰЛЫ ЖҰТҚА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ?

1920-жылдардың аяғында КСРО үкіметі бүкіл ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыра бастады: кішкентай қожалықтарды біріктіріп, ауылшаруашылығын мемлекетке толық бағындырғысы келді. Халық мұндайға дайын емес еді.

Билік «әлеуметтегі теңсіздікті жою үшін» байлардың мал-мүлкін тәркіледі. Көшпелі халықты отырықшы елге айналдырғысық елді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін (ет, астық) тез арада дайындап, Ресейге жіберу қажет болды.

Салық саны мен мөлшері көбейді.

Елдің кей аймағын құрғақшылық жайлады.

ҚАНША АДАМ КӨЗ ЖҰМДЫ?

Сол жылдары аштан қанша адам көз жұмғаны туралы ресми дерек жоқ. Зерттеушілер әртүрлі дерек айтады. Орта есеппен алғанда көрсеткіш 1,5 миллионнан үш миллионға дейін жетеді.

Бірақ Қазақстан тарихшысы Ханкелді Әбжанов кемінде үш миллион қазақ қырылды дейді.

ҚАНША АДАМ БОСЫП КЕТТІ?

Ұлы жұт жылдары Қазақстаннан 1–2 миллион адам көрші елдерге босып кеткен.

Олар көбіне Қытай, Түркия, Ауғанстан, Иранға қоныс аударған.

ҚАНША МАЛ ҚЫРЫЛДЫ?

1933 жылдың басында бұрын болған 40,5 миллион бас малдың 4,5 миллионы қалғаны анықталды.



Жаңашылдық

Кенес өкіметінің 30 жылдары халқымызға қарсы жүргізілген іс-әрекетінің, ұлт ретінде халқымызда жоспарлы түрде жоюға бағытталған геноцид деп айтуымызға толық негіз бар.

Сондықтан мынадай басты шараларды қолға алу басты міндетіміз болып табылады :

1. Жылсайын 31 мамыр күнін отызыншы жылдардағы аштық құрбандарын еске алу күні деп, азалы күн ретінде атап өту.

2. Жас ұрпақтың санасына тотализмнің не екенін, отаршылдық саясаттың не екенін ұғындыру үшін жыл сайын 31 мамыр күні Респубка көлемінде бұқаралық құралдары арқылы арнайы бағыдарлама көрсету.

3. Республикамыздың әрбір қаласында тағызым ететін 30-жылдардағы аштықтың құрбандарына арналған ескерткіш орнатылуы керек .

4. Украина халқының ұсынысын қабылдап, 30 жылдардағы аштықтың халық аралық дәрежеде геноцид деп табуға иемлекетіміз атсалысуы керек .

Қорытынды

Академик С Мұқанов ашаршылық туралы бірінші болып дауыс көтерген Тұрар Рысқұлов еді. Айқын фактілерге сүйене отырып жүз беттен асатын бұл хатта Бірінші халқыны жаны ашитын адал ұлды көрсем, екіншіден шындықты батыл айтудан қорықпайтын большевикті көрдім-деп жазды. Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметі туралы белгілі жазушылар мен ғалымдар Ш. Мұртаза, Н. Қойгелдиев, О. Қоңыратбаев т.б. Қалам тартқан.

Жер бетінде біздің халықтай қырғынғы ұшыраған халық жоқ. Біз тарихта есесі кеткен халықпыз. Қолдан жасалған аштықты ГЕНОЦИД деуге болады.

Қазір саясаттанушылар мен ғалымдар Қазақстан билігінен Ашаршылықты геноцид деп тануын, аштан өлген адамдардың ортақ базасын жасауды талап етіп жүр. Олар «Ашаршылық — қолдан жасалған трагедия, КСРО үкіметінің оны жою мүмкіндігі болды, бірақ ештеңе істемеді» деген пікірде.

2016 жылы Украина парламенті елдегі 30-жылдардағы ашаршылықты геноцид деп таныды. Сонымен бірге онда ашаршылық құрбандарын тіркейтін онлайн-платформа бар.

Біз тәуелді болып, еңбектеп тасымызды иген халықпыз. Тізерлеп отырған да халықпыз. Біз халыққа мынаны түсіндіруіміз керек : тізіміз ендігі жерде бүгілмейді , бұдан былай ешкімге бүгілмейді де! Тік тұрған қалпымызда тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін біз жан-тәнімізбен қызмет етеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9006/>
2. <https://el.kz/news/archive/content-3471/>
3. <https://baribar.kz/146024/asharshylyq-1921-1922-zhylghy-naubet-zhajly-ne-bilemiz/>
4. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%>

ӘОЖ 631.84.847

Байкадамова С.И., Әділбек Л.Н.

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

АЩЫ ТЕРМЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ ЖЕҢІС

Түйін: 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік—біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады.

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет - Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 - желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік...

Кілт сөздер: чиновник, патша, демократия, революция, опық, тәуелсіздік, жеңіс, зорлық-зомбылық, азаттық, жеңіс, ұлт, халық

Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл толып отыр. Кеше ғана тәуелсіздігін алған елдің тарихи тұлға жағынан қарағанда көзді ашып жұмғанша өтті де кетті. Әрине, тәуелсіздікке жету оңай болған жоқ. Тәуелсіздікке қалай жеткенен бұрын, «Тәуелсіздік» деген сөзге тоқталсақ.

Тәуелсіздік біз үшін қандай ұғым? Тәуелсіздік - біз үшін бабаларымыздың аңсап кеткен кезеңі, тәуелсіздік үшін қандары жерге тамған кезең, «Оян қазақ» деп жырлап кеткен жырлары. Сонау зар заманнан аңсаған тәуелсіздікке Исатай мен Махамбет болып, бірде Кене хан болып, бірде Сырымдай батыр болып, отаршылдыққа қарсы тұрып, жеңіліс тапқан халық опық жедік. Дәл осы ауыр күресте Абай мен Ыбырай тәуелсіздік үшін тыс қалмай, оқу арқылы халықтың көзін ашса, тәуелсіздікке жетеміз деген жолды ұстап, демократиялық ойды бағыттап кетті. Бұл жолда Ахмет пен Міржақып бастаған революцияшыл демократиялық топты атап өтпесек болмас. Әрине, Ахметтің бұл жолы оңай болмады. Ол көрген өмірдің ауыр тапалықтары, патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жасаған зорлық-зомбылықтары жас Ахметтің жүрегіне ауыр тигені қақ.

Иә, біз бабаларымыз аңсап кеткен тәуелсіздікке жеттік. 30 жылдың ішінде Қазақстан өз алдына дербес мемлекет болып, өз шекарасын бекіткен зайырлы ел болдық. 1991 жылы 16

желтоқсанда алған тәуелсіздігіміз, желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың рухы мен ерліктерінің жемісі. Осы орайда, 1986 жылдың желтоқсанында Кеңес билігіне наразылық көрсеткен жастарымызды атап өткім келеді. Бұл көтеріліске қарап отырып «Азаттық» деген аңсауды көрсетіп кеткендей. Желтоқсан көтерілісі, азат күннің жақындап қалғанын сездірген оқиға еді. Бәріміз білетіндей, осы көтерілістен соң Кеңеселінің түкпір - түкпірінде сан түрлі көтерілістер болып, араға 5 жыл салып Қызыл империяның күйрегені белгілі. Желтоқсан көтерілісінің шығу себебін еске түсіретсек артық етпес. 1986 жылы 16 желтоқсан күні өткен 18 минутта Қазақстан Орталық Комитетінің бесінші Пленумы Діңмұхаммед Ахметұлы Қонаевты "өз еркімен" қызметтен кетті деп, В.Колбиннің сайлануы еді. 17 желтоқсан күні орталық алаңға жиналған жігерлі жастар тобы бейбіт шеруарқылы Орталықтың саясатты дұрыс жүргізбегеніне наразылық білдіреді. "Қазақстанға қазақ басшы керек!" деген ұранмен, «Менің Қазақстаным» әнін айтып алаңға шыққан жастарға аяушылық танытпады. "Ұлтшыл, маскүнем" деген кінә тағылып, алаң жастарын тоқтату үшін өрт сөндіру машинасымен суық су атқылап, онымен қоса арнайы дайындықтан өткен ниттерді салған еді. Жалпы шеруде 8500 адам қатысқан, олардың көбі студенттер еді. Міне, осындай тарихта қалған ауыр оқиғаны Манаш Қозыбаев 1986 жылдың Желтоқсан көтерілісін «сырлы құбылыс» десе, тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде «1986 жылғы желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетеді. Олар 100 жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез-келген ұлт қатән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді» — деп бағалайды.

Осылай қиын жағдайда алған тәуелсіздіктен соң, еліміз бірден тіктұрып кете қоймады. Басымызда біраз қиындықтар болғаны өтірік емес. Алайда біздің халқымыз мұны да жеңді. Отыз жыл ішінде Қазақстан қандай жетістікке жеті? Отыз жыл ішінде Қазақстан қай салада болмасын жақсы жетістіктерге жетті. Социалистік қатынастарға негізделген жоспардан, экономикалық нарықтық қатынасқа негізделген экономикаға көшу болды. Бұл дегеніміз дүние жүзілік тарихта бір формациядан екінші бір формацияға көшудегенді білдіреді. Ал, біз бұл белесті аз ғана уақытта жүзеге асырдық. Бұл ғана емес егемендігін алған жап – жас мемлекетті ең алғаш болып сонау мұхиттың арғы жағында орналасқан Америка Құрама Штаттары одан соң Қытай, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Моңғолия, Оңтүстік Корея, Иран және ислам мемлекеттері мойындады. Тәуелсіздігін алған Қазақ елі 1992 жылы «Біріккен Ұлттар Ұйымының» мүшесі атанып, осы жылы “Әнұран”, “Елтаңба”, “Туды” жасауға конкурс жариялады. 1992 жылы жылы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы» туралы заңға қолқойды. 1993 жылы 28 жылы тұңғыш «Ата зыңымыз» қабылданды, алайда 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдум негізінде «Қазақстан Республикасының Ата Заңы» қайта қабылданды. Сонымен қатар, 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валютамыз «теңге» айналымға енді. Сонымен қатар, Семей полигонының жабылуы еліміздің ғана емес, барша адамзатқа пайдалы шешім болды деп ойлаймын. Елбасымыз қол қойған Жарлықтың арқасында, әлемдік ядролық қару-жараққа қарсы көшбасшы болып, алып мемлекеттердің сеніміне кірдік. Айтулы оқиғалардың бірі 1997 жылы 20 қазанда жаңа астанамыз дүниеге келуі. Астана - арман қала болған, бүгінде ең жас қаланың бірі. XI-XIII ғасырларында арқада қыпшақ тайпасының көшіп қонып жүрген жері екені бәрімізге белгілі, өткен ғасырларда Ақмола жерінен қала орны табылған. Бозақ қазіргі Нұрсұлтан қаласынан 15 шақырым жерде орналасқан. Кезінде Жібек жолы бойындағы сауда орталығы болған жерді Елбасымыз босқа таңдалмаған деседі. 1996 жылы Ақмоланы Астана жасаймыз дегенде қоғам күмәнмен қарағаны жасырын емес. Алайда, 1998 жылы 10 маусым күні тәуелсіздігін алған Қазақстан жаңа жас

қаласы Астананы әлемге паш еткізді. Бүгін де Астана атауы Нұрсұлтанатауына ауысты. Жас қаламыз 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімімен «Әлем қаласы» атанды. Тағы да, айтта кететін ең үлкен жаңалықтардың бірі «EXPO-2017» көрмесі. «EXPO -2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі Нұрсұлтан қаласында ұйымдастырылған ең ауқымды жобалардың бірі болды. 2011 жылы 10 маусымда Париждегі Халықаралық көрмелер бюросының Бас хатшысы Винеста Гонсалес Лоссерталеске ресми түрде Қазақстан Республикасының өтінімі тапсырылды. Сол сәттен бастап біздің республикамыз «EXPO - 2017» көрмесіне дайындалды. Ал 2012 жылы 12 маусымда Парижде Халықаралық көрмеде Нұрсұлтан қаласының ресми таныстырылымы болып өтті. Аталмыш жобаға әлемнің түкпір- түкпірінен 3 миллион адам келді. Көрмеге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Сонымен қатар 2019 жылы Қазақстан үшін тосын оқиға Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттілігін тоқтаттып, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент болды. Міне, осындай айтулы көптеген жетістіктерге жеттік. Бұл жеткен жетістіктеріміздің кішкентай ғана бөлігі, Қазақ елінің жеткен жетістігі мен алған асулары ұшан теңіз. «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» - демекші, отыз жылдық жетістіктеріміз бүгінгі күнде тарих. Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына отыз бес жыл толып отыр. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздрымыздың азаматтық ерлігіне лайықты бағасын алып, жомпарлы түрде насихатталыуда. Әрине, қанша еске алсақта ол кісілердің ерлігіне лайықты баға жоқ. Тәуелсіз ел болу оны жариялап қою немесе мемлекет ірге тасын қалап қоя салу емес. Тәуелсіз ел болу үшін қалай күрессек, тәуелсіздігімізді сақтау үшін екі есе күресуіміз керек. Біз тәуелсіз мемлекет болып қана, өз ұлттымызды, өз тілімізді, дінімізді сақтай аламыз. Тәуелсіз мемлекеттіміз беріп жатқан әр мүмкіндікті жібермей, заман ағымынан қалыспай өмір сүре білуіміз керек. Ұлттық тілімізді қорғап, салт-дәстүрімізді сақтай білуіміз керек. Сонда ғана арыстандай арпалысып, жолбарыстай жорытып өз тәуелсіздігімізді сақтай аламыз. Тәуелсіздігіміз үшін әрбір Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматшалары еңбек ету керек. Өз мақаламды Қалқаман Саринның “Тәуелсіздік” деген өлеңімен аяқтағым келіп отыр.

Еркіндігім.

Қасиеттім.

Қастерлім.

Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!

Кеше сенің келбетіңді арман ғып,

Боданына бұғауландық басқа елдің.

Бабалардың басын тігіп бәйгеге,

Аналардың жанарына жас бердің!

Уа, Еркіндік, қош келдің!

Өзегімді өртке ораған қоғамда,

Өз үйіме өзім өгей болам ба?!

Алшаң басып жүре алмаса алты алаш

Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!

...Саған жету қиын болса қаншалық,

Сақтап тұру қиынырақ одан да!

Алла берген азаттықтың әр сәті-

Аманат қой

Маған,

Саған

Оған да!

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Алматы: Раритет,

2010. 448 б.

3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. Астана: Елорда, 2005. 608 б.

4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. Алматы: Атамұра, 2006. 392 б.

5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. № 21 18 қаңтар. 2008.

6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. Алматы: Қарасай, 2006. 216 б.

ӘОЖ: 647 (574')

Әділбек Л.Н., Байкадамова С.И.

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАНЫСТАРЫ

Түйін:Тарихи маңызы зор оқиға еліміздің халықаралық деңгейдегі талассыз беделінің арқасында келгенін және қазақ дипломатиясының сыртқы саясаттағы табысты еңбегінің нәтижесі деп білеміз. Өсіп-өркендеген және қуатты Қазақ елі Елбасы бастаған жаңғырулардың мақсаты мен мазмұны болады. Еліміздің нығайып халықаралық беделінің өскенін көрген әрбір қазақстандықтың кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Қазір іргелі тәуелсіз ел, демократиялық дәстүрді берік ұстанған қуатты мемлекет болдық.

Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік—мәдени салаларға да реформалар жүргізілді.

Кілт сөздер: чиновник, патша, демократия, революция, опық, тәуелсіздік, жеңіс, зорлық-зомбылық, азаттық, жеңіс, ұлт, халық

Біз тәуелсіздікке қалай жеттік? Осы сұрақ төңірегінде біраз әңгіме айтуға болады. Себебі, біздің ел өзінің азаттығына қол жеткізу жолында небір қиын кезеңдерден өтті. Тарих беттерін ақтарып отырсақ, өзіміздің мықты ел болғанымызды байқаймыз. Жаугершілік заманда батырларымыз көзге түсіп, қайсарлығымызды, батылдығымызды дәлелдедік. Әрине, ел тағдыры адам тағдырына өте ұқсас. Онда қуаныш та, қайғы да қатар жүреді. Бірнеше жылға созылған соғыстар біраз жастарымызды, ерлерімізді жалмаса, аштық қазақ халқының санын азайтып жіберді. Алайда, ауызбіршіліктің, ынтымақ, бірліктің арқасында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білдік. Кешегі желтоқсан оқиғасындағы даңқты батырларымызды сағына еске аламыз. ҚарЛАГқа қамалған боздақтарымыз бен жазықсыз аналарымызды да жиі ойлаймыз. Әрине, олардың төзімділігі, қайсарлығы ешқашан ұмытылмайды. Желтоқсан оқиғасында көбіне жастарымыз жапа шекті. Олар өз мақсаттары жолында құрбан болды. Өз мақсаттары ғана емес, бүкіл елдің, алаш жұртының мақсаты жолында шейіт болды. Сондай тұлғаларымыздың арқасында Қазақстан жеке дара дербес мемлекет болды. Біз еркіндікке қасық қаны, шыбын жаны қалғанша өз елінің еркіндігі үшін арпалысқан елміз. 1991 жылы тәуелсіздік алып, қуаныштан бөрімізді аспанға аттық. Осылайша тәуелсіздікке қазақтың қара бауыр ұлдары мен қыздарының арқасында қол жеткіздік. Бабалар армандаған таңдардың қызығы мен шыжығын біз көрудеміз. Сол тамылжыған таңдарды жас ұрпаққа

сыйға тартқан бабалардың ерлігін еңкейген кәріден, еңбектеген жасқа дейін білетін шығар. Біз олардың ерліктерін қастерлеп, жүрек түкпірінде сақтауымыз қажет. Тәуелсіздікке жету жолында біраз қиындық көргенімізді жеріне жеткізіп айттық деп ойлаймын. Қанымызда еркіндік тулап, бойымызда рух гүлдемесе, біз осындай жетістікке жетпес едік. Қашанда өткенді саралап отыру парыз. Себебі, өткенім бүгінге айналды, бүгінгі ертеңге айналып барады. Тәуелсіздік бізге не берді? Тәуелсіздік алғалы бері біраз жетістікке жеттік. Азат, егеменді елде өскеніме қуаныштымын. Тарихтан мен өмірге келгенше еліміздің талай қиындықты көргенін, біраз қайғы-мұңды бастан кешкенін байқағанымызды айттық. Мемлекетіміздің алдында жаңа асуларды бағындыру, заң қабылдау, жұмыссыздықты шешу, тұрғындардың хал-ахуалын арттыру, ел экономикасын дамыту сияқты үлкен мәселелер тұрды. 1991 жылы КСРО ыдырап, Одақтың құрамындағы елдер өз алдарына жеке, дербес мемлекет болып жатты. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылы 16- желтоқсанда Қазақстанның Жоғары Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады. Ескеретіні, Қазақстан КСРО құрамындағы елдердің арасында ең соңғысы болып Тәуелсіздігі туралы заңды қабылдады. Бұл заң 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің елдігін нығайта түсті. Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран — Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекет. Ал “Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады” деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия мемлекеті алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Гиззатов келтірген. ҚР Сыртқы Істер министрлігінде тіркелген дипломатиялық құжаттарда Түркияның Қазақстан тәуелсіздігін ресми түрде мойындайтын протоколға 1992 жылдың 2-наурызы күні қол қойғандығы көрсетілген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында ҚАЗАҚСТАН деген мемлекет тәйтәй басты. Небәры бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды. Халқымыз бүкіл қиындықты жеңіп, үздіксіз ізденістің, толассыз еңбектің арқасында біраз белестен асты. Асқан төзімділіктің арқасында талай қиындықты еңсере білді. Тәуелсіздік бізден үлкен жауапкершілікті талап етті. Аға буын өкілдері жастарға бар білгенін айтып, қолынан келгенін аямады. Ініге ізет, үлкенге құрмет көрсетуді біз солардан үйрендік. Олар жастарға ерекше сеніммен, үмітпен қарайтын. Жас мемлекеттің жас ұрпақтарына барлық нәрсені үйретті. Сол сенімге әрқашан да жауапкершілікпен қарап, Қазақстанды өркендету үшін кішкентай болса да үлесімді қоссам, туған жеріме қызметімді жасасам деген алып арманым бар. Өйткені бейбіт елде өміріме азық боларлық білімімді алдым. Жаңа Қазақстанның жаңашыл істеріне куә болып келемін. Тәуелсіздік алып, шекарамызды шегендедік. Жеке дара өзімізбен-өзіміз кешегі батырлар қорғаған жерді иемдендік. Ұлттық рәміздеріміз қабылданды. Әнұран шырқалып, туымыз желбіреп, елтаңбамыз төрімізге ілінді. Халықаралық қарым-қанытаста да біраз өзгерістер болды. Экономика, білім, мәдениет, т.б. салаларға дамыта түсу мақсатында көршілес елдермен, біраз өзге мемлекетпен келіссөздер жүргіздік. Соның бәрі бүгінгі күнде жемісін беріп отыр. Қасым ханның қасқа, Есім ханның ескі жолына жалғасқан ата заңымыз қабылданды. Бүгінде сол заң ел азаматтарын дұрыстыққа, тәртіпке шақырып, жақсы өмір сүруге мүмкіндік беріп отыр. Кез-келген облыс орталығында жаңа құрылыс нысандары салынып, елордамыз бой көтерді. Қазір Қазақстанның қай қаласына барсақ та, қарқынды құрылыстың үстінен түсеміз. Бұл да елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тигізеді. Біз

тәуелсіздікке ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қол жеткіздік. Құрбандарымыз барша қазақ баласын бұрын – соңды қауышпаған қуанышпен қауыштырды. Еліміз өз алдына ел болып, ұлттық рәміздеріміз қабылданды. Кең төрімізге елтанба ілініп, желбіреген көк тудың астында әнұранымыз шырқалғаны әрине бақыт. Конституциямыз қабылданып, алғашқы елбасымыз Н. Назарбаев сайланды. Біз әлем төңірегінде мәңгіге сақталдық. Ықылым заманнан бері әлем халықтары, оның ішінде біз – қазақ халқы заңсыз, жүйесіз тірлік кешкен емеспіз. Қоғамымыз қашанда әділдік пен дұрыстықтың куәсі болып келеді. Ұзын-сонар соқпақты жолымыз Қазақ хандығының берік іргетасын қалаған Керей мен Жәнібектің Хақ Тағаланың ақ жолына негізделген дала заңынан бастау алып, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы, Жеті жарғы заңнамалар жинағымен жалғасын табады. Ескі күндегі еңбектің есіл кетпегенінің дәлелі – бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміз. Ал тәуелсіздік айғағы – Ата Заңымыз. Еліміздің өткенін, бүгіні мен келешегін ескере жасалған, талай жанның түн ұйқысын ұрлап, терін сіңірген бұл жинақ – келешегіміздің, жаһандану дәуірінде жол торабында қалмай, ілгері өрлеуіміздің кепілі. Бұл заң халықты түзу жолға салып, ізгілікке жетелейді. Заң алдында кім-кімнің де құқықтары тең. Тәуелсіздігіміздің жолында құрбан болған есіл ерлеріміз бен қыздарымызды сәт сайын еске алып, олардың ел үшін жасаған ерліктеріне тәнті боламыз. Лайым осындай ұландар қазақ арасынан туыла бергей. Біз олардың қалдырып кеткен армандарын жалғастырамыз. Тәуелсіздік тұғырының жемісі ретінде тәуелсіздік монументін тұрғыздық. Қалың ұйқыда жатқан қара қазақ қайта оянды. Биік таудың басындағы бақ тасын, армандардың асқақтаған қақпасын кезіктірдік. Ол – тамыры терең тәуелсіздік. Біз тәуелсіздік белесін бағындырғалы бері еліміз салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы ұшан теңіз даласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар мықты да, күшті мемлекетке айналды. Еліміз күннен – күнге көркеюде. Елордамыз Астанада салыну жобасы бір – біріне ұқсамайтын зәулім ғимараттар салынды. Бұл ғимараттар тек қазақ баласын емес, талайларды тамсандырды, қазағымды күллі әлемге жар салдырды. Отаным барлығымен тең дәрежеге жетті. Мұның барлығы аға – апалардың көз жасымен, қызыл қанымен келген тәуелсіздіктің арайлы таңдарының арқасында жүзеге асуда. Біз – тәуелсіз елдің ұланымыз. Болашақтың тірегі – жастар, яғни біздер. Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай айналса, артқы дөңгелегі солай айналады деген қазақтың қанатты сөзі бар. Біз қолымыздан келгенін аянбай, өзіміздің артымыздан ерген жас жеткіншектерді еңбекке, білімге жетелеуіміз қажет. Сонда ғана еліміз азат, жеріміз ғажап қалпында мәңгіге сақталады. Қыран құсы самсаған, қанаты биік талмаған, қатарынан қалмаған қазақ елін қадам үстіне қадам қосып, биік таудың шындарынан көрсетуге үлесімізді қосуымыз керек. Қайсар рухты қазағымның болашағына бағдар болатын тек біз ғана. Жыл сайын тәуелсіздігімізді тойлап, қазақ елін барша әлемге паш етудеміз. Осылай жалғаннан жіптей болып, ел егемендігі өз шегін тапса қандай жақсы десеңші... Бірақ елім үшін не істей алам? Осындай Қазақстан атты тәуелсіз елімнің болғанына мен мақтана да, шаттана да аламын. Себебі, елімнен артық байлық жоқ. Тәуелсіздік тұғырынан тамшыдай тамған қазақ елін әлемге паш етуге әрқашан асығудамын. Дені сау және жан-жақты дамыған жастарды тәрбиелеу үшін спорттық және демалыс инфрақұрылымдарының желісі кеңейтіліп, оған қолжетімділік артты. Егемен елдің мемлекеттік жастар саясаты жастарға еліміздің толыққанды азаматы болуға жақсы мүмкіндік беріп жатыр. Дербес Қазақстанның дамуына үлес қосу, елдің бетке ұстар азаматы болу - менің басты арманым.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>
2. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы. Алматы: Паритет, 2010. 448 б.
3. Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. Астана: Елорда, 2005. 608 б.
4. Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. Алматы: Атамұра, 2006. 392 б.

5. Назарбаев Н.Ә. Нұр Отанның дамуында жаңа белес басталды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтің «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. № 21 18 қаңтар. 2008.

6. Абдулпаттаев С. Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты. Алматы: Қарасай, 2006. 216 б.

УДК: 94.7.18

Аскарова Г.А.

магистр гуманитарных наук, учитель истории, педагог-эксперт

СПШ №4 им.Х.Досмухамедова. Шымкент, Казахстан

**СОХРАНЕНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХСТАНА
В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ:
ГОРОД ШЫМКЕНТ – ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ РЕАЛИЗАЦИИ**

«Традиции и культура – это генетический код нации. Нам следует оберегать нашу национальную культуру и традиции во всем их многообразии и величии, собирать по крупицам наше культурное достояние. Казахская культура должна стать патриотическим ядром для всех граждан страны».

Н.Назарбаев - Первый Президент Республики Казахстан - Елбасы

Аннотация: в статье исследуется вопрос культурно-исторического развития города Шымкент в контексте мирового значения, включение объектов истории в культурное наследие ЮНЕСКО, развитие памятников истории в годы независимости, влияние 30-летия Независимости Казахстана на развитие города Шымкент в целом.

Ключевые слова: Независимость, Шымкент, культура, история, памятники, культурное наследие, программа «духовное возрождение»

Статья Главы государства «Независимость превыше всего», опубликованной в январе 2021 года и в преддверии празднования 30-летия Независимости стала началом новых исследований на республиканском уровне.

Фактически эта статья открывает Год 30-летия Независимости, задает тон и обозначает ключевые акценты работы на этот рубежный год. Президент подвел основные итоги прошлых трех десятилетий суверенного развития Казахстана и выделил приоритеты развития на новый период. Статья Президента содержит много новых идей и предложений. Они касаются разных тем и сфер: развития гуманитарных наук, формирования исторического сознания, роли государственного языка, сохранения межэтнического согласия и поддержки молодежи.

В рамках развития городов в период Независимости стала играть программа «Культурное наследие», по которой также и развивается историко-культурное развитие и города Шымкент. Проект «Культурное наследие» – государственная программа, стратегический национальный проект, реализованный по инициативе Первого Президента Республики Казахстан-Елбасы Нурсултана Назарбаева с 2004 - по 2011 годов.

Культурный, экономический и социальный капитал в Казахстане, структурная часть общечеловеческой культуры, этнос, общество, истоки развития и становления человеческого разума, исследуют исторические воспоминания.

Цель «культурного наследия» - изучение, восстановление и сохранение историко-культурного наследия страны, возвращение историко-культурных традиций, пропаганда культурного наследия Казахстана за рубежом.

Программа охватывает большое культурное наследие народа, в том числе:

- восстановление современной национальной культуры, фольклора и традиций, историко-культурных и архитектурных памятников, имеющих особое значение для национальной истории;

- обобщение многовекового опыта национальной литературы и письменности;

- создание системы исследования создания полноценного фонда на основе лучших достижений мировой научной мысли, культуры и литературы на государственном языке;

обобщение многовекового опыта современной национальной культуры, фольклора, традиций, письменной и национальной литературы, создание научных и художественных серий;

- развитие и укрепление материально-технических, научно-исследовательских проблем реставрации, консервации и музеефикации историко-культурных памятников, культурного наследия;

- плановое финансирование работ по эффективному использованию и сохранению культурных ценностей.

С 2004 года – с начала реализации программы завершены реставрационные работы на 78 памятниках истории и культуры, из них 28 (35%)-отреставрированы в 2008-2011 годах. Проведено 26 научно-прикладных, 40 археологических исследований, которые обогатили науку тысячами артефактов, дающих много информации о наших корнях.

Впервые в истории независимого Казахстана проведена масштабная инвентаризация памятников страны и принят перечень памятников истории и культуры республиканского (218 объектов) и местного (11 277 объектов) значения.

В результате научно-исследовательских экспедиций в Китай, Турцию, Монголию, Россию, Японию, Египет, Узбекистан, Армению, а также в США и Западную Европу получено более 5 тысяч ценных архивных документов, рукописей и печатных изданий, связанных с историей, этнографией, искусством Казахстана.

В программе «Культурное наследие» реализуются мероприятия по развитию туристического кластера. При создании туристических маршрутов используются советы археологов. Ежегодно в стране и за рубежом организуется около 200 мероприятий по популяризации историко-культурного наследия.

22 сентября 2014 года утверждено постановление Правительства Республики Казахстан №998 «О Концепции культурной политики Республики Казахстан».

Концепция разработана в целях реализации Послания Президента Республики Казахстан – Елбасы Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: единая цель, единые интересы, единое будущее».

Новой культурной политикой стала национальная идея «Мәңгілік ел», призывающая народ Казахстана своим богатым культурным наследием и творческим потенциалом мобилизоваться на успешное достижение цели вхождения Республики Казахстан в число 30-ти развитых стран мира. Одним из важнейших критериев успеха уточнен уровень развития культуры, наличие эффективно функционирующей инфраструктуры и механизмов культурных институтов, обеспечивающих сохранение и обогащение национального и мирового культурного наследия, создание, распространение и использование качественных культурных ценностей, плодотворный культурный обмен и духовно-творческое самовыражение личности.

Одним из общих подходов и основных принципов культурной политики стало дальнейшее сохранение историко-культурного наследия и популяризация новой государственной программы «Мәңгілік ел».

С 2017 года продолжена реализация в рамках проекта «Общенациональные сакральные места Казахстана», озвученного в программной статье Первого Президента Республики Казахстан - Елбасы Нурсултана Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

Кроме того, в 2017 году была разработана программа «Рухани жаңғыру», в

настоящее время в работе реализованы ряд проектов. «Туған жер»; «Новое гуманитарное образование: 100 новых учебников на казахском языке»; 3. «Сакральная география Казахстана» и другие.

То есть реализация проектов по сохранению историко-культурного наследия города Шымкента в настоящее время ведется «Мәдени мұра», «Мәңгілік ел» и 17 специальным проектам и 4 подпрограммам программы «Рухани жаңғыру».

Многие историко-культурные объекты, относящиеся к Шымкенту, на системном уровне находятся под охраной государства. 7 историко-культурных памятников Шымкента включены в список сакральных мест республиканского значения, 8 объектов - в список мест местного значения.

Все 7 объектов республиканского значения из города Шымкент входят в жилой массив Сайрам. Шесть отнесены к категории памятников градостроительства и архитектуры, остальные - к археологическим памятникам. В частности:

1. мавзолей Абдул-Азиз баб находится на северной окраине села Сайрам, внутри старого мавзолея (середина XIX в.);
2. мавзолей Ибрагим-ата находится на северо-западной окраине села Сайрам, на правом берегу Аксу (XVIII-XX вв.);
3. мавзолей Ходжи Талиха в центре села Сайрам (XIX в.);
4. мавзолей Мирали баб находится в центре села Сайрам, внутри старого мавзолея (конец XIX в.);
5. мавзолей Карашаш ана находится в центре села Сайрам, внутри мавзолея (XVIII в.);
6. Кызырская башня на восточной окраине села Сайрам (XIX в.);
7. городище Сайрам (Исфиджаб) расположено в селе Сайрам на правом берегу реки Сайрам-су (VIII-XIII вв.).

Из 8 объектов, входящих в список памятников истории и культуры местного значения, четыре являются памятниками градостроительства и архитектуры, а остальные четыре - археологическими памятниками. Все они лежат в каждой части города. конкретнее:

1. Дворец Металлургов ул. 1 Мая, д. 10 (середина 1950-х гг.);
2. жилой дом ул. Анарова, д. 22 (начало XX в.);
3. Никольская церковь в просторно-бабском Детском парке (начало XX в.);
4. школа ул. Калдаякова, д. 12 (середина 1950-х гг.);
5. городище Шымкент находится в южной части города (III-II вв. до н. э.). XIX вв. до н. э.);
6. могильник (королевство) на пересечении улиц Д. Кунаева и Т. Рыскулова (I-II вв.);
7. могильник могильник левый берег реки Бадам, на выезде из города Шымкент в Ташкент (I тысячелетие до н. э.);
8. частная чума расположена на левом берегу реки Бадам, напротив майкомбината (I тысячелетие до н. э.).

Многие из священных, сакральных мест и памятников, имеющих туристическое значение в городе, имеют QR-коды. Эта работа продолжается и в этом году. На улицах города вывешены баннеры с описанием и историческими данными сакральных мест.

По работе по пропаганде историко-культурного наследия можно назвать комплекс «Цитадель» (возрождение старого города), отражающий историю развития города Шымкента. Ведутся исследовательские работы на территории – так называемого «старого города». На этой территории проводятся масштабные мероприятия, направленные на создание музея древнего археологического парка. После завершения раскопок здесь откроется музей под открытым небом, амфитеатр. Известный историк, археолог - Бауыржан Байтанаев отметил, что Шымкент имеет 2200-летнюю историю. В течение 17

лет город Шымкент проводил исследования и представлял ценные данные на рассмотрение ЮНЕСКО. 28 ноября 2019 года Генеральная конференция ЮНЕСКО в Париже внесла в международный календарь две одинаковые даты. В 2020 году было одобрено празднование 1150-летия великого ученого, философа Абу Насра аль-Фараби и 2200-летней истории Шымкента. С целью определения возраста древнего города и включения его в список ЮНЕСКО казахстанские и зарубежные ученые собрались на международной научной конференции в Шымкенте.

На торжественной церемонии закрытия Года «Культурная столица», которая состоялась 9 декабря в городе Брест Республики Беларусь, эстафету официально принял город Шымкент и в 2020 году Шымкент был утвержден культурной столицей стран СНГ. Ученые из Канады, Франции, Англии, Польши, России, Азербайджана и Узбекистана поделились своими доводами на конференции на тему «Шымкент-2200-летняя история».

Кроме того, в декабре 2020 года под председательством акима города Шымкент Мурата Айтенова состоялось заседание расширенного научно-методического совета по охране историко-культурного наследия и использованию будущего города Шымкент. В ходе работы по г.Шымкент были проведены ряд научных исследований по истории и культурным памятникам. Из года в год на объектах историко-культурных памятников проходят полную реставрационную работу и приобретают свое значение.

В 2021 году активно ведутся работы по введению города в историко-культурное наследие ЮНЕСКО. В составе научно-методического совета научно-исследовательский и проектный филиал РГКП «ҚазҚайтажанарту», комитет по делам ЮНЕСКО и ИСЕСКО Республики Казахстан, акимат г.Шымкент 25-26 октября 2021 года провели двухдневную международную встречу «Место и роль Шымкента в истории Великого Шелкового пути в системе культурного наследия ЮНЕСКО» *по вопросу* включения объектов на территории Шымкента в список Всемирного наследия ЮНЕСКО. По результатам которого сделаны экспертные заключения и рекомендации по включению объектов в престижный список.

Таким образом, Независимость повлияла на многие сферы социально-экономического, культурно-исторического, общественно-политического развития всего Казахстана в целом. Отраднo, что эти изменения и коснулись нашего города. Шымкент как часть Независимости Казахстана имеет отдельное и важное значение в сохранении историко-культурного наследия Казахстана.

Список литературы:

1 О Государственной программе «Культурное наследие» на 2004-2006 годы: http://ru.government.kz/docs/u041277_20040113.htm

2 Послание Президента Республики Казахстан - Лидера нации Н. А. Назарбаева народу Казахстана. «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства»

3 С.Ф. Мажитов. Национальный стратегический проект «культурное наследие» в контексте современной истории Казахстана.

4 План работы кружка по истории Казахстана "Культурное наследие" Шопанова А.Г. 2015. videouroki.net

5 Статья Президента "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" Kazpravda.kz 12 апреля 2017,

6 полный текст статьи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева "Независимость превыше всего". Kazpravda.kz. 05.01.2021

7 [На уровне ЮНЕСКО обсуждают историю Шымкента](#) Otyrar.KZ., 25.10.2021.

ӘОЖ: 323.11

Калиев Д.С.

«Конфликтология» мамандығының 3 курс докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ. Алматы, Қазақстан
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ ҚҰРЫЛЫСЫ МОДЕЛІ

Түйін. КСРО бұрынғы посткеңестік елдерге дереу шешімді талап ететін көптеген мәселелерді мұра етіп қалдырды. Қазақстан үшін маңызды мәселе - ұлт құрылысы, бірегейлігін қалыптастыру болды. Мақалада Қазақстанның ұлт құрылысы саясатында таңдаған моделі сипатталады. Мақалада тарихи, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық, тарихи-жүйелік және тарихи-салыстырмалы, оймен модельдеу, индукция, дедукция, талдау және синтез әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде «көпэтносты мемлекет», «астананың ауысуы» феномені, ұлт құрылысында қоғамның азаматтық және этникалық бірегейлігін қалыптастыру мәселелері айқындалады. Жұмыстың нәтижесінде алынған қорытындылар Қазақстандағы ұлт құрылысына байланысты ғылыми жұмыстардың жазылуына және оны әрі қарай зерттелуіне септігін тигізеді.

Кілт сөздер: мәдениеттер алуандығы, этностық бірегейлік, азаматтық бірегейлік, көпэтникалылық

Кіріспе

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан үшін ұлт құрылысы моделін қалыптастыру өте маңызды болды. Қазақстан мәдениеті КСРО құрамында ұзақ жылдар бойы кеңестік жүйенің ықпалымен «кеңестік реңк» алған болатын. 1959 жылы санақ бойынша қазақтар республика халқының тек 30% – ын құрады, ал 1962 жылға қарай бұл көрсеткіш 28,9% - ға дейін төмендеді [1]. Ұлт құрылысында Қазақстанның алдында тұрған міндеті Қазақстан қоғамын кеңессіздендіру, мемлекеттің тұтастығына қауіп төндіретін және ішкі жағдайды тұрақсыздандыруы мүмкін этникалық жанжалдарды, «көпэтникалылық» мәселесін шешу болды. Мақалада зерттеу объектісі ретінде статистикалық материалдар зерделенді. Олар тәуелсіздік кезеңіндегі ұлт құрылысының жетістіктерін айқындауға, ұлт құрылыс модельдерінің ерекшелігін талдауға, ұлт саясатын жүргізу кезеңдерін айқындауға көмектесті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері отыз жыл өтті. Осы отыз жылда ұлт құрылысына байланысты елдің қабылдаған конституциялық ережелерін, мемлекеттік бағдарламалар мен заңдардың нәтижелерін бағалау үшін жеткілікті мерзім болып табылады. Дәл қазір әртүрлі әлеуметтік сауалнамалардың статистикалық деректері, оның ішінде Қазақстанда тұратын адамдардың этностық бірегейлігі мен тіл мәселесіне көзқарастарын түрлі әлеуметтік сауалнама негізінде білуге болады. Сонымен қатар мемлекет ұлт құрылысы бағытына қарай мемлекет енгізген реформалардың қаншалықты тиімді болғанын білу мүмкіндігі бар. Мақаланың жаңалығы Қазақстан ұлт құрылысында қандай моделін таңдағаны туралы жазылуында. Мақала шағын зерттеу болғандықтан, ғылыми ортада Қазақстандағы ұлт құрылысы модельдері толық зерттеуді қажет ететін тақырып болып саналады.

Посткеңестік елдердің тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлт құрылысы мәселелері зерттеу алаңынан тыс қалған жоқ. Соның ішінде Қазақстанда ұлт құрылысы, ұлттық бірегейлік, этнос арасындағы қарым-қатынас зерттеуі қызығушылық тудырады. Қазақстанда ұлт құрылысына байланысты отандық және шетелдік зерттеулер көптеп жазылған.

Қазақстандық ғалым, философ Р.Қадыржанов Қазақстанда қалыптасқан ұлттық мемлекеттік құрылыс моделін талдау барысында Э. Смиттің (әйгілі ағылшын социологы) конструктивистік этносимволизміне жүгінеді. Өз монографиясында қазақстандық автор Қазақстанда қалыптасқан этникалық және азаматтық бірегейлігінің қайшылықтарын

сипаттай келе ол «этникалық өзек» немесе «басым этнос» тұжырымдамасын ұсынады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, ұлт басым этнос негізінде қалыптасады, ал «басым этнос басқа этностарды өзіне тартады және мемлекетке өзінің атын және мәдени негіздерін береді»[2]. Қадыржанов қазіргі жағдайды дәлме дәл сипаттайды. Ғалым «қазақ» пен «Қазақстан халқы», екі бірегейліктің қалыптасу факторларын айтып өтеді.

Осы орайда Асылтаева Э. еңбегінде Қазақстандағы азаматтық бірегейлігінің үдерісінің ерекшелігін қарастырады. Қазақстанның азаматтық бірегейлігін қалыптастыруда қоғам ішіне екі кереғар пікір бар. Бірінші пікір азаматтық бірегейліктің қалыптасуы этностық бірегейліктің шайылуына әкеледі десе, екінші пікір бойынша азаматтық бірегейлікті этностық бірегейлік анықтайтын болады деген тұжырым жасайды[3].

Айтымбетов Н. Қазақстанда посткеңестік ұлттық бірегейлігінің қалыптасуын зерттеді. Қазақстандық қоғамда ұлт элиталардың негізінен екі ірі топқа(қазақ және орыс) бөлініп, олардың бірегейлікті қалыптастырудағы ұстанымдары мен мүдделерін қарастырды. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда мемлекет құраушы қазақ ұлтының мүддесі мен орны мемлекеттің болашақ келбетін бағытын анықтауы тиіс екенін тұжырымдады. Сонымен қатар дұрыс қолданылған тарих, символдар ұлт құрылысында біріктіруші фактор рөлін атқаратыны туралы айтып өтті[4].

Қазақстандағы мемлекеттік сәйкестілік үш дискурсивтік парадигмалар негізінде қалыптасқан деген пікірді ұстанған М. Ляруэльдің көзқарасы қызығушылықты тудырады. Зерттеушінің пікірінше біріншісі- елді қазақтардың байырғы жері ретінде айқындайтын «қазақ парадигмасы» (қазақ аудиториясына арналған). Екінші «қазақстандық парадигма» Қазақстанды елді мекен ететін барлық этностардың ортақ үйі ретінде белгілейді(аудитория- азшылық этностар мен Ресей). Үшінші, трансұлттық парадигмасының аясында, Қазақстан Республикасы әлемдік қауымдастыққа интеграцияланатын ел болады (барлығына ортақ идеология) [5]. М. Ляруэльдің пікірі бойынша, аталған парадигмалардың арасында оңай ауыса отырып, саяси режим әр түрлі әлеуметтік топтар мен аудиториялар арасында тиімді коммуникацияны құрайды.

Дадабаев еңбегінде Қазақстанның ұлттық стратегиясын зерттеуге баса назар аударылады. Сонымен қатар Қазақстан этностары үшін азаматтық немесе этникалық бірегейлік арасындағы таңдау проблемасы зерттелді[6].

Ұлттық бірегейлік, ұлт құрылысы, азаматтық қоғам, этносаралық келісім, ұлттық құрылыс мәселелері зерттеу жүргізіп келе жатқан отандық ғалымдар Р.Қ. Қадыржанов, М.Ж.Сенгірбаев, Н.И. Айтымбетов, Ә.Н.Нысанбаев, В.Ю. Дунаев, С.Ш. Мұсатаев, Д.Құдайбергенова, Ә.Б. Асылтаева т.б. еңбектерінде осы ұлт құрылысын зерттеуде ерекше үлес қосты. Сонымен қатар, Қазақстанның ұлт құрылысын қалыптастыруда тарихи аспектілерін қарастырған К.М. Байпақов, М.Қ. Қойгелдиев, Н.М. Масанов, Х.А. Арғынбаев және тағы басқа ғалымдарды айтып өтсе болады. Сонымен бірге, Қазақстан ұлт құрылысы мәселесі бойынша батыстық тұжырымдамаларды да кеңінен пайдаланылды. М.Ларюэль, Р.Брубейкер, Е.Смит, Б.Андерсен, С. Абашин т.б. сынды ғалымдар посткеңестік елдердің тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлт құрылысында таңдаған модельдерін зерттейді. Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасындағы ұлт құрылыс модельдерін анықтау және сипаттау болып табылады

Материалдар және әдістер

Қазақстан Республикасындағы ұлт құрылысы модельдерін зерттеу барысында ғылыми еңбектер сараланып, статистикалық материалдар салыстырылып, тарихи мәтіндер талданды. Мақаланы жазу барысында ғылыми зерттеулердің жалпы әдістері де, арнайы тарихи әдістері де қолданылды. Зерттеу барысында тарихи әдіс оқиғаларды хронологиялық ретпен зерттеуге және талдауға, себеп-салдар байланыстардың нақты сызбаларын жүргізуге және оқиғаларды бір-бірімен байланыстыруға мүмкіндік берді. Осы әдіс арқылы ұлт құрылысы барысын және өзгерісін, Қазақстан халқының күнделікті

өміріне ұлт құрылысы модельдерін енгізу үдерістерін бақылауға мүмкін болды. Берілген тақырыптағы материалдарды зерттеуде пайдаланылған тарихи-генетикалық әдіс қазақ халқының болмысындағы өзгерістерді, сондай-ақ қарама-қарсы өзгерістерге дейінгі әрбір белгілі кезеңнің белгілері мен функцияларын анықтауға және оларды ашуға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы зерттелетін кезеңнің әлеуметтік құбылыстарын талдау үшін қолданды.

Сонымен қатар тарихи-типологиялық және тарихи-жүйелік әдістері қолданылды. Осы әдістердің көмегімен зерттелетін кезеңнің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүйесін, оның тарихи типологиясын құру мүмкін болды. Тарихи-жүйелік әдіс өткен процестерді жүйелік талдау және математикалық модельдеу әдістерімен бірге тұтас тарихи жүйе ретінде зерттеу үшін қолданылады. Тарихи-жүйелік әдіс арқылы таңдалған ұлт құрылысы моделінің Қазақстандағы түрлі этностарға болашақ әсер ету ықтималын болжауға мүмкіндік береді.

Тарихи-салыстырмалы әдіс заманауи тарихнамадағы зерттеудің негізгі әдістерінің бірі болып табылады. Осы мақалада салыстырмалы әдісті қолдана отырып, ұлт құрылысының әртүрлі модельдерінің жалпы және айрықша белгілері зерттелді. Бұл жұмыста абстракциялаушылық, оймен модельдеу, индукция және дедукция, талдау және синтез сияқты теориялық зерттеу әдістері қолданылды. Мақалада салыстыру сияқты эмпирикалық зерттеу әдісі де қолданылды. Материал ретінде Қазақстан Республикасындағы этникалық жағдайына байланысты ғылыми мақалалар, статистикалық мәліметтер, бастапқы деректер, қолжазбалар, түрлі жарияланымдар, сондай-ақ мұрағат материалдары мен аналитикалық мәліметтер алынды.

Нәтижелер

1989 жылғы халық санағы бойынша 16 миллионнан астам болса, қазақтардың үлес саны 39,7% болды[7]. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мемлекеттің заңды мұрагері қазақтар екенін дәлелдеу маңызды болды. Қазақтар Қазақстанда түбірлі ұлт екендігі айтылды қазақ этникалық қауымдастығын мемлекеттіліктің негізі ретінде жариялады. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап елдің саяси элитасы қазақ халқының мемлекет құруын заңды екенін таныту үшін өзінің ұлттық нышандарын (мәдениет, тарих, тілін) қайта жаңғыртты. Осылайша қазақтардың ерекше рөлін көрсету – тәуелсіздік алған жылдардағы этнобағытты саясаты байқалды. Елдегі билік жаңа идеологиялық іргетасты қалыптастырды. Қазақстан кеңес дәуірінен кейін пайда болған елдер секілді ұлттық мемлекетті құру жолын ұстанды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаев ел бірлігі, тәуелсіздік, өзара келісім мәселелерін жиі айтып, елдің ең негізгі құндылығына айналдыруға күш салды. «Бірегейлендірудің бірінші деңгейі – біздің азаматтық әрі саяси бірлігіміз деп айтуға болады. Біздің қазақстандықтарда біртұтас саяси құндылықтар бар. Міндет осы құндылықтарды Қазақстан халқының азаматтық санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болса керек» деп жазады Елбасы «Тарих толқынында» деген еңбегінде[8]. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегиялық даму бағдарламасы, Қазақстанның Ұлт бірлігі доктринасы, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдаулары ұлтаралық қарым-қатынастың ерекше қазақстандық моделін қалыптастыруға жол ашты. Бұл мемлекетте бір этностың жоғары тұруына жол бермей, көпұлтты қоғамда этностық қақтығыстар мен наразылықтың алдын алуы еді. Қазіргі кезеңде әр этностың құқықтық, саяси мәртебесі 1995 жылғы заңда анықталған, жалпы ұлттық Қазақстан азаматын құру идеясы алдыңғы орынға шықты.

	Ұлт құрылысы моделі	Бағдарламалар
1	Қазақтар мемлекет құраушы негізгі этникалық ұлт.	1990 жылғы «Тәуелсіздік туралы Декларация»

		1991 жылғы «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» заңы. 1993 жылғы Конституция
2	Қазақтар отаршылдық саясаттың құрбаны болды. Тәуелсіздік үшін күрес жүргізді. Тәуелсіздік алысымен өз мәдениетін, дәстүрін қайта жаңғыртты. Қазақстан жерінде ежелден қазақ этносы тұрады	Аумақты ұлттандыру, тарихты қайта жазу, Отандық тарихты қайта қарау, көшелер мен елді мекендердің атауларын өзгерту, символдарды қайта жаңғырту, ұлттық стильдегі мемлекеттік нышандар. 1993 жылы 14 сәуірде қабылданған «Саяси қуғын –сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң. Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы (1996,2007)
3	Басқа этникалық топтар Қазақстанға белгілі кезеңдерде қоныс аударылды. Қазақстан осы этникалық топтардың үміттерін ескереді, компромистік саясат жүргізеді. Азаматтық бірегейлік бағытындағы ұлт құрылысын жүргізеді.	1995 жылғы ҚР Конституциясы, Ел доктринасы, Қазақстан-2050 стратегиясы. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы

1 кесте. Ұлт құрылысындағы ұстанымдар.

Кесте бойынша Қазақстанда қалыптасқан екі модельді көрсетуге болады. Этностық бірегейлік және азаматтық бірегейлік бағыт. Қазақстанның ұлт құрылысы стратегиясы Қазақстан Президентінің Жолдауларында және «Қазақстан стратегиясы – 2030» және «Қазақстан Стратегиясы – 2050» мемлекеттік даму бағдарламаларында құрылымдық тұрғыда сипатталған. Қазақстанды дамытудың, ұлт құрылысы жолдарын айқындайтын бағдарламалар еді.

Этникалық бірегейлік пен тілді, этномәдениеттің әртүрлілігін сақтау саясаты, екінші жағынан – лингвистикалық жаһандану процестері мәселелері Саяси элитаның алдында тұрған міндеті болып табылады. Соған байланысты Қазақстан үштілдік бағдарламасын іске асырды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі болжап отырғандай: бұл қалалық және ауылдық жерлерде білім алу үшін тең жағдай жасауға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламасының мақсаты бәсекеге қабілетті және көптілді тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Мемлекет тарапынан қазақ тілімен бірге орыс, ағылшын тілдерін еркін дамытуға мүмкіндік берілді.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың позитивті және стратегиялық шешімдерінің бірі көпэтносты қазақстандық моделіне айналған Қазақстан халқы Ассамблеясын құру болып табылады. Қазақстан халқы Ассамблеясы азаматтық бірегейлікті ілгерілетуде маңызда рөл ойнады. 2015 жылы «Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» құжат қабылданды [9]. Тұжырымдама Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген болды. Тұжырымдаманың мақсаты – азаматтық қағидаттарына және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарына негізделген қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту.

Бірлік ағылшын, қазақ және орыс тілдерінің симбиотикалық дамуына негізделген «бір ел – бір тағдыр» форматында белгіленген.

Қазақстан үкіметі стратегиялық бағдарламасының екінші тармағы – шетелде тұратын этникалық қазақтарды елімізге қайтаруына негізделген. 1993 жылдан бастап қандастарды біріктіру үдерісі басталды. Қандастарға байланысты 1998 жылы құқықтық мәселелер айқындалды. Қазақстанға қоныс аудару мүмкіндіктері және жаңадан келген қоныс аударушылардың құқықтары, сондай-ақ қайтып оралғандардың репатриациясы (қаржылық көмек) регламенттелді. Осылайша, Үкіметтің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі Қаулысы бойынша елге оралған қандастарға барлығына дерлік Қазақстан азаматтығы берілді. Сонымен қатар, репатриация бағдарламасы шетелден қоныс аударушыларға қаржылық және әлеуметтік мемлекеттік көмек, сондай-ақ қоныстандыру мен жайластыруға жәрдемдесуін қамтыды.

Талқылау

Қазақстан үшін ұлт құрылысы үдерісі өзекті тақырып болып табылады. Тәуелсіз мемлекетті құруда өте маңызды құрал болып табылатын ол ұлттық бірегейлік. Көп ұлтты мемлекетте қоғамның саяси бірлігін қалыптастыратын ұлттық бірегейлік ерекше маңызға ие. Қазақстан ұлт құрылысында басты мәселе – азаматтық және этникалық бірегейліктің өзара әрекеттесуі болды. Қазақстан мемлекеті көпэтникалық болып табылады, және де мұнда 100-ден астам этнос өкілдері тұрады. Қазақстандық ғылыми және саяси элиталар арасында Қазақстанның болашақ дамуына қатысты қоғамдық пікірталас жүріп жатыр. Бұл пікірталас екі теориялық көзқарасқа байланысты: азаматтық бірегейлік және этностық бірегейлік.

Көпэтносты қоғамда әлеуметтік дамудың басты қозғаушы күші мәдениеттер алуандығы болып табылады. Бұл жағдайда Қазақстандағы саяси элитаның мақсаты – ұлттық мемлекеттің титулды тұлғасын сақтау және нығайту, сондай-ақ этносаралық қайшылықтардың алдын алу және мемлекеттегі тұрақтылықты нығайту мақсатында азаматтық бірегейлікті қалыптастыру және қолдау болып табылады.

Қазақстан мемлекеті этникалық және азаматтық бірегейлік арасында тұрақтылық пен теңгерімді сақтап келеді. Еліміз қазақ тілі мен мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді, нәтижесінде ол тек қазақ ұлтының ғана емес, сонымен Қазақстанның көп этностық халқының игілігіне айналуына ықпал етеді. Алайда бұған қоса, мемлекет тілдік, мәдени, діни немесе өзге де тиесілілігіне қарамастан, Қазақстанның барлық азаматтары теңдігінің саясатын жүргізеді. Осы саясат толығымен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бағытын қолдауға және нығайтуға мүмкіндік береді. Мемлекеттің этникалық және азаматтық бірегейлік арасындағы теңгерімді сақтауға тырысқаны байқалады. Барлық этникалық топтар арасындағы теңгерімді сақтау мәселесі мәдениеттер алуандығы теориясында қарастырылады.

Қазақстан мемлекетінің заманауи саясаты этникалық және азаматтық тұжырымдамалар арасындағы теңгерімді сақтайды және өзінің көрінісін этносаралық бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісінде тапты. Бұл модель тек өз мемлекетімізде ғана емес, одан тыс жерлерде де мойындалған мәдениеттер алуандығы идеяларына бейілділігі туралы бірнеше рет мәлімдеген Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың зор жұмысының көмегімен іске асырылды. Мәдениеттер алуандығы қазақстандық моделін іске асырудың және этносаралық келісім мен бірлік құрудың негізгі механизмі Қазақстан Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудағы бастамасы болды, оның көмегімен патриотизм мен толеранттылық жағдайында қазақстандық азаматты тәрбиелеу жөніндегі республиканың көптеген этномәдени орталықтарының жұмысын біріктіруге және үйлестіруге мүмкіндік болады. Қазақстанда өтіп жатқан саяси және конституциялық реформалар, әсіресе Қазақстан халқы Ассамблеясымен болып жатқан метаморфозалар мемлекеттің бірлігіне жағымды әсерін тигізеді. Сайлау туралы заңына Қазақстан халқы Ассамблеясы тарапынан Қазақстан Парламентінде 9 орынды

берді. Басында Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың рөлі этностардың тек мәдени және тіл саласындағы құқықтарын іске асыру мен қорғау болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы саяси және конституциялық реформалардан кейін кеңес беруші орган ретінде ғана емес, парламенттегі саяси құқық қорғаушы ретінде де Қазақстанның барлық этностарының мүдделерін қорғауға тартылды.

Сонымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуына байланысты Қазақстанның барлық халықтарына өкілдік етудің және оларды қорғаудың жаңа механизмі пайда болды, оның қызметі ұлттарды қорғау деңгейін және олардың мүдделерін ілгерілетуді едәуір арттыруға тиіс еді. Мұндай жағдайда болашақта Қазақстанның ұлттық құрылыс моделі ретінде мәдениеттер алуандығын дамытудың жаңа бағыттарын қалыптастыру мүмкін. Алайда, этносаралық саясатты шешудегі кейбір табыстарға қарамастан, осы кезеңде ұлттық құрылыстың мәдениетті алуандығының моделі қиындықтарға тап болып отыр. Қазақстанда этносаралық үдерістерді зерттеу жөніндегі ғылыми орталықтар құру қажеттілігі байқалды. Осылайша, Қазақстанда ұлттық құрылыс модельдері туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. Қазақстандағы этномәдени және азаматтық бірегейліктің қалай дамитынына және олардың арасындағы байланыстың қандай болатынына Қазақстанның жас мемлекет ретіндегі мәдени-өркениеттік бағдарына байланысты болады.

Қазақ ұлтын қалыптастыру үдерісі объективті үдерістерге байланысты күрделі болып табылады. Қазақтардың басым бөлігі өздерін көшпелі өмір салтымен ажырағысыз байланыстармен сәйкестендіреді. Ұлттық тарихнамада Қазақстан дамудың екі векторы бар. Еуропа мен Азия мәдениетін тоғыстырғаны туралы мәселе бірнеше рет қозғалды. Осы кезеңде Қазақстан билігі Еуразиялық геостратегияны іске асыру көмегімен бұл бағытты игілікке айналдырғысы келеді.

Астананың ауысуы мысалдарының бірі қазақ даласын урбанизациялау және седентаризациялау, яғни отырықшыландыру (отырықшы өмір салтына көшу) принципі болып табылады. Сыртқы факторлар мен Алаш автономиясының жойылуына байланысты астана мәртебесін жоғалтқан Семей қаласы бар. Орынбор қаласы символ мәнді болса да, ең алдымен қазақтың бірегейлігін жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарға ие болмағандықтан, астана ретінде маңыздылығын да жоғалтты. Ресей коммунистік партиясының (РКП(б)) (большевиктер) Қазақстан обкомының екінші хатшысы С.Қожановтың пікірі: «Қазақстан мемлекетінің астанасы қазақ даласында болу керек, қазақ халқына өз астанасы керек» [10]. Сондай-ақ, Орынбордың астана мәртебесін жоғалту себептерінің бірі – 1921-1922 жылдардағы ашаршылық. Әлеуметтік және экономикалық салалардағы күйреу қалаға өзінің басты қызметтерінің бірі, яғни прагматикалық функцияны пайдалануға мүмкіндік бермеді. Орынбор қаласының орнын алған Ақмешіт қаласы (қазіргі Қызылорда) да астана қызметіне сай болмады, өйткені жеткілікті дамымаған және дайын емес инфрақұрылым елорданың рөліне сәйкес келмеді. Қоқандықтар негізін қалаған және онда тек қазақтар ғана өмір сүрген Ақ мешіт қаласы символдық мәнге ие болды. Алайда, С. Қожанов айтқандай: «Бұл шарттар Азаматтық соғысы кезінде өте қолайлы болды, ал қайта жандану дәуіріне – сәйкес келмейді» [10].

Ымыралы нұсқа ретінде Алматы қаласы болып шықты, ол көп уақытқа дейін астана рөлін атқара бастады. 1933 – 1939 жылдар аралығында қала кең ауқымды қайта құрудан өтіп, социалистік қала ретінде түрлендірілді. Алайда, қаланың қала құрылысы жоспарында қазақ этносы және кеңес халқының бірігуін бейнелейтін интернационалдық және қазақстандық символиканың симбиозы енгізілді. КСРО ыдырағаннан кейін астананы ауыстыру мәселесі қайтадан пайда болды. Іс жүзінде бір сәтте бұрынғы кеңестік республикалар мүлдем жаңа саяси, экономикалық және әлеуметтік тәртіпке негізделген тәуелсіз мемлекеттерге айналды. Бұрынғы астаналар жаңа капиталистік мемлекеттердің орталықтарының рөлін атқаруға дайын болмады. Посткеңестік кезең Қазақстанның елордасын қайта көшіріп, 1997 – 1998 жылдарында Нұр-Сұлтан қаласына ауыстырды.

Сонымен қатар, социалистік мемлекеттік образына айналған елорданы көшіру және

Алматыдан бас тарту кеңестік заманда өткен өмірден жаңа заманға ауысудың символикалық мақсатына ие болды. Елорданың Қазақстан солтүстігіне ауыстырылуы еліміздегі халықтың көпэтникалық мәселесін шешетін болды. Елорданы Ресеймен даулы территорияға орналастыру үкіметтің осы аумақтардан айырылуы мүмкін емес деген сенімін білдіріп отырды. Елорданы көшірудің идеологиялық мәні де болды. Н.Ә. Назарбаев мемлекетті прагматикалық еуразияшылдық шеңберінде Еуропа мен Азия тоғысындағы бірегей көпэтникалық мемлекет ретінде бағалады. Осылайша, Нұр-Сұлтан қаласы еуразиялық мемлекеттің шынайы «жүрегіне» айналды.

Қорытынды

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы ұлт құрылысы модельдерін әзірлей бастады. Сол кезеңде елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастауымен көптеген ұлт құрылысы жобалары қалыптасты. Ұлт құрылыстың негізгі модельдерінің бірі – мәдениеттер алуандығы. Ұлттық аспектіде көп этностық болып табылатын Қазақстан мемлекетінің шешілмеген этникалық мәселелерге байланысты республиканың дамуына қатысты көптеген проблемалары бар, бұл болашақта басқа да көптеген проблемалар туғызуы мүмкін. Бұл мәселені шешудің бір нұсқасы ұлттық құрылыстың үлгісі ретінде енгізілген мәдениеттер алуандығы болуы мүмкін.

Мәдениеттер алуандығы негізінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев енгізген бірегей өкілдік жүйесі бар. Өкілдіктің бірегей жүйесі Қазақстан халқы Ассамблеясының атауына ие болды, өзінің жұмыс істеген жылдарының ішінде бірқатар реформалар мен конституциялық өзгерістерден өтті. Қазақстан Республикасындағы негізгі реформалардың бірі түрлі этнос өкілдерінің Парламентте өкілдік билікке ие болуы. Келесі ұлт құрылыс векторларының бірі ретінде астана моделі болды. Барлық саяси және әлеуметтік үдерістерді бақылап отыратын, қазақстандық ұлттың символикалық астанасын құру қажет болды. Азаматтық және этникалық бірегейлікті сәйкестендіру, жүздеген этностардан тұратын ұлтты мәдени біріктіруді мақсат еткен Қазақстанның ұлт құрылысының моделі осылайша көрініс табады.

Әдебиеттер тізімі

1 Sayabayev D. Sociopolitical associations in independent Kazakhstan: Evolution of the phenomenon // Pacific Science Review B: Humanities and Social Sciences. 2016. Vol. 2, No. 3. P. 94-99.

2 Кадыржанов Р.К. Этнокультурный символизм и национальная идентичность Казахстана / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. 168 с.

3 Асылтаева Э.Б. Қазақстан қоғамының демократизациялануы контексіндегі азаматтық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2013. 142 б.

4 Айтымбетов Н.Ы. Ұлттық бірегейлік – Қазақстанның саяси мәдениетінің қалыптасу факторы. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация – Алматы, 2015. 124 б.

5 Laruelle, M. (2015) "The Three Discursive Paradigms of State Identity in Kazakhstan: Kazakhness, Kazakhstanness, and Transnationalism," in Mariya Omelicheva, ed., *Nationalism and Identity Construction in Central Asia: Dimensions, Dynamics, and Directions* (Lanham, MD: Lexington Books).

6 Dadabaev T. Evaluations of perestroika in post-Soviet Central Asia: Public views in contemporary Uzbekistan, Kazakhstan and Kyrgyzstan // *Communist and Post-Communist Studies*. 2016. Vol. 49, No. 2. P. 179-192.

7 Козина В.В. Демографическая история Казахстана: Учеб. пос. Караганда.:Изд-во КарГУ, 2007. - 145 с.

8 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында: монография / Н.Ә. Назарбаев. Алматы: Жібек жолы, 2010. 149-150 б.

9 Promotion and protection of all human rights, civil, political, economic, social and cultural rights, including the right to development (General Assembly). 2011. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O1100000006>.

10 Akhanova, G., Nadeem, A., Kim, J.R., Azhar, S. 2020. A multi-criteria decision-making framework for building sustainability assessment in Kazakhstan. *Sustainable Cities and Society*, 52, Article number: 101842.

ӘОЖ: 15,97

Шонкебаева М.А.

2 санат педагогика және психология пәнінің мұғалімі.

А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледж. Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІКТІң ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Түйін: Көк Туы көкте желбіреп, Әнұраны әлемді шарлай әуелеп, Елтаңбасы елдіктің айшықты белгісіне айналған, аты «Алтын әріппен» жазылып, Евразияның жүрегінен ойып тұрып орын алған, қыран құсы самғап, қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған Қазақстанның Тәуелсіздігіне биыл 30 жыл. Осы тарихи мәні зор оқиға егемен еліміздің жұлдызын жарқыратып, абыройын асырды, мерейімізді тасытты. Ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздікті жариялаған Президент Н. Назарбаев бастаған ел-жұртымыз «Мәңгілік ел» болудың басты алғышарттарын түзіп, жасампаздық жолына, дамудың даңғылына түсті.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік, Қазақстан, құндылықтар, 30 жыл, Еуразия, саясат

Көк Туы көкте желбіреп, Әнұраны әлемді шарлай әуелеп, Елтаңбасы елдіктің айшықты белгісіне айналған, аты «Алтын әріппен» жазылып, Евразияның жүрегінен ойып тұрып орын алған, қыран құсы самғап, қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған Қазақстанның Тәуелсіздігіне биыл 30 жыл. Осы тарихи мәні зор оқиға егемен еліміздің жұлдызын жарқыратып, абыройын асырды, мерейімізді тасытты. Ғасырлар бойы аңсап күткен тәуелсіздікті жариялаған Президент Н. Назарбаев бастаған ел-жұртымыз «Мәңгілік ел» болудың басты алғышарттарын түзіп, жасампаздық жолына, дамудың даңғылына түсті.

Осыдан ширек ғасыр уақыт бұрын еліміз әлем картасында лайықты белгіленбегені мәлім. Яғни әлемге белгісіз, жабық болып келген Қазақстан тәуелсіздік жылдарында өзінің сыртқы саясаттағы қадамдарымен ғана емес, экономикалық табыстарымен де кеңінен танылды.

Бұл орайда Қазақстанның бәсекеге қабілеті жоғары, дамыған 50 елдің қатарына қосылғанын мақтанышпен айтуымыз керек. Осындай дамыған мемлекеттердің сапынан көрінуімізге ел экономикасының ұдайы өсу үстінде болғаны, кәсіпкерлік саласына мемлекет тарапынан жеткілікті деңгейде қолдау көрсетілгені, сыртқы және ішкі инвесторлар үшін тиімді жағдайлар жасалғаны, ел дәулетін еселеуге аса қажет адами капиталды дамыту ісінің жолға қойылғаны мүмкіндік берді. Сонымен қатар коммуникация, өндіріс орындарының дамуы, автомобиль жолдары мен темір жолдардың көптеп салынуы, ауыл шаруашылығы сынды басқа да тиімді салаларға баса назар аударылуы экономикамыздың өркендеуіне серпін берді.

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдар айналып келгенде халықтың әл-ауқатын арттыруға, жұмыссыздықты қысқартуға, ел тұрғындарына қажетті әлеуметтік заманауи нысандардың көптеп салынуына, жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатар лайықты шаралардың қабылдануына кеңінен жол ашты. Әсіресе

ауылдарды қолдауға арналған арнайы бағдарламаның жүзеге асырылуы оң нәтижесін көрсетті.

Біздің еліміз кәсіпкерлік жолында, дамушы мемлекет. Тұңғыш президентіміз Н. Ә. Назарбаев осы тұста, 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялап, оның ішінде , кәсіпкерлікпен айналысамын деген жас мамандарға «Жас кәсіпкерлерді қолдау» бағдарламасын ұсынып, “іскер жастарға барынша қолдау көрсетілсін” деген талап қойды. Сол шешімнің буымен, қазір Қасым-Жомарт Тоқаевта ары қарай белсенді түрде жұмыс атқаруда. Алайда, бір қуантарлығы бұл жоба пандемия кезінде де жұмысын жалғастырып, іскер жастарға жаңа оқу жобасы арқылы, кәсіпкерлерді қолдау орталық мамандары онлайн түрде біршама қажет кеңес беріп, оқытып, жобаларын сүйемелдеу үстінде. Оқыту аяқталған соң орталық мамандары жас кәсіпкерлерден «бизнес жоспар» тапсыруын талап етіп, кәсіпкердің қаншалықты өз кәсібін ашуға дайын екенін анықтайды. Осының нәтижесінде, елімізде 17 шілдеден бастап, «Жас кәсіпкер» жобасы басталып, 30 мың адамға кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігі берілді. Демек, пандемияға байланысты Қазақстандағы кәсіпкерлік тоқтаған жоқ, керісінше, ары қарай даму үстінде.

Карантинге байланысты көптеген киім орталықтары мен ойын сауық орталықтары өз жұмысын тоқтатқан соң, халық онлайн жұмыс жасай бастады. Жастардың көбісі электронды түрде киімдерге тапсырыс бере бастады. Осы тұста, өз жұмыстарын уақытша тоқтатқан киім дүкендері онлайн бағдарламаға ауысып, әлеуметтік желілер арқылы өз тауарларын сата бастады. Айтакетерлік жағдай, елімізде тауарды тұтынушының тұрғын үйіне дейін жеткізу қызметіне рұқсат берілген. Бертінкеле, ауру басылғансоң, 18-25 жасаралығындағы қыз-жігіттер шетелден, онлайн тауаралып, жақындары мен өз тұтынушыларына почта арқылы тауарды жеткізіп, өзінің кішігірім кәсібін жалғастырып жатыр. Осы қарқын менеліміздегі азық-түлік өнімдері мен қоса дәрі-дәрмектер де, вируспен ауыратын адамдар саны басымаудандарда, электронды тапсырысалып, оны тұтынушыға жеткізу қызметіне көшті. Осының арқасында, тауарлардың бағасы алдыңғы бағаларға қарағанда қымбаттады. Жас кәсіпкерлер өз көшетағамдар орталығын, яғни жастар тілімен айтқанда фаст-фуд өнімдерінашып, бастапқыда тұтынушыларды өзіне тарту, бәсекелестерден озу мақсатында біршама жеңілдіктер жасап, жеткізу қызметінтегін қылабастады. Мысалы бәрімізге белгілі WOLT, EMENU , The ПАПА және GLOVO фаст-фуд жеткізу орталықтарын айтсақ болады.

Карантин кезіндегі Қазақстанның кәсіпкерлігі айтарлық тайдамыды.. Жаңа қоғамның негізін тұрақты, тиімді құру үшін кәсіпкерлер табын даярлау керек, яғни еліміздің экономикасының дамуына осы жаскәсіпкерлердің үлесі айтарлықтай зор мәнге ие. Кәсіпкерлік қабілеті қаражаты бар тапты құру үшін, бірінші, білім керек. Елдің болашақ тағдырын білікті кәсіпкерлер шешеді және олар өзелінің гүлденуіне аянбай жұмыс істейтін, өзінің де пайдасын табатын, іскер азаматтар болуы керек.

Қазір ата-бабамыз армандаған тәуелсіз күн арайлап атып, көк байрағымыз көкке желбіреді. Жас елдің тарихындағы жаңа дәуір өзінің бастауынан Тәуелсіздіктен алады. Сондықтан Тәуелсіз мерейтойы ерекше мәнге ие. Биылғы айтулы жылды жоғары дәрежеде ұйымдастыру және идеологиялық деңгейге жеткізу міндеті тұр. Ел тарихындағы осындай бірегей белесті толайым табыстармен қарсы алу баршамызға үлкен сын. Тәуелсіздік тойы жалпы халықтық сипатқа ие болып, отандастарымызға айрықша рух беруі керек. Тәуелсіздік тойына әрбір Қазақстандық өз үлесін қосуы тиіс. Ол – ауыл шаруашылығында, өндірісте, өнеркәсіпте жұмыс жасап жүрген кез-келген отандасымыздың сапалы еңбек етіп, ел игілігін арттыру деген сөз. Яғни , азаматтарымыздың адал еңбегі мен елге деген шынайы құрметі тәуелсіздік тойына жасалған үлкен тарту болмақ. Бүгінгі уақыт – елдіктің, егемендіктің, кемелдену мен келешекке құлаш сермеудің тамаша кезеніне айналуы тиіс. Сондықтан тұғырлы тәуелсіздік елдің тұғыры биік, бірлігі бекем, ерлігі ерен болуына тамшыдай болса да өз

мүмкіндігімше үлес қосу үшін, білімде терең меңгеруге ұмтылудамын. Санам-сақ, халқымның -жақ боларына сенемін. Өйткені, мен тұғырлы тәуелсіз елдің тұяғымын.

УДК: 234,95

Алтымбекова Ш.С.

учитель русского языка и литературы,
школа-гимназия №25 им.Т.Рыскулова, Шымкент, Казахстан
НЕЗАВИСИМОСТЬ - САМОЕ ДОРОГОЕ ДОСТОЯНИЕ

Аннотация: «Независимость – удел немногих. Она привилегия сильных», - говорил Фридрих Ницше. Свобода далась нашему народу нелегко.

Ключевые слова: Независимость, Казахстан, достояние, победа, герои

Если углубиться в историю, то Казахстану потребовалось более двух сотен лет, чтобы получить свою независимость. Тысячи людей боролись за свободу нашей страны, многие погибли за будущее своей Родины. С древних времён предки защищали наши земли от набегов джунгар. Грозная опасность нависла над казахским народом со стороны сильного и агрессивного военно-феодального Джунгарского ханства. Борьба между казахами и джунгарскими владыками продолжалась более века. В основе ее лежало соперничество из-за пастбищ. По мере роста численности поголовья кочевники вынуждены были расширять необходимую для скотоводческого производства территорию.

Имена казахских батыров высечены в веках. Их подвиги до сих пор прославляют Казахстан и его народ. Они командовали огромными армиями, голыми руками побеждали диких зверей и лучших вражеских воинов. Множество батыров вышло из народа вовремя джунгарского нашествия на территорию Казахстана

Хочется вспомнить славных казахских батыров - героев борьбы с джунгарами.

Богенбай - один из самых отважных полководцев, которые служили под предводительством Абылай-хана. Пользовался нерушимым авторитетом среди знати и простых людей. Считался мудрым человеком — не раз сопровождал дипломатические миссии. У Кабанбай батыра ойраты убили отца, поэтому с малых лет батыр считал своим долгом отправить на тот свет как можно больше джунгаров. Каракерей Кабанбай был одним из организаторов ополчения против захватчиков. Отличался отвагой и непревзойденным боевым мастерством. В шестнадцать лет в честном поединке одолел джунгарского богатыря Долана Даши. Участвовал в освобождении Ташкента и Сайрама. За всю жизнь не проиграл ни одной битвы, которых насчитывается более сотни.

Кенесары Касымұлы остался в памяти народа как выдающийся полководец, крупный организатор и видный государственный деятель. В условиях отмены ханской власти ему практически удалось объединить все три жуза и восстановить казахскую государственность. Казахский народ ярко продемонстрировал наличие духа и стремление к достижению независимости.

В период царизма люди видели смерть и несправедливость, горе и несчастье, они знали, что такое потеря. Нельзя умолчать о голоде в Казахстане (1919-1922). В результате резко выросшей смертности в Казахстане погибли около 1 миллиона человек.

Также казахстанский народ принимал активное участие в годы Великой Отечественной войны, являясь частью единой страны. Десятки тысяч героев из Казахстана проявили смелость и волю к общей победе. Именно благодаря этим людям мы живем в государстве, свободном и независимом. Всё это благодаря единству, сплоченности народа и общей вере в светлое будущее.

Каждый гражданин Казахстана помнит знаменательный день, 16 декабря 1991 года, когда мы получили независимость. С этого дня прошло уже более тридцати лет. Наша страна многонациональна, и в этом еще одно преимущество, потому что мы все - единое целое, и нас объединяет наша Родина, дружба, уважение, взаимовыручка и общая культура.

Сейчас XXI век - век нового поколения, которому предстоит стать опорой молодого государства. Молодежи следует уделять большое внимание учёбе, стараться приобрести максимум знаний. Государству нового тысячелетия необходимы образованные, активные люди. От молодого поколения будет зависеть будущее государства. Надо стараться учиться, работать на благо государства, чтобы внести вклад в развитие нашей родины, Республики Казахстан. Наш Независимый Казахстан - это наш дом, наша Родина!

Пандемия и вызванный ею кризис ясно показали, что мир столкнулся с ранее невиданными испытаниями. Поэтому, усваивая все современные достижения, нужно твердо придерживаться своих корней. Это единственная гарантия того, что мы сохраним национальное самосознание, культуру, обычаи, традиции.

ӘОЖ: 547.21

Байжанова А.А., Мусрепова Г.А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші,
В.Терешкова атындағы №93 ЖОББМ, Шымкент, Қазақстан
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші,
В.Терешкова атындағы №93 ЖОББМ, Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

Түйін: Осы мақаламызда еліміздің әрбір саналы азаматы ретінде білім саласында 30 жылда қандай жетістіктерге жеттік, келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз, мемлекеттігімізді нығайту үшін тағы не істейміз деген сұрақтарға жауап іздейміз. Осы тұрғыдан алғанда, болашаққа нық күшпен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралып, жетістіктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды сәт деп ойлаймыз. Білім саласындағы өзгерістер, реформалар -Тәуелсіздіктің тұғырлы болуының бірден-бір жолы.

Кілт сөздер: Тәуелсіздік, өзгерістер, реформалар, 30 жыл, халық өсуі, саналы азамат

Ер тамыры – елде, ел тамыры – жерде. Біздер келеміз, кетеміз. Халық – алтын дiңгек, ол қалады. Сол көш басына келгенде елiндi неге бастап, не тындыра алдық деп сұраған дұрыс сұрақ болар. Ол төрелiктi халқымның өзiне қалдырдым. (Д.А.Қонаев)

Осы күнге дейiн тәуелсiздiк тақырыбында қаншама шығарма дүниеге келдi. Соның iшiнде бiзге тәуелсiздiктiң келу жолы елiмiздiң басынан өткерген тарихи кезеңдерiнен бастау алады. Азаттықтың ақ таңына қол жеткiзгенше қаншама қазағымыз құрбан болды. Тәуелсiздiк жолында халқымыз қандай ауыртпалықтарға кез болды, бүгiнгi күнге қалай қол жеткiздiк, тәуелсiздiктiң мәңгi болуына қандай үлес қосудамыз?

Кешегi «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қазақ халқының есiнде қасiрет болып сақталды.Жоңғардың толассыз шабулының әсерiнен қазақтар шайқаста жүз мыңға жуық адамынан айырылды. Тарихшы А.Левшиннiң жазуынша, жоңғария қалмақтары қазақтарды әрқайсысы он мың жауынгерi бар жетi қолмен шапқан. Олар Балқаш, Қаратау бағытымен жылжып, Алтай асып,Көктал өзенiнiң бойымен өрледi, Нұра өңiрiн қанға батырып, тоқтаусыз Iледен өтiп,Шелек өзенi, Есiк көлi, Шу өңiрiн таппап, қарудың күшiмен қазақ жерлерiн иемдендi. Екпiнi қатты шапқыншылар Қазақстанның Оңтүстiк аудандарындағы бейбiт елдi қырғынға ұшыратып, Түркiстан, Сайрам,Ташкент қалаларын

басып алды.[ҚазНұркз]

Бұл жазулар тарихи шындық, тарихи дәлел, тарихи суреттеу. Бес-алты ауыз сөздің астарында қазақтың көз жасы, қасіреті, қайғысы жатыр. Тарихты еске ала отырып, ғасыр сабақтастығына көз жүгіртсек... Бүгінгі таңда кешегі ата-баба қанымен келген арманынан туған жарқын, жарық күнді БІЗ қалай бағалап жатырмыз? Осы сұраққа жауап іздейміз.

Әлем жылдам өзгеруде. Жер бетінде өзгеріссіз ештеңе қалмақ емес. Білім саласында да көптеген өзгерістерге қол жеткізудеміз. Бұның айғағы білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту бойынша міндеттерді келтіруге халықаралық стандарттарға сәйкес нақты жаңа міндеттерді қойды. Бүгінгі әлемнің тез өзгертіні соншалық, заманауи білім беру өзгерістерді соңынан емес, керісінше, алдын ала болжауы тиіс. Осыған байланысты Отандық білім беру жүйесі қайта құрылды, халықаралық стандарттарға сәйкестендіруді және заман талабына лайықты азаматтарды даярлауды қажет етті. Сондықтан білім саласының бүгінгі мен ертеңін нақтылау кәсіби білікті мамандардың қолында. Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінде мына бағыттар бойынша жұмыс жасауда:

- 1.Цифрландыру
- 2.Жалпы орта білім беру
3. Техникалық және кәсіптік білім беру
- 4.Мектепке дейінгі білім беру
- 5.Дарынды баламен жұмыс

Олай болса, «болашағымыз- білімді ұрпақтың қолында» деген фразаны ұстанатын болсақ, БІЗ оқытып отырған ОҚУШЫ білімі- әлемдік сипатта, санасы - ұлттық сипатта қалыптасқан тұлға болуы шарт. Осы міндеттеме -бүгінгі оқытудың басты мақсаты. 2013 жылы Елбасымыздың қолдауымен Кембридж университетінің технологияларын «Өрлеу», «ПШО» оқытып, тәжірибеде қолдана бастадық. Қатып қалған бюрократтық дәстүрлі оқытудан жаңа технологияны қабылдау мұғалімге де, оқушыға да оңай болған жоқ. Еркін ойлау, еркін сөйлеу қазақ баласы үшін жат қылық деп есептеген өткен ғасырдың ескі сарқыншағы санамызға мықтап құйылған. Бұл тәжірибені жасауда алдымен мұғалім өзі өзгеруге тиіс болды. «Мен өзгерудемін», «Мен жаңашылмын»«Мен оқушыны жақсы көремін» дейтін ұстаздар қатары көбейді. Сабақта қолданылған жаңа әдіс-тәсілдер, бағалаудың шынайы түрі, оқушының өздігінен ізденуі шәкірттерді де қуантты. Өйткені әрбір бала өзінің елінің бір тұлғасы екенін, оның ойы құнды екенін, ол да жаңа нәрсе жасай алатынын сезінді, түсінді.Әрбір сабақта бірін –бірі шынайы бағалап, ойын ашық та еркін жеткізіп, қателесуге болатынын, ол қатемен жұмыс жасай отырып, жаңа дүние жасай алатыны оларға шабыт сыйлап, өмір сүруге деген көзқарасын өзгертті. Бала келешегін бағдарлауға ұмтылып, мамандық таңдауда қателікке бой алдырмауға тырысты. Өз бойындағы қабілеті мен дарынын танып, келешегін жоспарлауда алдына мақсат қойып, оған жету жолдарын өздерінше сараптауға тырысты. М.Жұмабаев: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті» деген болатын. Яғни бала нені білсе де, білгісі келсе де,көзімен көріп, қолымен ұстап, мүмкін болғанша өзі істеп білуін қолдаған. Бүгінгі күн талабына сай ұстаз шәкірт ойы мен тынысын байқап, шәкіртін қанаттандыру үшін қажеттілік пен талапты сол шәкірт қалауымен үйлестіре өрбітуі қажет. Алдымызда білім алып отырған шәкірттеріміздің ең басты қабілеті үйрене білу мен үйренуге ұмтылуға айналуы керек.Ұстаз шәкіртінің ішкі жан –дүниесінің болмысы мен ахуалын, яғни оқушының қандай ойы, пікірі, идеялары, дүниетанымы, көзқарасы, ұстанымы, түсінігі, пайымдауы, уәждері, дәлелдері, ұсыныстары бар екенін білуі қажет. Ал мұны мұғалім бірлесе оқу барысында айқындайды. Оқушы білімді сөз арқылы емес, өзі әрекет ету арқылы алуына бағдар беруіміз қажет. Бұл жерде мұғалім оқу үдерісін дұрыс ұйымдастырушы, бағдар беруші, жол көрсетуші бола

алды.

Бүгінгі таңда қабілетті, дарынды оқушылардың өз ортасынан шығып, өзінің мүмкіндігін тануына, шыңдауына қолдау көрсетіп отырған Дарын орталығы, Қалалық әдістемелік орталықтары ұйымдастырып отырған әр түрлі тақырыптағы жарыстар мен сайыстардың өзіндік орны бар. Баланың шығармашылық ізденісіне, ғылыми жобаға дайын болуына осы іс-шаралардың ұдайы өткізіліп тұруы - үлкен жолға бастау деп білеміз.

Осылайша мұғалім мен оқушының өзгеруі жаңаша оқытудың форматтарына алып келеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да жемісті еңбек ете алады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалымды жетілдіруге бағытталған. Бұл сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тиімді дағдылар оқу жоспарында шиыршық тәсілімен берілген. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім мен білік дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің ірге тасы, танымдың белсенділігі жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына барынша оқу бағдарламаларында көңіл бөлінген. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырады. Критериалдық бағалау жүйесіне көштік. Критериалдық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Критериалдық бағалау қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттерде зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, мәселелерді шешу сияқты өте жоғары деңгейдегі дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді қолдана білу. Осы ретте сабаққа қойылатын талаптардың ішінде сабақтың ғылымилығына ерекше тоқталсақ...

10-сыныптардың қазақ әдебиеті пәні бойынша Абайдың он жетінші қарасөзінде адамгершілік, имандылық, адалдық, парасаттылық, еңбекқорлық, қайырымдылық сияқты ізгі қасиеттер жайлы айтады. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп ғылымға жүгініпті деп басталатын әңгімесінде Абай пәлсапалық ой түйіндеу арқылы ғылымға төрелік айтқызады. Сонда оқушыларға ықпал ету барысында мына ойды нақтыладық.

ЖҮРЕК+АҚЫЛ= өзіне сенімсіз, қорқақ, бірақ ақылды, білімді;

АҚЫЛ+ҚАЙРАТ = қатал, мейірімсіз;

ЖҮРЕК+ҚАЙРАТ = ұр да жық, әпербақан;

ЖҮРЕК+АҚЫЛ+ҚАЙРАТ = толық адам философиясы шығады.

«Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет» деген сөзді Абай ғылымның аузына тегін салып тұрған жоқ. Оқыған адам – ақылды, оқыған адам қайратын дұрыс жұмсай алады, оқыған адам жүректің әміріне құлақ аса алады, тыңдайды. Дойырлыққа, надан, нашарлыққа бармайды.

Өткен ғасырдың өзінде –ақ Абай адам психологиясы туралы кемел ой айтқан, сол ойды бүгінгі жастардың ұғынуына ықпал етуші күш оқытудың жаңа жүйесі деп білеміз. Сөзіміздің басында халқымыздың кешегісі мен бүгінгісін саралау мақсаты болса, баяндамамыздың барысы қазіргі кезеңдегі жетістіктер мен құндылықтарды дәріптеумен толықтырылды. Сондықтан біз шынайы, өте қымбатқа түсетін және әрдайым нәтижелі, жемісті көрсеткіш көрсетуге тиіспіз. «Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз және ол бәрінен қымбат! Біздің міндетіміз – кейінгі ұрпаққа кемел және қуатты Қазақстанды

аманаттау»- деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Демек, ел болашағына артар үміт жеңіл емес - Мәңгі ел болып қалу, Тіліміз бен Дәстіріміздің тұғырлы болуы, Туымыздың көкте желбіреуі, Қыранымыздың талмай самғауы, Әнұранның биік шырқалуы ертеңгі ұрпаққа артылған жүк.

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев «Тарих толқынында» А., 2020
2. Н.Назарбаев «Елмен сырласу» 6-том Астана. 2009
3. Д.А.Қонаев «Қазақстан - Отаным, атамекенім» «Кітап»ЖШС. 2005
4. Қазақ әдебиеті оқулығы 10-сынып Арман. ПВ. 2019

ӨОЖ: 21.65.

Найманбаева Л.А., Абдуллаев А.Қ.

тарих пәннің мұғалімі, №137 ЖОББМ Шымкент, Қазақстан
11 «Б» сынып оқушысы, №137 ЖОББМ Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕШІЛДІГІ

1991 жылғы 16—желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік -Тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік—біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады [1].

Қазақ халқының егемендікке ұмтылған қадамы сәтімен жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет—Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17-желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болы өтті. Жиналған сан мыңдаған адамның алдына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев былай деп сөз сөйледі: «Дербес мемлекет құру қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы еді. Міне, енді сол күнге де жеттік... Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебіренер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын... Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең—байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін» [2, 3 б.].

Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай,

сонан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Иран — Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мұсылман мемлекеті. Ал «Тәуелсіздігімізді ең алғаш болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындады» деген сөздің ақиқат еместігін білгеніміз жөн. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашты, бірақ тәуелсіздігімізді мойындауда он жетінші болды. Бұл деректі еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарған, елдің сыртқы саясат тұжырымдамасы авторларының бірі болған Вячеслав Ғизатов келтірген. Алғашқы күндері әлемнің салмақты елдері мойындап, кейіннен басқа да елдер мойындап жатты. Осылайша әлемдік саясат аренасында Қ деген мемлекет тәй—тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды [3, 58 б.].

АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Германия, Франция, т.б. ірі—ірі мемлекеттер Қазақстанның тәуелсіздігін 1991 жылдың соңына дейін мойындады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін дербес мемлекет ретінде халықаралық аренаға шықты. 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-на кірді. Сонымен қоса Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды.

Осыдан отыз жыл бұрын Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы заң қабылданғаннан кейін ғана халқымыз өз мемлекеттігін, шынайы тарихы мен мәдениетін қайта түлетуге жігерлене құлшыныспен кірісті, елдің ішкі және сыртқы саясатын, өзіміз бұрын өмір сүрген қоғамнан түбірінен өзгеше жаңа, демократиялық қоғам құру принциптерін дербес айқындады. Әрине, ең алдымен бұрынғы жүйенің құлауының зардаптарын, әлеуметтік—экономикалық күйреу мен дағдарысты бастан кешірдік. Соған қарамастан Қазақ мемлекеті өркендеуде өз жолын таба біліп, өркениетке өз үлесін қоса бастады.

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, сол уақыттарда тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш үкіметінің мүшесі, Премьер—Министрдің орынбасары қызметтерін абыроймен атқарып, халқымыздың сеніміне кірген қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов өзінің 2005 жарық көрген «Серпінді кезең» атты еңбегінде еліміздің даму қарқынына былайша баға береді: «Қуатты саяси, экономикалық, әлеуметтік және демократиялық қайта құрулар көп ғасырлық тарихымыздың қойнауында өткен заманның ешбір кезеңінде болмаған мүлде жаңа үрдіс, тың құбылыс жағдайында дамып келеді. Біз саяси тұрақтылықты сақтап қана қоймай, сонымен бірге оны нығайта түсуге және өзіміздің қазақстандық ұлтаралық келісім үлгісін жасауға қол жеткіздік. Тоталитарлық жүйенің құлдырауымен бірге КСРО—ның ұлттық саясатының тым идеологияландырылып жіберілген, түбірімен қате ұлттық стратегиясын 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісі аяусыз әшкерлеп берген болатын. Сондықтан аяғынан енді ғана тұрған Қазақстан мемлекеті үшін мүлдем жаңа ішкі саясат жүргізуі тиіс еді. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық қоғам құрудың тиімді жолын қалыптастырды. Біздің Республика этносаралық жанжалдарды қазір де, болашақта да болдырмауға болатынын бүкіл әлемге сенімді түрде дәлелдеді. Ұлтаралық түсіністіктің қазақстандық моделі қалыптасып, нәтижелі жұмыс жасап келеді. Әрі оған басқа мемлекеттер де қызығушылықтарын білдіріп отыр. Бұл бір экономикалық формациядан басқа, үлкен экономикалық қиындықтар мен әлеуметтік проблемаларға өтудің кезіндегі кедергілерге қарамастан адамдар арасындағы бір—біріне деген сенімнің болғандығының жарқын көрінісі болып табылады» [4, 149 б.].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап Республиканың саяси басшылығы өз азаматтарының құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге айрықша назар аударды.

Кеше ғана 30—тамызда қабылданғанына 16 жыл болған еліміздің Конституциясында адамды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсіліне, діни көзқарасына байланысты ешқандай кемсітуге болмайтындағы анық айтылған.

Елімізде Президент қызметінің енгізілуі қоғамдық—саяси өмірде терең саяси реформалар жүргізуге мүмкіндік берді. Қазақстанда бір партиялық жүйенің орнына көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. 1996 жылдың 30-қаңтарынан бастап екі палаталы парламент жұмыс жасап келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарына еркіндік берілді. Тауар тапшылығы жоғалып, өнім сапасы жақсарды. Қазақстан Республикасының азаматтары экономикалық еркіндіктің арқасында меншік иелеріне айналды. 1993 жылы 15-қарашада Ұлттық валюта—теңге айналымға шықты. Осы күнде теңгеміз тұрақты, сенімді қаржы бірлігі болды. Жаңа Тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды өте сәтті жүзеге асыра алды. Мұндай орасан зор өзгеріс оңайшылықпен келген жоқ еді. Жетпіс жылдан астам қалыптасқан сананы, дүниетанымды өзгерту міндеті де оңайға соқпады. Меншікке қатысты көзқарастың өзгеруіне өмірдің өзі түрткі болғандықтан, жаппай жекешелендіру экономикалық қайта құру жолындағы алғашқы батыл қадам болды. Сыртқы сауданы одан әрі ырықтандыруға және елді дүниежүзілік шаруашылық жүйесіне енгізуге бағытталған сыртқы экономикалық қызмет реформасы табысты жүргізілді. Банк жүйесі батыл түрде реформаланды, халықтың банкке деген сенімі арты және жеке тұлғалардың банк жүйесіндегі салымдары тұрақты түрде өсті. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еліміздің Қарулы Күштерін құрды. БҰҰ-ның шешімімен тарихқа «Бейбітшілік миссиясы» ретінде енген, Семей ядролық полигонын жабу секілді ғаламдық маңызға ие шараларға қол жеткізді.

Еліміздегі аса өзекті әрі кезек күттірмес басты мәселеміздің бір болып саналатын — тіл саясатын тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біз парасатты байыптылық танытып жүргізіп келе жатырмыз. Дегенмен, Қазақстан халқы мынаны түсінулері керек: қазақ тілі осы мемлекеттің негізгі қолданыс тілі. Бұл тіл осы мемлекеттен басқа ешбір елде дами алмайды, бұл тілдің басқа Отаны жоқ. Мемлекеттік саясатта бұл тілге алдағы уақытта да басымдылық беріледі. Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін әрбір азамат бұл тілді білуге міндетті. Тіпті қазақстандық патриотизм бізді осыған жетелеуі қажет.

Қазақстан Республикасындағы ұлт саясатының бағдарламасы саяси тұрақтылықтың кепілі болып қала бермек. 2030 жылға дейінгі даму стратегиясындағы ұзақ мерзімді жеті басым бағыттың ішінде ұлттық қауіпсіздіктен кейінгі екінші орында көрсетілген. Барлық қазақстандықтардың теңдігін қамтамасыз ету үшін әділеттік принцип пен ұлтаралық татулық санасын қалыптастыру маңызды. Ол үшін Қазақстанда бірінші қазақ халқының түпкілікті ұлттық мүдделері дұрыс шешілгенде ғана өзге ұлттар мен этностық топтардың дамуына жол салынады. Әрбір азамат Қазақстан — менің Отаным, менің елім деген ұранның маңайына топтасуы керек.

Тәуелсіз даму кезеңінде ұлтаралық келісімді сақтау мен нығайтудың өз елімізге ғана тән үлгісі қалыптасты. Осыған орай Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше ролі туралы айтпай кетуге болмайды. Ол шын мәнінде 16 жылдық уақыттан бері өзінің басты міндеті, ұлтаралық қатынастарды үйлестіру үшін барлық этностық топтардың мүддесін сәйкестендіретін қызметті жүзеге асырып келе жатқан құрылым болып табылады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының беделі айтарлықтай жоғарылап, конституциялық ұйымға айналды. Парламентке өз өкілін жіберуге мүмкіндік алды. Сондықтан ұлтаралық келісімнің қазақстандық үлгісі халықаралық қоғамдастықтың тарапынан жоғары бағаланатынына ешкімді де таң қалдырмасы анық. 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на табысты төрағалық етуіне жәрдемі тиген негізгі деректермен, дәйектердің арасында еліміздің ұлтаралық және дінаралық келісім тәжірбиесі болғаны құпия емес. Халқымыздың толеранттылығы мен даналығына негізделген салмақты мемлекеттік

саясаттың нәтижесінде бізге өткен жылдар бедеріндегі қандай да бір қиындықтарға қарамастан, елімізде ұлтаралық келісімді сақтауға мүмкіндік берді және бұл сөз жоқ, біздің маңызды стратегиялық ресурсымыз. Тек бірлік пен тұрақтылық жағдайында ғана келешек дамуымызға қатысты кең ауқымды міндеттер қоя аламыз.

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай да бақуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылдың 11 қазанда «Қазақстан—2030» атты ұзақ мерзімді дамуы стратегиялық бағдарламасын қабылдады. Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең алдымен көршілес шет елдермен екі арадағы шекараны дәйектілікпен бекітті. «Қазақстан-Қытай мемлекеттік шекара сызығын демаркациялау туралы хаттаманы бекіту» заңына сәйкес 1999 жылы мемлекет басшылары шекаралық мәселелерді толық реттеп, құжатқа қол қойды.

Таким образом, сырьевая база Туркестанской области обладает широким спектром побочных продуктов переработки растительных масел, техногенных отходов, различных глин, минералов, а также химических соединений. Использование выше перечисленных материалов как исходных компонентов при наличии соответствующих технологий позволяет получать импортозамещающую продукцию для химической промышленности, горнодобывающей и нефтегазовой отраслей. За прошедшие 30 лет независимости нашей страны ученые ЮКУ им. М.Ауэзова внесли существенный вклад в становление, развитие и преобразований Казахстана как суверенного государства. Опыт прошедших лет показал, что в нефтегазовой отрасли при определении научных приоритетов нужны прагматичные подходы. Необходимы эффективные подходы для увеличения Казахстанской составляющей в доле поставки оборудования и материалов при добыче, подготовке и переработке углеводородов. Учеными университета получены новые материалы на основе местного сырья и техногенных отходов, которые предложены компаниям по бурению скважин, подготовке, транспортировке и переработке нефти.

Список литературы

1.Nadirova Zh.K., Ivakhnenko O.P., Zhantasov M.K., Bimbetova G.Zh., Nadirov K.S., Nadirov K.S. Ultrasound-assisted separation of water from crude oil of Kumkol South oil field // Вестник КазНУ. Серия химическая. – 2021. – №2.-С.4-10.

2.Nadirov K.S., Zhantasov, M.K., Marenov, B.T., Bimbetova, G.Zh., Orynbasarov, A.K., Shukhanova, Z.K., Otarbayev, N. Sh., Nadirova Zh.K., Iztleuov G.M. & Zhantasova, D.M. Obtaining high paraffin-content oil depressants // Chemical Engineering & Technology, 2021, Vol. 44, No. 2, pp. 310–317.

3.NadirovK., Ivakhnenko O., Otarbayev N. Selection of Technological Factors for the Process Saponification of Fatty Acids of Tar // Industrial Technology and Engineering. 2020, 4 (37): 25-32.

4. Ивахненко А.П., Надиров К.С., Жантасов М.К., Бимбетова Г.Ж., Надиров Р.К., Кусынбек С.К. Оценка и получение состава реагента для деэмульсации парафинистой нефти // Вестник КБТУ, Том 18, Выпуск 1, 2021.С.11-20.

УДК: 316.346

Ертаев М.А.

социология ғ. к., доцент. ОҚМА, Шымкент, Қазақстан

ЕҢБЕККЕ ЖАҢАША ҚАТЫНАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БІРЛІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Мақалада еңбекке деген жаңа көзқарастың ұлттық-жалпыадамзаттық құндылық мәселелері қарастырылады, бұл қоғамдық өмірде белгілі материалдық-экономикалық, мәдени-рухани, саяси-идеологиялық факторлардың жиынтығы екендігі талданды. Еңбек жалпыадамзаттық құндылықтар сипатында, тарихи тәжірибе барысында ұзақ жылдар бойы қалыптасады, еңбек әрекеті барысында ол дамып, жетіліп, нығаяды. Ол адамзат игілігіне қызмет еткенде ғана құнды болады. Қазақстан Республикасының жаңа еңбек қатынастарын дамыту барысында жұмысшылардың өз жұмысына деген сүйіспеншілігі, құрметі, адалдығы, қоғамдық тәжірибенің нәтижесі екендігіне жанжақты салыстырмалы талдау жасалды.

Кілт сөздер: Құндылық-философиялық-әлеуметтанулық ұғым, құндылық – әлеуметтік тәжірибенің нәтижесі, еңбекті құрметтеу, қоғамдық тәжірибенің нәтижесі.

Құндылық - философиялық - социологиялық түсінік. Ол жалпылама адамгершілік түсініктер қатарына жатады. Адамзаттың ұлы ғұламалары барлық кезендерде бұл түсініктің маңызын тереңірек түсіндіруге және оның өзіндік табиғаты мен ерекшеліктерін білуге ұмтылып отырған. Құндылықтың басқа да философиялық түсініктерден айырмашылығы бұл жерде қажеттілік пен кездейсоқтықтың объективтілігі оның жеке адам, тап, қоғам үшін маңызын нақты және дұрыс бейнелеуінде. Сонымен бірге, заттар мен құбылыстар бірігіп олардың жеке адам, тап, қоғам үшін маңызы артқан сайын құндылық түсінігінің маңызы да тереңдей түседі. Қорыта айтқанда құндылық, бір жағынан, табиғи құбылыстар мен процестердің, заттардың, адамдардың мақсатқа сәйкес әрекетінің шеңберіне ілініп, белгілі бір әлеуметтік мазмұнға ие болуына байланысты өзінен-өзі бейтарап жатса да пайдаға асырылуы, қажетке жаратылуы, сөйтіп қоғамдық игіліктерге айналуы. Демек, құндылық әлеуметтік практиканың нәтижесі ретінде субъект пен объектінің арасындағы байланыстан туындайды. Ал, мұның өзі оның табиғатын ашып көрсетуге негіз болады. Екінші жағынан, құндылық қоғамдағы структуралық – құрылымдық элементтермен (таптар, әлеуметтік топтар, ұлттар) тығыз байланысты. Яғни, бір тап игілік ретінде бағалайтын заттың келесі таптық әлеуметтік позициясын бейнелейтін құбылыстар бірінші орынға қойылып дәріптеледі. Демек, дүниеге көзқарастың социологиялық-мәнділік қасиеттеріне оның мазмұнына елеулі роль атқаратын мұрағаттар мен мақсаттар, адамгершілік нормалары және т.с. сияқтылар кіреді. Өйткені, олар адамдардың іс-әрекеті үшін құны болмауы мүмкін. Таптардың дүниеге көзқарасында ең алдымен тап бағыт-бағдар бере отырып, қызметке ұмтылуға серпін туғызады [1.50.]. Құндылық - бұл табиғи қоғамдық өмірде белгілі болатын, адам қадірлейтін, олар үшін тиімді, пайдалы, маңызды табиғи, жеке және әлеуметтік қажеттілікті қанағаттандыруға қызмет ететін, материалдық-экономикалық, мәдени-рухани, саяси-идеологиялық факторлардың жиынтығы болып табылады. Құндылықтардың мәні мазмұнына қарай төмендегідей классификацияларға ажыратылады:

Адам және адамзат - ең жоғарғы құндылық болып табылады:

- адамзаттың өмір сүруі үшін қажет болған табиғи мүмкіндіктер мен еңбек құралдары және еңбек өнімділігінің бірлігі материалдық өмір құндылықтары деп аталады:

- қоғамның өмірлік белсенділігі үшін қажет адамзаттың дамуы процесінде дүниеге келген әлеуметтік сала мен құрылымдар (семья, ұлт, тап, мемлекет) қоғамдық өмір құндылықтары түсінігімен бейнеленеді:

- адамдардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға қызмет ететін ғылыми білімдер, философиялық, этикалық, эстетикалық идеялар жиынтығын рухани өмірдің құндылықтары деп атайды:

Құндылықтың тағы да бір ерекшелігі, ол тарихи тәжірибе үдерісінде ұзақ жылдар бойы сыннан өтіп, адамзат өз тәжірибесінде оның маңыздылығына, мәнділігіне сенім артқаннан кейін ғана жалпыадамзаттық мазмұнға ие болады. Құндылықтар заттар мен құбылыстардың барлығын оның жеке адам мен қоғам үшін маңызын объективті негізде көрсетсе, оларды түсіну мен сезіну субъективті мазмұнға ие болады. Бірақ жеке адам, қауым және қоғам игіліктері бірігіп, олардың арасындағы қарама-қарсылықтар жойылған сайын адамдардың өмірінде жалпыадамзаттық құндылықтардың мәні арта түседі. Сол себепті қоғамымыздың нарықтық қатынастар кезеңінде құндылықтарды жаңаша бағалауға, жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтауға ерекше мән беріліп отырғандығы жай емес.

Қазақстан дамуының өзіне тән жолы, оның түп негіздерінің бірі жалпыадамзаттық құндылықтарды қадірлеу болып отыр. Халқымыздың әділеттілігі, теңдігі, тату көршілік пен достығының негізгі тамыры ғасырлар бойы сақталып отырғаны белгілі. Қазіргі кезеңнің негізгі мақсаттарының бірі осы дәстүрлерді қайта жаңғырту, оларға жаңа мазмұн мен мағына беру, заманымызға тыныштық, мәдениет және ұждан еркіндігі, әрбір адамды кемелді етіп өсіруге мүмкін болған жағдайларды әзірлеуде болып отыр. Қазақстан республикасының тәуелсіздікке қол жеткізуі, дүниежүзілік өркениетке, жалпыадамзаттық құндылықтарға деген сенімді қалыптастырды. Ендігі біздің мақсатымыз, сол құндылықтармен бұл қоғамның нақты қоғамдық даму сатыларын байланыстылық пен бірбүтіндікте қарастыра отырып, құндылықтардың нәрін сіңіру мүмкіндігіне қол жеткізуіміз керек.

Жалпыадамзаттық құндылық дегенде қоғамдық даму үшін ерекше маңызға ие болған құндылықтарды түсіну керек. Бұл құндылықтарды қоғамның дамуы процесінде барлық халықтар жасаған. Жалпыадамзаттық құндылықтарды уақыт пен кеңістікте шектеп болмайды. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамның еңбек белсенділігінде дүниеге келетін және нақты өмірде белгілі болатын үдеріс.

Адамзат көптеген ғасырлар бойы көздің қарашығындай сақтап келген құндылықтардың маңызы мен қадірі өте жоғары. Міне осындай көпшілікке белгілі және түсінікті болған төмендегідей қорытынды шығарамыз: Адамзат жасаған құндылықтарды сақтамай, оларға сүйенбей қазіргі қоғамымыз бастан кешіріп отырған қиыншылықтардан құтыла алмаймыз. Мұны Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә.Назарбаев: Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылықтың да болуы мүмкін емес. Нақты осы дәстүр адамның жоғалып кетпеуіне өз тұрмысының сипатына қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді [2.10.] деп атап өтеді.

Бұл құндылықтардың жеке адам мен қоғам өміріндегі орны мен ролін зерттеу ең алдымен қоғамды гуманитарландыру, халықтар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтарды саналы түрде шешу, дүние жүзі халықтарын үрейге үндеп отырған соғыс пен бейбітшілік, экологиялық апат, жұқпалы аурулар (СПИД), қазіргі күндегі эпиджағдай (КОВИД) басқа да проблемаларды шешуге қызмет етеді. Құндылық өз мәніне қарағанда адамдар, әлеуметтік топтар, мемлекеттер, ұлттар және халықтар арасында саяси-идеялық және этникалық келіспеушіліктердің күшеюін жоюға қаратылған болу керек. Құндылық адамзаттың дүниені тануы мен игеруінде, өзін сол қоғамның мүшесі екендігін сезінуінде, өмірдің мазмұнын түсінуде ерекше құрал болып қызмет етеді.

Құндылықтар адамның діни, ұлттық, тілдік, тарихи, мәдени, этикалық және

құқықтық көзқарастарының жиынтығы. Белгілі бір қоғамның әлеуметтік тәртібі, жеке адамның қадірі, этикалық және праволық тәжірибесі жеке адамның қоғам мен адамдар алдындағы борышы мен жауапкершілігі құндылықтар критерийімен өлшенеді. Құндылық түсінігі мәдениет, цивилизация түсініктерімен ажырамас байланыста. Олардың арасындағы жалпылық және өзіне тән ерекшеліктерін атап өту қажет. Себебі, бұл түсініктердің арасында жалпылама жақтары көп болғандықтан оларды бір негізде деп қарауға болмайды.

Құндылық түсінігінің пайда болуы көне грек елінде мәдени дәстүрлердің және қоғамның идеялық негіздерінің ыдырауы мен қадірсізденуіне байланысты болған. Афина демократиясының құлауы Сократты Құндылық деген не? деген сұрау қоюға мәжбүр еткен. Көне дәуір мен орта ғасыр философиясына құндылық түсінігіне реалдылық, ақиқат, болмыс түсініктері қосылған. Құндылық бұл қоғамдық-тарихи түсінік, яғни өтпелі кезеңдердің өзгеруі мен қабілет қарымының дамуы нәтижесінде қалыптасып, мазмұны кеңейіп отырады.

Құндылықтар заттар мен құбылыстарды ғана емес, сонымен бірге, адамның қатынастарының жеке адам мен қоғам үшін маңызын да өз ішіне алады. Бейбітшілік, әлеумет пен әлеуметтілік, әділеттілік, еңбексүйгіштік, сияқты жапыадамзаттық қасиеттер де құндылықтар болып табылады.

Нарықтық қатынастардың қалыптасуы кезеңінде болса әрбір адамның қауіп-қатерсіз, өмір сүруі, әлеуметтік жағынан қорғалуы, қолайлы еңбекпен қамтамасыз етілуі, сонымен бірге, ұлттық, жеке еркіндіктің қадір-қасиетімен қамтамасыз етілуі де жалпыадамзаттық құндылықтар арасында ерекше орынға ие болуда.

Көп ғасырлық тарихымыз дәлелдеп отырғанындай қазақ халқы жаңадан өзіміздің ұлттық сипатымызды дәлелдейтін алдыңғы қатарлы зиялыларымыз тарапынан жасалатын және ең маңыздысы -бүкіл адамзатқа қажетті құндылықтарымыз дүниеге келеді.

Құндылықтардың ең маңызды жағы - адам белсенділігінің өзі, жалпы еңбек белсенділігі, құндылығы болып табылады. Адамның кәсібі, білімі мен біліктілігі, интеллектуалдық әлеуеті, дүниеге көзқарасы және оның құндылықтарға қатынасы өзіне тән негізде қалыптасады және дамиды. Жоғарыда атап өткеніміздей, жалпы құндылық түсінігі адамның еңбек белсенділігі үшін қажетті, пайда келтіретін заттар мен құбылыстар сипатында дүниеге келген. Еңбек-құндылық ретінде қоғамдық міндеттерді атқара отырып, ең алдымен адамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың, өзін-өзі белгілі етудің құралы болып табылады. Екіншіден, еңбек құндылығы қоғамдық игілік жасау міндетімен байланысты. Үшіншіден, белсенді еңбектің мәні, яғни қоғамды нығайту және дамыту функцияларымен белгіленеді. Төртіншіден, еңбек құндылығы жеке адамды интеллекті жетілдірушісі ретінде белгілі болады. Бесіншіден, еркін шығармашылық еңбек талап етіледі. Сонымен еңбек құндылығының жоғарғы білімділік сипаты адамзат жаратылысының объективті мазмұнын бейнеледі.

Еңбек қоғам үшін барлық қоғамдарға да жоғарғы құндылық болып есептелген. Субъект үшін болса, еңбек құндылығы белгілі бір қоғамдық-экономикалық жағдайға байланысты. Қоғамның даму тенденциясы, мазмұны еңбекті құндылық сипатында қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Егер адам өзінің еңбек белсенділігі нәтижелерінен пайда көрмесе, ол еңбек өз қадір-қасиетін жоғалта бастайды. Еңбектің қадірсізденуі еңбек етушілер үшін өз мазмұнын жоғалтады, себебі құндылық қоғамдық саладан тіршілік ету түріне айналады. Тек қана жеке қажеттілікті (тұтыну саласында) қанағаттандыру үшін ғана қызмет етеді. Яғни қандай жағдай да да ақша табу, байлықты арттыру адам өмірінің мазмұнына айналып қалады. Осы жағдайдан келіп еңбексүйгіштік ақылсыздық сипатында бағалана бастайды. Еңбектің қадірі, құндылығы қоғамдық - саяси құрылыстың қандай екендігіне тікелей байланысты деп айтуға болады. Бірақ белгілі қоғамдық жағдай еңбек белсенділігін жүзеге асырады. Адам әлеуметтік субъект болса, сол қоғамдық қатынаста еңбек етеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіз дамуының стратегиялық бағдарламаларының жасалуы, өзіне тән болған нарықтық қатынастардың қалыптасуының барысы - құндылықтар үшін жағдайлар жасайды деп сенеміз.

Еңбектің адам өміріндегі орны мен ролі, өмірлік құндылық және қоғамның қажеттілігі туралы айтқанда, еңбектің өмірлік құндылық сипатын қалыптастыруда жұмыссыздықты, оны тоқтату жолдарын жасау қажет екендігін ерекше атап өтуіміз керек. Жұмыссыздық бұл еңбектен жатсынудың нәтижесі. Жұмыссыздықтың экономикалық емес, керісінше әлеуметтік-рухани жағдайларының нәтижелеріне көбірек көңіл бөлу қажет. Жұмысын жоғалту әлеуметтік-психологиялық жағынан жеке адамға, семьяға және қоғамға қауіпті. Зерттеулер көрсеткендей, жұмыссыз қалған адам өзінде не болып жатқандығын сезінбейді. Алғашқы уақыттарда ол жұмысынан айырылып, қиын жағдайда қалғанын соншалық қауіпті деп есептемейді. Бұл үдеріс орта есеппен бір аптаға дейін болады. Екіншіден, жұмысын жоғалтқан адам, өз жұмысына жаман қатынаста болады. Келешек жоспарларын жасай бастайды. Бұл үдеріс бірнеше аптаға созылады. Екіншіден, бірте-бірте тынышсыздық пен қорқыныш басталады. Ол қысқа уақытты демалыстан шаршайды, ақшасы бітеді. Отбасы, тұрмыстарында тәртіпсіздік басталады. Өзіне бірнеше айлар бойы жұмыс іздей бастайды. Төртіншіден, жұмыссыздыққа көндіге бастайды. Бірақ тұрмыс дәрежесі төмендейді. Барлық күндер бір-біріне ұқсаған болып, ол үшін мереке немесе демалыс күндерінің айырмашылығы болмайды. Жұмыссыз адам үшін коммуникациялық құралдар (әлеуметтік желілер) сыртқы дүниемен байланыс және информацияның негізі болып қалады.

Жұмыссыздық - еңбекке жарамды халықтың еңбектерге өмірлік құндылықтарды табу мүмкіндіктеріне тосқауыл жасайды. Жұмыссыздық дүние жүзінің барлық жерлеріндегі негізгі күрделі болып отыр.

Адам өмірінде құндылық сипатында еңбектің орындайтын функциялары төмендегідей:-

- еңбек ең алдымен теңдіктің негізі. Еңбек арқылы адамдар түрлі топтарға бөлінеді:

- еңбек адамдар арасындағы қатынастарды байытады:

- еңбек міндетті белсенділіктің негізгі көзі. Көпшілік адамдар өз еңбектерімен мақсатқа қаратылған қызмет процесін ұйымдастырады:

- еңбек адамның кәсіптік шеберлігі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына жағдайлар жасайды. Бұл үдеріс адамның қабілеттерінің мақтанш ету, өзіне сену және өз қауіпсіздігі үшін сезімдерінің асуына мүмкіндік береді:

- еңбек-уақыт өлшемі. Өз жұмысын жақтырмайтындар да мұның жағымды фактор екендігін ерекше атап өтеді:

-еңбек мақсатқа қаратылған белсенділіктің негізі. Ол адамды дүниемен және басқа адамдармен байланыстырады. Жұмыс орнын жоғалтқан адам жәрдемсіз, ыңғайсыз жағдайда болады:

-еңбек адам өмірі құралдарының үстінен бақылаушы және табыс табу негізі болып табылады.

Еңбек пен күнделік өмірдің басқа жақтары арасында айырмашылық болуы мүмкін емес. Адамдар өз өмірлерін еңбек ететін және зейнет жасындағы деп екіге бөледі. Дем алу, күндер, апталар, айлар, жылдар сияқты жұмыс ритмдеріне бөлінеді. Жеке адам тіршілік жасайтын орындар мынадай функцияларға бөлінеді. Олар жұмыс орны, үйі, дем алу орны. Ол еңбек уақытын қалай өткізуді ұйымдастырады. Немесе басқа адамдармен қатынас жасаудың негізгі қайнар көзі. Сөйтіп, еңбек адамның құндылығы сипатында қалыптасады. Зерттеушілердің дәлелдеуінше, еңбек құндылығы семья құндылығынан кейінгі негізгі құндылық болып табылады. Талдаулар бірінші кезекте семья құндылығы, үшінші және

төртінші кезекте материалдық игілік және жақсы тұрмыс құндылығы тұратындығын көрсетеді. Ал семья әсіресе игілік пен жақсы тұрмыспен тығыз байланысты. Семьядағы қатынас еңбектен бос уақыт арқылы жүзеге асады. Сонымен еңбек күрделі және мазмұнына қарай көп аспектілі үдеріс. Еңбектің барлық аспектілерін екі топқа бөлуге болады. Біріншісі, еңбектің жеке құндылықтармен байланысты жақтарын (еңбектің қызықтылығы, ол жерде жеке адамның өзін көрсету мүмкіндігінің барлығы, шығармашылық білімдерінің жетілуі) біріктіреді. Екіншісі, жалақы, қоршаған орта, еңбек жағдайы, басшының жақсы қатынасы болып табылады.

Қазақстанның нарықтық қатынастары кезінде еңбек қатынастары өзіне тән ерекшеліктерге ие. Еңбек қоғамдық және экономикалық дамудың негізі болып табылады. Бірақ, еңбекке басқаша тұрғыдан қарау да бар. Мысалы, Америка социологтары Х.Бейнон мен Р.Блекберилер жұмысшылардың еңбекке деген қатынасын зерттей отырып, төмендегідей қорытынды жасайды: жұмысшылардың көпшілігі өз жұмыстарын жақтырмайды. Авторлар мұның негізгі себебі еңбек базарында мүмкіндіктердің шектелгендігі жұмысшыларға олардың барлық салалардағы қанағаттануының қамтамасыз етілмегендігін деп көрсетеді. [3.21.]. Мұндай жағдайды қазіргі кезеңде республикамыздың кейбір жерлеріндегі еңбек қатынасында да кездестіру мүмкін. Қазіргі күнде жұмысшылардың өздері үшін құндылық сипатында, өмірдің негізгі мақсаты сипатында бойына сіңгендігін атап өтуге болады.

Әрбір адамды ол кім болса да және дүниеге көзқарасы қандай болмасын оның өз еңбегіне қатынасы болады. Ол еңбегіне мейіріммен қарауы немесе жаман көруі мүмкін. Шаруалар - жерге, балықшы - өзенге, жұмысшы - станокқа, мұғалім - студентіне, дәрігер - ауруға, ғалым - ғылыми теориясының жетістігіне, дүниенің сұлулығы мен үйлесімділігіне сүйсіне қарайды. Еңбектің өмірлік құндылық болып қалыптасуына тыйым салулар, түрмелер ол жердегі азаптар немесе кеңестік қоғамның теріс саясаты кері әсер етті. Мұнымен еңбекшілер еңбектен алшақтана бастады. Еңбекті дұрыс бағалау мен шаруашылық мотивациясына деген сенім жойылды. Яғни, кешегі мұрат тұтқан құндылықтар, бүгін күлкілі сияқты. Мұны ең алдымен, жастар түсінді. Бүгінгі күні олардың басым көпшілігі қызмет көрсету саласында, соның ішінде, әсіресе, терең білім мен белгілі бір мамандықты талап етпейтін түрлерінде еңбек етуге бейім. Олардың арасында еңбектенудің мұндай жеңіл түрі бизнес деп аталады. Біз таратқан анкета сұрақтарына жауап берген оқушылардың Оңтүстік Қазақстан обылысы бойынша 31 пайызы еңбектенудің бизнестік түрін қалаған. Анкета сұрақтарына берілген басқа жауаптардан көрініп тұрғандай, «одан әрі оқығым келмейді» дегеннің өзі, «еңбектенуден» қашқалақтаудың амалы емес, керісінше, еңбектің белгілі біртүрінде, әсіресе, бизнесте табысқа жетудің тиімді жолы ретінде қарастырылады. Бір қызығы оқушылардікі сияқты студент жастардың да «бизнеске» көзқарастары жылы. Анкета сұрақтарына жауап берген Шымкент қаласындағы жоғары оқу орны студенттерінің 29 проценті оқумен қатар күн көріс үшін кәкір-шүкір сатумен шұғылданатындықтарын жасырмаса, 30 проценттейі университетті бітіргеннен кейін таза бизнеспен айналысқысы келетіндіктерін атап көрсеткен [4.77.].

Біз таңдап алған мақаланың мазмұнын терең талдау мақсатында жастардың кәсіптік бағдар мен отансүйгіштік сезімдеріне ерекше көңіл бөлдік. Мұндай үдеріс Қазақстанның нарықтық қатынастары кезеңіндегі өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарын үйренуге нақты факт материал жинау бағытында жастардың еңбекке қатынас мәселесіне талдау жасауға әрекет жасадық.

Тоталитарлық Кеңес өкіметі кезінде жастарды кәсіпке баулуға және отансүйгіштік сезімге тәрбиелеуге біршама кемшіліктерге жол берілген. Яғни бір жақтама негізде жүзеге асырылғаны белгілі.

Қазақстанның егемендік алуы жоғарыдағы проблемаларды шешуге жаңа қадам басты деп айтуға болады. Мысалы, қазіргі таңда Қазақстанда іскерлік пен меншікке деген

әртүрлі қатынас қалыптасты. Нарық заманы туды. Бұл процестер жастардың еңбекке қатынасын түбірімен өзгертті. Соның ішінде кәсіпке деген қызығушылық жаңа форматқа ене бастады. Әсіресе жастар өздерінің таланты мен мүмкіндіктерін тиімді пайдаланатын кәсіпке қызығуы күннен-күнге артып отыр. Бұл қызығулар ең алдымен жастардың материалдық игілікке ұмтылдыруда. Сондықтан жастар қазіргі кезде өздерінің жеке басының материалдық игілігі мен кәсіп тандауды ұштастыруға ұмтылуда.

Көбінесе жеткіншек ұрпақ болашақ кәсібін тандағанда егеменді Қазақстан Республикасының келешегіне көп үміт артып отыр. Сол себепті мұндай көкейкесті проблемаға немқұрайлы қарамау керек. Яғни кәсіптік бағдар беру жеке адамның ғана мәселесі емес, жалпы мемлекеттік мәселеге айналуы қажет. Әрбір жеткіншек ұрпақтың қызығуын, мүмкіндігі мен қабілетін ескере отырып кәсіп тандаудың жалпы мемлекеттік формасы және бағытын белгілі жүйемен реттеп отыруы келешекте өте үлкен пайда келтіреді деп айтуға болады. Осы мақсатпен еліміздің ғылыми-техникалық дамуына қажетті кадрларды дайындаудың нақты бағдарламасын жасау қажет. Бағдарламаны жасау барысында нарыққа көшу кезеңіндегі көкейкесті проблемаларды бағдарлам ретінде ұстау қажет. Себебі жеке адамның қызығуы мен мемлекеттің диалектикалық бірлікте дамуы есепке алынбаса, біржақтамалы бағдарлама болады. Осы проблемаларды шешуде кәсіптік бағдар берудегі жеке адамның қызығуын (дамыған мемлекеттердің тәжірибесін пайдаланып) нақты материал жинау үшін, социологиялық зерттеу жүргізіп, талдау жасалған қоғамдық пікірлерге көбірек көңіл бөлінуі қажет деп есептейміз.

Кәсіпке қызығушылықты қалыптастыруға тек жанұя мен қоршатан орта тана емес, сонымен қатар жалпы орта білім беретін мектептегі мұғалімдердің, тәрбиешілердің ғылыми және кәсіптік шеберлігі мен оқу бағдарламаларының да маңызы зор.

Ең алдымен жастардың патриоттық (отансүйгіштік) қасиеттеріне, яғни әрбір жастың тәуелсіз халықтың алдындағы борышы мен жауапкершілігіне көбірек көңіл бөлінді. Бұл жастардың ең алдымен кәсіпті тандатанда жеке басының қызығуын ғана емес, мемлекет алдындағы, халқы алдындағы борышын сезінуіне көмектеседі. Қазақстандағы жастардың болашағы, әрбір жеке адамның дамуы мемлекеттің стратегиялық дамуына, даму мүмкіндіктеріне тікелей байланысты екендігін ұғыну. Осы мәселені іс жүзіне асыруда білім беру саласының барлық басқыштарын жетілдіру керек.

66% оқушылар 58 % мұғалімдер пікірінше келешекте жаңа кәсіпті игеруге деген қызығушылық арта түседі деп көрсетеді. Респонденттердің басым көпшілігі жоғары білімді мамандықтардың абыройы жоғары екендігін дәлелдейді. Мысалы: 75 % оқушылар және 83 % студенттер жаңа мамандық игеруде жоғары білімнің қажет екендігін көрсеткен, ал 12 % оқушылар орта арнаулы білімді белгілеген. 72% оқушылар 80% студенттер келешекте жоғары білімді мамандықтар материалдық игіліктер жасаумен рухани даму үшін үлкен маңызға ие болатындығын көрсетеді.

Қоғамның қажеттілігін жастар жақсы түсінетінін ерекше атап өту керек. Себебі жастардың болашақ мамандығында өмірлік позициясының жақсы болуын көздейді. Құқық қорғаушы ұйымның қызметкерлерінің өмірі әрдайым қауіп үстінде. Себебі қазіргі нарыққа өтпелі кезеңде коррупция мен бірлескен қылмыс түрлері күшейіп отырғаны сыр емес. Сол себепті қазірше бұл салада жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы 1.5-2 есе көп болып отыр. Бұл сала қызметкерлерінің жасырын табысы да аз емес. Осындай себептерге байланысты соңғы кездері техникалық, ауылшаруашылық жоғарғы оқу орындарымен салыстырғанда құқықтану және экономикалық институттар мен университеттерге конкурс өте жотары.

Жалпы социологиялық зерттеу қорытындысында кәсіптік бағдар жастардың жеке басының мотиві мен қызығуы нарықтық ғылыми-техникалық прогресін қамтамасыз етуі шарт. Себебі табалдырығына аттағалы тұрған 21 ғасырда қазақ халқының қоғамдық дамуында негізгі рольді рухани фактор иемденеді. Міне осы майданда қызмет ететін кадр ауадай қажет. Яғни аймақтың жалпы мәдениеттік ғылыми-техникалық, кәсіби шеберлік

деңгейі Қазақстан Республикасы прогресінің негізгі экономикалық, саяси және әлеуметтік тірегі болып табылады [5.20-25.].

Еңбектің өмірлік құндылыққа айналуы адамның рухани қанағаттануымен байланысты. Егер қандай еңбек болса да материалдық игіліктен басқа адамгершілік-рухани жағынан қанағаттандырылмаса, ол еңбектің әлеуметтік маңызының толық құндылыққа айналуын қамтамасыз ете алмайды. Республикамызда ұлттық құндылықтарды тіктеу, дәстүрлер, еңбек адамның қадір-қасиетін көтеру үшін олардың әлеуметтік жағынан қорғалуы, жалақысының жиі- жиі артуы еңбекке дұрыс және саналы қатынасты қалыптастаруға жақсы әсер етеді. Қазір мұндай қадам педагогтардың мәртебесі туралы заңның жүзеге асырылуы мен жалақыларының өсуі игілікті қадам деп атауға болады.

Сонымен, қорыта айтқанда, еңбек жалпыадамзаттық құндылықтар сипатында, тарихи тәжірибе барысында ұзақ жылдар бойы қалыптасып, еңбек белсенділігі барысында жетіліп байып, нығайып отырады. Ол адамзат игілігі үшін қызмет еткенде ғана құндылыққа айналады. Қазақстан республикасының тәуелсіз дамуы барысында жұмысшылардың өз еңбектерін сүюі, ардақтауы, өмірінің мазмұнына айналдыруына және оған ықыласымен берілгендігіне байланысты екендігін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1. Нұсқабаев О. Мектеп - жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы. Қазақстан, 1997, 50-бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде. Алматы, 1993, 10-бет.
3. Диалектика становления коммунистического труда. Киев. 1978,21-бет.
4. Нұсқабаев О. Мектеп - жас ұрпақты әлеуметтендіру институты. Алматы. Қазақстан, 1997, 77-бет.
5. Ертаев М.А. Еңбек және еңбекке жаңаша қатынастардың әлеуметтік мәні. //Социология ғыл.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған авторефераты, Түркістан, 2000. 20-25 беттер.

ӘОЖ: 581.45.7

Есеналиев А. Е., Сейдуалиев Т.С.

заң ғ.к., доцент. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

магистрант Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУЫ

Түйін: Мақалада Қазақстандағы экологиялық қатынастарды реттеу процесіндегі табиғатты қорғау прокуратурасының рөлі талданады. Осы саладағы прокурорлық қадағалауды құқықтық реттеудің артықшылықтары мен кемшіліктері қаралды. «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының қоршаған ортаны қорғауды реттеу мәселелері жөніндегі актілері талданды.

Кілт сөздер: табиғатты қорғау прокуратурасы, қоршаған ортаны қорғау, прокуратура туралы заң, прокурорлық қадағалау.

Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі-Конституция) 83-бабы) – 1995 жылғы 30 тамыздағы жағдай бойынша Прокуратура Қазақстан Республикасы прокуратурасы қызметінің құқықтық негіздерін белгілейді: "Прокуратура мемлекет атынан

республика аумағында заңдардың, Президент жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуына, жедел-іздігіне қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және Атқарушылық іс жүргізудің заңдылығына жоғары қадағалауды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы заңнамасының кез келген бұзушылықтарын анықтау мен жою жөнінде шаралар, сондай-ақ Республиканың Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен прокуратура органдары сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді, сондай-ақ заңда белгіленген жағдайларда, тәртіппен және шектерде қылмыстық қудалауды жүзеге асырады" [1].

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы № 2709 Заңына сәйкес (9-бап) Қазақстан Республикасы прокуратурасының бірыңғай жүйесі Бас прокуратурадан, облыстардың прокуратураларынан, Республикалық маңызы бар қалалардың және республика астанасының прокуратураларынан, ауданаралық, аудандық, қалалық, әскери және басқа да мамандандырылған прокуратуралардан тұрады. Көрсетілген Заңның 48-бабының 3-тармағына сәйкес мамандандырылған прокуратуралар деп әскери, экологиялық, көліктік, сондай-ақ арнаулы прокуратуралар түсініледі. Табиғатты қорғау прокуратурасының міндеттері мен құзыреті

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының бұйрығымен көрсетіледі. "Әлеуметтік-экономикалық салада заңдардың қолданылуына, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2002 жылғы 21 қарашадағы № 60 бұйрығы. Осы бұйрықтың 7-бабына сәйкес мамандандырылған прокуратуралардың прокурорлары тексеру жүргізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар прокурорлардың тізбесіне енгізілді. Бұйрық "қоршаған ортаны қорғау, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың қолданылуын қадағалау" деген 5-бөлімді қамтиды.

Осы бөлімге сәйкес прокуратура органдарына табиғатты қорғау заңнамасының қолданылуын қадағалау саласында ерекше назар аудару қажет: 1. табиғи ресурстарды пайдалану құқығын заңсыз беру фактілерін анықтау және жолын кесу; 2. құқыққа қарсы іс-әрекеттер нәтижесінде қоршаған ортаға залалды барабар өтеу; 3. осы саладағы қадағалаудың басым бағыттары бойынша табиғат қорғау заңнамасының сақталуына тексерулерді ұйымдастыру және жүргізу (шаруашылық жүргізуші субъектілерге табиғи ресурстарды арнайы пайдалану құқығын беру); 4. қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға бөлінетін қаражатты жұмсау кезінде, сондай-ақ табиғи ресурстарды пайдаланғаны және қоршаған ортаны ластағаны үшін ақы алу кезінде заңнаманы сақтау; 5. ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды, сирек кездесетін және Құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктерді сақтауға, сондай-ақ өмір сүру үшін неғұрлым қолайлы экологиялық жағдайларды қалпына келтіруге бағытталған өзге де шаралар.

Облыстық прокурорлар мен оларға теңестірілген прокурорлар қоршаған ортаға қайтымсыз теріс әсер етуге, сирек кездесетін, эндемикалық және Құрып кету қаупі төнген жануарлар мен өсімдіктерді аулауға, ормандарды кесуге, Қазақстан Республикасының Табиғи суларының ластануына, қоқыстануына және сарқылуына байланысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстар туралы істер бойынша іс жүргізу кезінде заңнаманың қатаң сақталуын қамтамасыз етуі, атқарушы биліктің орталық органдарында жер қойнауын пайдалануға құқық алған жер қойнауын пайдаланушылардың қызметіне тексеру жүргізуі, Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша немесе жер қойнауын пайдаланушылар қызметінің заңдылығымен келісу бойынша қоршаған ортаны қорғау, әсіресе қоршаған ортаның ластануы бөлігінде мәселелер міндетті түрде, әдетте, табиғат қорғау прокурорларымен тексеріледі. "Аумақтық прокурорлар мен мамандандырылған прокуратуралардың прокурорлары құзыреттерінің аражігін ажырату туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 3 қарашадағы № 64 бұйрығы. Осы бұйрықтың 4-бабына сәйкес табиғат қорғау прокурорлары (ауданаралық заңнамада):

қоршаған ортаны қорғау, орман және су ресурстарын, жануарлар дүниесін пайдалану туралы заңнаманың қолданылуын қадағалауды жүзеге асырады; - су ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органның, қоршаған ортаны қорғау, орман шаруашылығы, балық аулау және аң аулау саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ұқсас құрылымдық бөлімшелерінің және ішкі істер органдарының мамандандырылған табиғат қорғау бөлімшелерінің (оның ішінде); - табиғат қорғау прокурорларының қатысуымен қаралатын қылмыстық істер бойынша сот шешімдерінің заңдылығы; - қатысуымен қаралатын азаматтық және әкімшілік істер бойынша прокурорларды сот шешімдері және Атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамаға сәйкес АУМАҚТЫҚ немесе мамандандырылған соттар тағайындайды .Осы бұйрықтың 5-бабында табиғат қорғау прокуратурасының жұмыс істеуіне қарамастан, аумақтық, Көлік және әскери прокурорлар қадағалау объектілерінің табиғат қорғау заңнамасын қолдануын тиісті қадағалауды қамтамасыз етуі тиіс деп жазылған. Бұл бұйрық аумақтық, экологиялық және көлік прокуратураларына көліктегі экологиялық және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда осы бағытта қадағалауды жүзеге асыру кезінде тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету міндетін жүктейді. Бұйрықтың 9-бабы мамандандырылған прокурорлардың қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарауға қатысу тәртібін белгілейді. Осы бапқа сәйкес көлік прокурорлары, табиғат қорғау прокурорлары және үкімнің орындалу заңдылығын қадағалау жөніндегі прокурорлар: - тиісінше мемлекеттік айыптауды тергеп-тексеруді қадағалауды жүзеге асыратын аумақтық соттарда және Бас прокурордың 2001.02.23 №бұйрығымен көзделген жағдайларда күзетпен ұсталады 24 ."Соттарда қылмыстық істерді қараудың заңдылығын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы". Өзге жағдайларда тиісті аумақтық немесе әскери прокурор қадағалау ісін тағайындай отырып, істі сотқа беру туралы хабардар етіледі; - талап қоюлар бойынша Соттар қозғаған азаматтық істерді, сондай-ақ сот немесе жоғары тұрған прокурор қажет деп таныған істерді қарауға қатысады; олардың бастамасы бойынша немесе оларға ведомстволық бағынысты органдар қозғаған міндетті санаттағы әкімшілік істерді қарауға қатысады. Азаматтық және әкімшілік істердің осы санаты бойынша шығарылған заңсыз сот шешімдеріне апелляциялық тәртіппен дау айтылады. Қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері, жасалған жері белгісіз, сондай-ақ төтенше оқиғалар анықталған және қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде тиісті мамандандырылған прокуратура органдары болмаған жағдайларда шұғыл іс жүргізу әрекеттерін жүргізуді ұйымдастырады.

Қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хабарлама алған аумақтық прокурорға немесе өзге де мамандандырылған прокурорға жүктеледі. Содан кейін материалдарды заңда белгіленген тәртіппен тергеу немесе ведомстволық бағыну үшін ұсыну. Бұйрықта Бас әскери прокурорға, құқықтық статистика және арнайы шоттар комитетінің төрағасына, облыстық және қалалық прокурорларға қатысты маңызды ереже бар. Астана, Алматы қалалары мен олардың баламалары қадағалаудағы объектілерде тексерулердің қайталану фактілерін жоюға, қадағалаудағы аумақтарда тиісті қадағалауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауға және сонымен бір мезгілде аумақтық және мамандандырылған прокуратуралардың қадағалаудағы объектілерінде бірлескен кешенді тексерулер жүргізуге тиіс.

"Мәселен, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2008 жылғы 27 тамыздағы № 47 "тергеу мен анықтау жүргізудің заңдылығын қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрығымен, атап айтқанда, эколог-прокурорлар қылмыстық істер мен тергеуге дейінгі тергеулер материалдары бойынша қылмыстық қудалау органдарының мамандандырылған (табиғат қорғау) бөлімшелерінде қадағалауды жүзеге асыратыны анықталды ."Осылайша, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жоғарыда көрсетілген бұйрықтарын талдай отырып, мыналарды атап өтуге болады. Қадағаланатын объектілердің табиғат қорғау заңнамасының қолданылуын қадағалау

мамандандырылған табиғат қорғау прокуратураларына ғана емес, барлық басқа прокуратураларға да жүктелген.

Бұл, бір жағынан, прокурорлық қадағалау үшін қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің маңыздылығын көрсетеді, бірақ екінші жағынан, біздің ойымызша, тиісті прокурорлардың құзыретіндегі түсініксіздік пен белгісіздікке әкеледі – егер Бас прокурордың бұйрықтарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау мәселелерін кез-келген прокурор қарастыруы мүмкін болса, онда прокуратура құрылымында бұл, бір жағынан, прокурорлық қадағалау үшін қоршаған ортаны қорғау мәселелерінің маңыздылығын көрсетеді, ал екінші жағынан, прокурорлық қадағалау үшін қоршаған ортаны қорғау – егер Бас прокурордың бұйрықтарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау мәселелерін кез келген прокурор қарай алатын болса, онда прокуратура құрылымында,

Бас прокурордың 2002 жылғы 21 қарашадағы № 60 бұйрығының 5-бөлімінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы прокурорлар шешетін мәселелер тізбесі бар, бірақ бұйрықта көрсетілген барлық мәселелер табиғат қорғау прокурорларының қызмет саласына жатпайды, керісінше, бұйрық мәтінінен бұл мәселелер кез-келген прокуратураның құзыретіне жатқызылуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Тапсырыс №. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 3 қарашадағы № 64 қаулысы табиғат қорғау прокуратурасына ведомстволық бағынысты бөлімшелердің тізбесін қамтиды, оны прокурорлардың құзыретін шектеу кезінде абсолютті артықшылық деп санауға болады. Қазіргі уақытта прокуратура және бірінші кезекте мамандандырылған табиғат қорғау прокурорлары халықтың қалыпты экологиялық өмір сүру жағдайларына және елдің табиғи әлеуетін ұтымды пайдалануға заңды құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді тиімді шешуге қабілетті.

Осыған байланысты экология саласындағы прокурорлық қадағалаудың рөлін арттыру бойынша қосымша шаралар қабылдау маңызды. Экологиялық прокуратура жүйесін құру 1985-1986 жылдары экологиялық дағдарыс пен Чернобыль трагедиясы мемлекетті экологиялық заңнаманың орындалуын бақылауды күшейтуге мәжбүр еткен кезде басталды. КСРО-да экологиялық қолайсыз аймақтарда прокурорлық қадағалауды жетілдіру бойынша шаралар қабылданды, прокуратура штаты ұлғайтылды, Каспий бассейнінің прокуратурасы (өңірлік заңнамаға сәйкес), сондай-ақ Байкал көлінде (Шығыс Байкал, Батыс Байкал), Хабаровск және Приморск аумақтарында, Сахалин және Камчатка облыстарында ауданаралық прокуратуралар құрылды. Кейінгі жылдары жинақталған тәжірибені ескере отырып, мұндай мамандандырылған прокуратуралардың желісі кеңейіп, 1980 жылы КСРО ыдырағаннан кейін оның аумағында 110 адам болды.

Сарапшылардың бағалауы бойынша [2], мысалы, Ресейде мамандандырылған прокуратуралардың табиғатты қорғау заңнамасының бұзылуына жауап беру белсенділігі бастапқы кезеңде аумақтық прокуратуралардың барлық статистикалық көрсеткіштері бойынша бірнеше есе жоғары болды.

Ең маңызды нәтижелер-Ресей Федерациясының Бас прокуратурасына тікелей бағынатын Еділ экологиялық прокуратурасына бассейн қағидаты бойынша біріктірілген аймақаралық экологиялық прокуратуралардың шаралары. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, прокуратура мәртебесін арттыру үшін: экологиялық проблемалардың мәнін терең түсіну, тиісті өңірдің табиғатын қорғау саласындағы заңнаманың тұтас көрінісі, табиғи ресурстарды пайдаланудағы жергілікті шектеулі ведомстволық мүдделерге нақты қарсы тұру, экологиялық құқық бұзушылықтарға, негізінен аймақаралық сипаттағы сауатты және уақтылы ден қою, бұзушылықтарды нақты жоюға қол жеткізу және кінәлілерді жауапкершілікке тарту жеткілікті; - бір мезгілде барлық Экологиялық қолайсыз аумақтарға тексеру жүргізісін және табиғат қорғау заңнамасының анықталған бұзушылықтарын тек жергілікті жерлерде ғана емес, орталық билік органдарының алдына да жою туралы мәселе қойсын [3]. Табиғатты қорғау прокуратурасы бассейндік қағидат бойынша әрекет ете отырып, жергілікті билік органдарынан құқықтық және нақты тәуелсіздікке ие

екендігін ерекше атап өткен жөн, бұл прокурорларға браконьерлікпен және табиғатты қорғау заңнамасын қасақана бұзушылықтармен күресте өздерінің ымырасыз ұстанымын төмендетуге мүмкіндік береді. Атқарушы билікке қатысты басқа экологиялық және реттеуші органдар көбінесе ымыраға келуге мәжбүр болады, өйткені атқарушы билік түпкілікті экологиялық және экономикалық шешімдер қабылдайды. Табиғат қорғау прокурорларының қадағалауы тікелей белгіленген тәртіппен бекітілген және қолданылатын қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық шарттардың орындалуына да қолданылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Президентінің экология саласындағы қолданыстағы заңдары мен жарлықтарының (оның ішінде табиғат пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік) орындалуына неғұрлым тиімді қадағалауды жүзеге асыру, прокуратураның мемлекеттік биліктің әртүрлі тармақтарына олардың экологиялық саясат саласындағы қызметіне тиімді көмек көрсетуі мамандандырылған табиғат қорғау прокуратуралары тарапынан ғана мүмкін болады. Құқық қорғау органдарының экология саласындағы ықпалын күшейту қажеттілігін шет елдердің, атап айтқанда АҚШ-тың тәжірибесі дәлелдейді, онда Бас прокуратурада осы салада 300 адамнан тұратын үш бөлімше жұмыс істейді. Төменгі жол-біздің елімізде экологиялық қылмыстармен байланысты көптеген прокурорлар бар, олардың қауіп-қатері ескерілмейді. Сонымен қатар, экологиялық заңнаманың көптеген бұзушылықтары, соның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтар табиғи ортаны бұрмалайды, миллиондаған адамдардың өмірі мен денсаулығына нақты қауіп төндіреді және ұлттың генофондына теріс әсер етеді. Біздің ойымызша, табиғатты қорғау прокуратурасының құқықтық мәртебесінің толық болмауы және ашылуы прокуратураның мемлекетті нығайтудағы нақты рөліне сәйкес келмейді, сонымен қатар бұл мемлекеттік институтты қоғамдық санада барабар қабылдауға ықпал етпейді.

Мұндай прокуратура органдарының жүйесін жетілдіру оларды ұйымдастырудың қандай да бір моделімен шектелмеуге тиіс. Қызмет сипатына байланысты біздің елімізде мамандандырылған экологиялық прокуратуралардың бірнеше модельдері жұмыс істей алады. Сонымен бірге Экологиялық реттеу органдарының аумақтық (бассейндік) құрылымдық құрылысының артықшылықтарын ескеру қажет. Басқа шешімдер болуы мүмкін, мысалы, экологиялық қолайсыз аймақтардағы жағдайды жүйелі түрде бақылау үшін ел прокуратурасында прокурорлардың кешенді тобын құру. Табиғатты қорғау саласындағы прокурорлық қадағалау органдарының қазіргі заманғы ұйымдық құрылымы, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, қазіргі заманғы экологиялық болмыс пен талаптарға жауап береді, сондықтан: біріншіден, облыстық, облыстық және республикалық прокуратуралардың, ауданаралық табиғат қорғау прокуратураларының желісін неғұрлым кең және негізделген ретінде прокуратура органдарының құрамында сақтау орынды.; екіншіден, осы саладағы қадағалау функцияларын табиғат қорғау прокуратуралары жоқ аумақтарда аудандық, қалалық және облыстық прокуратураларға қалдыру. Сонымен бірге, екі прокуратураның болуы - аумақтық және экологиялық-халқы жинақы қалалар мен елді мекендерде ақталуы екіталай. Мұндай қадағалау функцияларын жалпы құзыреттегі қалалық және аудандық прокурорлар жүзеге асыруы мүмкін. Қазіргі жағдайда табиғат қорғау прокуратураларының алдында өте маңызды міндеттер тұр: азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға конституциялық құқықтарының сақталуын бақылау, оларды жою мақсатында осы істерді қараудың заңдылығын қадағалау; табиғи ресурстарды иесіз пайдалану фактілеріне ден қою. Прокурорлар табиғатты қорғау жөніндегі өз қызметін Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің органдарымен және басқа да мүдделі ұйымдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады. Табиғат қорғау прокуратураларының қызметіндегі мемлекеттік экологиялық саясаттың пайымын қорытындылай келе, мамандандырылған прокуратуралардың осы түрінің мәртебесін арттыру мақсатында олардың құзыреті, міндеттері мен функциялары

"Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының деңгейінде нақты айқындалуға тиіс деп болжауға болады. Сонымен қатар, мүмкін болған жағдайларда, Ресейде жасалғандай, аумақтық (бассейндік) негізде экологиялық прокуратураларды енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұдан басқа, бассейндік құрылым Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдарында қабылданғанын және табысты жұмыс істейтінін және құқыққа қарсы қызметтің табысты жолын кесу үшін прокуратурада ұқсас схемаларды қайталаған орынды екенін атап өткен жөн.

Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Конституциясы. Ғылыми-құқықтық түсініктеме / Под ред. Ғ. С. Сапарғалиев. Алматы, 2004. 584 С. С. 443.
2. Ермаков в. д. қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдылық. М., 1998. 91 б.
3. Пономарева и. п. Ресей Федерациясының экологиялық саясатының конституциялық негіздері. Дисс.ғылыми дәрежесін алу үшін з.ғ. к. Екатеринбург, 2000. 137 С.С. 107.

ӨОЖ: 334.027

Есеналиев А.Е., Сейдалиев Б.М.

заң ғ.к., доцент. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
магистрант. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

ЖЕРГІЛІКТІ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ПРАКТИКАЛЫҚ ЭТНОКОНФЛИКТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ

Түйін: ҚР-ғы Оңтүстік аймақтардың полиэтникалық аймақтарының және Қырғызстанның бірқатар елді мекендерінің мысалында жергілікті этносаралық қақтығыстардың дамуына және олардың алдын алуға ықпал ететін факторлар қарастырылады.

Кілт сөздер: жергілікті этносаралық жанжал; практикалық конфликтология; теріс этникалық стереотиптер мен көзқарастар; қабылдаушы қауымдастық.

Посткеңестік кеңістікте жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасуы бірқатар жағдайларда жүйелі дағдарыстар аясында жүреді және қақтығыс әлеуетінің өсуімен қатар жүреді. Тәжірибе көрсеткендей, экономикалық, саяси және әлеуметтік мәселелер үшін "кінәні" ауыстырып, халықтың этникалық емес бөлігінің өкілдеріне баса назар аудару азғыруы әлі де күшті салалар. "Кінәліні" іздеу, әдетте, белгілі бір аймақтағы жағдайды одан әрі ушықтыратын жергілікті этносаралық қақтығыстарға әкеледі. Жанжалды аудандардағы практикалық жұмыс және жергілікті қақтығыстарды шешу тәжірибесін жалпылау Этносаралық қақтығыстарды басқару, ең алдымен, олардың алдын алуды болжайды, оның қажетті элементтері теріс этникалық стереотиптерді жою және көп этникалық құрамы бар елді мекендердің әкімшілерін мамандандырылған этнологиялық және қақтығыстық оқыту болып табылады [1, 75-бет]. Теріс этникалық стереотиптер мен көзқарастар қақтығыстардың тез саясаттануына ықпал етеді. Жергілікті этносаралық қақтығыстар орын алған өңірлерде жүргізілген зерттеулер тәжірибесі жергілікті тұрғындар арасында осындай ұстанымдарды қалыптастырудың факторлары мыналар болып табылатынын көрсетеді: 1) этностық теріс таптауындарды сақтау, олардың күшеюіне бөтен халықты езудің өңірдегі ахуалға пайдалы әсер ететіні, ал егістік жерлердің тапшылығы жағдайында олардың жергілікті қоғамдастықтың иелігіне өтуін қамтамасыз ететіні, тұрғын үймен қамтамасыз ету саласындағы ахуалды жақсартатыны туралы нұсқауларды қайталап тарату ықпал етеді. Бұл факторлар ұлтшылдық бағыттағы жастар қозғалыстарын жұмылдырады, олардың әрекеттері тез арада ұлтаралық сипатқа ие

болады.

Ерекше сюжет-халықты жұмыспен қамту құрылымы. Өндіріс көлемінің қысқаруына, қызмет көрсету саласының дамуына байланысты жалпы халықтың жұмыспен қамтылуы төмендеу үрдісіне ие, экономиканың мемлекеттік және аграрлық секторларында жұмыспен қамтылғандарды қысқарту процесі жалғасуда. Мәселе жұмыспен қамту мен табыс деңгейінің төмендеуін тұрақты (ескі) тұрғындар қатты қабылдайды, әсіресе егер бұл көші-қон процестері нәтижесінде аймаққа келген шетелдік топтардың жеткілікті экономикалық жетістігі аясында болса. Дәл осы факт және әлеуметтік салыстырудың психологиялық механизмі ішкі деңгейдегі этносаралық шиеленістің негізі болып табылады; 2) Әр түрлі этникалық топтардың өкілдері арасындағы этномәдени қашықтықты сақтау, өмір салтындағы, мәдениетіндегі, әдет-ғұрпындағы айырмашылық жергілікті қоғамдастық ішіндегі өзара қарым-қатынасты едәуір қиындататын проблемалар кешенін жиі қалыптастырады. "Ыстық нүктелерден" босқындардың келуімен туындаған қақтығыстар түбегейлі болып қала береді. Көші-қонның бұл түрі, әдетте, қосымша этносаралық шиеленісті қалыптастырады, мәдениетаралық өзара іс-қимыл саласында проблемалар туғызады; 3) этникалық қылмыс, оның болуы елдің әртүрлі өңірлерінде тіркеледі және көшіп-қонушылардың жергілікті қоғамдастыққа кірігуін айтарлықтай қиындатады. Стереотиптерде халықтың этнопсихологиялық жағдайы белгіленеді, ол бір жағынан қазіргі этникалық процестермен анықталады, ал екінші жағынан, халықтың Қоғамдық қозғалыстар көшбасшыларының белгілі бір саяси ұрандарын қабылдауға дайындығын сипаттайды.

Әрине, Шымкент үшінші мегаполис мәртебесін алғаннан кейін ол Қазақстан Республикасының ғана емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестиция, технология және зияткерлік ресурстарын тартатын жаңа орталыққа айналады. Бұл өз кезегінде қаланың теңгерімді әлеуметтік-экономикалық дамуына тұрақты серпін береді, жаңа кәсіпорындар салынады, шағын және орта бизнес дамиды, жаңа қаржы институттары, білім беру институттары пайда болады, жұмыс орындарының саны артады, жалақы өсе бастайды. Мұның бәрі қаланың еңбек нарығына оң әсер етеді. Екінші жағынан, жұмыс және тұрақты тұрғылықты жер іздеп көшіп-қонушылар ағыны ұлғаятын болады, оқуға келетін жастар саны артады, яғни қаланың еңбек нарығы сан жағынан өсетін болады.

Сондықтан бүгінгі өзінде жергілікті билік органдарына жаңа мегаполистің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін ескере отырып, оның еңбек нарығын дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеуді бастау маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Байжолова Р.А., Абылкасимова Ж.А. Дағдарыс жағдайында Қазақстан Республикасының еңбек нарығының жағдайы мен даму болашағы // Экономика и статистика 2015. No1. С. 45-50.
2. Назарова Г. Н., Абдрашитова Т. А. ҚР Жұмыссыздық мәселелері және оны шешу жолдары // Молодой ученый. 2018. No5.1. С. 59-62
3. Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. Статистика занятости // <https://www.enbek.gov.kz/ru/taxonomy/term/78> . 18.09.2019.
4. Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа бағыты" Стратегиясы.
5. ҚР Статистика комитетінің деректері, ақпан, 2020 ж.
6. Основные индикаторы рынка труда по регионам Республики Казахстан 2001-2019

г.г.

Орынбасар С.Қ., Ергеш М.М.

«Мейір-Бейс» жоғары мектебінің директоры
Ленгер қаласы, Төлеби ауд, Түркістан облысы
«Емдеу ісі» маманының 2 курс студенті, «Мейір-Бейс» колледжі,
Ленгер қаласы, Төлеби ауд, Түркістан облысы
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ МУЗЕЙІ

Түйін: Мединаның ғылыми жобасында Төлеби ауданындағы Музейде сақталған құнды жәдігерлер тарихы, қазақ халқының бай ұлттық-тұрмыстық мәдениеті сақталған. Музейде өткізілген ауқымды іс-шаралар өткізілді. Семинар, тәжірибе, курстар ұйымдастыру арқылы музей қызметкерлерінің біліктілігі жайлы білді. Осы шараларға байланысты Төлеби ауданындағы Музей тақырыбы қорғалады. Музейге келушілерге сақталған жәдігерлер туралы ақпараттық қызмет көрсетіледі.

Кіріспе. Музейдің ашылу тарихы.

«Төлеби ауданының мұражайы» МКҚК-ны 2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 26 қарашадағы №226 қаулысына сәйкес, аудан әкімінің қолдауымен салтанатты түрде ашылды. Төлеби аудандық мәдениет бөлімінің қарамағында 2004 жылға дейін қызмет жасады. 2004 жылдан бастап ОҚО мәдениет басқармасының қарамағына ауыстырылды.

2004 жылдан бастап «Төлеби аудандық мұражайы» мемлекеттік мекемесі деп аталды. 2005 жылы облыстық бюджет есебінен қаржыландыру басталды. 2007 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мәдениет басқармасы «Төлеби ауданының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді. 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының «Төлеби ауданының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді. Түркістан облысы әкімдігінің 2018 жылғы «б» қарашадағы №307 қаулысына сәйкес музейдің атауы Түркістан облысы мәдениет және тілдерді дамыту басқармасының «Төлеби ауданының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

Мақсаты.

- Музейде өткізілген ауқымды іс – шаралар барысында халықтың музейлерге және мәдени орындарға қызығушылығы арттыру
- Музейде сақталған құнды жәдігерлер тарихын насихаттау.
- Музейге келушілерге ондағы сақталған жәдігерлер туралы ақпараттық қызмет көрсету;

Зерттеу жұмысы: Төлеби ауданындағы Музейдің көрнекілігі.

Мәдени мұра бағдарламасы аясында аудан көлемінен табылған көптеген жәдігерлер Төлеби аудандық музейінің құнды қорын құрайды. Сол көне жәдігерлердің өзара құндылығын, тарихын зерттеп, көріп білдім. Музейдегі көне жәдігерлердің қай жылы, қай маңнан, қандай ерекшеліктері бар екенін анықтап, ондағы тұңғыш директор Тордаева Э.Қ ханыммен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде Төлеби аудандық музейдің 2001 жылы қараша айында құралғанын, әрбір құнды заттың өзіндік орнының бар екенін, музейдегі росы кезге дейін өткізілген іс-шаралар туралы ақпараттарды біліп, 2020 жылдың жылдық есебінің қортынды жаңалықтарын көріп, біліп, анықтадым.

Негізгі бөлім. «Төлеби ауданының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны туралы мәлімет

1. Төлеби ауданының музейі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2001 жылғы 26 қарашадағы №226 қаулысына сәйкес құрылды. Музей көрермендері үшін палеолит дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі өлкенің тарихы, этнографиясы, флорасы мен фаунасы, мәдениеті мен өнерінің даму

тарихына арналған экспозициялық зал жұмыс жасайды.

Музейдің ішкі ауданы-200 шм

Музейдің жалпы жәдігерлердің саны-3360

Негізгі қордың саны-2268

Табиғат бөлімі бойынша-80

Ғылыми көмекші қордың саны-1012

1.Этнография бөліміндегі жәдігерлер қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарына,олардың ғасырлар бойы тұтынған бұйымдары мен мәдени-рухани шаруашылық құралдарына байланысты сыр шертеді .

2.Табиғат бөлімі

Экспозицияда өлкенің флорасы мен фаунасы және қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жер асты қазба байлықтары туралы толық деректер мен жәдігерлер орын алған.

3.Археология бөлімі

Монша,төртбұрышты қыштар,әшекей бұйымдар,теңгелер аудан тарихын баяндайтын жәдігерлер орын алған.

4.Шахтерлар бөлімі

Ленгір қаласы- Шахтерлар қаласы ,бұл бөлімде шахтершылардың заттары еңбек құралдары орын алады.

Жаңашылдық.

➤ Музейдің негізгі міндеті: келешек ұрпақтарға ғылыми жасақталған негізде Қазақ халқының бай ұлттық-тұрмыстық мәдениеті мен өз өңірімізді таныстыра отырып, жастардың бойына өз өлкесіне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру;

➤ Музейде өткізілген ауқымды іс – шаралар барысында халықтың музейлерге және мәдени орындарға қызығушылығы арттыру ;

➤ Музейде сақталған құнды жәдігерлер тарихын насихаттау;

➤ Музейге келушілерге ондағы сақталған жәдігерлер туралы ақпараттық қызмет көрсету;

➤ Семинар, тәжірибе, курстар ұйымдастыру арқылы музей қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;

Әдістемелік құралдар шығару;

Қорытынды.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындай келе Мәдени мұра бағдарламасы аясында аудан көлемінен табылған көптеген жәдігерлер Төлеби аудандық музейінің құнды қорын құрайды. Көне жәдігерлердің өзара құндылығын,тарихын зерттеп,көріп біліп оны келешек ұрпаққа насихаттау. Музейді көркейте отырып ,оның жаңашылдығын арттыру ең дұрыс шешім.Келер ұрпақ музей туралы анық біліп,өз ойларын білдіре алады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстандағы Саяси партиялар сипаты және алаш қозғалысының тарихнамасы.

2.Қ.Ж.Тоқаевтың жолдамасы.

3.Төлеби аудандық әкімдігі.

ӘОЖ: 541,78

Даулет Д.И., Ергешбаев А.П.

оқытушы, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
2 курс студенті, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы

ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

Түйін: Ергешбаев Атабектің ғылыми жобасында Төлеби ауданында ауыл шаруасын дамыту, өнімдерге зиян келтіретін кеміргіш жәндіктерді жою, биылғы жағдайда ауыл шаруашылығына дұрыс назар аудармаудың салдарынан, қажетті азықтардың аз болып, қара малдардың ауруға ұшырап қырлып қалуы, жалпы бақылаудың жауапкершілігінің төмендігінен анықталған. Ауыл шаруашылығының инвестициялық қаржыны үнемдеуді ұсынған. Төлеби ауданның шағын бизнесін дамытуға өз үлесін қосуда.

Кілт сөздер:

Кіріспе. Ауыл шаруашылығы-шаруашылық саласының ішіндегі ең ежелгі қазіргі уақытта дамып келе жатқан саласының бір бөлігі. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Қазіргі таңда қолданыста кеңінен тараған шаруашылық түрі - мал шаруашылығы. Халықты азық пен шикізат өнімдерімен қамтамасыз етеді. Мал шаруашылығы өнімдері мен оның қалдықтарынан мал азықтары (май алынған сүт, ет-сүйек және сүйек ұндары), дәрі-дәрмектермен биологиялық белсенді заттар алынады. Қазіргі кезде Қазақстанда мал шаруашылығы проблемалық сұрақтар туындап тұр. Экологиялық жағдай, климаттық факторлар, шөптің қурауы, қуаншылықтың болуы мал шаруашылығына әсер етті. Осыған байланысты жеке мал шаруашылығымен 5-6 жыл айналысып, іс тәжірибе жүзінде алынған факторларды, актуальді мәселелерді шешуге бел будым.

Мақсаты:

- Төлеби ауданындағы мал шаруашылығын дамытуға және экономикасын көтеруге үлес қосу;
- Төлеби ауданындағы ауруға шалдыққан малдардың күтімін жақсарту, санын арттыруға әдістерді ұсыну;
- Өнімдерге зиян келтіретін кеміргіш жәндіктермен күресу шараларын жүргізу;


Негізгі бөлім

Ауыл шаруашылығының да өз тарихы бар. Қазақ жерінде б.з.б 2мың жылдықтан бастап адамдар қолда мал өсіре бастаған. Олардың жайылымдары үшін көшіп қонатын болған. Олар көбінесе жылқы, түйе, қой және ешкі өсірген. Мал шаруашылығымен айналысқаннан кейін көшіп қону көп болды, сол үшін сиырды аз ұстаған. Сонымен қоса егін шаруашылығымен де айналысқан. Егін мал өсіруге қарағанда тым баяу дамыған. Ағаш тастан жасалған құралдар жер өңдеуге тиімді болмады. Сулы алқаптардың шет жағасында егін екті. Халық мал шаруашылығымен айналысқан соң егінмен айналысуға да тура келген. Қыс мезгілінде мал шаруашылығына астықты өте қажет еткен. Қазақстан ауыл шаруашылығын 20ғасыр 90жылдарына дейін Кеңестік шаруашылық кеңшар мен ұжымшар құраған. Ауыл шаруашылықпен қазіргі кезде айналыспайтын бірде бір ел жоқ. Әлем бойынша 1,3млрд адам шаруашылықпен еңбек етеді. Бұл жалпы есеппен алғанда 46% халық шаруашылықта демек. Ауыл шаруасыз ешбір ел тіршілік ете алмайды.

Зерттеу жұмыстары

Ауыл шаруашылығын даму стратегиясы. Қазіргі Қазақстан ауыл шаруашылығы мақсатына арналған жеке меншік иелері мен жер иеленушілердің құрамында 149,1 млрд га жер бар. Оның 25,7 млн га-сы жайылым. 1997 жылы Қазақстанда жалпы саны 72335 ауыл

шаруашылық құрылым жұмыс істеген. Ал қазіргі кездегі шаруашылықты айтатын болсақ қанағаттандырарлық, 1991-1993 жылдары жұт уақыты болған еді, соның салдарынан экономика құлдырады. Қазіргі таңда қарап тұрсақ сол уақытқа жақындап бара жатқан сияқтымыз. Бұл жағдайлардың барлығына ауыл шаруашылығының министрінің дұрыс бақыламауынан және қаржылай жағын дұрыс бөлмеуі, жемқорлық өте көп болуы, адамдардың барлығы өз еліміз жалақысына қанағаттанбауынан шет елге кетіп жатқаны экономиканың құлдырауын әкелді.



Шаруадағы азық қоры: Сабан, кебек спец корм, бидай жарма, жүгері жарма қара ұн, барда. Осы азықтармен ірі қара малын бордақы бағамын. Кез келген шаруада кіріс пен шығыс болады. 2018 жыл 5 қара мал бордақылаудан басталды. Қазіргі кезде қара мал санын 25 шақтыға жеткізіп отырмын. Мал күтімді қажет етеді: біріншіден қорасы болған жөн, жемін уақытымен беріп, ауруын алдын алып отырған жөн. Бір малға берілетін жем мөлшері шөп, кебек-1,5кг, Спец корм 300-400 гр, бидай-жүгері жармасы 200-300 гр тек таңғысы, кешке де осы жем беру әдісі қолданылады. Түскі уақытты су мен шөппен қамтып отырамын. Жалпы есеп бойынша 25 малға кететін азық мөлшері:

1 күндік:

Шөп-5 тюкк

Кебек 75-80кг

Спец корм 20кг

Бидай-жүгері жармасы 20кг

1 айлық:

шөп 150 тюкк, кебек 2,5-3 тонна, спец корм 600кг бидай жүгері жармасы 500-600 кг

Бағасы:

Шөп-180000тг, кебек-200000-300000 тг, спец корм-51000-55000 тг, бидай жүгері жармасы-55000-60000 тг.

Жалпы есеп бойынша: 450-500мың тг көлемінде жемге акша жұмсалады. Әрбір мал 1 айда 18-20 мыңға жеммен қоректенеді. Осы мөлшерде жеммен қоректенгеннен кейін кемінде 800гр ет байлау керек.

Ет бағасы: 2100 тг өткізу бағасы

Шешуі: 800г × 30 күн = 24 кг

24 × 2100 = 50400 тг

50400 - 18000 = 32400 тг

Қортындылай келе: 1 қара мал қорегінен бөлек 1 айда **30-35** мың тг пайда алып келеді.

Ең өзекті мәселенің бірі : биылғы жағдайда ауыл шаруашылығына дұрыс назар

аудармаудың салдарынан, қажетті азықтардың аз болып және дұрыс сақталмауынан, малға жасалатын вакциналар мен дәрі-дәрмектердің уақытылы салынбауынан, судың тазалығы нашарлауынан, малға азықтың жетіспеушілігінен жалпы малдардың қырылып қалуына, сонымен қатар қазіргі кезде малдардың неше түрлі аурулардың кобеюіне алып келіп жатыр. Соның бірі Маңғыстау облысында, Ақмола және Жаңақорған аудандарында жаппай ірі қара малдардың қырылуы болған. Қазіргі кезде мал шаруашылығымен айналысу ешкімге тиімді емес, себебі мал шаруашылығына қажетті азықтың қымбаттауы және мал құнының арзандауы. Ауыл шаруашылығының одан әрі дамытудың маңызды мәселесінің бірі - АӨҚ өнім экспорты, оның әлеуеті аса маңызы зор.

Жалпы экспортты қолдауға бағыттау жоспарланған 500 млрд теңгеден 100 млрд теңгесі ауыл шаруашылығы экспортына бағытталған. Қазір АӨҚ өнімдер экспортын 60%-дан астам-шикізаттық өнім. 2019 жылдан бастап Қазақстан экономикасы төмен астық мөлшерден аз 16,5 млн га жер қолданылмай жатыр, бір жағынан экология нашар болуы, жауын-шашын мөлшер азаюы. Ауыл шаруашылығын инвестициялаудың экономикалық механизмі кешеннің өндіріс құрылымы мен оның жаңа принциптеріне негізделген жұмыс істеу механизм құруды қажет етеді. 2015 жылғы мәліметтер бойынша, ауыл шаруашылық кәсіпорын құрылымында ауыл шаруашылығы өндірілетін өнімнің 24,6%-ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындары, 70-80% фермерлік қожалықтар мен жеке шаруашылықтарға тиесілі.

Жаңашылдығы:

1. Ең бірінші ел іші экономикасын орнына келтірмей тұрып, шет елге импорт өнімін жіберудің санын азайтуды бақылауға алу.

2. Өртүрлі қауіп қатерлі жағдайларға байланысты малдың қырылуына әсер ететін факторларды жою.

3. Ауыл шаруашылығына бөлінетін қаржының дұрыс жұмыс жасалып жатқанын қадағалау

4. Төлеби ауданындағы ауыл шаруашылығын дамытуға, шағын бизнес ашуына үлес қосу.

Қорытынды:

Қорытындылай келе: Төлеби ауданындағы ауыл шаруашылығының не болып жатқанына куәгерміз.

Мысалыға: салынатын вакциналарды және дәрі-дәрмектерді уақытылы салынбауы ауыл шаруа проблемаларында (мал қырылу, азықтың қымбаттауы, қаржының жеткілікті бөлінбеуі) ауыл шаруашылық ішіндегі актуальді мәселесіне назар аудармауынан көптеген шығын болып жатыр. Ауыл шаруашылығының инвестициялаудың экономикалық механизмін дамыту. Аудан әкімі, ауыл шаруа агроном мамандары және шағын бизнес азаматтары мен бірге бірлесе актуальды проблемаларды шешу. Төлеби ауданының шағын бизнесін және экономикасын дамытуға өз үлесімді қосамын.

Әдебиеттер тізімі

1. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ө. Бейсенова, К. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, т.б. Алматы: Мектеп, 2010. 304 б. ISBN 978-601-293-170-9

2. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. Алматы: "Мектеп" баспасы, 2006. 232 бет. ISBN 9965-33-633-4

3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының

ӨОЖ: 547,12

Жанкалова Р.М., Сайлау Б.М.

жоғары дәрежелі дәрігер, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан облысы
3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан облысы

**ҚАЙЫҢ АҒАШЫНЫҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОЛЫМЕН
ӨСІРУ ЖӘНЕ ДАМУ**

Түйін: «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына байланысты, Елбасы Н.Назарбаевтың «Жасыл ел» бағдарламасына негізделген жобаны басшылыққа алып, жастар ұйымымен бірлесе әсемді, дәрілік әсері бар қайын ағаштарын санын арттыруға ұйымдастыруға ат салысқан. Қайын ағашының емдік қасиетін дербес медицинада, ауруда алдын алу мақсатта, зерттеу жұмысында бақылау күнделігін көрсетілген. Жергілікті жердің көлеміне қарай қайын ағашы орманын шағын бизнеске айналдыру.

Кілт сөздер: қайын ағаш, агротехника, ағаш орманы, «Жасыл ел» бағдарламасы

Кіріспе:

Елбасы Н.Назарбаевтың «Жасыл ел» бағдарламасына сәйкес, Қазақстан Республикасында соңғы жылдары орман шаруашылығын дамыту және көгалдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі өзекті мәселе орманда өсетін ағаштар және бұталарды көптеп өсіру, олардың белгілері бар түрлерін сұрыптау. Осындай орман ағаштарына қайың да жатады. Қайың ағашының он шақты түрі Алтай таулары, Жоңғар және Іле Алатауы маңында кездеседі. Сондай-ақ, олар Жамбыл, Көкшетау, Қостанай, Батыс және Шығыс Қазақстан облыстарында да өседі. Қайыңның қай түрі болмасын жарықты сүйеді және топырақ талғамайды. Ол өзге ағаштарға қарағанда өскелең әрі аязға төзімді. Дүниежүзінде өсетін қайыңның 6 туысы 200-ге жуық түрі белгілі. Ал Қазақстанда 3 туысы (қайың, орман жаңғағы, қандыағаш), 17 түрі бар Қотыр қайың, *V. Pendula Roth*, *B. повислая*, или *B. Бородавчатая*; *Талас қайың, V. talassika P. Pol*, *Б. таласская*; *Үлпек қайың, V. pubescens Ehrh*, *Б. пушистая*; *Тұқымдас өкілдерінің биіктігі 15 кейде 25-30 м-дей болады. Тамыры берік, жер бетіне жақын орналасады. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, бөбешік жапырақтары ерте түсіп қалады. Гүлі ұсақ, реңсіз, дара жынысты. Аталық гүлшоғырының сырғасы ұзын, гүлдеген кезде төмен қарай салбырап тұрады, аналық гүлшоғырының сырғасы қысқа, едәуір тік, пішіні домалақ болады.*

Негізгі бөлім:

Халық медицинасында көктем шығып күн жылына бастаған кезде қайың қабығын теріп, одан ағатын шырынды пайдаланады. Жапырақтарының қайнатындысымен ревматизм, құяң, шемен, бүйрек ауруларын емдейді, арнаулы булау жасап, денедегі қышыма қотырды, ұшықты және тағы басқа да тері ауруларына қарсы пайдаланады. Жазда жапырақтарын жинайды. Қайың ағашынан «фитонцид» улы зат бөлінеді. Бұл «фитонцидтің» қасиеті микробтармен бактерияларды жояды. Қайыңның бұдан басқа көптеген пайдасы бар. Одан тұрмысқа қажетті пайдалы заттар жасалынады. Мысалы ойыншықтар, ыдыстар, домбыра, шана, шаңғы, мылтық т.б. жасайды.

Зерттеу жұмысы:

Қайын ағашының сабағынан қайың шырынын бөлінуі, адам ағзасына тікелей әсер ететін емдік қасиеті бар. Бүйрек ауруына бірден бір ем. Бір қайыңнан 60 литрге дейін шырын алуға болады. Қайың шырынының құрамы: 2% жеміс қанты, Кальций тотығы, Хош иісті заттар, Дәрумендер, Органикалық қышқылдар, Микроэлементтер, Эфир

майлары 1 грамның тығыздығы. Қайың шырынын басы айналып, көзі қарауытқан, қан аздық ауруына шалдыққан ағзаға береді. Тамақты сіңіру үшін де сөлін ішкізеді. Қайыңның жапырағында С витамині болғандықтан шырын дайындап, тістің қызыл еті қабынғанда, демікпе ауруына, ісінгенді басу үшін ішеді. Зерттеу тәжірбиелік жұмысында бақылау күнделігі жасалды.

Бақылау күнделігі

Аты-жөні	Шырынды дайындау	Пайдалану уақыты	Нәтижесі
Ахметов Алдияр «Пиелонефрит» Бүйрек ауруы.	100 грамм жапырақты ұсақтап турап, аз ғана тұз, лимон қышқылын қосады. Қоспаға 2-3 стакан суытылған қайнаған су құйып тұндырады. 2-3 сағаттан соң тұнбаны сүзіп зәр жүргізу үшін пайдаланады.	3 мезгіл Сағат таңғы 9:00, түскі 14:00, кешкі 20:00 тамақтан кейін.	Зәр түсі өзгерді, тамаққа тәбеті артты, уақытылы зәр бөліне бастады.

Бақылау күнделігі қорытындысы бойынша қайың ағашының шырыны ағзаға тікелей әсер ететіндігіне көзіміз жетті. Осыған байланысты Төлеби ауданында «жасыл ел» бағдарламасы бойынша қайың ағаштарын көптеп өсіруге ат салысуға жастарды ұйымдастырылды.

Жаңашылдық:

- Төлеби ауданының шағын және орта бизнесті дамытуға өз үлесімді қосуды ұсыну.
- «Жасыл ел» бағдарламасын басшылыққа алып, жастар ұйымымен бірлесе әсемді, дәрілік әсері бар қайың ағаштарын санын арттыруға үндеу ұйымдастыру.

Қорытынды: жоғарыдағы келтірілген мәселелерді қорытындылай келгенде «Қазақстан-2050» стратегиясы мақсаттарына байланысты, Елбасы Н.Назарбаевтың «Жасыл ел» бағдарламасына негізделген жобаны басшылыққа алып, жастар ұйымымен бірлесе әсемді, дәрілік әсері бар қайың ағаштарын санын арттыруға үндеу ұйымдастыруға атсалысты. Қайың ағашының емдік қасиетін дербес медицинада, ауруда алдын алу мақсатта қолдануға әрекет жасау. Тұрмысқа қажетті пайдалы заттар жасап (ойыншықтар, ыдыстар, домбыра, шана, шаңғы, мылтық) Төлеби ауданының қол өнер саласын шағын бизнеске айналдыру. Ауыл шаруашылық әкімшілігі, Нұр-Отан партиясының өкілдерімен жастар орталығының мүшелері бірлесе шағын орман шаруашылығын ұйымдастыруды ұсынамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Баранов О.Ю. Изучение уровня генетической изменчивости и дифференциации среди форм березы// Проблемы лесоведения и лесоводства: сб.науч.трудов. ин-та леса НАН Беларуси. Вып.55.Гомель: ИЛ НАН Беларуси. 2002. С. 143-147.
2. Гостимский С.А. Кокаева З.Г., Коновалов Ф.А. Изучение организаций и изменчивости генома растений с помощью молекулярных маркеров//Генетика. 2005. Т.41.С.480-492.
3. Машкина О.С Табацкая Т.М., Страдубцева Л.М. Длительноемкромочеренкование для массового клонального разведения каральской березы и тополя//Физиология растений. 999. Т.46, С. 950-953.

ӘОЖ: 541.7

Садыкова Ш.Т., Бауыржанқызы Б.

оқытушы, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
1 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан облысы

РАУШАН ГҮЛДІЛЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ТҮРІ-ИТ МҰРЫН ӨСІМДІГІНІҢ ИММУНИТЕТ КӨТЕРУДЕГІ ӘДІСТЕРІ

Түйін: зерттеу жұмыста раушан гүлділер тұқымдасының түрі-ит мұрын өсімдігінің морфологиялық-анатомиялық құрылысы мен таныстырылған. Иммуниетті жоғарылатуда итмұрынның тікелей әсерін, емдік қасиетін, емдік сусын жасау мен пайдалануды ұсынған.

Кіріспе:

Қос жарнақтылар 39 қатар және шамамен 170 шығутегі бойынша ұқсас тұқымдасты біріктіретін үлкен кластармағы. Розидтердің ежелгі түрлері диллениидтерге туыс және қарапайым морфологиялы қерекшеліктерімен: актиморфтыгүл, бос желектігүлтәжі, апокарпты гинецей жәнеполимерлы андроцей мен сипатталады. Жоғары мамандандырылған өкілдерінің гүлтәжісі қосжелекті, гинецейі олиго- немесемономерлы, тіптіцепокарпты, андроцейіолигомерлы, ал гүлікөпжағдайдакөнетбұрыс.

Мақсаты:

- Раушан гүлділер тұқымдасының түрі-ит мұрын дәрілік өсімдігінің морфологиялық-анатомиялық құрылысымен таныстыру;
- Иммуниетті жоғарылатуға итмұрынның тікелей әсерін ұғындыру;
- Итмұрынның емдік қасиеті мен емдік сусын жасау, пайдалану тәсілдері

Негізгі бөлім:

Аудан аумағында дәрілік өсімдіктердің бірнеше түрі бар. Солардың бірі итмұрын. Итмұрын – бағалы дәрумендерге өте бай жеміс. Одан дайындалған дәрі-дәрмек медицинада асқазан және бауырауруларын емдеуге қолданады.

Ал гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады. С дәруменіне бай жемісті емдік дәрі ретінде әрі дәрумен түрінде көптеген жүз жылдықтардан бері кәдеге жаратып келеді. Биіктігі 2 метр. Бұталары тікенекті. Итмұрын жершарының қоңыр жай және субтропикалы қаймақтарының барлық жерлерінде өседі. 500-ге жуық түрі бар. Табиғат татаулы-тасты жерлерде, беткейлерде, орманда, су жағалауында өседі. Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. Итмұрынның екпетүрлерінің барлығын дерлік раушан (роза) деп атайды. Халық арасында итмұрынның «жабайыраушан» деген атауы кеңінен қолданылады. Итмұрынның гүлі ақ, қызғылт, сарытүсті, диаметрі 4-6 см, хошиісті, жайкүлтелі және гүлпарлы да түрлері бар. Мамыр, маусымайларында гүлдейді. Жемісі тамыз, қыркүйекайларында піседі. Жемісі сопақша келген жылтыр, түсі қызыл немесе қызғылт-сары болады. Итмұрынның ерекшелігі — бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада негізінен асқазан және бауыр ауруларын емдеуге қолданылады, гүлдерін шайдың орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы — парфюмерия өндірісін деп айдаланылады. Итмұрынның жемісі әбден піскенде, суық түскенге дейін жинайды, суық ұрған жемісі дәріге жарамайды. Жемісін сыртындағы тостағанша жапырақшасы мен бірге жұлу керек, кептірген соң алып тастайды. Себебі тостағанша жапырағынсыз кеппеген жемісі көгеріп тез бұзылып кетеді. Гүл табанын бітеу дей кептіруге болады, немесе жарып ұзынынан ішіндегі нағыз жемістерін тазалап тек гүлтабанын қалдырады. Жиналған жемісін бірден кептіру керек, ыстық пешке немесе кептіргішке салып 70-80° ыстыққа кептіреді. Мұндай жағдай 3-5 см етіп жайыпастыңғы жағына да ауа тиетіндей етіп торлы шарбақтың үстіне биіктеу жерге көлеңкеге кептіреді. Әбден кепкенде тез сынады. Пешке кептіргенде әлсін-

әлсін аударыстыру керек, күйіп кеткендерінде витаминдері де жойылады. Сақтау мерзімі 2 жыл.

Зерттеу жұмысы:

Ит мұрын қайнатпасының пайдасы

Ит мұрын қайнатпасындайындау үшін 1 келікептірілген жемісін 1 литр суда қоюланған шақайнатып, артынша сүзгіден өткізеді. Дәміне қарай қант пен лимон қышқылын қосуға болады. Дайын болған тәтті қоймалжыңды су құйылған ыдыс қасалып, тағы біраз қайнатады. Осындай тәсілмен қайнап шыққан қоймалжың сұйықтықты тыныс алу жолдарыс уықтағанда, суық тигенде ішсеңіз, тез айығуға көмектеседі. Сонымен қатар, ота жасатқаннан кейін қаназдықта және қанайналымды қалыпқа келтіруде осы өсімдіктің жаңа піскен жемістерінен тұнбадайында пішсе, пайдасы мол. Қайнатылған тұнбаның бір стақанын күн сайын ішіп отыру қажет. Асқазан қыжылы мен бүйректе тас болса немесе әйелдердегі қан кету кезінде де ит мұрын қайнатпасы көмектесе алады. Ит мұрыннан дайындалған осындай тұнбалар мен шайларды үзбей ішіп жүрген адамның бойынан жұмысқа деген құлшынысын, ауруғамайтындығын аңғаруға болады. Сонымен қатар, бас ауруының да алдыналатын қасиеті бар.

Бақылау күнделігі

Аты-жөні	Спаш Гүлзат Бауыржанқызы 1 курс 15 жаста
Мекен жайы	Түркістан облысы, Ленгер қаласы, Төлеби ауданы
Емдеу күндері	
05.11.2021ж-12.11.2021ж сағат 09:00	Бас айналу, әлсіреу, тәбеттің төмендеуі, шаршаңқылық байқалды.
12.11.2021ж-19.11.2021ж сағат 09:00	Тәбеттің жақсаруы, иммунитеттің көтерілуі, белсенділігі артты.
Қорытынды	Денсаулығының жақсарғанына көз жеткіздім.

Зерттеу жұмысымның өзектілігі: Спаш Гүлзат Бауыржанқызына ит мұрын сусынын 14 күн бойы ұсына отырып нәтижесін бақылау арқылы, уақыт өте келе денсаулығы жақсара бастағанын байқадым. Нәтижесінде оның тәбеті жақсарды, белсенділігі артты.

Жаңашылдығы:

- Раушан гүлділер тұқымдасының түрі- ит мұрын дәрілі көсімдігінің морфологиялық-анатомиялық қалар мын таныстыру;
- Иммунитетті жоғарылатуға ит мұрынның тікелей әсерін ұғындыру;
- Ит мұрынның емдік қасиеті мен емдік сусын жасау, пайдалану тәсілдері;

Қорытынды:

Жоғарыда қарастырылған жағдайларды қорытындылай келе ит мұрын дәрілі көсімдігінің морфологиялық-анатомиялық құрылысы туралы мәлімет жинақтай, маңызын, ағзаға тікелей әсерін зерттей отыра емдік қасиетіне нықталған. Зерттеудің нәтижесінде ит мұрын өсімдігінен емдік сусынды ұсынған. Ауруды алдын алу мақсатта сусынды пайдалану тәсілдерін бақылау күнделігінде ұсынылған.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ағелеуов Е., Дөненбаева К., Агитова К., Иманқұлова С. Ботаника. Оқулық. Алматы, «Санат», 1998. 368 бет.
2. Мухаметғалиева А., Кабаева З. Өсімдіктану. Алматы: Ғылым, 1995. 202 б.
3. Ботаника: Морфология и анатомия растений: Учебное пособие. 2-е изд., перераб. М.: Просвещение, 1998. 480 с.

ӘОЖ: 574,36

Тобағабылова А.М., Құлынтай Н.Б.

«Сұңқар» ғылыми қоғамының жетекшісі, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі.

Ленгер, Түркістан облысы

3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы

Г.ХАРДИ-Г.ВАЙНБЕРГ ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ ГЕНОТИП ЖИЛІГІН АНЫҚТАУ

Түйін: Генетика және молекулалық биология пәні бойынша математик Г.Харди және дәрігер генетик Г.Вайнберг формуласы бойынша Төлеби ауданының ауруханаларының ауру генінің генотип жиілігін анықтап олардың тепе-теңдікте болатыны атап көрсетілген. Оқулықтағы жоқ Г.Харди-Г.Вайнберг формуласы бойынша генетикалық есептерді шығару нәтижесінде Көксәйек ауылдық орталық перзентханасының аға-медбикесі Ұлыбаева Гаухармен статистика бөлімінің меңгерушісі Лариса Алесандрованың сұхбаты енгізілген.

Кілт сөздер: Г.Харди-Г.Вайнберг формуласы, Төлеби ауданы, генетика, генотип

Кіріспе.

Харди-Вайнберг заңы популяцияның генетикалық құрамын анықтау үшін ондағы аллельдер мен генотиптің (гомозигота, гетерозигота) типін таситын даралардың санын білу қажет. Осы мақсатта 1902 жылы ағылшын математигі Г.Харди және немістің дәрігер-генетигі Г.Вайнберг бір-біріне байланыссыз «таза популяцияда» гендердің және генотиптердің таралу жиілігін анықтады. Олар болашақ ұрпақ популяциясының генетикалық құрамы қандай болатынына есептеулер жүргізіп, генетикалық тепе-теңдік заңын ашты.

«Таза популяция» деп сан жағынан өте үлкен еркін будандаса алатын, сыртқы орта факторлары (мутация, сұрыптау, оқшаулау, т.б) әсер етпейтін популяцияны айтады. Харди-Вайнберг заңы «Даралар еркін будандаса алатын үлкен таза популяцияларда доминантты және рецессивті аллельдердің, генотиптердің сандық жиілігі» ұрпақтан – ұрпаққа өзгеріссіз тұрақты беріліп отыратынын көрсетеді. Егер популяцияның генофондысы мысал ретінде, А және а гендерінің жұп аллельдерінен тұрса, онда А геннің популяцияда көріну жиілігі р-ға, ал а геннің жиілігі g-ге тең, сонда популяциядағы осы екі аллельдің арақатынасы мына формулаға сәйкес келеді:

$$pA + ga = 1$$

Осы формуланың екі бөлігін квадраттасақ :

$(pA + ga)^2 = 1$ (1) енді жақшаны алгебралық жолмен ашатын болсақ, біз генотиптердің жиілігін көрсететін формула аламыз:

$p^2AA + 2pgAa + 2g^2aa = 1$ (2) Жоғарыдағы формуланың мәнін түсіндірсек. (1) және (2) теңдеудің оң жағында тұрған бір саны, популяциядағы даралардың жалпы санын көрсетсе, сол жағындағы аллельдердің жиілігі бір санының бөліктерімен белгіленеді. Мұнда р және g символдар А және а гендерінің екі теңдеудегі жиілігін көрсетеді. Екінші формулада AA генотипі қарастырылып отырған популяцияда р жиілігімен белгіленсе, aa генотипі g жиілігіне, ал гетерозиготалы даралар 2pg жиілігіне тең болады. Сонымен аллельдердің жиілігі белгілі болған жағдайда, популяциядағы барлық генотиптердің жиілігін анықтауға болады.

Осы формуланың көмігімен популяциядағы ауру таситын гетерозиготалы аллельдердің жиілігін есептеп шығаруға болады.

Харди-Вайнберг есептеріне мысал:

Бір қаланың перзентханасында 10жыл ішінде өмірге келген 84мың баланың 210-ында рецессивті белгі ауру бар делік. Оның генотипі aa болады. Харди-Вайнберг заңы осы

мәліметтерді пайдаланып, қалада тұратын адамдар популяциясына генетикалық талдау жасауға көмектеседі. Осы популяцияда генотипі аа ауру баланың саны 210. $Vg^2=210:84000=V0,0025$ Енді осы санды квадрат түбірден шығарып, g-дің мәнін (ауру бақылайтын геннің жиілігін) табамыз. $g = g^2=V0,0025=0,05$

Популяцияда ауру таситын және сау аллельдердің жиілігі бірге тең екенін біле отырып, сау аллельдің А жиілігін есептеп шығаруға болады. Сонда $g + p A=1$ немесе $p A = 1 - g$. $p A = 1 - 0,05 = 0,95$.

Харди-Вайнберг формуласына осы сандарды орнына қойсақ, қалада туылған балалар популяциясының генотиптерінің жиілігін анықтайды.

$$AA=p^2=0,95^2=0,9025(90,25\%);$$

$$Aa=2pg=2*0,95*0,05=0,095(9,5\%)$$

Генотиптің жиілігі $Aa=2g^2=0,0025(0,25\%)$ тең. Осыдан Харди-Вайнберг заңы популяциядағы доминантты гомозиготалы АА және гетерезиготалы Аа аллельдердің фенотипті көрінісі бірдей болғанымен, олардың жиілігін анықтауға көмектеседі. Мұнда р доминантты аллельдің А жиілігі, g рецессивті аллельдің а жиілігі, $p^2=AA$ генотиптің жиілігі, g-аа генотиптің жиілігі. Генотиптердің жиілігі популяцияда өзгеріссіз, тұрақты болса, онда аллельдердің жиілігі де р (А)=0,5 және q(a)=0,5 тұрақты болады. Сонымен Харди-Вайнберг заңы популяцияда “гентикалық тепе-теңдік” түріндегі күйін болжай білуге көмектеседі. Бұл заңды тек үлкен популяцияларға ғана қолдануға болады.

Мақсаты: Г.Харди-Г.Вайнберг формуласы бойынша Төлеби ауданының генотиптік жиілігін табу. Жергілікті материалдарды пайдаланып, <<Харди-Вайнберг>> формуласына салып, есептеулер жүргізіп, генетикалық тепе-теңдік заңын дәлелдеу. Харди-Вайнбергтің математикалық-гентикалық есептерін жинақтап, гентика пәні бойынша мұғалімдерге қосымша әдістемелік кітапша ұйымдастыру.

Зерттеу жұмысы: Біз осы тақырып бойынша зерттеу жұмысымызға жергілікті материалды пайдаландық.

Төлеби ауданындағы ауруханалардың генотиптік жиілігін анықтау үшін біз Ленгер қалалық ауруханасына барып статистика бөлімінің меңгерушісі Лариса Александровнамен және Көксәйек ауылдық орталық перзентханасының аға медбикесі Гаухар Ұлыбаева мен тағы басқа мамандармен кездесу өткізіп жергілікті материал алдық.

Төлеби ауданындағы ауруханалардың генотиптік жиілігін анықтау: Ленгер қалалық перзентханасында 2012 жылы 1190 бала өмірге келген. 1190 баланың 12-сінде рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайланып қаланың генотип жиілігін анықтадық

$$Vg^2=12:1190=V0,01$$

$$g=g^2=V0,01=0,1$$

$$g + pA=1 \text{ немесе } pA=1-g.$$

$$pA=1-0,1=0,9.$$

$$AA=p^2=(0,9)^2=0,81\%$$

$$Aa=2pg=2*0,9*0,1=0,18\%$$

$$Aa=2g^2=2*(0,1)^2=0,02\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,9 \text{ және } q(a)=0,1 \text{ тұрақты.}$$

Біз мұндай есептерді екі аурухананың бірнеше жылдық мәліметтерін алып есептедік, оларды генетика пәні бойынша мұғалімдерге қосымша әдістемелік кітапшаға енгіздік.

1. Ленгер қалалық перзентханасында 2011 жылы 594 бала өмірге келген. 594 баланың 4-інде рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып қаланың генотип жиілігін анықта:

$$Vg^2=4:594=V0,006$$

$$g=g^2=V0,006=0,077$$

$$g + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1-g.$$

$$pA=1-0.1=0,9.$$

$$AA=p^2=(0.9)^2=0.81\%$$

$$Aa=2pg=2*0.9*0.1=0.18\%$$

$$Aa=2g^2=2*(0.1)^2=0,02\%$$

$$AA=a$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

2.Ленгер қалалық перзентханасында 2013 жылы 969 бала өмірге келген 969 баланың 8-інде рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып қаланың генотип жиілігін анықта:

$$Vg^2=8:969=V0,008$$

$$g=g^2=V0,008=0.08$$

$$ga+pA=1 \text{ немесе } pA=1-ga.$$

$$pA=1-0.008=0,92$$

$$AA=p^2=(0.92)^2=0.84\%$$

$$Aa=2pg=2*0.92*0.08=0.14\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.08)^2=0.2\%$$

$$AA=aar(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты.}$$

3.Төлеби аудандық Көксейек орталық перзентханасында 2008 жылы 1241 бала өмірге келген. 1241 баланың 6-да рецессивті аа болады белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=6:1241=V0,004$$

$$G=g^2=V0,004=0.06$$

$$ga+pA=1 \text{ немесе } pA=1-ga.$$

$$pA=1-0.06=0,94$$

$$AA=p^2(0,94)^2=0,88\%$$

$$Aa=2pg=2*0.94*0.06^2=0.11\%$$

$$aa=2g^2=(0.06)^2=0.2\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

4.Төлеби аудандық Көксәйек орталық перзентханасында 2009 жылы 1073 баланың 8-нен рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=8:1073=V0,007$$

$$g=g^2=V0,007=0.08$$

$$ga+pA=1 \text{ немесе } pA=1-ga.$$

$$pA=1-0.08=0,94$$

$$AA=p^2=(0.92)^2=0.84\%$$

$$Aa=2pg=2*0.92*0.08=0.14\%$$

$$Aa=2g^2=2*(0.08)^2=0.2\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

5.Төлеби аудандық Көксәйек орталық перзентханасында 2010 жылы 1173 бала өмірге келген. 1173 баланың 3-нен рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі аа болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=3:1173=V0,002$$

$$g=g^2=V0,002=0.044$$

$$ga+pA=1 \text{ немесе } pA=1-ga.$$

$$pA=1-0.044=0,956$$

$$AA=h=p^2=(0.956)^2=0,91\%$$

$$Aa=2pg=2*0.956*0.044=0.8\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.044)^2=0.1\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

6. Төлеби аудандық Көксәйек орталық перзентханасында 2011 жылы 1158 бала өмірге келген. 1158 баланың 8-нен рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі aa болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=8:1158=V0,006$$

$$g=g^2=V0,006=0,077$$

$$ga + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1 - ga.$$

$$pA = 1 - 0.077 = 0,923$$

$$AA=p^2=(0.923)^2=0.85\%$$

$$Aa=2pg=2*0.923*0.077=0.14\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.077)^2=0.1\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

7. Төлеби аудандық Көксәйек орталық перзентханасында 2012 жылы 1264 бала өмірге келген. 1264 баланың 8-нен рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі aa болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=8:1264=V0,006$$

$$g=g^2=V0,006=0.077$$

$$ga + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1 - ga.$$

$$pA = 1 - 0.044 = 0,923$$

$$AA=p^2=(0.923)^2=0.85\%$$

$$Aa=2pg=2*0.923*0.077=0.14\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.077)^2=0.1\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

8. Төлеби аудандық Көксәйек орталық перзентханасында 2013 жылы 820 бала өмірге келген. 820 баланың 8-нен рецессивті белгісі бар ауру байқалған. Оның генотипі aa болады. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=8:820=V0,009$$

$$G=g^2=V0,009=0.094$$

$$ga + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1 - ga.$$

$$pA = 1 - 0.094 = 0.906$$

$$AA=p^2=(0.906)^2=0.82\%$$

$$Aa=2pg=2*0.906*0.094=0.17\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.094)^2=0.1\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

9. Алматы қаласындағы асылтұқымды емес қойлардың популяциясында 355 құлағы қалыпты 300 құлағы орташа және 134 құлағы қысқа қойлар болған. Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg^2=134:355=V0,37$$

$$g=g^2=V0,37=0.61$$

$$ga + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1 - g.$$

$$pA = 1 - 0.61 = 0,39$$

$$AA=p^2=(0.39)^2=0.15\%$$

$$Aa=2pg=2*0.39*0.61=0.47\%$$

$$aa=2g^2=2*(0.61)^2=0.38\%$$

$$AA=aa$$

$$p(A)=0,5 \text{ және } q(a)=0,5 \text{ тұрақты}$$

10. Мектепте барлық оқушы саны 560 . Қазан айында ауырып келмегендер 75 . Харди-Вайнберг заңын пайдаланып популяцияның генотип жиілігін анықта

$$Vg = 2 \cdot 75 : 560 = 0,13$$

$$g = g^2 = 0,13 = 0,36$$

$$g + pA = 1 \text{ немесе } pA = 1 - g.$$

$$pA = 1 - 0,36 = 0,64$$

$$AA = p^2 = (0,64)^2 = 0,40\%$$

$$Aa = 2pg = 2 \cdot 0,64 \cdot 0,36 = 0,46\%$$

$$aa = 2g^2 = 2 \cdot (0,13)^2 = 0,14\%$$

$$AA = aa$$

$$p(A) = 0,5 \text{ және } q(a) = 0,5 \text{ тұрақты}$$

Жаңашылдық.

1. Жаратылыстану бағытындағы биология пәнінің ұстаздары мен оқушыларға арналған қосымша нұсқау ұсыну;

2. Оқулықтағы генетика саласы бойынша аз-қамтылған Г. Харди- Г. Вайнберг заңының есептерін іс-тәжірибеменнен ұсыну.

Қорытынды:

‘Г.ХАРДИ-Г.ВАЙНБЕРГ ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ ГЕНОТИП ЖИІЛІГІН АНЫҚТАУ’ тақырыпты мақсат ете отырып, оқулықтағы генетикалық есептердің аз қамтылуына байланысты, жергілікті жердегі ауруханадағы популяцияның генотип жиілігін анықтау эксперименттік есептерді өз ойыммен шығаруға тырыстым. -Жергілікті материалдарды пайдаланып, <<Харди-Вайнберг>> формуласына салып, есептеулер жүргізіп, генетикалық тепе-теңдік заңын дәлелденді. Харди-Вайнбергтің математикалық-генетикалық есептерін жинақтап, генетика пәні бойынша мұғалімдерге қосымша әдістемелік кітапша ұйымдастырылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сартаев А., Гилманов М. С22 Жалпы биология: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006ж.

2. Абылқасымова А.Е Шойынбеков К.Д Есенова М.И Жумагулова З.А Алгебра: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2010ж.

3. Бегімқұл Б.К, Төлегенов С. Медициналық генетикм негіздері «Кәсіптік білім» сериясы «Фолиант» баспасы 2008ж.

ӘОЖ 364-262.2

Абатбек Ә.А., Шакир А.Ж.

магистр-оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
МС-18-14к тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**МЕМЛЕКЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫҢ КЕДЕЙЛІГІНЕ
ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

Түйін: Мақала адамзат тарихының бүкіл кезеңдерінің ең өзекті мәселелерінің бірі болған кедейлік мәселесіне және онымен күресу жолдарына арналған. Авторлар халықтың жағдайын жақсартуда мемлекеттің жүйелі және жоспарлы қызметіне ерекше назар аударған. Мақаланың негізгі мақсаттары –кедейлікті еңсерудің негізгі механизмдерін анықтау және мәселені шешудің тиімді,бірегей жолдарын ұсыну.

Кілт сөздері: ең төменгі күнкөріс деңгейі, кедейлік шегі, әлеуметтік-экономикалық саясат

Халықтың кедейлігі мемлекеттік араласуды қажет ететін өте өзекті және күрделі мәселе. Әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде кедейлік қандай да бір дәрежеде оның даму деңгейіне қарамастан кез-келген қоғамға тән. Оның қысқаруы кез-келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының тиімділігінің критерийіне айналды. Әсіресе, соңғы үш жылда пандемияның салдарынан бұл мәселе халықаралық сипатқа ие болып отыр. Азаматтар карантиндік шаралардың нәтижесінде жұмыссыз қалап, күнкөрісі төмендеп, кедейлікке бір табан жақын болды. Осы пандемияға және жаһандық жағдайдың нашарлауына байланысты ағымдағы жылы әлем бойынша шектен тыс кедейлік көрсеткіші соңғы онжылдықта алғаш рет өскен болатын.2020 жылғы статистикалық көрсеткіштер бойынша Дүниежүзілік банк осы пандемия кезеңінде кедейлер қатарына тағы 88-ден 115 миллионға дейін адам қосылған деп көрсетеді, ал олардың жалпы саны 703-тен 729 миллионға дейін жетеді.Соңғы уақытта Қазақстандада коронавирус індетінен кейін одан сайын ушыққан кедейлік мәселесіне аса қатты назар аударуда, жұмыссыз азаматтардың санының артуы, карантиндік шаралардың әсерінен табыс көзінің өзгеруі, кейбір мамандықтарға деген сұраныстың азаю кедейлік мәселесін одан сайын өзекті ете түсті.

Кедейлік-адамның немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының сипаттамасы, онда олар өмір сүруге, еңбекке қабілеттілікті сақтауға, ұрпақты жалғастыруға қажетті ең аз қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды немесе адамның қажеттіліктері оларды қанағаттандыру мүмкіндігінен асып түскен кездегі өмір сүру жағдайын білдіреді. Яғни қажеттіліктері арта түсіп, оларды қанағаттандыруға ресурсы жетпеген кезде орын алады және ол өмір сүру деңгейін белгілі бір деңгейде ұстап тұру мүмкін еместігін білдіреді. Қазіргі ғылымда кедейліктің екі типін қарастыру әдетке айналған. Олар:

1)Абсолюттік кедейлік - бұл адамның биологиялық өмір сүруінеқажетті өмірлік ресурстарды қамтамасыз ете алмауымен байланысты туындайтын кедейлік. Негізгі қарапайым қажеттіліктерге тұрғын үй, азық-түлік, киімді жатқызамыз. Яғни, азаматтардың өмір сүруіне қажетті ең негізгілерін өзіне рұқсат ете алмауы.

2)Салыстырмалы кедейлік-белгілі бір қоғам үшін қалыпты өмір сүру деңгейімен салыстыру арқылы анықталады.Мәселен, белгілі бір қоғамның азаматы табысы бар болса, бірақ ол сол қоғамның стандартты қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын болса немесе салыстырмалы түрде сол қоғамдағы азаматтардың көп бөлігі тұтынатын нәрселерге қол жеткізе алмайтын болса, физикалық қажеттіліктерін қанағаттандырғанымен моральды қажеттіліктерін қанағаттандыра алмаса ол кедей азаматтар санатына қосылады. Дегенмен, ол азамат басқа бір қоғамда кедей болып саналмауы да мүмкін.

Кедейлік түрлерінің осындай базалық типтерінен басқа да кедейліктің анықталу жолдары бар. Мәселен, мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- бастапқы кедейлік – үй шаруашылығында ресурстарды ұтымды жүргізетін, бірақ жеткілікті қаражаты жоқ адамдар;

- екінші реттік кедейлік – жеткілікті қаражаты бар, бірақ бюджеттің тиімсіз бөлінуіне байланысты мұқтаж отбасылар;

- тұрақты кедейлік - мұрагерлікпен берілетін, яғни әкеден балаға берілетін кедейлік;

- өзгермелі кедейлік – кейбір кедей адамдар өмір сүрудің жоғары деңгейіне жетуі мүмкін немесе орташа табысы бар адамдар күйреп, кедейлер санатына енуі мүмкін болатын кедейлік.

Жоғарыда көрсетілген кедейліктің көрінісінен басқа, мемлекеттік саясат қалыптастыратын «кедейлік» ұғымы бар. Яғни, кедейліктің заңнамада белгіленген көрсеткіштермен анықталуын айтамыз. Мәселен, Қазақстандағы кедейлік деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің толық шамасынан емес, оның 70% - ынан анықталады. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап жан басына шаққандағы ең төменгі күнкөріс деңгейі 34 302 теңгені құрайды. Осылайша, 24 011,4 теңге (ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%) шегі кедейлік шегі болып табылады. Ал егер елімізде кедейлік деңгейі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 100% - ынан (2021 жылы 34 302 теңге) есептеген кезде көрсеткіш едәуір ұлғаятын еді, бұл өз кезегінде атаулы әлеуметтік көмекке берілетін мемлекет бюджеті үшін қосымша ауыртпашылықтар салатын еді, халықаралық аренада мемлекетіміздің беделі төмендейді және тағы да өзге мемлекетке тиімді емес әсерлерге алып келеді. Ресми статистика бойынша Қазақстанда 2020 жылы кедейлік деңгейі 5,3% - ды құрады. Бұл өте аз көрсеткіш болып табылады, бұл Қазақстанда кедейлік шегінен төмен өмір сүретін халықтың аз екенін көрсетуі мүмкін. Бірақ, коронавирустық пандемия халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсер еткенін ескеретін болсақ, бұл көрсеткіштің шынайылығына күмән келтіруге болады.

Кедейлікті анықтау әр мемлекетте әртүрлі жүргізіледі, сонымен бірге Дүниежүзілік банктің де өзінің кедейлікті анықтау тәсілі бар. Осы тәсілдерді қарастыра отырып, еліміздегі кедейліктің көрсеткішін түрліше анықтауға болады. Мәселен, Дүниежүзілік банк кедейлікті анықтау үшін бір күндік табыстың 5,5 АҚШ долларынан төмен болуымен есептейді. Дүниежүзілік банктің рейтингі бойынша біздің еліміз табыс деңгейі орташа деңгейден төмен елдерге жатады. Бұл дегеніміз, осы әдістеме бойынша Дүниежүзілік Банктің есептеулері бойынша Қазақстандағы кедейлік шегі күніне айына 70 000 теңгеден сәл артық болуы қажет. Яғни, Қазақстанда айына 70 000-нан аз табыс табатын адам Дүниежүзілік Банктің әдістемелері бойынша кедей азаматтар санатына жатады. 2022 жылдан бастап ең төменгі жалақы 60 000 теңгені құрамақ. Демек, ең төменгі күнкөріс деңгейінен 70 % көлемде табыс болса, азамат кедей болып саналады, ең төменгі жалақы алатын болса кедейлер қатарына жатқызылмайды, бірақ кейбір қажеттіліктерін өтей алмайды, ал егер 70 000 теңге шамасында жалақы алатын болса қажеттіліктерін өтеп, кейбір нәрселерден үнемі бас тартуына тура келеді. Демек, елімізде кедейлік көрсеткіші әлдеқайда жоғарылайды деген сөз. Кедейлікті анықтаудың басқа тәсілдерін төмендегі 1-кестеде қарастырайық.

Жыл ы	Абсолюттік кедейлік		Салыстырмалы кедейлік		Ең төменгі күнкөріс деңгейі, тг.	Медиана лық кіріс мөлшері ,тг.	Медиана лық кіріс бойынш а халықты ң кедейліг	Кірісі күніне 5,5\$ АҚШ төмен халықты ң үлесі,%
	Кедейлік деңгейі ,%	ЕТКД – нен 70%,т г.	Кедейлік деңгейі,%	Медиана лық кіріс 60%, тг.				

							інің үлесі,%	
2020	5,3	23 111	9,9	29 803	33 015	49 671	25,3	12,7%

1-кесте. Қазақстандағы кедей халықтың үлесі

Көріп отырғанымыздай, мемлекеттегі кедей халықтың үлесін ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасында, ең төменгі күнкөріс деңгейінің жартысы, медианалық немесе орташа кіріс негізінде, халықтың өзінің кедейлік дәрежесін субъективті қабылдауы негізінде анықтауға болады. Сонымен бірге, кедейліктің үлесін анықтаудың БҰҰ бекіткен стандарттары да қалыптасқан. Мәселен, халықтың бір айлық кірісі және шығысы негізінде абсолюттік және салыстырмалы кедейлігін анықтау, ең төменгі күнкөріс деңгейін тамақтану рационалының калориялығымен, депривация деңгейімен, материалдық депривация деңгейімен анықтау жүзеге асырылады.

Кедейлік мониторингін дұрыс жүргізу, тек табыс немесе қажеттілік тұрғысынан ғана емес, адам әлеуетін дамыту мүмкіндіктері тұрғысынан да ұйымдастыру маңызды. Яғни кедейшілік деңгейін анықтау кезінде адамдардың білім беруге, денсаулық сақтауға және бос уақытын өткізуге жұмсайтын қаражатын да ескеру маңызды. Кедейлік деңгейін нақты есепке алу, әрине, мемлекеттік бюджет шығындарының өсуіне әкелуі мүмкін, бірақ екінші жағынан, елдегі кедейлікті азайту стратегиясын айқындау және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында мемлекет нақты көрініске ие болуы керек.

Кедейлік бір әлеуметтік жобамен, бір заңнамамен немесе жалақыны көтерумен шешілетін оңай мәселе емес. Ол мемлекет тарапынан ұйымдастырылып, жүзеге асырылатын барынша ойластырылған жоспарлы қызметтерден тұратын жүйені қажет етеді. Ол жүйені қалыптастыру үшін мемлекетке бірнеше жылдар, үлкен, ауқымды ресурстар, кәсіби білікті мамандар қажет болады. Сондықтан, кедейліктің бірден шешілуі мүмкін болмайды.

Біздің елімізде де айтып отырған жүйеміз әлі қалыптаса қойған жоқ, бірақ кедейлік деңгейін төмендету мақсатында мемлекет бірқатар қызметтерді жүзеге асыруда. Мемлекеттік қызмет кәсіби қызмет ретінде бүкіл ел бойынша ортақ игілікке қол жеткізуге, кедейлік пен аштықты жоюға, табысты әділ бөлуді қамтамасыз етуге және адами ресурстарды дамытуға бағытталған. Осы мәселені шешуде мемлекетке үлкен жауапкершілік артылып отыр.

Қазіргі кезеңде мемлекет пен қоғам кедейлікті еңсеру жөніндегі мақсатты қызметті жүзеге асыруда және осы қызметтегі басым бағыттары мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясат, жұмыспен қамтудың белсенді саясаты, стратегиялық басым бағыттар, кедейлерге атаулы әлеуметтік көмек жүргізу есебінен жұмыссыздықты азайту болып табылады. Мемлекетіміз кедейлікпен күрес жөніндегі саясаттың нақты міндеттері мен басымдықтарын айқындаған, олар:

- Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету. Бұл ретте макроэкономикалық саясат халықтың кедей жіктерін қолдауға, теңсіздік проблемаларын шешуге және халықтың кедей жіктеріне барынша мүмкіндіктер беруге бағытталуы тиіс.

- Кедейшілік күрделі көп өлшемді құбылыс ретінде қаралуы тиіс, оны еңсеру үшін даму саласында жұмыс істейтін барлық мамандардың бірлескен күш-жігері талап етіледі.

- Жұмыссыздықпен күрес. Жұмыссыздық деңгейін төмендету жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру үшін еңбек нарығы саласындағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру; еңбек қатынастарын заңдастыру жөнінде шаралар қабылдау; еңбек ресурстарының «жасырын» жұмыспен қамту саласынан тіркелген еңбек нарығына өтуін ынталандыру; ішкі нарықты қорғаудың экономикалық тетіктерін жетілдіру қажет.

- Шағын кәсіпкерлікті дамыту.

- Микрокредит беру бағдарламаларын дамыту.

- Атаулы әлеуметтік көмек тетігін жетілдіру – әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мамандандырылған бағдарламаларды және халықтың неғұрлым мұқтаж топтарын атаулы әлеуметтік қолдау тетігін әзірлеу.

- Кедейлікпен күрес жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу.

- Білім берудің, денсаулық сақтаудың қолжетімділігін қамтамасыз ету және экологиялық проблемаларды шешу.

- Кедейлікпен күрес мониторингінің тетігін жетілдіру.

- Ауылдарды дамыту.

Кедейлікпен күрес стратегиясының тағы бір компоненті – халықтың кедей жіктеріне жұмысқа орналастыру және табыс алу бойынша ашылатын мүмкіндіктерді пайдалануға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау. Сонымен бірге, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында бизнесті дамыту арқылы кедейлікпен күресуде өзекті қызметтер орындалады:

1. Шағын және орта бизнесті дамыту. Заң жүзінде мемлекеттің осы бизнес түрлерін қолдауы.

2. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының «Бизнес бастау» курсын насихаттау және курсты сәтті аяқтағандарды және болашақ қызметінің (кәсіпкерлік немесе өзін-өзі жұмыспен қамту) қандай да бір экономикалық жобасын мемлекеттік немесе бюджеттен тыс шағын несиелеумен қорғау мүмкіндігімен жаппай экономикалық оқытуды ұйымдастыру.

3. Азаматтарды кәсіпкерлікке, өзін-өзі жұмыспен қамтуға және тағы да басқа мемлекеттік ынталандыру жұмыстарын жүргізу.

4. Сапалы білім беруді қамтамасыз ету.

5. Шағын және орта бизнеске салық салу жүйесін қайта қарау және мемлекетке деген сенімді қалпына келтіру, субсидиялар беру жүйесін қарастыру.

6. Ішкі нарық үшін мемлекеттік протекционизм шаралары. Шағын және орта бизнесті қосалқы әлеуметтік инфрақұрылымдармен, сондай-ақ оның өнімдері мен қызметтерінің өткізудің ішкі нарықтарымен басым қамтамасыз ету.

Ауыл тұрғындары арасындағы кедейліктің үлесін төмендету бойынша «НұрОтан» партиясының депутаттары микрокредит беру бағдарламаларын дамытуды ұсынған болатын.«НұрОтан» партиясы әлеуметтік мұқтаж адамдардың проблемаларын экономикалық тұрғыдан шешу маңызды деп санайды. Бұл проблеманы шешудің оңтайлы тәсілі аз қамтылған азаматтарға микрокредит беруді қамтамасыз ете отырып, адамдардың бизнес-сауаттылығын арттыру болып табылады. Бұл тұрғыда мына шараларды іске асыруды қажет етеді:

- «Еңбек» бағдарламасы бойынша кредит беруді дұрыс ұйымдастыру;

- Несиелерді кепілдендіру тетігін енгізе отырып, кепілдік мәселесін біржолата шешу;

- Ағымдағы жылы Атамекен және жергілікті әкімдіктердің қатысуымен шағын несие ұйымдарын ашу жоспарлануда;

- Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қорының жұмысын тоқтатпау;

- Ауылдарда тұтыну және қызмет көрсету кооперативтерін құру;

- Шалғайдағы елді мекендерге микрокредитті жеткізу инфрақұрылымын құру.

Банктер мен шағын несие ұйымдары қала маңындағы елді мекендерді ғана қамтиды. Шалғай ауыл тұрғындарында бұл несиені алу мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев билікке бірнеше өңірде «кооперациялық тізбек» құруды нақты тапсырды.

Сонымен қатар, биыл билік кедейлікпен күресу үшін бірнеше «жоспарланбаған»қадамдар жасады. Соның бірі аз қамтылған азаматтардың несиелерін есептен шығару болды. Бұл өз кезегінде халық үшін мемлекеттің жасаған үлкен әлеуметтік қолдауы болды. Дегенмен кейбір сарапшылар, бұл жоспарланған қадамға кеткен ресурстарды шағын бизнестерді ашып,оларды қолдауға, кедей азаматтарды

жұмыспен қамтуға жұмсаған әлдеқайда тиімді болар еді деген көзқарастар ұсынды. Мемлекет пандемияның басында аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларды, мүгедек мүшесі бар отбасыларды, атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтарды қолдау үшін осы шараларды жасаған болатын. Осы шаралардың қатарына көпбалалы аналарды және аз қамтылған отбасылардың жұмысқа қабілетті мүшелерін кәсіппен айналысуға шақыру, оларды арнайы біліктілік курстарынан өткізуді, бизнес және халық арасындағы әріптестіктің дамытуын іске асыруды, кадрларға деген сұранысты қанағаттандыру бойынша жұмыстарды және әртүрлі басқарушылық деңгейлердегі сыбайлас жемқорлық компоненттерімен күресу жұмыстарын жатқызуға болады.

2021 жылдың 1 қыркүйегінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кезекті ел халқына жолдауын арнаған болатын. Ел Президенті атап өткен міндеттемелер еліміздегі кедей халықтың үлесін төмендетуге әсер ететін ауқымды іс-шаралар болып табылады. Қасым-Жомарт Кемелұлы мына басым бағыттар бойынша жұмыстың қажеттігін атап өткен болатын:

- Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму;
- Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Сапалы білім;
- Өңірлік саясатты жетілдіру;
- Еңбек нарығында тиімді экожүйені қалыптастыру.

Сонымен бірге, ол ең төменгі жалақы мөлшерін қайта қарастыруды ұсынды және 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 41%-артпақ. Бизнес иелеріне өз қызметкерлерінің жалақысын арттыруға ынталандыру шараларын ұйымдастыруды, Еңбекақы қорына жүктемені неғұрлым түсінікті және қарапайым етуді, жалақысы төмен мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын 20%-ға көтеруді, «Отбасы банкінің» негізінде әртүрлі тұрғын үй бағдарламаларын жүзеге асыруды ұсынды. Бұл шаралардың барлығы өз кезегінде кедейлікті белгілі бір деңгейді төмендетуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік инклюзия негізінде ЮНИСЕФ Қазақстан Үкіметімен бірлесіп, мұқтаж отбасылар мен балалары қажетті әлеуметтік қолдау алуы үшін әлеуметтік көмек бағдарламаларының атаулылығы мен тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс жүргізді. ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, аз қамтылған және әлеуметтік осал отбасылардың әлеуметтік көмек пен арнайы әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу кезінде кездесетін кедергілерді зерттеу мақсатында зерттеу жүргізді. ЮНИСЕФ-тің зерттеу деректері бойынша Қазақстанда әлеуметтік жәрдемақылар мен арнайы әлеуметтік қызметтерге қол жеткізе алмайтын әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балалар санаты бұрынғысынша бар. Зерттеу нәтижелері бойынша қызметтермен кеңінен қамтуды қамтамасыз ету бойынша одан әрі ұсынымдар әзірленетін болады. Осы секілді, Халықаралық Еңбек Ұйымы кедейлікпен күрес жөнінде мемлекеттің жүзеге асыруы қажет бірнеше қызметтерді атап өтті:

- Төмен өнімділік тұзақтарын жеңу;
- Жұмыс берушілер ұйымдары мен кәсіподақтардың аз қамтылған топтармен жұмыс істеу құқықтарын нығайту және оларға көмек көрсету;
- Мұқият ойластырылған әлеуметтік саясат пен жұмыспен қамту саясатының көмегімен кедейлікті азайту;
- Кедейлікті қысқарту саясатын және тиісті нормаларды іске асыру жоспарында үкіметтердің әлеуетін нығайту;
- Ресурстарды жұмылдыру және қамтамасыз етілген санаттағы азаматтардың өздеріне жүктелген жауапкершілікті сезінуі;
- ХЕҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға қатысуы.

Айта кету керек, Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруда өзіндік қалыптастырған мақсаттары бар, соның ішіндегі ең алғашқы мақсат кедейлікті жою болып табылады.

Біздің көзқарасымызша, ел азаматтарының кедейлік шегінде болмауы үшін мемлекеттің салдармен емес себеппен күрескені өте маңызды болып табылады. Мәселен:

- Мұқтаждық өлшемдерін, кедейлік өлшемін өте мұқият пысықтау;
- Мемлекеттің халық алдында барынша қызмет етуде адалдық принципін ұстануы;
- Ел азаматтары арасында, әсіресе көмекке мұқтаж азаматтар арасында өзіне тиесілі қандай әлеуметтік көмектер, қолдаулар бар екендігі жөнінде ақпараттандыру шараларын жүзеге асыру;

- Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, барынша сапалы білім беріп, өзіндік даму жолдарын ұсыну;

- Мәселені халықпен бірге талқылай отырып шешу, олардың өз тараптарынан себептерін айқындап көрсетуге мүмкіндік беру және өз өміріне жауапкершіліктері өз қолында екенін түсіндіру;

- Кедей санаттардың әрбір санаттарына индивидуалды тәсілдерді ұсыну, яғни кедейліктің деңгейіне байланысты азаматтарға көмектесу шараларын ұйымдастыру;

- Ең маңыздысы, халықтың кедей топтарына мемлекет көмегіне үміт артып қоймай, өздігінен әрекет етуге, дамуға, оқуға, сұранысқа ие мамандық иесі атануға, ол мүмкіндік болмаған жағдайда өз-өзін қамтамасыз ете алатын, қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын кәсіп иесі атануға ынталандыру.

Әрине, мемлекет халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, дүниежүзілік стандарттар мен заңнамаларға сүйене отырып бұл мәселені шешуде тиімді стратегияларды қолдануға тырысады және оны жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды жұмылдырады.

Осылайша, ең алдымен, кедейлік тек табыстың деңгейінде ғана анықталуыды ғана емес, нақты әрі шынайы кедейлік көрсеткішімен күрес мәселесін байқадық және ол көрсеткішті төмендету үшін кедейліктің себептерін егжей-тегжейлі түсіну қажеттілігін көрдік, олар біртекті емес және әлеуметтік саясат үшін түбегейлі әртүрлі салдарға әкеледі.

Кедейлікпен күрес проблемасын оларды қаржылай қамтамасыз етудің (жалақы, зейнетақы, жәрдемақы және т.б.) ұлғаюы есебінен ғана шешу мүмкін емес, өйткені ресурстары төмен топтарда қосымша қаражат тиімсіз жұмсалуды мүмкін, мәселен, маскүнемдігімен немесе нашакорлығымен байланысты кедейлікте жүрген адамдар үшін бұл ешқандай оң салдарға әкеп соқтырмайды. Сондықтан кедейлікпен күресуге бағытталған мемлекеттің қызметі әлеуметтік саясаттың тиімділігін арттыру, денсаулығы нашар адамдарға қосымша көмек көрсетудің әртүрлі формаларын, қаржылай емес көмек түрлерінің жүйесін дамытуды қажет етеді.

Кедейлікпен күрес өте күрделі және жан-жақты шешімдерді қажет ететін мәселе болып көрінеді. Осыған байланысты мұқтаж адамдарға қаржылық немесе натуралды әлеуметтік көмек көрсету арқылы кедейлік проблемасын шешуде айтарлықтай оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес екені анық. Халықтың кедейлік шегіндегі топтарын әлеуметтік қолдау қажет, бірақ кедейліктің әр түрлі себептерінің болуымен байланысты және оларды шешуде кез-келген маңызды кедей азаматтарды қажетті ресурстармен қамтамасыз ете отырып, мәселелерін өз бетінше шеше алатын жағдайлар жасалған кезде ғана қол жеткізуге болады. Яғни, азаматтардың кедей халық санатына қосылу-қосылмауы өзінің жауапкершілігінде екендігін барынша түсіндіру қажет.

Қорытындылайтын болсақ, Қазақстанда кедейлік мәселесі бұрыннан келе жатқан, бірақ, өкінішке орай, әлі де өзектілігін жоғалтпаған мәселе болып табылады. Дегенмен, әр кезеңде әртүрлі шешіліп келген кедейлік мәселесінде қазіргі таңда жақсарудың кейбір тенденциялары байқалады. Бұл проблема өздігінен жоғалып кете алмайды, онымен күресу қажет және ол үшін мемлекеттің жүйелі іс-шараларды ұйымдастыруы маңызды. Әртүрлі әлеуметтік жобалар құрып, шетелдік тәжірибелерді елімізде іске асыру арқылы мемлекеттегі кедейлік көрсеткішін жақсартуға мүмкіндігіміз болады.

Осы мақаламызда, біз кедейлікпен күресте мемлекеттік саясаттың, соның ішінде әлеуметтік-экономикалық және жұмыспен қамту саясатының өте маңызды екенін

анықтадық. Осы жұмыс барысында қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының билігі кедейлік мәселесіне аса қатты назар аударып отырғандығы белгілі болды. Мәселен, адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту бойынша түрлі мемлекеттік бағдарламалар, жобалар әзірленуде және жақын арада мемлекеттің жүйелі іс-әрекетінің нәтижесінде кедейліктің шынайы көрсеткіші төмендейтіндігіне, тіптен жойылатындығына сенеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. «Руководство по измерению бедности», Организация Объединенных Наций. Нью-Йорк и Женева, 2017 год;
2. www.stat.gov.kz сайтының материалдары: «О дифференциации доходов и расходов населения в Республике Казахстан во I квартале 2021 года», «Медианный доход населения»;
3. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.-2021 жыл // <https://akorda.kz>;
4. <https://www.vsemirnyjbank.org/> сайтының материалдары;
5. Сергеев, М. Погружение в нищету // Независимая газета. – 2009;
6. «Доклад о сотрудничестве в целях развития: искоренить бедность», OECD. Париж, Франция, 2013 год.

ӘОЖ: 14,95

Бегметова Н.К.

тарих пәнінің оқытушысы

«Авиценна» көпсалалы медициналық колледжі, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН– ЗАМАНАУИ ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ЕЛ

Түйін: Мақалада Қазақстанның дербес сыртқы саясатын жүргізу алғышарттары егемендіктің қалыптасуымен қатар жүргені және тәуелсіздік қарсаңында алған белестері туралы айтады.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін, егемен мемлекет ретінде халықаралық байланыс жасауға, өзінің сыртқы саясатына айырықша көңіл бөледі. Бұрын КСРО-ның құрамында болғанда Қазақстанның ондай мүмкіндігі, жеке саясат жүргізу құқы болмағанды.

Қазақстанның сыртқы саясатында ерекше назар аударып отыратын мәселе, ол — өзінің ең жақын және ірі көрші мемлекеттерімен, соның ішінде солтүстікте Ресеймен, ал шығыста Қытай Халық Республикасымен ойдағыдай қарым-қатынас орнату. Осы саясаттың нәтижесінде Қазақстан Республикасының егемен ел ретіндегі алдағы болашағы да байланысты. Сондықтан қалай дегенде де солтүстігімізді жайлаған Ұлы елмен әрқашан жақын болу керек. Өйткені Қазақстан үш ғасырға жуық уақыт Ресеймен тарихи сабақтас, тағдырлас, көршілес қонып, шекаралас болып қатар өмір сүрді. Осы уақыт ішінде Қазақстан мен Ресейдің шежіресінде талай күнгей де, күнгірт беттері болған. Оларды адамдар ауыздан-ауызға жеткізіп, ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырған. Ресеймен, орыстармен қарым-қатынастың қандай болуы, оны қалай құру жөнінде қазақтың ғұламалары, дана билері өз заманында-ақ айқын да анық айтып кеткен. Ал соңғы жетпіс жыл бойы Қазақстан мен Ресей Кеңестер Одағы құрамында өз тәуелсіздігін қойып, өз мүдделерін ұмытып, ортақ шаруа атқарып, ортақ қазанға қызмет етті. Барлық шаруашылық, бар тіршілік осыған бейімделіп, Кеңес өкіметінің талабын орындады. Енді Кеңес Одағы тарағаннан кейін, бұл екі елдің арасында тең құқық негізінде саяси және экономикалық қатынастар орнады.

Қазақстанның дербес сыртқы саясатын жүргізу алғышарттары егемендіктің қалыптасуымен қатар жүрді. 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесі елді алғаш рет халықаралық құқықтың субъектісі деп анықтаған «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» қабылдады. Бұл тарихи құжатта: «Қазақ КСР-нің халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясатты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысуға құқығы бар», – деп жарияланды. Қысқа тарихи кезеңде, 1990 жылдардың басында Қазақстан сыртқы саясатта айшықты жетістіктерге жетті. Қазақстанның егемендігін әлемнің барлық елдері және халықаралық ұйымдар мойындады, көпвекторлы сыртқы саясат қалыптасты, әлемдік қауымдастықтағы беделі артты, екіжақты байланыстар дами бастады. Қазақстан Республикасының Президентінің бастамасымен ұсынылған ынтымақтастық жобалары үлкен резонанс тудырды, елдің халықаралық аренада қолайлы имидж қалыптастыруына жағдай жасалды. Алматы және ел ордасы Нұр-Сұлтанда 70-тен астам елшілік пен халықаралық ұйымдардың өкілдіктері тіркелді. Әлемнің 150-ден астам елінде Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері ашылды және 70 халықаралық ұйымның мүшесі атанды. Мемлекет басшылығы сыртқы саясат арқылы жетекші елдердің қолдауына сүйеніп, саяси-экономикалық, инвестициялық байланыстарын кеңейтуге жағдайлар жасады. Қауіпсіздік мәселесі маңызды орын алды. Президенттің өзін тәуелсіз елдің саяси көшбасшысы ретінде көрсеткен алғашқы мәселесі ядролық мұра туралы болды. Бұл ретте 1991 жылы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлық шығарылды, ал 1994 жылы 5 желтоқсанда Будапештте ЕҚЫК-ның кеңесінде Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың депозитарийлері – Ресей, АҚШ, Ұлыбритания тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігі туралы меморандумға қол қойылды. Қазақстан Президентінің «Қазақстан – 2030» Жолдауында атап көрсеткендей, «қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі басымдық біздің сыртқы саяси қызметке және Қазақстанның оның көршілермен, әлемнің жетекші елдерімен өзара тиімді берік қатынас орнатуына» бағытталды. 1991 жылдан бастап сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды. Қазақстан өзінің барлық көршілерімен, негізгі әріптес мемлекеттерімен байыпты және болжауға болатындай байсалды қарым-қатынастар орнатты. Сыртқы саясаттың негізгі дінгегі – көпвекторлық жол, яғни көп бағыттылық. Ол – еліміздің геосаяси жағынан орналасуына байланысты өмірдің өзі талап етіп отырған қалыпты жағдай. Өткен уақыт ішінде Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Шет елдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашылды.

Қазақстан 1992 жылдың 2 наурызында БҰҰ мүшесі болды, ал сол жылдың 15 маусымында Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы тұрақты Өкілдігі құрылды. Қазақстан БҰҰ мүшесі болған 168-ші мемлекет. Қазіргі таңда ұйымның құрамына 193 мемлекеттің бар екені белгілі. БҰҰ-мен және оның жүйесіндегі ұйымдармен ынтымақтастық жүргізу біздің мемлекетіміздің сыртқы саясатының басым бағыттарының біріне айналды. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке қабылдануы жаһандану жағдайындағы халықаралық ынтымақтастық пен саяси, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешуге толыққанды қатыса алуына мүмкіндік берді. Қазіргі күнде елімізде көпшілігі аймақтық және субаймақтық мәртебеге ие БҰҰ жүйесінің арнайы мекемелері, қорлары мен бағдарламаларының 16 өкілдігі жұмыс істеуде. Қазақстан мемлекеттердің халықаралық қауымдастығында өзіндік орнын алды. БҰҰ Бас Ассамблеясының Қазақстанның бастамасы бойынша Семей полигонының жабылу күні – 29 тамызды Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні деп жариялауы мұның маңызды айғағы бола алады. Бұл қарусыздану және ядролық қаруды таратпау ісіндегі қазақстанның үлесін әділетті және жоғары бағалау. Қазақстан халықаралық

қауымдастықтың жауапты мүшесі болды. Бұл 1992 ж. 2 наурызында тарихи мағынаға ие болған Қазақстанның БҰҰ-на кіруімен тікелей байланысты. 25 жылға жуық Қазақстан осы беделді және әмбебап ұйымның белсенді мүшесі болып келеді. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Сындарлы он жыл» деген еңбегінде «халықаралық және ғаламдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен алып державалардың саясаты мен әр түрлі халықаралық ұйымдардың қызметіне байланысты болып отыр, ал олардың ең бастылары – БҰҰ және және оның шешуші институттары ҚК, Бас Ассамблея, МАГАТЭ және басқалар» деп көрсеткен. Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының тұжырымдамаларында (1995, 2000, 2005 жж. қабылданған) еліміздің сыртқы басымдықтары айқындалды. Қазақстан өзінің сыртқы саясатында үш мәселеге ерекше назар аударды: біріншіден, басқа елдермен, соның ішінде бұрынғы Одаққа кірген республикалармен, Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Европа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендету; екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс орнатып қана қоймай, сонымен қатар олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейту, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу; үшіншіден, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмау. Міне, осы бағытта 90-жылдардан бері еліміздің сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар саласында көптеген шаралар іске асырылды. Қазақстан бірқатар жағдайларға байланысты әлемдік қауымдастықтың қызығушылығын тудырады: біріншіден, құрылықтағы геосаяси орналасу ерекшелігі; екіншіден, ұлттық бірігу, толерантты этносаралық диалогтың үлгісі жүзеге асқан ел; үшіншіден, бай минералды ресурстарға ие мемлекет, мұнай, газ, көмір қоры бойынша әлемдегі көшбасшы елдің бірі, ірі астық экспорттаушы. Ресей Федерациясы, ірі және тарихи шектескен мемлекет ретінде, іс жүзінде Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында басты басымдық болып табылады. Елбасының пікірінше, көршілес екі елдің арасында ортақ келісім мен өзара мүддемізді есепке ала отырып шешілмейтін мәселе жоқ. Ресеймен Қазақстанның арасындағы ынтымақтастықтың тереңдеп дамуына 1998 жылдың 6-сы шілдесінде Мәскеуде қол қойылған «Мәңгілік достық пен ынтымақтастық туралы» Декларацияның тарихи маңызы зор. Оның негізінде екі мемлекет арасындағы қаржылық өзара келіспеушіліктер және Байқоңыр ғарыш айлағын бірлесіп пайдалану мәселелері шешілді. 2000 ж. Ресей мен Қазақстан қатынасы жаңа деңгейге көтерілді. Дәл осы кезеңде Ресейдегі Қазақстан жылы және Қазақстандағы Ресей жылы сәтті өтті. 2005 ж. қаңтарда Ресей мен Қазақстан арасындағы 7591 шақырымды құрайтын мемлекеттік шекара белгіленген тарихи маңызды құжатқа қол қойылды. 2007 ж. стратегиялық жұмыс жоспарына сай ғарышты бірлесіп игеру, әскери-техникалық ынтымақтастық, отын-энергетикалық кешені саласында бірлескен жұмыстар жалғасын тапты. 2009 жылдан бастап Қазақстан, Белоруссия және Ресей арасындағы Бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуының заңнамалық мәселелері жетілдіре бастады. Үш мемлекеттің Кеден одағы Еуразиялық экономикалық қауымдастықтан бастау алды. Жалпы, Қазақстан мен Ресей кең ауқымды әріптестік пен одақтастықты қарқынды дамыту жолымен келе жатыр. Екі мемлекет тандемі еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық пен дамудың факторына айналды. Қазақстанның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы байланыс та көп қырлы сипатқа ие. Орталық Азия бес мемлекетін біріктіретін фактор олардың ортақ тарихы мен мәдениеті болып табылады. 1994 ж. Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылды. 1998 жылы Тәжікстан Республикасы қосылып, сол жылы шілде айында «төрттік» Орталық Азия экономикалық қауымдастықты құруға келісті. Орталық Азия мемлекеттері интеграцияланудың кең әлеуетіне және біріктіруші табиғи байлықтар мен адам ресурстарына, үлкен тұтыну нарығына ие. Бұл факторлар экономикалық және саяси өзара қатынастың тереңдеуі мен жандануына мүмкіндік туғызады. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы қарым-қатынас жемісті дамып келеді. Қазақстан – Қытай қатынастары нәтижесінде қол жеткізілген келісімдер жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестіктің ұзақ мерзімді әрі

тұрақты дамуын «Тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шарт» (2002 ж.23 желтоқсан), Қауіптің алдын алу туралы келісім (2002), 2003-2008 жж. арналған «Ынтымақтастық бағдарламасы» (2003 ж. маусым), Траншекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (2005) жанжжақты қамтамасыз етуде. Қазақстан мен Қытай Шанхай ынтымақтастығы ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде байланысын күшейтті.2011 жылы Қазақстан мен Қытай ынтымақтастықтың жаңа сапалы кезеңі – жан-жақты стратегиялық әріптестікке өтті.Қазақстанның сыртқы саясатында Еуропалық Одақтың алатын орны ерекше. Елімізбен Еуроодақ ынтымақтастығының негізі 1995 ж. қол қойылған «Әріптестік және ынтымақтастық туралы» Келісіммен анықталады. Ал, Қазақстан мен ЕО арасындағы қарым-қатынастың құқықтың негізі 1999 жылғы Әріптестік пен ынтымақтастық келісімі болып табылады. Осы кезеңнен бастап елімізде, ЕО -да маңызды саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді өткерді, тараптар осы өзгерістерді көрсететін жаңа базалық келісімге келісті.Қазақстан ЕО-ның сенімді әрі жауапты энергетикалық әріптесі болып қала бермек. 2011 ж. Қазақстан мен ЕО елдері арасындағы сыртқы сауда айналымы 50 млрд. АҚШ долларын құрады. 1993 және 2011 жылдар аралығында ЕО елдерінен Қазақстан экономикасына салынған инвестицияның мөлшері 65,7 млрд. АҚШ долларына жетті. Негізгі инвесторлар: Нидерланды, Ұлыбритания, Италия және Франция.Егемен Қазақстанның көп бағытты сыртқы саясатының тағы бір үлгісі Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы қарым-қатынас.1991 ж. 25 желтоқсанда АҚШ еліміздің тәуелсіздігін мойындады. Ал, 1992 ж. қыркүйекте АҚШ-тың Қазақстандағы елшілігі ашылды. Екіжақты қарым-қатынастың әрі қарай кеңеюіне Президент Н. Назарбаевтың АҚШ-қа 1994 ж. ақпандағы ресми сапары ықпал етті. Екі мемлекет арасында «Демократиялық әріптестік туралы хартияға» қол қойды. Хартия әлемнің жетекші державасымен әріптестік қатынастың орнағандығын бекітті.Тәуелсіз Қазақстанның өзара қатынас жүйесінде Түркиямен екіжақты қарым-қатынас ерекше орын алады. 1994 ж. Қазақстан мен Түркия арасында Достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Екіжақты Қазақстан Түрік қатынастарының маңызы зор. 2009 ж.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың аймақтық құрылым бола алатын түркі тілдес елдердің ынтымақтастық кеңесін құру бастамасы үлкен еуразиялық мәнге ие. Сондай-ақ, Қазақстан Азия және еуропалық және американдық бағыттағы мемлекеттермен екі жақты саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойып, экономикалық, ынтымақтастық және Қазақстан экономикасын шетелдік инвестиция үшін алғы шарттар туындады.

БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде өткен бітімгерлік қызметті реформалау жөніндегі отырыста Қазақстан тарапы БҰҰ-ның бітімгершілік операцияларындағы өз үлесін арттыруға ниетті екендігін мәлімдеді. Оған қоса БҰҰ-ның бітімгерлік жүйесін бағалаудың инновациялық тәсілдері мен жаңа критерийлерін қолдану қажеттігі туралы ұсыныс білдірді. Сонымен қатар біздің делегация қақтығыстарды болдырмау мен оларды шешуде өңірлік құрылымдар арасындағыынтымақтастықтыңмаңыздылығын атап өтіп, дауларды болдырмау мен олардың түбегейлі себептерін алдын ала ескеру бойынша Қазақстан ұсынған үшжақты стратегияны еске салды. Халықаралық саяси-әлеуметтік міндеттемелерін жауапкершілікпен орындайтын, небір күрмеуі қиын мәселелерге араласып, бітімгерлік, бейбіт сүйгіштік қырынан көрінген біздің елімізге бұндай міндеттің жүктелуі заңдылы кеді. Қазақстан БҰҰ бітімгерлік әскеріне Орталық Азиядан әскер жіберуші жалғыз мемлекет. Бүгінде Қазақстан әлемдік қоғамдастық алдындағы шешімдері, батыл қадамдары, әрбірістегі жауапкершілігі арқылы қайісте де сенімді серіктес екендігін дәлелдеп шықты. Еліміз халықаралық деңгейдегі дау-жан жалдардың, шиеленістердің, қарулы қайшылықтардың тігісін жатқызып, тараптарды татуластырып, ағайындарға араша болып әлемдік қоғамдастықта өз орнын айшықтап алды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуынан кейін бітіспес жауға айналған көршілер, ат құйрығын кесіскен

мемлекеттер тоқтамға келіп, татуласып жатқан жағдайлар аз емес. Бұл, әлбетте еліміздің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде қызмететуіне өзіндік ықпалын тигізгені анық. Қазақстан әскерін бітімгерлік миссияларында тәжірибелі жасақ болды деп айтуға толық негіз бар. Тәжік-Ауған шекарасын күзеткен қазақстандық сарбаздардың есімдері ел жадынан шықпайды. Қазақ сарбаздары 2003 жылдан бастап бес жылдай уақыт Ирак тақақтығыстар өткен аумақтарды минадан тазарту, жергілікті тұрғындарды саперлік жұмысқа үйрету, халыққа медициналық қызмет көрсету арқылы жұртшылықтың ықыласына бөленді. Бұл ісжүзінде абыройлы миссия болатын. Міне «ҚАЗБАТ» атағының дүркіреген кезі осы. Айтылған уәждәй екті болуы үшін, сандарды сөйлетсек, Ирактағы миссия барысында қазақстандық сарбаздар 4 млн-нан аса жарылғыш заттың көзін жойды, 6718 текше метр суды тазартыпшықты. Ирак әскери академиясының 572 курсанты жарылғышзаттардыжоюғаоқытылды. Бұған қосалаң кесті кәрекеттердің кесірінен жараланған 5 мыңнан аса азаматқа медициналық көмек көрсетілді. Олардың көбі әйелдер мен бала-шағаболатын. Ендіберідегі бітімгерлікке тоқталсақ, Иран Ислам Республикасының ядролық бағдарламасына шүйліккен әлемдік қоғамдастық 2013 жылы іске Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуынан кейін кең тыныстай бастады. Сол жылыАлматыда бас қосқан Ресей, АҚШ, Қытай, Ұлыбритания, Франция, Германия мен Иран тараптары мәселені реттеуге келіскенді. Келіс сөздердің нәтижелі болғандығын Еуропалық одақтың араға екі жыл салып Қазақстаннантағы да ара ағайындық етуді сұрағандығынан да байқауға болады. Әрине біздің Президенттің халықаралық деңгейдегі беделіар қылымүдделітараптаркелісімгекеліп, Иранды көптеген жылдар бойы бас көтертпей отырған қысымдар бәсеңдеді. Ресей мен Түркия арасындағы шиеленістерді шешудегі біздің мемлекеттің, Мемлекет басшысының рөлі аса маңызды болды. Жоғары деңгейдегі келіс сөздер өткізудің зор жауапкершілігін арқалайалатын Қазақстан кешегі Сирия дағдарысында да тараптардың басын қосып, күн-түнге созылған құжаттардың қабылдану сатысына алаңдаған әлемдік қоғамдастық ел ордаға көзтігіп отырды. Жалпы лайалғанда, БҰҰ 1948 жылданбері 69 бітімгерлік миссия ұйымдастырған. Қазірдің өзінде жер шарындағы 16 «қауіпті нүктеде» жүзмыңнан аса бітімгер қызмететуде.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Абдурахманов Н.А.Қазақстан тарихы:оқу құралы.-Шымкент, 2014
- 2.Сыздықов. С. «Мәңгілік ел» идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық: қоғамдық- саяси әдебиет. Астана : Фолиант, 2013
- 3.Қуандық , Е. С. Қазақстан тарихы (XX және XXI ғасырдың алғашқы жылдарындағы республика тарихының өзекті мәселелері бойынша лекциялар): оқулық. Алматы : 2012. 512 бет.
- 4.Жұмақаева Б. Д. Қазақстан тарихы : оқу құралы. 2011. 320 бет.
- 5.Тлеужанова, М. К. Қазақстантарихы. 3 т.Алматы : 2016. 320 бет.
- 6.Қазақстан тарихы: лекциялар курсы / ред. басқ. Қ.С. Қаражан, 2011.376 бет.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1. СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІ: ГЕНЕЗИС ЖӘНЕ ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ КАЗАХСТАН: ГЕНЕЗИС И ЭВОЛЮЦИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ТЮРКСКИХ СТРАН

- | | | |
|---|---|----|
| 1 | Авизова А.К.
к.ист.н., доцент, ЮКУ им. М. Ауэзова. Шымкент, Қазақстан
АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ПАМЯТНИКИ КАНГЮЙСКОГО
ПЕРИОДА ОТРАРСКОГО ОАЗИСА: ИТОГИ И ПЕРСПЕКТИВЫ
ИССЛЕДОВАНИЙ | 3 |
| 2 | Батгалов К.К., Ахметқұл С.
тарих.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
ҚАЗАҚ - МОҒОЛ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ («ТАРИХ-И
РАШИДИ» БОЙЫНША) | 9 |
| 3 | Бекманова Д.М.
к.ист.н, доцент ЮКГПУ, Шымкент, Қазақстан
ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ
XX СТОЛЕТИЯ | 12 |
| 4 | Дүйсенова Д.Н., Орынбасар Б.Қ.
«Дулатитану» ҒЗО-ның ғылыми қызметкері.
М.Х.Дулати атындағы ТаразӨУ. Тараз, Қазақстан
«Дулатитану» ҒЗО-ның ғылыми қызметкері.
М.Х.Дулати атындағы ТаразӨУ. Тараз, Қазақстан
ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ | 16 |
| 5 | ¹Кемелбеков Қ.Б., ²Бегдаулетова Қ.Д.
¹ философия ғ.к., профессор м.а. ОҚМА, Шымкент, Қазақстан
² философия.ғ.к., доцент м.а. ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан
ҰЛТ ТАҒЫЛЫМЫ | 18 |
| 6 | Косанбаев С.К., Мулдахметова Ж.И.
к.ист.н., доцент ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан
к.ист.н., ст.преподаватель ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Қазақстан
БОРЕЦ ЗА НЕЗАВИСИМОСТЬ И СВОБОДУ СВОЕГО НАРОДА –
ЖАНХОЖА НУРМУХАМЕДОВ | 21 |
| 7 | Махсат А., Алеушинов Ф.Т.
д.ист.н. ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Қазақстан
докторант PhD 1 курса, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Қазақстан
ОПИСАНИЕ РОДОПРАВИТЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ В ЖЕТЫСУ
(СЕМИРЕЧЬЕ) В ПЕРИОД XVIII-НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ | 25 |

- 8 **Мирзабекова А.Ш., Исмагамбетова З.Н., Смагулова Г.Ж.** 30
филология ғ.д., профессор, Қарағанды медицина университеті,
Қарағанды, Қазақстан
филология ғ.д., профессор, әл Фараби атындағы ҚазақҰУ, Алматы,
Қазақстан
аға оқытушы, PhD докторант, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті, Қазақстан
**ЕГЕМЕНДІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ КОДЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ**
- 9 **Өмірзақов С., Арысбаев Ә.** 34
филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ,
«Абайтану» ғылыми орталығының басшысы, Шымкент, Қазақстан
М.Әуезов атындағы ОҚУ, доценті, ф.ғ.к., Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы
5,
**ҚОҚАН БАСҚЫНШЫЛЫҒЫ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ
ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨКІЛДЕРІ**
- 10 **Султанов С.А.** 40
д.полит.н., профессор, ЮКУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
**СТАНОВЛЕНИЕ ИДЕЙ ПАНТЮРКИЗМА В ТУРЦИИ НА
РУБЕЖЕ XIX – XX ВЕКОВ**
- 11 **Юсупов А.Н., Юсупова А.А.** 45
к.арх., доцент ЮКУ им. М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
доктор PhD, ст.преподаватель ЮКУ им.М.Ауэзова Шымкент, Казахстан
**АРХИТЕКТУРНЫЙ ПРОЕКТ ЭТНОДЕРЕВНИ В ПРИГОРОДЕ
ШЫМКЕНТА**
- 12 **Torebek D.O., Abdykarimova S.A.,** 48
master, lecturer, M.Auevov SKU, Shymkent, Kazakhstan.
master, lecturer, M.Auevov SKU, Shymkent, Kazakhstan.
**SPIRITUAL AND CULTURAL CONSOLIDATION OF THE PEOPLE
OF KAZAKHSTAN**
- 13 **Утембаева Д.Б.** 52
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.
А.Макаренко атындағы №41 мектеп-лицейі. Шымкент, Қазақстан
**ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ: ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ ТУРАЛЫ
АҢЫЗДАРДАҒЫ ТҮРКІ ГЕНЕЗИСІНІҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ**

2. СЕКЦИЯ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕНДЕРІ, ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ИСТОРИЧЕСКИЕ ЭТАПЫ, ДОСТИЖЕНИЯ И ЦЕННОСТИ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

- 14 **Боранбаев С.Р., Торғаутова Ш.А.** 58
доктор филолог. н., директор Научно-исследовательского института «Социально-гуманитарные науки», ответственный редактор республиканского научного журнала «QAZAQTAŃY». ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан магистр истории, руководитель научного центра «История и этнология», ответственный редактор республиканского научного журнала «QAZAQTAŃY». ЮКУ имени М.Ауэзова, Шымкент, Казахстан
РЕАЛИЗАЦИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПРОЕКТОВ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЕЛБАСЫ, ПРИНЦИПА ПРАГМАТИЗМА ИЗ ПРОГРАММНОЙ СТАТЬИ «СЕМЬ СТОЛПОВ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ» НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИМ ИНСТИТУТАМИ, НАУЧНЫМИ ЦЕНТРАМИ И УЧЕНЫМИ-ПЕДАГОГАМИ АУЭЗОВ УНИВЕРСИТЕТА
- 15 **Абдықадырова Т.Р.** 69
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Х.Дулати атындағы ТаразӨУ «Қазақ тілі және әдебиет» кафедрасының меңгерушісі. Тараз. Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕН ҰЛТ ҰРПАҚТАРЫ
- 16 **Назарбекова С.П.** 73
доктор хим.наук, профессор, заведующая кафедрой «Химия и основы химической технологии» ЮКУ им. М.Ауэзова
НЕЗАВИСИМОСТЬ – ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ НАЦИИ
- 17 **Джилкишиева М.С.** 76
к.педагог.н., д.педагог.н., профессор ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНЫХ ОРИЕНТАЦИЙ КАЗАХСТАНСКОЙ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ
- 18 **¹Кемелбеков Қ.Б., ²Бегдаулетова Қ.Д.** 80
¹философия ғ.к., профессор м.а. ОҚМА, Шымкент, Қазақстан.
²философия.ғ.к., доцент м.а. ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан.
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ БИЛЕР ЕРЕКШЕЛІГІ
- 19 **¹Рысбаева С.Ж., ²Кадеева А.М.** 83
¹саяси ғ.к., ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шымкент қаласы бойынша филиалы. Шымкент. Қазақстан
²«Саясаттану» мамандығы ІІ курс студенті,

М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент. Қазақстан
САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ
РЕТІНДЕ

- 20 **¹Тажмуханова Н.Е., ²Иманкулова А.Н.** 87
¹к.ист.н., ст.преподаватель ЮКУ им.М.Ауэзова, Шымкент, Қазақстан
²учитель академической школы им.аль-Фараби, Шымкент,Қазақстана
МОДЕРНИЗАЦИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И
НАУКИ В ПЕРИОД НЕЗАВИСИМОСТИ
- 21 **Жанболатов С.Е., Сейтимбетова Д.** 93
педагогика ғ.к, аға оқытушы М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент.Қазақстан
магистр, аға оқытушы М.Әуезов атындағы М.Әуезов атындағы ОҚУ
Шымкент.Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК БОЛСЫН
- 22 **Жанқал А.М., Ергеш М.М.** 96
мед.ғ.к., жоғары дәрежелі дәрігер невропатолог.
Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер. Түркістан облысы
2 курс студенті, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер. Түркістан
облысы
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ МУЗЕЙІ
- 23 **Жиенбекова А.А., Шикиртаев Б. Б** 98
философия ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
мәдениеттану ғ. магистры, аға оқытушы, М.Әуезов атындағы
ОҚУ.Шымкент , Қазақстан
ҚАЗАҚТАРДЫҢ КӨНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КЕШЕНІ
ҒЫЛЫМИ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ
- 24 **Есіркепова Г.К.** 103
филос.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
АРАБ-МҰСЫЛМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
ІЛІМДЕРІ
- 25 **Мусаева С.Т. Байзақова Ж.К.** 106
педагогика ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
МӘДЕНИ МҰРА - ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ БАЙЛЫҒЫНЫҢ
ҚАЗЫНАСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРДЫҢ ӨЗАРА
ӘРЕКЕТТЕСТІГІ
- 26 **Аяпбекова А.Е.** 110
география ғ.к., доцент. «Тұран-Астана» университеті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан
ТУРИЗМ САЛАСЫНДА КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ГЕОГРАФИЯСЫНЫҢ
ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
- 27 **Алибеков О.Б., Молдағалиев А.Б., Аринова Д.Б.** 115
техн.ғ.к., доцент, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

техн.ф.к., доцент, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
Ph.D., аға оқытушы, М.О.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ
ТӘРБИЕЛЕУДІҢ БІР ФОРМАСЫ ЖАЙЛЫ**

- 28 **Қоштаева Г.Т., Сейтханова А.Б.** 121
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ
30 ЖЫЛДЫҒЫ**
- 29 **Қоштаева Г.Т., Тастанбекова Б.Ө.** 125
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛГЕЛІ 30 ЖЫЛ
- 30 **Асылбеков Е.С.** 129
тарих магистрі, тарих пәні мұғалімі, А.П.Чехов атындағы №21 ЖОББМ.
Шымкент, Қазақстан
**ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРДІҢ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
ҒЫЛЫМЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ (1985-1991
ж.ж)**
- 31 **Молдатаева Р., Рүстем С.Р.** 132
тарих пәнінің оқытушысы, ардагер ұстаз.
Жоғары «Мейір-Бейс»колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс»колледжі. Ленгер, Түркістан
облысы
ҰЛЫ НӘУБЕТ: ҚАСЫРЕТІ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ
- 32 **Байкадамова С.И., Әділбек Л.Н.** 135
магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
АЩЫ ТЕРМЕН КЕЛГЕН ТӘТТІ ЖЕҢІС
- 33 **Әділбек Л.Н., Байкадамова С.И.** 138
магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
магистр оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАНЫСТАРЫ
- 34 **Аскарова Г.А.** 141
магистр гуманитарных наук, учитель истории, педагог-эксперт
СШ №4 им.Х.Досмухамедова. Шымкент, Казахстан
**СОХРАНЕНИЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ
КАЗАХСТАНА В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ: ГОРОД ШЫМКЕНТ –
ОПЫТ И ПЕРСПЕКТИВЫ РЕАЛИЗАЦИИ**
- 35 **Калиев Д.С.** 145
«Конфликтология» мамандығының 3 курс докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ. Алматы, Қазақстан
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТ ҚҰРЫЛЫСЫ МОДЕЛІ

- 36 **Шонкебаева М.А.** 152
2 санат педагогика және психология пәнінің мұғалімі.
А.Исмаилов атындағы кәсіптік колледж. Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІКтің ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР
- 37 **Алтымбекова Ш.С.** 154
учитель русского языка и литературы, школа-гимназия №25
им.Т.Рыскулова, Шымкент, Казахстан
НЕЗАВИСИМОСТЬ - САМОЕ ДОРОГОЕ ДОСТОЯНИЕ
- 38 **Байжанова А.А., Мусрепова Г.А.** 155
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші,
В.Терешкова атындағы №93 ЖОББМ, Шымкент, Қазақстан
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог–зерттеуші,
В.Терешкова атындағы №93 ЖОББМ, Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ
- 39 **Найманбаева Л.А., Абдуллаев А.Қ.** 158
тарих пәннің мұғалімі, №137 ЖОББМ Шымкент, Қазақстан
11 «Б» сынып оқушысы, №137 ЖОББМ Шымкент, Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗДІК – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛДІГІ
- 40 **Сейітқазы З.С., Ескараева Ж.Ж.** 163
тарих пәнінің мұғалімі, №102 жалпы орта мектебі, Шымкент, Қазақстан
география пәнінің мұғалімі, №102 жалпы орта мектебі, Шымкент,
Қазақстан
ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

3. СЕКЦИЯ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ СЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРЫ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ И ПОЛИТИКО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

- 41 **Қадірбаева А.А., Ермеков С.Р.** 166
техника.ғ.к., профессор М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
PhD, аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СИРЕК МЕТАЛДАР КЕН ОРЫНДАРЫ
- 42 **Бердыбекова А.Л., Агеева В.С.** 170
к.э.н., старший преподаватель ЮКГПУ Шымкент, Казахстан
студентка группы 1301-80, ЮКГПУ, Шымкент, Казахстан
**ИНВЕСТИЦИИ: ОСНОВЫ РАЗУМНОГО ИНВЕСТИРОВАНИЯ
В КАЗАХСТАНЕ**
- 43 **Надилова Ж.К., Бимбетова Г.Ж.** 173
к.техн.н., доцент, ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
к.хим.н., асс. профессор, ЮКУ им. М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
**ВКЛАД УЧЕНЫХ - НЕФТЯНИКОВ ЮКУ ИМ. М.АУЭЗОВА
В СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЕ СТРАНЫ ЗА ГОДЫ
НЕЗАВИСИМОСТИ**
- 44 **Ертаев М.А.** 178
социология ғ. к., доцент. ОҚМА, Шымкент, Қазақстан
**ЕҢБЕККЕ ЖАҢАША ҚАТЫНАСТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ
ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БІРЛІГІНІҢ
ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**
- 45 **Есеналиев А. Е., Сейдуалиев Т.С.** 184
заң ғ.к., доцент. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
магистрант Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ
ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫ
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ПРОЦЕСІНЕ
ҚАТЫСУЫ**
- 46 **Есеналиев А.Е., Сейдалиев Б.М.** 189
заң ғ.к., доцент. Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
магистрант Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
**ЖЕРГІЛІКТІ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ АЛДЫН
АЛУ ПРАКТИКАЛЫҚ ЭТНОКОНФЛИКТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗІ**
- 47 **Изтлеуов Ғ.М., Сихымбаева Ж.С** 193
х.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСЫЛ ТРАНСПОРТТЫҢ
ДАМУЫ**

- 48 **Изтлеуов Ғ.М., Дайрабаева А.Ж** 199
х.ғ.к, доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА БИОЖАНАРМАЙДЫ АЛУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ**
- 49 **Бекназаров Б.Д., Оспан Б.І., Садыбеков Е.К.** 205
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
аға оқытушы, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
**ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ - 30 ЖЫЛЫНДА ЕҢБЕК КҮШІ АРТА
ТҮСКЕН ШЫМКЕНТ**
- 50 **Орынбасар С.Қ., Ергеш М.М.** 210
«Мейір-Бейс» жоғары мектебінің директоры, Ленгер қаласы, Төлеби
ауд, Түркістан облысы
«Емдеу ісі» маманының 2 курс студенті, «Мейір-Бейс» колледжі,
Ленгер қаласы, Төлеби ауд, Түркістан облысы
ТӨЛЕБИ АУДАНЫНЫҢ МУЗЕЙІ
- 51 **Даулет. Д.И., Ергешбаев. А.П.** 212
оқытушы, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
2 курс студенті, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан
облысы
**ТӨЛЕБИ АУДАНЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕХАНИЗМІ**
- 52 **Жанкалова Р.М., Сайлау Б.М.** 215
жоғары дәрежелі дәрігер, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан облысы
3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан
облысы
**ҚАЙЫҢ АҒАШЫНЫҢ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖОЛЫМЕН
ӨСІРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ**
- 53 **Садыкова Ш.Т., Бауыржанқызы Б.** 217
оқытушы, Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
1 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер Түркістан
облысы
**РАУШАН ГҮЛДІЛЕР ТҰҚЫМДАСЫНЫҢ ТҮРІ-ИТ МҰРЫН
ӨСІМДІГІНІҢ ИММУНИТЕТ КӨТЕРУДЕГІ ӘДІСТЕРІ**
- 54 **Тобағабылова А.М., Құлынтай Н.Б.** 219
«Сұңқар» ғылыми қоғамының жетекшісі, Жоғары «Мейір-Бейс»
колледжі. Ленгер, Түркістан облысы
3 курс студенті. Жоғары «Мейір-Бейс» колледжі. Ленгер, Түркістан
облысы
**Г.ХАРДИ-Г.ВАЙНБЕРГ ФОРМУЛАСЫ БОЙЫНША ТӨЛЕБИ
АУДАНЫНЫҢ ГЕНОТИП ЖИЛІГІН АНЫҚТАУ**
- 55 **Абатбек Ә.А., Шакир А.Ж.** 224

магистр-оқытушы, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан
МС-18-14к тобының студенті, М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент,
Қазақстан
**МЕМЛЕКЕТТІҢ ХАЛЫҚТЫҢ КЕДЕЙЛІГІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС
ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ**

- 56 **Бегметова Н.К.** 230
тарих пәнінің оқытушысы
«Авиценна» көпсалалы медициналық колледжі, Шымкент, Қазақстан
ҚАЗАҚСТАН– ЗАМАНАУИ ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ЕЛ

2021 жылы 3 желтоқсанда өткен
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«ТӘУЕЛСІЗДІКтің ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОЛЫ:
ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ 30 ЖЫЛЫ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции
«КАЗАХСТАНСКИЙ ПУТЬ НЕЗАВИСИМОСТИ:
30 ЛЕТ СОЗИДАНИЯ» проведенной 3 декабря 2021 года
приуроченной 30-летию Независимости Республики Казахстан

I - ТОМ

Редакцияның мекен жайы: Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы, 5, корпус В, 205 кабинет.
М.Әуезов атындағы ОҚУ-ң баспаханасы, Т.Рысқұлбеков көшесі, 3 корпус, 1 қабат.
Баспаға қойылған күні: 26.11.2021, Формат 60x80^{1/8} Тираж 2 том x 120 - 240 дана
Көлемі: 16:1000. Тапсырыс № 3747
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы, 2021 © М.Әуезов атындағы ОҚУ